

12015

3669к

Ақиқат

Тәуил

Ихсан

Хауас

Мүтәкәллимин мантикин

Асы

Таклиди, Якини

Тәфаккару

Батини, Заһири

Бес күннің орны жоқ

Уақып

Фәни, Бақи

Дәһри

Жаһил

Махшар

Алланың сөгіз сипаты

Лә мекән

Иждиһат

Бақсы

Ғұламаһи Дауани

Энергия

Медет, Медицина

Медияция

Физика

Математика

Химия

Экономика

Сыбайлас жемқор

Индукция, Дедукция

Инновация

Шығыс

Батыс

Су культі

Жүрекке табыну

Ескендір

АБАЙ АЙТҚАН

Oxyechinops

Ғылыми
кітапханасы
менен
автор
14.10.2015

1 2015/36891к

Сейдалы Оразалиев

АБАЙ АЙТҚАН

Шымкент – 2015

УДК 821.512.122.09

ББК 83.3 Каз

О 65

О 65 Оразалиев С.

АБАЙ АЙТҚАН.– Шымкент: ЮКТУ им.М.Ауэзова 2015. – 200 б.

Аннотация:


Абай шығармашылығында исламиятқа қатысты термин сөздердің мағыналарын ашып түсіндіру мақсат етілген. Бүгінгі таңда оқырмандар ұзақ сонардан гөрі қысқа жазылған еңбектерді оқитынын ескеріп, Абай сөздерін зерделеуде қысқа ғылыми тілде жаздық. Бұл еңбек Абайтанушы ғалымдар мен магистранттар, орта және жоғарғы оқу орнындағы шәкірттерге Абай мұрасын басқа маман иелерімен біргелікте пәнаралық байланыс тәсілімен оқытуға бағытталған.

УДК 821.512.122.09

ББК 83.3 Каз

ISBN 978 – 9965 – 03 – 317 – 9

© Оразалиев С., 2015



Андату

Бүгінге дейін Абай аз зерттелген жоқ. Қазақ әдебиеттану ғылымында ең көп ғылыми зерттеу нысанасына алынған Абайтану ғылымы десек қателеспейміз. Сонда да болса, Абай танымына жақындаған сайын ұзақтап, тереңі зерттеуші ғалымдарды әлі де бойлатпай келеді. Мәселен, Абайдың Батыспен байланысы Кеңес кезінде жете зерттелді десек те, академик Зәки Ахметов «Абай және Лермонтов» атты монографиялық зерттеуінде егжей-тегжейлі айтқанымен М.Ю.Лермонтов өз кейіпкері Вадимнің орыс шаруалар көтерілісіндегі билікке қарсы тұсын Абай өз аудармасында «Аллаға асы,» деген сөзімен береді. Осы термин ғалымның зерттеу бағытынан тыс қалып қойған.

Абай мұрасын шығыстық таныммен зерттеу шовинистік саясаттың салқынында қалғанын Егеменді Ел болғаннан кейін ғана біліп, көп нәрседен артта қалып қойғанымызды сонда ғана аңғардық. Төрт жағымыз түгелденіп Тәуелсіздігімізге 23 жыл толған тұста, Абайдың адам баласына деген ізгі ниетін көпшілік қауыммен ұштастырудың бір жолы осы еңбегімізде айтылады.

«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқамын» деген, Абайдың; «ақиқат», «хақ», «тәуил» «ихсан», «хауас», «мұтәкәллимин мантикин», «асы», «таклиди», «якини», «тәфаккару», «батини», «заһири», «уақып», «фәни» «бақи», «дәһрі», «жаһил», «машһар», «Алланың 8 сипаты», «лә мәкән», «иждиһат», «бақсы», «жибили», «медет» және басқа араб-парсы, түркі сөздерін шама-шарқымызша мағынасын ғылыми негізде ашып ұлы Абай айтпақшы болған ойларын оқырмандарға кеңірек жеткізуге тырыстық. Сонымен қатар, Абайдың шығармашылығына тікелей қатысты Шығыз зиялыларымен байланыстыра зерттелген еңбектеріміз де енген. Бұл таным Мұхтар Әуезовтың түрлі зерттеу еңбектерімен қатар «Абай жолы» роман-эпопеясында оқырмандарға түсінікті етіп берілген. Бүгінгі Абайтанушы белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлы Абайдың Шығысқа қатысы бар бірнеше еңбектерінде біз жоғарыда айтқан бірқатар термин сөздерге түсінік беріп өтеді. Осы тұрғыдан қарар болсақ, ғалымның жаңадан басылым көрген «Абай лұғаты» (2014) атты еңбегін ерекше атауымызға болады.

Біз бұл еңбегімізде жоғарыда көрсетілген араб-парсы және ескі түркі сөздерін тақырыпсыз араларын жұлдызшалармен бөле отырып қысқаша энциклопедиялық өре жасадық. Осы шағын еңбегімізде (екінші бөлімі деп атауымызға да болады) Абай мұрасын басқа ғылым салаларымен байланыстыра зерттеу нысанаға алынған. Мұндағы мақсат түрлі маман иелері Абай шығармашылығы арқылы өз пәнін толық игеруге мүмкіндік алады деп ойлаймыз. Пәннің термин сөздері мәселен; энергия, медицина, медиация, физика, химия, математика, нарықтық экономика, сыбайлас жемқорлық, индукция мен дедукуция, инновация сонымен қатар аспан әлеміне байланысты ақынның өзі айтатын «бес күннің орны жоқ» дегеніне

шама-шарқымызша шарқ жасадық. Бұл басқа пәндерді тереңірек білуге үйретеді. Сонымен қатар, Түркі халықтары әдебиетімен байланысында Абайды жаңа қырынан тануға қатысы бар деп тапқан тұстарын үлгі ретінде кітапқа ендіردік.

Өз сөзімізді айқындау барысында қасиетті Кітаптың сүрелерінен үзінділер келтіріп ислам дінінің заңдылықтарын негізге алып отырдық. Құраннан келтірілген аяттар FL-QUR'AH AL-KARIM WITH ENGLISH & KAZAK TRANSLATION Restu Foundatin 2010 аударма кітабынан алынды.

Бүгінгі таңда оқырмандар ұзақ сонардан гөрі қысқа жазылған еңбектерді оқитынын ескеріп, Абай сөздерін зерделеуде қысқа ғылыми тілде жаздық. Бұл еңбек Абайтанушы ғалымдар мен магистранттар, орта және жоғарғы оқу орнындағы шәкірттерге арналған.

Автордан.

Ақиқат – адам санасында тура жолды бейнеленетін таным. Адам баласы табиғи болмысында ақиқатты аңсайды, армандайды, шындықтың шыны деп іздейді, бірақ оны таба алмайды. Өйткені ол тұңғыық тереңде жатады, адам баласының ақиқатқа жету жолында көп қателікке баруы да содан. Мұндай жағдайда өзара қактығыстар болуы табиғи құбылыс. Ол жолда елім деп еңіреген талай қайраткер мұрттай ұшты. Абайдың:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған – дейтіні содан шығар.

Әр қоғамның өзінің ақиқаты болады және оның іздеушісін де өмірдің өзі «елден бөлек» (Абай) туғызады. ХХ ғасырдың басында өмір сүрген заманы бір түйдей құрдас Мағжан Жұмабаев пен Сәкен Сейфуллин бірге жүріп ақиқаттың ақ жолын екеуі де іздеді. Күн көсем деп - Ленинді, бастаушымыз деп – партияны, коммунистердің алғы шебі деп – большевикті, жаңаның жаршысы деп – қызылды жырлаған Сәкен мен олардың бірде-бірін жырламаған, керісінше

Ұзын Орал – күн мен түн шекарасы,

Бір жағы –күн, бір жағы – түн баласы.

Арғы жағы – көк көзді жын ұясы,

Бергі жағы – Түріктің сар даласы. («Орал») – деген, Мағжанды, екеуін де, бір-ақ күнде атып тастады. Сонда ақиқат қайда? Ол кім жағында? Адам баласын алдаусырататын қоғамның түпкі қара ниеті айқындалды. «Шындық бар, бірақ ол кешігіп келеді» (Шерхан Мұртаза) кешігіп жүрсе де ақиқатына келді.

Тәуелсіздікке 23 жыл болса да «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» (Қазақстан Республикасы Конституциясы І бөлім, 7-бап) деп Ата Занда жазылғанмен орындалмауы біздің қоғамның ақиқатты белінен теуіп тұрғанын байқау қиын емес. Бүгінде қала іргесінде жер телімі 1 000 000 (миллион) теңге, қала ішінде 10 000 000 (он миллион) теңгеге сатылады. Алланың берген несібесін бабаларымыз жан жақтағы көк шыбын мен қара шыбыннан қорғап бізге сыйлады сыйлыққа берілген бұйымтай сатылмайды деген басыбайлы ережені ескерсек, «Ата-бабамыздан мол тіл, кең байтақ жер қалған» (Ахмет Байтұрсынұлы) деп мақтануға ғана жаратылғандаймыз. Шындық көп, ақиқат жалғыз дейтін қағиданы ұстансақ, бұл жолда: «Олар хақ-шын жолдың орнына адасуды сатып алғандар» (Бақара сүресі (2) 16-аят) деп қасиетті Құранда бұл ісіміз теріс екенін айтса да ескермейміз.

Ақиқат – араб тіліндегі «һақ» сөзінен алынып, «шын», «әділ», «дұрыс», «рас», «тура» деген ұғымды білдіреді. Қазіргі қолданып жүрген «әкім» деген сөз, арабтың «һоқ», көпше түрінде «һоқим» («шен» «басқарма») сөзінен шыққан. Ол ел басқарушы, халықтың тынысын дәл табушы деген сияқты мағынаны білдіреді. Осыған ұқсас арабтан келген сөз жүр ол – «һакем», «һаким». Бұл сөз «ғұлама», «ойшыл», «дана» дегенге туры келеді.

Мағжан ақынның «Алтын хакім Абайға» атты өлеңінде:

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.

Қарадан хакім болған сендей жанның,

Өлемнің құлағынан әні кетпес. – деп, соңғы

нұсқадағы һакимді айтып отыр. Абайдың өзі: «Әрбір ғалым – һаким емес, әрбір һаким - ғалым» (38-қара сөз) деп, нақтылап өтеді.

Адам Жаратушы Хақ тағала (Алла тағала) шынайы сенім ұғымы ретінде жеке қарастырылады. «Ол Алла Жалғыз, яғни оның ешқандай серігі жоқ. Ол - Жалғыз» (Ықылас сүресі (112) 1-аят) «Себебі аллатағала өзі – һақиқат жол» (Абай) исламдағы 7 жолды көруге болады; Алланың жалғыздығына, періштелерге, қасиетті кітаптарға, пайғамбарларға, ақыреттің барлығына, тағдырдың күдіретіне және адам өлгеннен соң қайта тірілуіне сену, бұлар мәңгілік ақиқат болып саналады.

Адамзаттың ең құрметті асыл сөзін Абай өз шығармашылығында «Ақиқат», «Хақ» және «Хақиқат» деп үш түрлі қолданған. Солардың ішінде «Хақ» сөзіне көп басымдылық береді, өйткені, Алла тағаланың орнына «Хақ тағала» деп қолданылады. Жаратушы Алланың 99 көркем есімдерінің бірі шындық иесі - «Әл-Хақ». Хақ - шындық болса, шындықтың шыңы – Алла деп қарастырған. Адамзат хақтың бір бөлшегі ретінде рухани пәктігін сақтап һакпен бірігіп ақиқат мәнін түсіне алады, егер пенделік жасап нәпсілікке ұрынса, көп сынақтарға тап болады да һак мәніне түсінеді. Оны Абай «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінің соңғы шумағында :

Өмір жолы – тар сокпақ, бір иген һак,

Иілтіп, екі басын ұстаған һак.

Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,

Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ. – деп, дәл

бағамдайды.

Ақиқатқа бірден және тұтасымен қол жеткізу мүмкін емес, оның күрделі үдеріс екендігін сезіп түсінуге адамдар бірте-бірте жақындады.

Ақиқатқа баратын жол қасиетті кітапта да «құранда сөгілген» деген ұлы Абайды тындасақ; Ақиқат - адам санасына тәуелсіз болуы. Екінші; адамның дүниеге келуі күмәнсіз. Үшінші; мәңгілік, адам баласының бақилық болуы. Төртінші; салыстырмалы түрде анықталатын өлшем. Яғни, алғашқы пайда болған танымнан гөрі, дәуіріне қарай жаңа таным салыстырмалы түрде ақиқатқа біртабан жақын тұрады. Бесінші; философиядағы жана мен ескінің арасындағы ғылыми заңдылықты «Көңілде өзге махаббат тұрғанда һаклықты таппайды. Адамның білімі һақиқатқа, растыққа құмар болып,» (38-қара сөз) «инмен құдық қазғандай» білім-ғылымды тынбай іздесе ақиқаттың босағасын аттайтындығы ескерілген.

Исламның сопылық ағымы; шарифат (тура жол), тарикат (бағыт), мағрифат (ағарту), ақиқат сияқты 4 басқыштан тұрады. Иасауидің «хал»

ілімі осы төрт басқышты негіздейді. Оны Абай 38-қара сөзінде: «...хикмет кұдаға, пенде өз ақылы жетерлік қадірін ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хақим ат қойған» ол, фикһ («адамға пайдалы және зиян нәрселерді білу» Әбу Ханифа) ілімінде шарифат дейді. Ақиқат пен шарифат тұтас. Ақиқатсыз шарифат қабылданбайды, ал шарифатсыз ақиқат батылдықты танытады. Аллаға ұласу жолында шарифат, тариқат, ақиқат және мағрифат сияқты төрт таянышына сенім артады. Мұндағы, Шарифат жалпыға берілетін ілім. Ал тариқат дидар талаптарға, ақиқат тек таңдаулыларға, ал мағрифат таңдаулылардың таңдаулысына берілетін ілім, «Бұлар хақ бірлән батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандарымен һаммасы адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртәбада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләззаттанады» дейді, ұлы Абай 38-қара сөзінде.

Ақиқатты танудан алдын шарифат, тариқат, мағрифат басқыштарына түсінік бере кетуіміз керек сияқты. Шарифат – арабша «тура жол» деген ұғымға сай келеді, оны Абай «шарғы», «шарағат» және «шарифат» деп үш түрлі қолданған.

Шарифат - таза құқық мәселелерінен бөлек құлықтық құндылықтар болып есептеледі Құран арқылы Алла белгілеп, Мұхаммед (с.а.у) пайғамбар арқылы мұсылмандарға негіздеп берген діни заңдылық. Мұсылман болып дүниеге келгесін, о дүниелік болғанша ғұмыр бойы әрбір адамның жүріс-тұрысын, оқуы, еңбектенуі тағы да басқа жалпы өмір сүру жолын белгілейтін заңды ережелерге бағынады. Ол Шарифаттың дұрыс жолы. Исламда құқық заңнамалары Құрандағы сүрелер мен аяттар негізінде жасалып, барша мұсылмандардың саяси-әлеуметтік діни құндылықтарын өз ішіне алған.

Шарифат құқықтық негіздері ислам елдерінде XI-XII ғасырларда түгел қамтыған. Бұл ауызша және жазбаша нұсқау негізінде діни, мәдени, әдет-ғұрып құқықтық негізде құрастырылған. Сунниттер мен шииттердің 5 мазһабтары өзара бір-бірінен айырмашылықтары бар.

Олар: Сунниттерде; ханафилік, маликилік, шофилік, ханбалилық болса, шииттерде; жафария (Жафария ас-Садық (700-765) негізін қалаған) мазһабы. Бұл мазһаб сунниттердің төрт мазһабынан ерекшелігі сол, әр елдің салт-дәстүріне шарифат заңдылықтарын негізсіз ендіруге қарсы, ал, сунниттер шарифатты заң ретінде қабылдайды, оған мойынсұнады.

Шарифатта мемлекет құқықтары, міндеттеме, мұра қалдыру, қылмыс, жаза, отбасылық неке құқығымен қатар, сот жүйесі, бағу мен асырап алу тағы да басқа заңдылықтар бекітілген. «Адам халінше ихсанды болмақ – қарыз іс» деген Абай «...ғадаләттан шықпасын, шарғыға муафих болсын» (38-қара сөз) деп «шарғыға» деп шарифатты нұсқап отыр. Мұсылмандар үшін әрбір іс-әрекеттер мен ішіп-жеу тағамдары адал (халал) және арам (харом) деп екіге бөлінген. Және оның ішінде 5 түрлі иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажыға бару парызды орындау міндеттелген.

Қайыр-садақа беру, келісім шарт жасау, бітім түзу, Қажылық сапарға шығу міндетті емес және оны орындамағандар жазаға тартылмайды, бірақ, ар, намыс, ұят «Шын ұят сондай нәрсе, шарифатқа теріс» (36-қара сөз) саналатын былапыт сөз айту, үлкенді сыйламау, хайуандарға зәбір көрсету «ақылға теріс, абыйұрлы бойға теріс» (Абай) адамдыққа теріс әрекеттерді сынайды Арам саналатын іс-әрекеттер: шошқа етін пайдалану, арақ ішу, кісі өлтіру тағы да басқа жатады.

Тариқат – арабша «жол», «сапар» деген ұғымды береді. Шарифат та жолды білдірген, бірақ, шарифаттағы жол үлкен даңғыл жол, ал тариқат жолы кіші жол дегенді білдіреді. Тариқат сопылық пен Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар негізінде бастау алып, Жаратқанға жақындаудың шын жолы. Көне иран болмысында өзгерістердің түп негізі деп саналатын мәңгі шексіз уақыт парсы тіліндегі «дәхр» жөніндегі іліммен байланыстырған Абай: «Әрбір наданның біз тариқатқа кірдік деп жүргені біз бұзылдық дегеніменен бір болады» (38-қара сөз). «Дәһр» сөзі парсы тіліндегі бір мағынасында «дінсіз», «діннен шыққан», «атеист» деген ұғымды білдірген. Міне мұнда Абай осыны мензеп отыр.

XII ғасырда Әбунаджиб Сухравардиди (1097-1168) «Хикмат-э ишраки» («Нұрландыру даналығы»), Шахабуддин Сухравардидің (1155-1191) «Шығыс шапағы», «Бустон ал-кулуб» атты еңбектері сопылықтың тариқатын айқындап берді. Бұл Шығыс ойшылдардың тұжырымы Заратуштрашылдық сеніміндегі Авеста қасиетті кітабына сүйенеді.

Екінші бір мағынасында «дәһр» – «уақыт», «тағдыр», «кеңістік», «өлім», «ажал» деген түсінікке ие. Адам баласының болашағы дүниеге келместен алдын маңдайына жазылған болады, тіршіліктегі өмірі өз еркімен болмайды, барлығы тағдырдың қолында деген түсінікті білдіреді. Адамды Алла өлтірмейді уақыт ғана өлтіреді деген пікірді қолдайды. Арғы дүние жоқ, тек осы өмір ғана бар біз өлгеннен кейін бар өмір тоқтайды деп ойлайды. Мұны исламда дінсіздер деп қабалданған.

Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды.

Оймен білген нәрсенің бірі – дәһрі («Лай суға май бітпес қой өткенге») - деген Абай, Жаратушыға жердегі махлұқтардың санасы жетпейді оймен ойлап жетемін деу әбестік екенін айтып отыр.

Сопылықтың бір басқышы ретінде мұсылмандардың тариқатқа қадым басуы тіршіліктегі барша қиыншылықтан бас тартып, «...күллі адам тәркі дүние болып...», (Абай) өзін пірлердің ықтиярына беруі. Басқаға қайыр-ихсан беріп бейшара, сорлы болып жасауға бейім. Бар нәрсеге көз жұма қарау тек Құдайға ғана салу. Ортадан ажырап жалғыздыққа душар болып дуана кейпіне түсу. «Яғни, бенделіктің кәмәлаты әулиелікпен болатұғын болса, ...тариқатқа кірсе, дүние ойран болса керек» (38-қара сөз) деп ұлы Абай ескерту жасайды.

Мағрифат - өзінді өзін тани білу дегенге келіп тіреледі. Өзін-өзі тану арқылы Жаратушы иені таниды Негізінде «Мағрифат-ун-нафс» деп айтылады. Ол дегені Жаратушыны жүрекпен тану, егер жүрекпен танысаң

нәпсіге бой алдырмай рухани сап (суф) таза боласын сонда ғана Аллаға жақындай түсесің дегенге меңзейді. Ақиқат ұғымымен қатар шындыққа сәйкестікті шын пікір мән-мағынасындағы арабтың «тасдиқ» («бір нәрсенің ақиқаттылығына шын берілгендік», «дұрыстығын», «дәлелдейтін шындық») термині хақпен қатар ойдағы шындықты топшылап, өз ұстанымына куәлік беріп тұр.

Ақиқат санадан тыс белгілі деңгейде жағдайға қарай табиғи болмыс жекеден жалпыға, ескіден жаңаға қарай дамып өзгеріп отырады. Ес білмес ескі заманда тіршілік болмысын қасиетті кітап Авестада Заратуштік сенім заңдылыққа айналып уақыт өте келе мифологияға айналды. бертін келе Құран кәрімдегі «Әмәнту биллаһи уә күтүбиһи уәрусулиһи» (38-қара сөз) Абайдың пайдаланған осы сөзін Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында кейіпкерерінің «ақиқат бар ма, жоқ па?» деп таласуы барысында келтірілген (3-кітап 2002. 30-бет). Әрбір ғылыми таным өзінен алдыңғы танымға қарағанда жаңа айқын болатыны білгенімізді басқа зат немесе құбылыспен салыстырмалы түрде қарап, оның шынайылығын мойындап, сонан соң ғана ақиқат біліктілігіміздің көрінісі жүзеге шығады. Романдағы Қодардың келіні Қамқамен бірге өлтірілуі шындық болса, қазақ ұлты үшін мәңгілік ақиқат.

* * *

Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» атты өлеңінде айтылатын:

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мүмин болсаң, үйреніп сен де ұқсап бақ.
Құран рас, алланың сөзідүр ол,

Тәуиліне жетерлік ғылымың шақ. - деген шумақтағы «тәуил» сөзі араб тілінен алынған. Ю.А.Рубинчик құрастырған (1985) 2 томдық «Персидско-русский словарь» 1-том, 346-бетінде: «таавил; 1) біржақтылық, теріс түсіну, бұрмалау, өңін айландыру; 2) түсіндіру, мәлімдеу, түсінік беру» деген мағыналары бар екенін көрсеткен.

Тәуил – Құран тәпсірін алғашқы негізгі және оның мәтіндерін толық ашуға әрекет ету тәсілі. Құранды оқып-білуде тәпсірлеушілердің өздері қасиетті Кітаптың тура мағынасында түсінетін және оның құпия астарын түсіндіретіндер болып екіге жарылды, яғни Құранды түсіндіруде сыртқы (заһири) және ішкі (ботини) ішкі сырларын ашып түсіндіру жолындағы бірден-бір құрал, осы «тәуил» болып табылады. Құран сүрелері мен аяттарындағы мазмұнын көркем бейне арқылы түсіндіруде сөздік мағынасында қалып қоймай, әрбір Құран сөзінің шынайы мазмұнын ашуды ақылды алғашқы орынға қойды. Кез-келген бір мәселені жоғарыда көрсетілген тәуил терминінің екі түрлі мағынаға әуелі ақылға салып

таразылап «қонымды», «қонымсыз», «түсінікті», «түсініксіз» деп екі түрлі қарастырды.

Сол кезде исламды толық тану жолында шиа мен сунит руханилары діни мүдделерін білдіретін саяси әр топ өзінше дәлелдеуге тырысты, сонымен қатар Құран сөздерін тасфирлеу жолында да қарама-қарсы түсініктер пайда болды. Міне осы тұрғыдан келгенде «тәуил» түсінігі айқындап береді.

Тәуилді шиа бағытын қолдаушы исмаилшылар тиімді пайдаланды. Исмаилшылардың негізін қалаған Исмаил - Ибраһим пайғамбардың баласы. Исламды жасырын уағыздаушылар яғни батини (ішкі, жасырын) мазһабындағылар үгіт жүргізгенде өз ойларын жүзеге асыру жолында ешнәрседен тайынбай тіпті бүліншілікке де бара бергені ислам тарихынан белгілі. Олар лауазымдық сатыны насихаттауға, жаңашылдық жариялау іс-тәжірибесіне саяси бейімділігін негіздеуге қызмет етті. Зекет беруді тиімді дұрыс деп тапқан, бірақ оны басшыға беру яғни мемлекетті басқаруға қажетті тұстарға жұмсалады деп тапқан. Олар яғни шиа мазһабындағылар күніне үш рет намаз оқиды жұма намазды оқымайды. Бұл тәсіл көбінше исламның шиа сеніміндегілер тек имамға ғана берілу, оның пір тұту айтқандары дұрыс дейтін түсінік берушілер.

Абдоллаһ ибн Аббас (619-686) Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) немере інісі Құрандағы сөздердің шығу тарихына тоқталып, исламнан алдыңғы қаламгерлердің сөздерін пайдаланып түсіндірушілердің алғашқысы саналды. Тәуилдің сопылық танымға әсері көп болды. Сопылық танушы Ибн әл-Араби (1165-1240) құдай мен әлемді бір деп және барлық заттардың біртұтас мәні бар деп қарады. Оның пікірінше, Жаратушыны ішкі бірлігі жағынан бейнелейді яғни тақлидті (басқаның айтуы бойынша) бекерге шығарады. Құдайды жоғары қасиетінен ажыратып ойша дерексіздендіріп ақиқат арқылы тануға болады дейді. Сондықтан олар сопылықты қолдаушылар болып табылады. Сунниттік бағыттағылар тәуилді қолдағаны үшін сопыларды сынға алатын тұстары да кездеседі.

Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) қайтыс болғаннан кейін хадистерін ақиқаттайтын және оны негіздеуде Құран сөздері аса қажет болды. «Анық. Біз осы Құранда адамдар үшін түрлі мысалдар келтірдік. Әрине, үлгі-насихат алар деп» (Зүмәр сүресі (39) 27-аят). Содан оның мазмұнына толық тафсирлеу жолында тәуилдің Құранды түсінуде «түсіндіру», «мәлімдеу», «түсінік беру» сөздерді іштей талдау емес заһири (сырттай) шарқ (комментарий) берумен шектеледі. Бұл «тәуил» сөзі Құран мәтіндерін түсінуде екі түрлі пікір қалыптасып дәлелдеуге тырысып тереңнен сыр шертті. Бірақ өз заманының білгірлері біздікі дұрыс емес деген жоқ, бәрі де өздерінше дұрыс еді. Алғашқылар Құран сүрелері мен аяттарын игеруде біржақты барып, теріс түсінікпен Құран мазмұны бұрмаланды деген бағаны сол дерекзінде қоғам берді. Екіншілері, қасиетті Құранды танушылар қоғамның даму дерекзінде қоғам берді. Екіншілері, қасиетті Құранды танушылар қоғамның даму барысында түсіндіру сатыларын дұрыс алып барып барша қауымға Құран тәфсирлеріне мәлімдеме жасады.

Қорыта айтқанда Мұхаммед пайғамбарға Құранды, Иса пайғамбарға Инжілді, Мұса пайғамбарға Тауратты, Дәуіт пайғамбарға Забурды түсірді. Кітаптарға иман келтіру арқылы толық мойынсыну мен разылық таныту міндет. «Алла Тағаланың хақ-шын Сөзі екендігіне ешқандай шәк болмаған...» (Бақара сүресі (2) 2-3 аят) – деп, Құранда айтылса, Абай:

Алланың өзі де рас, сөзі де рас,
Рас сөз ешуақытта жалған болмас,
Көп кітап келді алладан, оның төрті,
Алланы танытуға сөзі айрылмас. – деген.

қасиетті Кітаптар мазмұнын икемдеу жолында бірнеше қоғам сатылары өтіп адамдар «Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді» (Абай). Әр қоғамның басы байланған идеологиясы болды адамзат соған қызмет етті. Бүгінде әлемдегі мемлекеттер өз ішінде бірлікке шақырқасиетті Кітаптарындағы ұстанымдарымен өмір сүрмей, иман таразысынан алыстап қырғи-қабақ соғыстарының күшеюін Кітаптардағы Жаратқан Иенің сөзі деп қабылдап, толық игермегендігі дер едік.

* * *

«Адамға халінше **ихсанды** болмақ – қарыз іс» деген Абай 38-қара сөзінде ақиқатты білудің жақын жолын нұсқайды. Абай Ислам дінінің үш тірегінің бірі «ихсанды» төрт-бес рет тілге алатыны бар. Ихсан - арабтың жақсылық, қайыр және Жаратқанды көріп тұрғандай ықыласпен ғибадат ету. Пендесінің бір-біріне жақсылық етуі жағынан біздің қазақ халқы алдына жан салмайтынын жақсы білеміз, ол исламда «Ихсан» деген сөзбен берілген, қазақ арасында көп кездесе бермейтін бұл сөзді ұлы Абай: «...ол құранда сөгілген» деп ескерткеніндей қасиетті Құран аяттарында көп кездеседі, сондықтан екінің бірі біле бермейтіндігі де содан болуы керек. Дінге кенже келген ел екендігіміз осы Абай айтатын «ихсан» сөзі арқылы пайымдауға да болады. Ол көбінесе ескі діни жырларда және ақындардың еңбектерінде там-тұмдап ұшырасады. Мәселен, «...өнерді үйренбек — өзі де ихсан». (Абай).

Малынан қайыр-ихсан бермеген соң,
Жер жұтып, ғазап тартып мехнат шеккен. (Ақан сері).

Ихсан – Исламдағы тақуа-тасауф дүниетанымындағы ең жоғарғы Жаратушыға жасалатын мұсылмандық құлдық, яғни ақиқатты тану. Жаратушыны көрмесең де көріп тұрғандай құлшылық жаса, жүрегіңмен сез, айналаңа жақсылығыңды төк. Сонымен қатар Алланың 99 есімдері мен 8 сипатын көз алдында елестетіп іштей мінәжат етуден яғни «басардан» тұрады. Осында «басар» (сегіз сипаттың бірі) нұры арқылы Жаратқан иесін көреді, оны Абай «батин» деп береді. Батин – адамның ішкі көру және сезу қабілеті. Тәңірдің ақиқатын иман нұры арқылы көруі.

Бұл Жаратқанды ақиқат жолымен емес, якин (йакин) арқылы ішкі дүниесін көру.

Діннің негіздерін үйренудің бірінші жолы Ислам, екіншісі Иман, үшінші Ихсан. Ислам - сыртқы түр болса, Иман – оның ішкі мәні, Ихсан – ақиқат.

Ислам – арабтың, мойынсұну, берілу, әлемдегі 4 ірі діннің бірі. Оның 5 парызы:

1. Калима айту Алланың бір және Пайғамбар Мұхаммад (с.ғ.с) елшісі екенін тілмен айтып жүреппен сезу;
2. Намаз оқу;
3. Ораза тұту;
4. Қажылыққа бару;
5. Зекет беру;

Иман – арабтың, сенім, илану сөзі исламда іштей беріле сену негіздері:

1. Алла жалғыз, оған серік қоспау;
2. Алланың періштесіне хақ деп сену;
3. Алла Тағала тарапынан түсірілген кітаптарға сену;
4. Пайғамбарларға сену;
5. Қиямет-қайым күніне сену;
6. Тағдырдағы жақсы жаман нәрсені Алладан деп білу;
7. Өлгеннен кейін қайта тірілуіне сену.

Бұлар ақылымызға сия ма, жоқ па маңызды емес, исламда оларға кәміл сену талап етіледі. Иман талаптары исламның діни бағытын айқындайтын бірден-бір көрініс. Ислам мен иман жөнінде көп айтылып келген, біздің айтпақшы болып отырғанымыз Абай арқылы ихсан танымына тоқталу болатын.

Ихсан – Исламда Тәңірді жақтаушы іс, толықтай шын берілу, адал қызмет ету, әрбір мұсылман Жаратқанға құлшылық еткенде Оны (Алланы) көріп тұрғандай сезінуі тиіс, бірақ көре алмайды, Алла оны үш жақтан (иман мен ислам және ақиқат) көреді. Аллаға деген мүлтіксіз сенім, алдын ала көру, оны жете түсіну, ол сені көреді және естиді, сен оны көре де ести де алмайсың. Біз бүгін Алланың көріп тұрғанын сезіне отырып жақсылық жасаудың жақсылығы Алланың шексіз рақымының бұл дүниедегі көріністерін біз күн сайын көріп жүрміз. Ол Алла Тағаланың бізді әрқашан көріп, бақылап тұрғанын шынайы сезіну діни терминмен айтқанда ихсан (ақиқат) дәрежесіне қол жеткізу.

Ардақты пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) әйгілі хадистерінің бірінде діннің Иман, Ислам және Ихсан деп аталатын негізгі үш тірегі, Аллаға ең жақын жүретін 4 періштенің бірі - Жәбірейіл осы үш негіздің мәнін үйреткен. Пайғамбарымызға және оның қасында отырған бірқатар саңлақ сахабаларға адам бейнесінде Рамазан айында келіп, қасиетті Құранды пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.) табыстағанда: «Бұл келген Жәбірейіл,

сендерге діндерінді үйрету үшін келді» деп ақиқатты айтып ихсан білдірген болатын.

Араб күнтізбесінің хижра жыл есебінің 9 айы Рамазан айының қадірлі болатындығы да осында. 30 күн ораза тұтылып Аллаға құлшылық етіп, Жаратқан иесіне бір табан жақындай алатын ай болып есептеледі. Мұны Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жыл 27 маусым қасиетті жұма күні Қазақ елінің мұсылмандарын Рамазан айымен құттықтау сөзінде: «...осы айда адам баласы Аллаға жақындай түседі...» - деп, Исламның бір парызы Оразаның ұлықтығын еске алды.

«Ихсан» деген сөзді кең мағынасында қазақшаласак бір істі ең жақсы сипатта, толық орындау және біреуге жақсылық жасау деген мағыналарды білдіреді. Ал Ислам дініндегі мағынасына келсек, адамның әрқашан Алла Тағаланың назарында екендігін терең сезінуі, қасиетті Құранның Бақара сүресі (2), 272-аятында: «Қандай жақсылықты сарып-ихсан етсеңдер де өздерің үшін. Тек, Алла разылығын қалап, игі істер, сарып-ихсан жасаңдар» дегенін ескерсек соған орай әрбір игілік жолындағы ісін, сөзін иманмен, ерекше ұқыптылықпен атқаруын білдіретін жүрек ісінің биік дәрежесі.

Арамызда көп адам жақсылық жасайды. Мұқтаждарға қол ұшын созады. Мешіт тұрғызады, көпір салады, жол жөндейді, сонымен қатар, біреудің денсаулығын емдеуге қолқабыс ететіндер бар. «Иман келтіріп, игі амалдар істегендер-жәннаттықтар. Олар сол жерде мәңгіге қалады» (Бақара сүресі (2), 82-аят). осылай, сан түрлі жақсылықтар жасайтын елімізде мейірімді жандар бар екендігін меңзеген Елбасының жоғарыдағы мұсылман қауымды құттықтауында: «...өзге жандарға қайырымдылық жасау, құналарынан арылу...» деп, барша қауымды қайыр-ихсанға шақырып, ел экономиканың тірегі болған кәсіпкерлерге арналған Құранның Бақара сүресі (2), 267-аятында: «Ей, мүміндер, кәсіпкерлікпен тапқандарыңнан адалынан және Біздің сендерге жерден өндіргенімізден сарып-ихсан ажыратыңдар! Олардан ихсан етуге өздерің көз жұмып тұрып ала салатын сапасы төмен, таза еместерін таңдамандар. Және де, біліп қойыңдар, Алла қажетсінбейді, Ол мадақ-алғыс Иесі» - деп көрсетілгендей Алланың құзырында ешбір жақсылық елеусіз-ескерусіз қалмайтынын ескертіп тұр. Бірақ кейде сол жақсылықтардың қарымтасын адамдардың өзінен күтетіндер кездеседі. Жасалған жақсылықты Алланың разылығына бергенімізді міндет етіп немесе оның сыйын адамдардан тілеп жүріп Алланың мол сыяпатынан құр қалмауды ойлағанымыз жөн. Осы сәтті Абай 38-қара сөзінде: «Құдайтағаланың жолы деген жол ниһаятсыз болды. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам» деп нақтылап көрсетіп берді.

Ихсан дәрежесі әрбір істің, сөздің, ойдың, мінездің мықты иманға негіделуі тиіс. Алла елшісі айтып, Жәбірәйіл періште мақұлдаған ихсанның негізгі: Аллаға құлшылық ету, бірақ, біз оны көрмейміз, Алла

көріп тұрады. Міне, бұл қағида әрбір мұсылманның жүрегінде әр сәт сайын жаңғырып, қайталанып отырса да, артықтық емес. Демек, күнделікті өмірімізде атқарып жүрген істерімізді басқаға емес, Алла Тағаланың өзіне ұсынып жатқанымыздың, соған орай, Жаратушы иеміздің разылығын бүкіл жан дүниемізге, санамызға сол ойды орнықтыру, сезімдеріміз бен қалауларымызды соған қарай «...хақтың бір аты - Алла» деген Абайдың сөзі біздің басты мақсатымыз, қол созар көкжиегіміз болуға тиіс. Міне, осы сезім жүрегімізден орын алса, тіпті жүрегімізге сыймай, кемерінен асып-тасыса, онда айналамыздағы «Адамға халімізше ихсанды болмақ - қарыз іс» (Абай) екендігін түсініп жақсылық жасау, тек жақсылық ойлау, тек жақсы істер атқару әр адамның өзіндік ішкі табиғи міндеті болса «...өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес» (38-қара сөз).

Құлшылығымызды жасап жатырмыз делік, ал енді оның сапасы қандай деңгейде? Оның сапасын қалай анықтаймыз. «Мал-дүниелерін күні-түні көзден таса және ашық ихсан ететіндерге Раббыларының алдында ұлы сауап бар. Олар үшін қауіп-қатер жоқ» (Бақара сүресі (2), 274-аят) Міне бұл жолда ихсан – әрбір әрекетімізді Алла көріп тұрғандай аса сеніммен ғибадат жасауды ұғындық.

«...дүниеде кімде-кім өзіне өзгешелік бермек қасты бірлән малға махаббатын аударғандар дүниеде болмаса, ихсанда қолым қысқа болмасын деп хәм өзім біреуге тамғалы болмайын деп...» (Абай) ихсан сезімін бойына орнықтырған адам бүкіл жақсылықтар жиналған алтын қазынаның кілтіне қол жеткізген болады. Ондай адамдардың әрбір ісі жақсылық болады. Бірте-бірте адамдықтың, мұсылмандықтың шыңына жетуі, олар өзге емес, Алла үшін жақсылық жасайды. Өйткені қасиетті Құранда айтылғандай, «Ихсан-жақсылықтың сыйы тек қана жақсылық» (Рахман сүресі (55), 60-аят). Бұл дүниеде Алла разылығы үшін жақсылық жасасақ, арғы өмірде шексіз рақым иесінің жақсылығына қол жеткізетін боламыз. Міне, ихсан - осындай ұлы жетістіктердің бастапқы қадамы.

* * *

Абайдың «Алла деген сөз жеңіл» өлеңіндегі:

Ақыл мен хауас барлығын

Білмейдір жүрек, сезедүр. – дегендегі «хауас»

сөзінің мән-мағынасына тоқталар болсақ, Алланы танудың жолын ұсынғанын көруге болады. Алланы көзбен көріп, қолмен ұстай алмайсың тек ақылмен танып, сезіммен түйсінесің «Білмейдір жүрек, сезедүр» дегені де содан.

Ұлы Абай шығармаларындағы араб, парсы және көне түркі сөздерді көп оқырмандар түсіне алмай келетіні белгілі. Соның бірі бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған «хауас» сөзі. Біз алғаш хауас сөзінің мән-мағынасын сөздіктер арқылы түсініп алайық. Абайда парсыдан

келген «һавас» сөзі; 1) әуесқойлық, ынтықтық, 2) әсерлі тілек, 3) таңдану, 4) ынта, ықылас, қалау, (Персидско-русский словарь: В 2-х тт. – М.: Рус. Яз., 1985, стр.733) хауас, хауаси болып келіп тұр. Арабта «һауас-ун» - екі мағынада беріледі; 1) әуес, елігушілік, әуесқойлық, 2) қиялилық, делқұлылық (Н.Д.Ондасынов. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. 2-том. – Алматы: 1989). Екі сөздіктің де бірінші айшықтарында айтылғаны әуестік деген ұғымға дұрыс келеді.

Абайдың 38-қара сөзінде адамның көңіл-күйі «һәуа», «һәуас» - «әуестен» дейтін сөзден шығып келетін «әуесқойлық», «ынтықтық», «қалау», «ынтызар болу» тағы басқа синонимдік тізбекті құрайды. Парсының «һәвас» және түркінің «һәвәс» деген сөзімен сәйкес келіп тұр. Мұнда «һавас» арабтың сөзінен алынған «адамға аса қажетті бес түрлі сыртқы сезім» дегенді білдіреді, Абай оған «хауаси хамса заһири» деп: көру, есту, иіс, дәм және денемен жылулық пен суықты сезінуі жатады. Адам баласына сырттай ерекше әсер ететін сезім түйсігіне әуес болу, осы Абай айтқан «хауас» сөзін терминнен іздемей-ақ өзіміздің сөздік қорымыздағы; «әуестену», «құштар», «ынтығу», «қызығу» сияқты мәндес сөздерден іздесек «қас» сөзі тым, нағыз, қаса, өте, аса, ерекше сөздерінің баламасы болса керек-ті. «Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға» деген Абайдың бұл өлеңінен алынған мысалдағы «қаса» сөзі заһиридi (бес сезімді) көзбен көру сезімі арқылы орындалып тұр.

Абай хауасты үш түрлі мағынада: бірінші, адамның сыртқы және ішкі бес сезімдері; екінші, алланың сегіз сипаты, оған Абай екі (ақиқат пен рақымды) қосып он сипат деп қарастырады; үшінші, ақиқат мағынасында қолданылады. Осы жөнінде әл-Фараби «Табиғат ғылымының негіздері» жайлы еңбегінде «хауаси хамса заһири» деп аталатын сыртқы сезім мүшелеріне ерекше назар аударған. Фарабидің қоршаған орта болмысының сырын тануда басты орын алатын сезім мүшелері - хауаси хамса (бес мүше) жайлы философиялық ұғымдары Абайдың 27, 38-қара сөздері және «Алла деген сөз жеңіл» деген өлеңінде «хауас»:

Ақылмен хауас барлығын,

Білмейдүр жүрек, сезедүр. – деп, Алланы жүрекпен ғана хауастың сыртқы және ішкі бес сезімі арқылы сезе де біле де алмайтындығымыз тек жүрек арқылы сезе алатынымыз негізделген. Хақиқатты сезу үшін жүрек Алланың нұрланған сегіз сипатымен нұрлану керек, яғни қарулану керек.

Мекемтас Мырзахметұлы: «Бұл әрекетті танып білуді алдымен хауас туралы Абай танымын жете танып білсек қана мәселенің төркініне қаныға түсеміз. Хауас ұғымы Абай шығармасында үш түрлі мағыналық қырымен көрініс беретіні бар. Біріншіден, «хауаси хамса заһири» ұғымы қазақша айтқанда сыртқы бес сезім (хауас) мүшесін танытады. Адам осы сыртқы бес сезім (көз, құлақ, мұрын, тіл және дененің суық, жылылықты сезінуі) арқылы сыртқы объективті дүниеден хабар алу әрекеті жатады. Екіншіден, осы сырттан хабар алып, ішкі сезім мүшелеріне жеткізетін бес сезімнің

бәрі де қызметін мүлтіксіз орындауы үшін кеселге, кедергіге ұшырамай сау, саламат болуын «хауас сәлим» деп атайды. Үшіншіден, сыртқы бес сезім берген хабарды жанның жибили қуаты арқылы ішкі бес сезімге жеткізіп, осы он сезімді әрекетке түсіруін де хауас деп атай береді» деп хауас ұғымын ашудың жолына сілтеме жасайды.

Адам бойындағы «хауасты» қанағаттандыру жолында адамның мәнсіз өмірге риза болуы. Хауасты құмарлықпен шатастыруға болмайды, ол - нәпсінің шектен шыққан түрі. Нәпсісін тыйған адамдардың қарасын жылдан-жылға азайту қай қоғам болса да мүдделі. Абай 38-қара сөзінде «Һәуа һәуастан әрбір арзуи нәпсіден суынып, ғадаләт, мархамат, махаббатына бір қарар бола ма екен деген үмітпен болса керек» - деп мәселені ашық қоятыны бар.

Хауаси сәлим – («сәлим» арабтың «саулық» деген сөзі) қалау, тілек, ықылас, сау саламат, саулық, тәнсаулық, тұзу, қауіпсіз, ақыл, ес, жад. Абайдың 38-қара сөзі «Махаббат - әуелі адамның адамдығы, ақыл, ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себептер - әуелі хауас сәлим – деп келеді де – һәм тән саулық, бұлар туысынан болады, қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп, адамдықтың бұзылмаған аса құнды сипатына барар жолдың бағдарламасына ұсыным беріп тұр. Келер ұрпақтың ғылым-білімнен шет қалмағына жоғарыдағы құнды қасиеттер ортаның әсері екендігіне басымдылық бере отырып, ол кімнен жұғып, қалай табылатындығын ашық-айқын айтады.

Хауаси батини – араб тілінен аударғанда «ішкі», «жасырын», «сырлы» деген ұғымды береді. YIII ғасырдағы ислам философиясы ағымдарының бірі. Кейбір тұстарда араб халифалығы сопылық ағымдағыларға қарсы күресте түпкі құрал болып қызмет еткен. Батинилер мақсаты тұрғысынан қарағанда исмаилдер (YIII ғасыр орталарында араб халифалығындағы шиа бағытын ұстанушылар) мен қарматтар (исмаилдердің ішінен IX ғасырдың соңында шыққан ағым) көзқарасымен байланысты. Онда монилік ағымында (III ғасырда пайда болып, зародастрлыққа қарсы бағыт ұстанғандар) ежелгі грек философиясы мен буддалық көзқарастары сезіледі. Батиниді дикандар қауымы мен қалалардағы орта деңгейдегілер де қолдаған. Құранды сөзбе-сөз талқылануына қарсы шыққан және Құран аяттарының ішкі сырларын, мән-мағынасын жете түсіну ләзім деген пікірді қолдаған. Батиниді жақтаушылар жан, болмыс, уақыт, кеңістік түсініктеріне ерекше көңіл бөлген. Батинилерді қолдаушылар исламға және халифалыққа қарсы күрес күшейген YIII-IX ғасырлар тұсында белгілі деңгейде дамыды. Бұл ағым араб халифалығындағы мемлекеттерде кең тарқалған.

Хауаси хамса – («хамса» арабтың «бес» деген сөзі) ынта, көңіл, сүйіспеншілік, әуестік, бейімділік. Шығыс елдерінде дастан жазу шығармашылық бәсекеге түсу үрдіске айналған. Алғашқы дастан философиялық таным негізінде өмір сүру дағдысындағы құлықтық

мәселелер қамтылған, екінші мен үшінші дастандары шынайы сүйіспеншілікті жырлайды, төртінші дастан ел қорғау жолындағы батырлардың ерлігі және ел басқарған патшалардың билік жүргізу тәсілдері баяндалады, соңғы бесінші дастан алдыңғы жырлардағы айтылар түйінді ой тұрғысынан қорытынды баға беріледі. Бұл дәстүрлі шығармаларда иманды жанның байлыққа, дүниеқоңыздыққа деген нәпсі құмарлық тәннің қалауынша ықылас танытудан бас тартып, шын пейілді ізгілікпен басқаларды таң қалдыратын тосын мінезді ұлы ақындар адам бойынан іздейді. Оған қатысушы шайырлар көп болды бірақ хамсашылдық талаптарға толық жауап бергендер Низами Ганжауи, Хұсрау Деһлауи, Әбдірахман Жәми, Әлішер Науаи сынды саңлақтар ғана «Хамса» жазып хамсашыл ақындар атымен тарихта қалды.

Хауаси заһири – араб тілінде «сыртқы» деген ұғымды білдіреді. Дәуіт ибн Әли ал-Исфәһони аз-Заһири (883 жылы қайтыс болған) есімімен тығыз байланысты, әрі осы ұғымның негізін қалаған және оны ислам құқықтық мектебіне айналдырған тарихи тұлға. Мақсаты Құран сүрелері мен аяттарын анық түсіне білу жолын ойлап тапқан алғашқы абыз. Оның шәкірттері Құран мәтіндеріндегі ішкі (ботини) мағынаны ашып оқуды жоққа шығарады. Заһирилер құқық тәсілі мәселелерінде мантиқи яғни қисын (логика) тәсілдерінен пайдалануға қарсы еді. Заһири ағымы Х-ХІІІ ғасырларда мұсылмандар арасында кең тарқалды. Заһирилер өз қатарларын көбейтуде барлық елдімекендерінде өз жақтастарын көбейтуге тырысты. Заһирилердің айтуы бойынша сөз мағыналарына мән бермей Құранды тек жаттау керек деп түсіндіреді. Заһирилер ХУ ғасырда тарих сахнасынан шыға бастады. Өйткені, бірте-бірте сауаттанған халық қасиетті Құранды тасфирлеу яғни, ішкі мәнін түсіну талабына ұмтыла бастап еді.

Бұл ағымдағылар Құран аяттары мен хадистерді заһирилер (сыртқы) сөздік талқылау мен талдауларға қарсы шыққан. Олардың мезгіл уақыты, аят пен хадистердің заһири мағыналары яғни жатқа айту түрінде оқып, ішкі яғни батини мазмұндарын ашу ақылға сыйымсыз дейді, бұл ұстаныммен ислам шарифатына қайшы келіп тұр. Шарифат үкімі бойынша аят, хадис түсініктері, ол қай тілде болмасын, заһири, сөздік (лексикалық) мағыналарға негізделген. Кейбір стиль, метафора, сын, метонимия сияқты сөз мәйегін пайдалана Құран сүрелері мен аяттарын тасауыфтың ішкі талдауын, Батини шарифатқа қарсы деп табылып дінсіздер қатарында заһирилер тарапынан қудаланған.

Абайдың «Жансыз жаратқандарынан пайда алатын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатын ақылды инсанды (адамды) жаратыпты» (38-қара сөз) деген тұжырымы дүниенің жаралуы жайлы Фарабидің тәңірі әуелі жансыз дүниені, өсімдіктерді, жан-жануарларды, содан соң ақыл иесі адамдарды жаратқан дейтін сатылы танымынан туындайды. Ақынның қара сөздерінде адамның сыртқы бес

мүшесі мен ішкі сезім мүшелері бірлікте алынып, хауас ретінде түсіндіріледі.

* * *

Бұл айтпағымыз Абайдың «Алла деген сөз жеңіл» өлеңіндегі «Мүтәкәллимин мантикин».

Ақыл мен хауас барлығын

Білмейдір жүрек, сезедүр.

Мүтәкәллимин мантикин

Бекер босқа еседүр. – дегендегі «Мүтәкәлламин мантикин» сөзі; абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлының айтуы бойынша: «Бұл сөздің мағынасы арабша «кәлам» (логос), ал «мұта» сөзі ғалам ілімін насихаттаушы таратушы дегенді білдіреді» дейді. Мұндағы «логос» - сөзі грек тілінен аударғанда сөз, ой, ақыл-парасат, екінші мағынасында түсінік, негіз ұғымдарымен астасып жатады. Кәлам – сөз, пікір, сөз орамы, сөздер тізбегі, сөз айыру, сөйлем, сөйлеу, сөйлеуші, сөзуар деген ұғымды берумен қатар логикалық тұрғыда әрі даналыққа негіздей отырып Аллаһ тағаланың бар екенін, оның жалғыз екендігін, ақиқаттығын дәлелдейтін ілімі болып шығады.

VIII ғасырда араб халифалығында пайда болып, IX ғасырда Орталық Азияда кең тарала бастаған кәлам, ислам діні тәлімін негіздеуге бағытталған. Кәламді қолдаушылар мүтәкәллимшілдер болып саналады. Абайдың айтып отырған «кәләмі» осы, яғни дінді уағыздаушылар арқылы «мүтәкәлимдер» деген жаңа сөз пайда болған. Олар ақылға шектен тыс орын береді және өз сенімдерін мойындатуға жан-жақты әрекеттенеді, мойындамағандарды күштеп мойындатады. Олар қазіргі терминде миссионерлер деп аталып жүр, өздерінің «пұтқа табынушыларды құтқару» деген ұранымен «Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жібергендерінде Құтайса атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да мұсылман болдық депті» деген Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» еңбегінде исламдату ашық жүргенін байқау киын емес.

632 жылы Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.) дүниеден өтіп, оның 4 халифалары (орынбасарлар, жалғастырушылар) Әбу Бәкір Сыдық Әбділлаһ (573-636), Омар ибн Хаттаб (585-644), Оспан ибн Аффан (574-656) және Әли ибн Әбу Тәліб (661 жылы өлтірілген) тұсында исламды алғаш күшпен тарату-мақсатында жорықтар жасады. Бұл тарихи шындық. Қазіргі дін өкілдері исламды өз еркімізбен зорлықсыз қабылдағанбыз деген уәж айтады. Бұл «Ресейге өз еркімізбен қосылдық» дегенмен бірдей болып шығады. Түрі басқа, тілі басқа, салт-дәстүрі мен өнері, мәдениеті басқа, тіпті жейтін тамағы да басқа халықтар бір-бірімен қалай өз еркімен қосылады. Адам баласы қай нәрсе болсын алғаш жаңа нәрсені қабылдағанда, қарсылыққа ұшырауы заңдылық, оны ғылыми негізде

түсіндірмесе жүрегіне жетіп бармайды, ол бұлыңғыр күйінде ауада қалып қояды. Тәуелсіздігімізді алып ақиқатқа біртабан жақындаған кезде жастарға тарихымызды ғылыми негізде дәлелдеп шындықты ғылыми дәлелмен жеткізе білуіміз керек. Біз айтпаған хақиқатты ертең басқа айтады.

Араб мұтәкәллимдерінің бірі қолбасшысы Құтайба Ибн Муслим (660-715) қазіргі Орталық Азия мен Шығыс Түркістанды жаулап алып, Ислам дінін осы аймақта тарату жолында қиян-кескі соғыс алып барды. Оның жергілікті халық тарапынан қатты қарсылықа ұшырағанын Наршаһидің (899-960) «Бұхара тарихы» кітабындағы берілген деректер айғақтайды.

Қазақтардың көшпенділік тұрмыс-тіршілігі араб мұтәкәллимдеріне оңай түскен жоқ. Мысалы, қыс қыстауда исламды үйреткенше «күн күйеуін жер көкसेп» (Абай) жазғытұры да келіп, ел жаз жайлауға көшеді «Сөйтсе де, бұрыннан бақсы-балгерлерге иланып, отқашыраққа табынатын әдеттері мен исламға тез түсініп кете алмапты» деген Абайдың жоғарыда аталған еңбегінде айтылғандай, қазақтардың осал тұсы осы деп тапқан орыс миссионерлері исламият пен мұсылмандықтың таралу жолына кедергі қоймай, М.М.Сперанскийдің (1772-1839) жобасы бойынша ислам дінін қолдап оның таралуына ықпал етіп, астыртын саясат жүргізгенін байқау қиын емес. Мысалы, 1784, 1796 жылдары патша II Екатерина (1729-1796) қазақ даласында татар мектептерін салдырып, көшпелі қазақтарға бөліп беру үшін қазынаның есебінен Құранды баспадан шығарып, таратуға жарлық берген. Патша әкімшілігі қазақ даласында татарлардың білім таратуын қолдаған, өйткені жарым-жартылай орысша тәрбиеленген шала татар молдалары қазақ балаларына исламмен байланыстыра аз да болса орыс мәдениетін үйретеді. Отаршылдық айла-тәсілдерімен Ресей империясы қазақ еліне ішкі саяси сырын білдірмей орыстандыру саясатын жүргізудің бір тәсілі еді.

Ислам дініндегі философиялық ілімнің бірі «кәлам» араб басқыншылары билігі кезінде түрлі ағымдағылар арасында пайда болды әрі дамыды. Мұтәкәллимдер – жер бетіндегі өмірге үнемі құдай араласып отырады деушілер үшін шартты ұғым, ешқандай сенімсіздік білдірмей, талқыланбай қабылданатын түсінік. Тәңір мен адамзат арасындағы байланыстырушы таным көзқарастарының жиынтығы ретінде танылады, оны «Кәләму Аллаһ» («Алланың сөзі») деп, Құрандағы: «Олардың азаптары жеңілдетілмеген күйі тозақта мәңгі қалушы» (Әли-имран сүресі (3) 88-аят), «Жәннат тақуа болғандарға жақындатылады» (Шұғыра сүресі (26) 90-аят) аяттар арқылы дәлелдейді. Басқа ағымдарға қарағанда мұның ерекшелігі ақылға басымдық беруі. Сенім мен иман мәселелерін дәлелдеу үшін ақылға билетеді. Сондықтан да ұлы Абай:

Ақыл мен хауас барлығын

Білмейдір жүрек сезедүр, – дегені де содан.

Ғылымының ең бір қиын да күрделі саласы кәләм. Оны Абайдың жоғарыда сөз еткен өлеңіне қосып жырлауы, сол кезеңдегі қазақ халқының діни сауаттылығының болғанына дәлел. Мұның қазақ халқы ислам дініндегі тұрмыстық қағидаттарды ұстану ғана емес, иллаһи жолында күрделі мәселелерді дұрыс түсіну талабынан туындағаны анықталады. Абай адам баласының бұл фанидегі орны, тіршіліктің мәні мен мақсаты туралы өз ұстанымдарын, ойларын шығармашылығында жан-жақты дамытты.

Ислам дініндегі түсініктерін дүниені танудағы ақиқат жиынтық заңдарын негіздеуге тырысқан абызы Абул Хасан Әли ибн Исмаиыл әл-Ашари (873-935) – белгілі ислам дінін қалыптастырушы, кәләмның негізін қалаушылардан бірі. 912 жылдан бастап көзқарасы кенеттен өзгеріп, ислам негізіне өзінің философиялық танымын қалыптастырған. Әл-Ашари негізін қалаған діни кәләм тәлімін XII-XIII ғасырларға келіп барлық сопылар арасында қалыптасқан ислам сеніміне айналдырған. Әл-Ашаридің ойын жалғастырушы, дін танушы философ Әбу Хамид Мұхаммад ат-Туси әл-Ғазали (1058-1111) адамдардың танымдық қабілетіне қарай «қауым» және «таңдаулылар» деп екі топқа бөлді. Ислам қағидаларын қорғаушы мұтакәлимдерді алғашқы топқа жатқыза, «таңдаулыларға» ақиқатқа жетуге тырысатын жеке білімдар ой еңбегімен шұғылданатын тұлғаларды жатқызады. Оны Абай «Единица - жақсысы» деп, атап өтетіні бар. Әл-Ғазали әлемдік ақыл-парасат қисыны бойынша мұсылман философтарымен, Шығыс аристотельшілері Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сино т.б. ғұламалармен ой жарыстырған. Араб философы Ибн Рушд (1126-1198) «Терісті теріске шығару» атты еңбегінде; адам жанының мәңгілігімен о дүниелік өмірді жоққа шығарды. Сонымен қатар жер бетіндегі өмірге үнемі Құдай араласып отырады дейтін мұтәкалимдердің пікірін жоққа шығарады, өйткені табиғаттағы әр түрлі құбылыстар өз заңдылығына бағынатындығын негізге ала отырып айтады.

Ғазали «Діндегі ғылым сәулесі» атты еңбегінде Аристотель философиясын негізге ала отырып, ислам философиясын қалыптастыруға тырысқан. Ғылымды дін іліміне қызмет етуге, ол ақыл-парасат пен сенімнің тығыз қарым-қатнасын негіздеді және діни-философиялық зерде түйсігін саралап, сопылық дәстүрлерді ислам қағидаларымен үйлестірді. Сондықтан, әл-Ғазали сопылықты исламмен біріктіруші ретінде тарихта қалды. Мұсылман сопыларға 7 түрлі талап қойылады. Олар: Алланың жалғыздығына, періштелерге, қасиетті деп танылған жазуларға, пайғамбарларға, ақыретке, тағдырға және қазадан кейін жанның қалуына.

Мантикин – ислам дініндегі діни қағидаларды дәлелдеп негіздейтін философиялық ғылым салаларының байланысын сипаттайтын ұғым. Шығыста «мантық» деген ұғыммен қалыптасқан «жүйелі ойлау», «ақылды сөз», «табиғи ой» деген мағынаны береді. Әлем кеңістігіндегі шынайы шындықты танудағы ой ұшқырлығының жетілген ақиқаттың бір түрі. Қалыптасқан ұғымдарды анықтау жолында бір пікір арқылы

салыстырмалы түрде екінші пікірді дәлелдеу, немесе философия ғылым саласындағы бірін-бірі теріске шығару заңдылығы мантиқтың дәстүрлі ұстанымы. «Енді, көңілдерінде тура жолдан айну болған адамдар алдап, шалғыту үшін және өз нәсіптерінің қалауына сәйкес түсіндіріп-тәпсірлеу үшін осы Кітаптың муташабиһ-түсінігі киын аяттарына ілеседі. Негізінде ондай аяттардың түсінігін Аллаһ ғана біледі» (Әли-имран сүресі (3) 7-аят) деп негіздейді.

Мұтәкәллимин философтар адам еркі мен жазмыш туралы мәселеде Алланың нұрлы қасиеттерін әркім өз қалауынша таңдау және оған жауап беру мұсылмандықтың негізгі қағида екені, ортағасырда еуропалық философияға ықпал етті. Олар жан мен тән жайлы айта келіп, «жан Алла сияқты бейнесіз, ол кеңістіктен тыс өмір сүреді, ал, түп иесі адамды осы кеңістікте жаратты» деп, Ислам философиясын негізе ала отырып дәлелдеуге тырысады. Алланы ақылмен тани алмайсың, «Ақылға сыймас ол Алла» деген Абай. «Білмейдір жүрек, сезедүр» деп жүрек арқылы сезетінін нақтылап айтады.

Саяси күрес дінді қалқан ету арқылы исламның кәлам танымындағы ішкі әрекеттер арқылы сыйыну және үнемі ғибадат ету арқылы тануға болады деп есептейді. Алла әділеті кім иманды немесе кім имансыз, Алла жаратты ма, оны өзгерту мүмкін бе, оларды иман жазалауы тиіс деп, Құранның мазмұнын алғаш ашып берген абыз Жоид ибн Дирхам (742 жылы қайтыс болған). Ол өз ұстанымында әрқашан ақыл-ойға сүйену керектігін және тек адам ақылы әлсіздік танытқанда Құран аяттарын пайдалану мүмкін деп есептейді. Оның ойын жалғастырушы шәкірті Жаһм ибн Сафвонның (745 жылы қайтыс болған) айтуына қарағанда «мутазилит» деп айтылуының себебі сопылардың тақуа, пәк, фәниге көңіл бөлмей, өмір қызықтарын бақимен сабақтастырады. Кәлам тарихында мутазилит бағытындағылардың философиялық дәлелдері Құран аяттары мен хадистерге сүйеніп жұмақ пен дозактың барлығына сендіреді. Адамның дүниеде өз еркімен өмір сүре алмайды, қалауы мен тілегі орындалмайды деген ұстанымға біртабан жақын. Жаһм ибн Сафвон пікірінде «Иман - Алла туралы білім, имансыздық – Алла жөнінде ешнәрсе білмейтіндігі. Иман пайғамбардан бастап қарапайым мұсылманға дейін баршаға барабар сенім нұры» - деп ұйғарады. Ислам дінін ел арасына қалыптастыру жолында қоғамдық-әлеуметтік көзқарастар жүйесін осылай пайдаланған.

XIII ғасырдан ойлауды сезім қабылдауынан бөліп, білімнің негізі ақыл деп қарайтын ағымдағылар «дүниені ешкім жаратқан жоқ, Құдай жоқ, табиғат ақылмен танылады» деген пікірге Ибн Сино: «Дүние Құдайдың құдіретімен жаратылған, табиғаттағы барша құбылыстар заңды қажеттілікпен туып өзгеріп отырады» деп түйеді. Калам негізін қалаған Шығыс философтары олар Бәйдауи (1286 жылы қайтыс болған), Исфәһони (1349 жылы қайтыс болған), Ижи (1355 жылы қайтыс болған), Тафтазани

(1390 жылы қайтыс болған), әл-Журжани (1413 жылы қайтыс болған), Дауани (1427-1502) сияқты ғұламалар болатын.

Өзінен алдыңғы ғұламалардың ой-пікірлері Имандылық пен адамгершілік аясындағы сипаттары қазақ ойшылдарының ізденістерінен де көрініс тапты. Соның бірі Абай философиясының дүниетанымдық өзекті мәселелерін Ислам танымы арқылы қарастыруға болады. Жаратушы иеге деген көзқарас адамға ғана тән сана күшіне сүйене отырып, исламды қабылдау, әрбір адам үшін ең бастысы иманның күштілігіне сенуді ұлы Абай Аллаға жақындасудың төте жолы деп бағамдайды.

Қорыта келе айтарымыз, мұтәкәллимдер исламдату, миссионерлер орыстандыру бағытын ұстанған қаймана қазақтың ғұмырындағы бір өткелі болғандығы белгілі. Мұтәкәллимін ұғымы VIII-XII ғасырларда пайда болып, XIII ғасырда толықсыды, XIV-XV ғасырларда құлдырау кезеңін бастан өткізген уақыт аралығында Ислам дініне сенушілер мың құбылып, топтарға бөлініп айтыс-тартыстан бір жүйеге келе алмай, барша мұсылман қауымды шалғытқанын ұлы Абай тереңнен қозғап: «Мұтәкәллимін мантикин, Бекер босқа еседүр» деп, діннің тура жолына түсе алмай, мұсылмандықтың байыбына бара алмай жүрген дін таратушы мұтәкәллиміндердің ахам халқын босқа езгендігін мұсылман болған қазағына жеткізді.

* * *

- Егерде шайтандыққа жетсе қолым,

Алдауға арланар ем адам ұлын.

Аллаға асы, бейіске қашқын болып,

Онан соңғы бұл емес менің жолым. – деген, Абай

М.Лермонтовтың «Вадим» романынан аударған осы шумақта монастръға барған бірнеше қайыршылардың ішінде отырғанмен, алақан жайып біреудің алдына бармай тұрған ерекше қасиетті белі бүкір Вадимнің айтқанында кездесетін «Аллаға асы, бейіске қашқын болып» деген тармақтағы «асы» сөзінің не мән бар? Сөзімізді сөздіктерден бастайық:

«Асы – 1) көтеріліске шыққан, бағынбаған, қайсар; 2) көтеріліске қатысушы, көтерілісші; 3) ауспалы мағынада, күнәкәр. Аллаға асы болма (Ж.Арыстанов)» (Н.Д. Ондасынов Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. 2-том, - Алматы «Мектеп» 1989. 20-бет) және 1974 жылы шыққан Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің 1 томының 394-бетінде «Асы болды – Құдайға күнәкар болды, асылық етті» - деп, Абайдың жоғарыдағы бір шумақ өлеңімен қоса ежелден келе жатқан жырларды көп кездескенмен бүгінгі ақындардың өлең жолдарында кездесе бермейді. Мәселен,

Барар болсаң, сен енді жылдам жөне,

Қарабайдың құлдары талай неме.

Қырық құлын кәпірдің не деп болмас,

Асы болып құдайға олай деме. (Қозы Көрпеш) - деген қатарларды оқуға болады.

Асылық қылмай сөйлейін,

Төлеген атты пенденің

Рақымы күшті құдай-ау,

Жолдас қылған иманын – деген «Қыз Жібек»

жырындағы жапан дүзде қайтыс болған Төлегенді інісі Сансызбайдың іздеп келіп «енді анама не айтамын?» деп тұрған зарын көруге болады. Бұл жырдан үзінді Қытай қазақтарының фольклорынан алынды. (Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фалиянт», 2006. Т. 26: Ғашықтық дастандары. – 199-бет).

Мұндағы бірінші сөздіктегі 1-2-мағыналар бір-бірімен үндес синоним қатарын құрап тұрған сөздердің негізі «көтеріліс» болып тұр. Ал, үшінші айшықтағы және «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» мен «Қыз Жібек» жырындағы мағыналарында діни тұрғыда қаралатын «қарсы келу». Аталмыш қай түрін қарасақ та белгілі бір жоғарыдағы күшке «бағынбау» мағынасын беріп тұр. Алғашқы екеуі өкіметке яғни билікке бағынбау болса, соңғылары Аллаға серік қосып пайғамбарды майындамау және қасиетті кітапқа тіл тигізу болып шығады.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835-1898) «Ұрлықтың түбі қорлықты» толғауында:

Насихат сөзім қазаққа,

Жаманның жаны азапта.

Азырақ ынсап көрінді

Жасауылдар айдап азапқа.

Тәуба қылған асылар,

Арманда кетпей тозаққа,

Ісің кетіп ұзаққа,

Келе алмай жүр ме бұ жаққа! (Ай, заман-ай, заман-

ай...2 томдық. – Алматы, 1991. Т2-496 бет, 44-бет)

Делиде Аврангзеб патшаның отбасында дүниеге келген. Бабыр ұрпақтарынан Шығысқа белгілі тұңғыш ақын қыз Зебинисо бегім (1643-1721):

Худо бандам десанг осий кулингни,

Узингдан пасларга интизор қилма.

Узинг билдир йулимдаги хатоларни,

Хоталарим сиртмоқ қилма дор қилма. («Мунис ул-

арвоһ»)

(Құдай пендем десең асы қолыңды, өзіннен төмендерге ынтызар етпе, өзін ғана білдір жолымдағы қателерді, қателерімді кедергіге себеп етпе) дегенін де мысал ретінде ұсындық.

Абай М.Лермонтовтан аударған «Вадим» романын қазақтың қара өлең ұйқасы үлгісінде аударылған аудармасы бізге толық жетіп келмесе де Абайтанушы, академик Зәки Ахметовтың (1928-2002) тұжырымдауынша:

«Абайдың «Вадим» романын аударуы Е.Пугачев көтерілісі негіз болса керек» («Абай және Лермонтов») дегені де ой тастайды, өйткені, қазақ халқында да ұлт-азаттық көтерілісінің аз болмағанын ескерсек, Абайдың аударманы қолына алғаны өзінен-өзі белгілі. Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі, Ресей отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарының бірі, қазақ халқының аталмыш империяның басып алу саясатына ежелден-ақ қарсы болғандығы ұлт-азаттық көтерілістерінен белгілі.

Бірінші дүние жүзілік соғыста (1914-1918) жеңіліс тапқан патшалық Ресей өкіметі «суға кеткен тал қармайдының» керімен олқылықтың орнын толтыру үшін ойлап тапқан амалына қарасақ, қол астындағы қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік, түрікмен, дүнген, ұйғырларды қара жұмысқа 19 мен 31 жас аралығындағы адамдарды жұмысқа алуға Николай II Патшаның 1916 жылы 25 маусымдағы жарлығына қарсы бірнеше елді мекендерде наразылық қозғалыстары болды. (ҚСЭ, 12-том. 1978. 554-бет) Соның ішінде ауқымдысы Асы елдімекен тұрғындары жаппай қарсылық көрсетті. Ол қазіргі Жамбыл (Асы ауылы), Алматы (Асы жайлауы) аймағы Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Шелек қаласындағы Асы-саға ауылы, Асы өзені бойы Іле Алатауындағы Асы-Түрген жотасына Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясы Астрофизика институтының обсерваториясын орналастырған. Сондағы жер-су аты да «Асы» деп аталады.

Тарихтан белгілі «Асы көтерілісі» отарлық езгіге қарсы жергілікті халықтың 1916 жылы болған ұлт-азаттық көтерілісі Жетісуда болды. Оның соңы қарулы көтеріліске ұласып, «Ұлт-азаттық қозғалысы» сипатына ие болған. Бұл оқиға Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман» повесінде суреттелген. Кітапты Кеңес саясатына қарсы деп табылып 40 жыл қаңтарылып жатқанын көзі қарақты оқырмандар жақсы біледі.

Торғай қазақтарының көтерілісі боларда Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы ояздың помещикі Ткаченкоға: «- Тақсыр! Сендерге оқ атып, қылыш суырып бағынған жоқ едік қой, ата-бабамыз бағынғанда жер-суыңа, дініне тимейміз, солдат алмаймыз деген екен. Ол уәде қайда қалған? Патшаға осы уәдені ескертіп, арыз беруге жол бар ма?» (Дулатов Міржақып. Шығармалары – Алматы: «Ана тілі» 2010. 400 бет. 376-бет) – деп, өзіндей көріп, ағынан жарылған бабаларымызда; патша уәдесін бұзбайтын шығар деген ой болған.

Қазақтың өлген адамды еске алып, құрметтеу салты жыл-асын беру ғұрпы «отыз күн ойын, қырк күн тойын» болып, халқымыздың бар дәстүрі мен мәдениеті, әдеби мен өнері көрініс табады. «Әбілқайырдың Маңғыт әйелінен туған тұңғышы Шах-Будақ өткен жылы дүние салған. Хан осы сүйікті ұлының үш күннен кейін асын бермекші. Ас беру – жерлеу емес, Дәшті Қыпшақ елінің дәстүрі бойынша үлкен той. Асқа Дәшті Қыпшақ пен Мауреннахрдың игі жақсылары қатысады, сайысқа атақты батырлар түспек! Қыпшақтың от ауызды, орақ тісті, қарға бойлы Қазтуған жырау мен Арғынның ақсандық жүйрігі, сексеннен асып кеткен, Ақжол бидің

әкесі Қотан жырау айтысады. Төреші Үйсін Майқы бидің алтыншы буыны ұлы сыншы, халық ардагері, жүзден асып кеткен Асан Қайғының өзі келмекші» (Ілияс Есенберлин. Көшпенділер: Тарихи трилогия, - Алматы: Ілияс Есенберлин атындағы қор, 1999. – 584 бет. 33-бет) дегенінен көп нәрсе аңғарылып тұр. Әбілқайыр ханның дәуірі ХҮ ғасырдың 1-жартысы болса, қазақ хандығының ресми қалыптасу кезеңі одан әрі кетеді. Тағы да бір мысал, «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Бөжей асын академик жазушы Мұхтар Әуезов жеткізіп баяндайды. Құнанбайға жылдық ас берілгені туралы мәлімет келтірілмейді.

Бұл ислам шарифатында кездеспейді, сондықтан болар ас беру дінге қылау екенін Абай білген бе екен. Мұсылман дінін ұстанған көрші елдерде және арабтардың өздерінде де жылдық асы берілмейді, арабтардың салты бойынша қайтыс болған адамның соңынан үш күн ғана дұға оқып ескеріп отырады сосын ұмыт қадады, ал қазақтар бір жылға дейін ескерусіз қалдырмайды. Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мекемтас Мырзахметұлы: «Өлген адамды Жапондар зерттеп көрген; 7 күнде рухы айналып жүріп топыраққа бейімделе бастайды екен, 40 күнде ет пен сүйек арасы ажырай бастайды, ал бір жылда денедегі сүйек пен ет толық ажырап бітетін көрінеді. Мұны біздің халық ежелден-ақ білген, қазақ не деген ұлы халық!» деген болатын.

Ислам шарифатына қайшы келгенді «асы» дейтін болса біздің ас беруіміз Алла ережесіне қарсы әрекет болып шығады. Бұл қазақ халқының мұсылмандықты кенже қабылдауынан болар, көрнекті тұлғаға туыстары қайтыс болғанына жыл толғанына орай елді шақырып ас беру салты көнеден келе жатқан салт. Біз араб тілінен алынған деп отырған «асы» сөзі өзіміздің қазақ тілі сөздік қорында болуы да мүмкін ғой. Оны тіл зерттеуші ғалымдарының еншісіне қалдыра тұрайық. Исламнан алдын тіршілік ережелерін бұзған адамдар тәрбиесіздер қатарында саналған.

Нәпіл түгіл, намазы

Бәрі желге кетеді.

«Еннатыйна кәлкәусар»

Пошал дереу күнәкар,

Аяғын ойлап айтқаны,

«Әні – шаны құлаптар» («Абралыға») – деген Абай

өлең өрнегінде «Еннатыйна кәлкәусар» «Біз саған кәусар бұлақтың суын ішкізіп ізгілік тілеудеміз» деп ескертпе жасап отыр. Бұлар ислам қағидалары бойынша аса қауіпті қылмыскер ретінде күнәлі, күнәға бату, күнәлі болу, күнәкар, қателесу - мұндағы «күнәкәр» Ислам дінінде шарифат жолына қарсы әрекетте болған және Жаратқанға, қасиетті кітаптарға тіл тигізген адамдар күнәкәр яғни дін жолында қылмыс жасаушы айыпты болып саналады.

Бұл әрекеттер қай дін болсын барлығында қарсы келгендерді күнәкәр деп атаған. Ислам дінінде шірік (араб тілінен аударғанда «Аллаға серік қосушы») деп қарап, Алланы мойындамай яғни оған тең келетін

баска тылсым күштер бар дегендер кешірілмес күнәға тартылды, баска кез келген күнәлар кешірілуі мүмкін, бірақ ол кешірілмейді. Оның ішінде әр халықтың өзіндік әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге қайшы әрекеттер де енген. Мәселен Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Қодар мен Қамқа әрекеттері мен бата бұзғаны үшін немересі Әмірді Құнанбайдың буындыруы.

Ислам дініне қарсы болу «Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген нысап, құры өзімшілдік һәрбір өзімшілдік - әрбір адамды бұзатын фиғыл. Растың бір аты – хақ, хақтың бір аты – алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып ғадаләтпен тәптештеуге керек. Мұндай фиғылдардан күпір хаупі де бар» (38-қара сөз) – деген Абай көп күнәнің басын ашып айтады да «...қазір нысапқа қайтсын һәм гһибраттанасын» күпір (кәпір) болмасын жақсыдан үлгі алсын деп отыр.

Ислам дінінде күнәкарларді ішкі көкірек сезім пиғылына қарай төртке бөледі екен. 1-Алланың барлығына сенбейді немесе баска діндегілерді арабтар «кәфирун», қазақтар «кәуір», «кәпір» яғни имансыздар, мұсылман емес дегенге келеді. «Мен жасымнан көп көрдім, Мұсылманды, кәпірді» (Абай) дейтіні де содан.

2-Алланы мойындайды бірақ, сөзі мен ісі теріс. «Біз періштелерге: «Адамға тағзым қылындар» - деуімізбен олар сәждеге барды. Ібіліс дандайсып, намыс қылып кәпірлерден болды» (Бақара сүресі (2), 34-аят)

Ақылы жоқ, қайғы жоқ онда.

Ісі жоқ теріс пе, оң ба? («Біреуден біреу артылса»).

3-Алла бар деп сөзімен растағанмен ісінде растамайды. «...мүслім болғанда, алла тағалаға тәслім болып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы?» - деп келеді де: «өзінді оның құлы біліп, өзіңе мүслім ат қойып, тәслім болғаныңы раст болсын да.» (38-қара сөз) – деген Абай имандылыққа шақырып тұр.

4-Аллаға шын мәнінде сенбейді, бірақ тілмен, сөзбен сенген болып көрсетеді. Оны Абай:

Өзінді сенгіштікпен әуре етпе,

Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.

Жұртпен бірге өзінді қоса алдасып,

Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе? - («Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап») деп түйреп өтетіні бар.

Жоғарыда көрсеткен сөздікте «асы» сөзінің сөз зергерлерінің шығармашылықтарында дыбыстық өзгеріске түскеніндігін байқау қиын емес, енді соны оқып көрсек: «Ғасы.Тоздырған бірер жейде бұрын туып, Мен едім жасым үлкен отағасы. Арғынның баласынан үлкенімін деп, Боларсың, Шеген інім алла ғасы (Қалмағамбет). «Тәңірі әмірін тұтса да ғасы, тұтпаса да ғасы», - деп, аңдатқан ол барша құлға (Тұрмағанбет).

Ғаси. Ол аузыма үнілді, Сұм дүние сөз қуар, Жұлды ғаси тілімді (І.Жансүгіров).

Асылық. Мін ұрлама дос-жолдастан жасырып, Ер жігітке жарамайды асылық («Х. Ө»). Көңіліңе келді кірбің: өзің таза... Жолықтың соның үшін мұндай хәлге, Қол үзіп шапқат етер шарапаттан... Ондайша асылық іс ойладың, - деп, Жөн емес, жұртты бекер жабырқатқан (Таубайдың Жүсібі).

Ғасылық. – 1) діни. Күнәкарлық; 2) астамдық, менмендік, кесірлік. «Ғасылық сөз айтты» деп Тұрмағамбетті діншіл қауым айыптады («Қ. Ө. Т»).

Қасылық. Жаман мінездер: өтірікшілік, опасыздық, мұның арғы жағында мақтаншақтық, тәкаппарлық, қасылық, зорлық, арамдық, одан да жаман жиіркенішті мінездер жатады (Шарапат)» - деп, асы сөзінің бірнеше түрін берген. Дауысты дыбыстан басталатын араб-парсы сөздердің алдына көбінше «ғ» дыбысын қойып айтылатыны белгілі. Мәселен, Абай пайдаланған сөздерді ғана көрсеттік; Ғабдірахман, ғадалат (әділет), ғибадат (ибадат) Ғайса (Иса, АЙса), ғалам (әлем) тағы басқа.

Қорыта келе айтпағымыз, сөздік қорда көп кездеспей, айналымда жүрмесе де діни тәрбиеге өте үлкен әсер ете алатын «асы» сөзі көне жәдігерлерімізде кездесе беретін болып шықты. Бұл сөз келер ұрпаққа ақиқатты танып «Аллаға асы» болма Абай айтқан Алланың сегіз сипатын толық білуге үндейтін асыл сөз деп қарауымызға болады.

* * *

Енді Абайдың «**тақлидиі**» мен «**якиниіне**» келер болсақ, Құран мен Мұхаммед (с.а у..) пайғамбарымыздың хадистерін араб-парсыда оқығандықтан исламның факих ғылымына жетік емес жай оқырманға тосын көрінуі жасырын емес.

Иман – Тахлиди иман және Тахқиқи иман (акини немесе якини) деп екіге бөлініп айтылады, оның екіншісін Абай «якини» деп қолданған. Мұны анық түсіну үшін Абайдың иман туралы молдалармен айтысын Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында: «- Екі түрлі иман бар еді – якини иман, тақлиди иман. Якини иманы бар деуге сіздерде ғылым жоқ – деген Абай, молдалардың беріктігі мен сенімі жаттанды екенін беттеріне баса айта келіп - Тақлиди иманы бар деуге әуелі өздеріңізде беріктік жоқ» (4-кітап, – Алматы: Жазушы, 2002. 122-бет) – деп, Абайдың аузына сөз салған академик жазушы ислами иманның иһсанындағы ақиқатты басын ашып айтады. Бұл көркем әдебиет десек те шынайы шындық жатыр. Қасиетті Құранды оқып түсінуде жамағат екіге бөлінген; бірі ішкі сырына қанық болмай сырттай ат үсті үстірт оқу, ол санасында беріктік болмауы десе; екінші Құранды оқу барысында ішкі сырына мән беріп әр сөзін терең түсіну, оған адамның өз бойында ғылымға деген икемділігі табиғатынан қалыптасқан болу керек немесе «...ниет халис бірлән ізденсең ғана берілетін нәрселер» - деген Абай, 38-қара сөзінде ғылымға барар жолды айқындап береді.

«Таклиди» деген арабтың «ат-Таклид» - «ұқсау», «ұқсату», «жолын куу», «еліктеу», «қайталау», «басқадан естіп мақұлдау», «біреуге еріп иман келтіру» деген ұғымдарға туры келеді. (Арабтың «такрор» - «қайталау» деген сөзінен алынған болса керек). Әркімнің өмір сүріп отырған қоршаған ортадағы беделді тұлғалар әсер етуі мүмкін және оның іс-қимылдарын қайталап ұқсауға тырысушылық. Оны ақылға салып біреуге еріп иман келтірсе, бұл қазақтың «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген мақалын еске түсіреді. Абайдың:

Болмасан да ұқсап бак,

Бір ғалымды көрсеңіз, – дегені толық сенімділікпен аяқ басып тұрғанын көре аламыз. Исламда адамдардың өсу жолын толық білу және оны мойындап оған еліктеу ислам дінінде XI-XII ғасырлардан кейін руханиларға діни тұрғыдан тұрақты пікір жүргізуге тыйым салынған. Тек алдыңғы түсінік иелеріне еру, солардың пікірімен жүру негізделген болатын. «Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де соған айнып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман таклиди дейміз» (13 сөз) Басқаның жолын куу арқылы өз пікірін негіздеу; басқалардың пікірлерін өзінің сарабынан өткізіп дұрысын таңдай білуі; өзінен алдыңғылардың айтқанын толық меңгеріп, өз жанынан ештеңе қоспай «Егер кісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады» (15-қара сөз) Бұл исламда құранды мағынасыз жаттаумен шектеліп хафиздерге еліктеуді танытатын түрі болып саналады. Осы ұстаным Абайдың 13, 38-қара сөздерінде діни тұрғыдан қарастырады.

«Таклид» сенімінде руханиларға еріп иман келтіруге дейін адам баласы жастық шағында үлкендерге ұқсауға тырысады, соның сөзін немесе іс әрекетін қайталауға яғни еліктеуге бейім тұратыны психология ғылымында зерттелген. Адам баласы өсе келе жас ерекшеліктеріне қарай өспірімдердің өтпелі кезеңінде ортаның әсерінен қатты ауытқулар болуына сақ болуды шығыстық ислами тәрбие арқылы ескертеді. Осы орайда әдебиеттегі көркем бейнелерге еліктеу басым сипат алады. Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітап оқыту көп пайдалы іс екендігі дәлелденген. Жаттанды білім, ғылыми негізі жоқ әуестік үшін жасалған қайталауларға еліктетуден аулақ болу, кез келген нәрсенің ғылыми негізін ашып көріп білмесе алған білім тұғырлы болмайтындығы «Иман сақтауға қорқпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен. Яхини иманы бар деуге ғылымы жоқ, таклиди иманы бар деуге беріктігі жоқ,» (13-қара сөз) мұндай жағдайда адам алмағайып өзгерістікке бейім тұрады. Өйткені Абай айтқандай бойында ғылымы, көкірегінде беріктік жоқ., бұлар әр адамның арбауына түсіп дүниеге көзқарасы мен білім деңгейінің қалыптасуы өз талғам таразысынан өтуі керек қой деп ойлаймыз.

«Тахқиқ» - араб тілінен аударғанда «тексеру», «шын», «рас» «анықтау», «ақиқат». Естіген, көрген нәрселерді көкірекке тоқу арқылы білу керек. Оларды бір-бірінен ерекшеленіп тұрған сапасын салыстырмалы

жағдайда анықтап ақиқатын білу және оны ғылыми негізде дәлелдеп тексеріп барып растығына көз жеткізу керек.

«Әуелі не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел-сипат қыларға жараса, мұны якини иман десек керек» (13 сөз) деген ұлы Абай Бұл адам баласына яғни ойлы адамға қыруар шаруа, оған көп оқып көкірекке түюді және ой сарабынан өткізе білуді талап етеді. Оған қорытынды пікір айта білуі мен өзіндік ұстанымы болу керек, ол үшін көп білуді талап етеді.

Бүгінгі қоғамда сырттан келген тылсым күштер діни сауаты төмендерді түрлі діни бағыттар өзіне тартып, олар кездескен уағызды ой елегінен өткізу қабілетінің жоқтығы көлдің қай жері тұңғыық, қай жері тайыз білмейтіндерді оңай олжалайды. Тұла бойында ғылыми ұстанымы жоқтарды «Абай және де ойлана отырып, бұл жолдың үгітшісі жалғыз ишан, молда, халфелер емес екенін еске алды» (Абай жолы: Роман-эпопея. Төртінші кітап.-Алматы: Жазушы, 2002. 125-бет) – деген жазушы Абай арқылы бүгінгі ретсіз діни ағымдардың көбейетінін білген бе деп ойлайсың.

Якини иман жолында Алланың барлығына ақылмен бара білу және оған сенімді жетілдіру керектігін нұсқайды.

* * *

Абайдың айтатын «Тәфаккару» - арабтың сөзінен алынып, «ой», «ойлау», «ойлану», «толғану», «ойға шому», «ойлы», деген мағынаны білдіреді.

Біз мұнда қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың адам миында бейнеленуін Абайдың айтқанындай «тәфаккару» деп пайдаланамыз. Тәфаккару – адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүретін ақиқаттың адам ойында жаңғыруы. «Олар тұрғанда да, отырғанда да, жатқанда да Аллаһты еске алады...» (Әли-имран сүресі (3) 191-аят) «...ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртәбада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләззаттанады» деген Абай Құранмен жете таныс екенін байқау қиын емес.

Терең ой адамның ақылын толықтырып ілімін молайтады, ол адам жамандыққа бармай жақсылық жағына икемді болуын адамдардың рухани жетілуін қасиетті Кітапта «Алла Өзі қалағандарды Тура Жолға жетелейді» (Бақара сүресі (2) 213-аят) айтқандай, ізгілік жолына түсу үшін де ойлылық керек екен, оны Абай: «Алла табарақа уатағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? – деп өзі сұрақ қойып, өзі жауап береді. - Оны көбі білмейді. «Тәфаккару фиәла иллаһи деген хадис шарифтің «инналлаһу йухиббул мақситин» деген аяғтарға ешкімнің ықыласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргеніміз жоқ» (38-қара сөз) Жаратқанның бергеніне ой жібер, пайғамбардың айтқанын орында деп, әділет жолына нұсқайды.

Ойлана білу адамның ғылымға деген құлшынысын арттырады, ізгілікке үндейді:

Талап, еңбек, терен ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –

Бес асыл іс, көнсеніз. - дегендегі бес асыл істің бірі «терең ой» арқылы жастардың алдына міндеттер қойып оны уағыздау мақсатында айтып отыр. Тарихта ізі қалған білгір даналарды ойшылдар дейтініміз де сондықтан. Адам ақылындағы іс-әрекеттің көрінісіндегі сезім мүшелері; түйсік, қабылдау ойлау, қиялдау, елестеу арқылы тікелей ми арқылы сырттан келген ақпараттарды өндейді ақиқатын саналы түрде бейнелейді. Тәфакқару ойлау мүмкіндіктерін салыстыра келіп және оған қорытынды жасап, нақтылау барысында, ойдың жемісін сөз арқылы баяндайды. «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім» (1-қара сөз) – деген Абай сөзге басымдылық береді. Сөз ойдың жарыққа шығу тетігі. Адамзат өзінен бұрынғы басып өткен ізі сөз арқылы бүгінге жетіп отыр.

Сөзіне қарап кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма. – деген Абайдың ғибратқа

айналған сөзі

қоғамның өзгерісіне қарай өмірді жақсартуға терең толғаныстың септігі тиеді. Сөз атасы – сәлем, анасы – бата болса, ежелден халық арасында әсіресе қазақтар арасында сөзге тоқтау иман тұрғысында айтылып келген.

Тәфакқару кезектегі қоғамдық-тарихи даму барысында өмірге келеді, бұл пікірлер адам түйсігінде талқыланып анықтаушы түсініктерге ие болады, оны ұлы Абай:

Көкірегінде оты бар ойлы адамға

Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын – деп, пікір, талдау, қорытындысы жүзеге шығады. Пікірлеу ой қорытындылары сөз арқылы жарияланады. Сөз бен ойлаудың ара қатысын: «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады» (37-қара сөз) деген Абай, өз суреті тасада қалып, сөз суретімен жаңғыртады. Адамдар бірінің білмегенін екіншісі біліп, ақыл-ойының дамуына әсер етеді. «Құдайтағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп тәфакқару фи әла иллаһи деген хадиске бинән бұл сұңғати құдадан ізерлеп, құмар болып ғибратланушыларға тыю жок» (38-қара сөз) деген болатын. Мұнда жаратылысқа ой көзімен қарап, Тәңірдің болмысты жаратудағы шеберлігіне таң қалмасқа амалыңыз қалмайды.

Тәфакқару ұғымын ғылым ретінде зерттеле бастауы XIX ғасырда кең тарала бастаған. Ол ұзақ уақыт жай ғана ойлау мен адам санасында болатын және бола беретін ілім деп түсіндіріліп келді. Адам баласы ежелден дүниенің заңдылықтарын тануға бейім тұратыны белгілі.

Болашағына ой көзбен қарап, алдына мақсаттар қойып, жету жолдарын қарастырды.

Ойға түстім, толғандым,

Өз мінімді қолға алдым.

Мінезіме көз салдым,

Тексеруге ойландым. – деп өзін-өзі таныу ойлана білуімен байланысты екен. Ойлау нақтылықтан терең ойға бару адам баласының дүниетанымын дамытады, сондықтан да шынайы сенім болжамды жоққа шығарып ақиқатқа жақындайды дүниетанымы молаяды осылай терең ойға бару тәфаккару болса ол исламда Иман деп атайды. Жаратушының өз суретін ойға алмау пенденің ісі, өйткені, Оны ойлағаныңмен оны өзің көрген бейнемен салыстыруға болмайтынын ұлы Абай 38-қара сөзінде: «Құдайтағаланың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз. ...пендесін махаббат уа мархамат бірлән жаратқанын біліп, махаббатына махаббат бірлән ғана елжіремекті құдайға ғашық болды дейміз» дейді ақын.

Әлемді танудың екі негізі: алғашқысы іштей түйсіну деп білетін, жеке айғақтарды ашып зерттегенде қорытынды пікірді пайымдау қоғамдық пәндер және олардың өзара байланысы мен даму заңдылықтары арқылы ішкі дүниесін танып білу сезімнің қабылдауы ес, жад, түсіну тәфаккарудің міндеті, олардың ерекшелігін ажырата білуден тұрады. Екінші, қоршаған ортанының көзге көрінген жаратылыстану яғни табиғаттағы көріп ойлауды сезімдік қабылдаулардан бөлек қарап, ойлану арқылы танып-білудің ақиқатқа айналуын айтады.

Қорыта келе, Абайдың айтуынша білудің бірден-бір төте жолы тәфаккару деп қарастырады. Тәфаккару жайлы бұндай табиғи көзқарастар адам баласының ақылмен өзін-өзі тану жолында тереңдікке баруға ұйғарады.

Аспаса ақыл қайраттан,

Тереңге бармас, үстірттер. - дейтіні де сондықтан

болар.

* * *

Ұлы Абай «**Батини**» мен «**Заһири**» ұғымдарын өзінің 38-қара сөзінде: «Сіздің батиниыңыз таза болмағы ол иман болып, бұл заһир ғибадатыңыз иманды болған соң ғана парыз болған, сіздің заһириыңыздағы ғибадат – батиниыңыздағы иманның көлеңкесі, һәм сол иманның нұрланып тұрмағына көрік үшін бұйырылған» дейді де: «Бұл көзге көрілген, көңілге сезілген» деп айқынырақ түсідіріп өтетіні бар. Қасиетті Құранның сүрелері мен аяттарын және Пайғамбардың (с.а.у.) хадистерін түсіндіру жолында ұстанған бағыттардың ішкі және сыртқы сырларын YII ғасырдың 2-

жартысынан қасиетті Құран мен хадистерді түсіну барысында әртүрлі пікірлер пайда болды. Ой таным қарама-қайшылықтары тіпті Құран сүрелеріне қайшы келген тұстары да кездесе бастады. Діни қоғамдық бірлестіктер өз пікірлерін дәлелдеуде өздерінше хадистер тоқып алғандар да кездесті. ІХ ғасырларға келіп олар дін, құлық, заңдылығына айналанып бір жүйеге түсе бастады

Арабтың әл-Батиниа – сөзі «ішкі», «көзге көрінбейтін», «жасырын» оларға ішкі бес сезім; түйсік, түсінік, пікір, қабылдау, ұғу - деген мағыналарды қамтиды. Адам мен жануарлардың ағзаларында ішкі құрылымындағы сезгіштік мидың сезімталдығы арқылы қабылданып ой елегінен өткізген танымдарын Абай «батин» деп қолданады. Абайдың «Хауаси хамса» (27-қара сөз) («адамның бес сипаты») дейтіні де содан.

Батин - ҮІІІ ғасырда дүниеге келген Ислам идеологиясындағы «ішкі» «құпия», «жасырын» деген діни философиялық ағымдардың бірі. Кейбір жерлерде араб халифалығы сопылыққа қарсы күресте идеялық қару ретінде пайдаланған. Исламды ұстанушылардың бірқатарлары сопылыққа қарсы болды деген пікірді жан-жақты қарастыруға болады. Сопылықтың пайғамбардан бұрын дүниеге келіп, оның түп негізі құранда жатты. Сопы сөзінің шығу тегіне қарар болсақ «соф» «алтын» деген сөз тіркесіні «таза», «мөлдір» деген ұғыммен сай келеді. Абайдың «Сіздің батиниыыз таза болмағы ол иман...» деген сөзі «Иманның тұрағы -жүрек» болса, Құранды іштей түсініп ғибрат алу батинидегі іштегі бес нышаны хақиқаттан тұрса керек-ті.

Бұл ағымды қолдаушылар Құран аяттары мен Мұхаммед (с.а..у.) хадистерін захири (сыртқы) және сөзбе сөз талдауға қарсы шығып, Құран аяттарының және хадистердің ішкі мәнін ашу керек деген ұстанымды осы батинилер қолдады. Олардың яғни захирилдердің айтуынша, сүре мен аят және хадистердің захири мағыналарын емес, жасырын астыртын ішкі мазмұндарын ашып түсіну шарт емес дейді. Бұл сеніммен ислам шарифатына қарсы шыққан болады. «Егер надандар ол ғибадаттың ішкі сырын ескермей қалса, ...иманы сөнер деген» - деп Құранның ішкі сырына үңіле жүріп оның ғибадатынан үнемі нәр алып жүруді көрсетсе керек (38-қара сөз) Мүмкін шарифат шарты бойынша аят, хадис және басқа барша дәлелдер, олар қай тілде болса да, захири, сөзбе сөз араб тілінен қалыптасқан терминдік мағыналарға негізделген. Кейбір дерексіз ұғымды тұспалдау, астарлы мағыналы сөз, қосымша мағына беретін ауыспалы мағыналы сөздер. Исламда батиннің шарифатқа қайшы деп табылып дінсіздер қатарында саналып қуғындалған.

ІХ ғасырларда захири (сыртқы) – ашық және батини (ішкі) - жасырын болып екіге бөлінді. Онда 7 түрлі таралымды деңгейлеп ажыратады, олар: Жаратушы, тұтас ақыл, мәңгілік жан, болмыс, кеністік, уақыт және кәмілли инсан яғни пайғамбар. Осы соңғы кәмәләтқа жеткен адам «әл-инсан әл-кәміл» бола алады. Батини жақтастары Құран аяттарының ішкі мағыналарын ашып түсіндіруді қолдаушылыр. Ұлы

Абайдың захири (сыртқы) бес сезімнен гөрі ішкі (батини) бес сезімге снім артатынын «Өзгеге, көңлім, тоярысың» өлеңінде анық байқалады:

Не пайда бар – мың надан
Сыртын естіп тандансын.
Онан-дағы бір есті
Ішкі сырын аңғарсын.

Жоғарыдағы жеті түрлі таралымды адам баласына сәуле шашушы межелер деп қарастырады. Жаратушы ілімін адамдарға жеткізіп беруші, Құран сөздерінің астыртын мағыналарын ашып түсіндіріп беретін батини болатын. Батини мазхабын қолдаушылар диқандар мен қаладағы орта танаптылар, бұл ағым VIII-IX ғасырларда исламға қарсы күштер көбейген кезде оларға қарсы тұруымен ерекшеленді.

Аз-Захирииа – заһириттер. Құранның «сыртқы» мәніне жүгініп, оның терең ішкі сырларына мән бермейтіндерді заһириттер деп атаған. Ол Құрандағы сүрелер мен аяттарды «сыртқы» пішініне қарай ойды көркем бейне арқылы тұспалдап, батиниін (ішкі) жоққа шығаратын алғашқы факих яғни діншіл құқық заңгерлер өздерін Құран сөзінің білгірлері санаған. Олар VII ғасырдың 2-жартысында Иракта пайда болды. Олардың пайымдауынша Ислам дінін ұстаушылардың өмір сүру тек Құран сүрелері мен Пайғамбардың (с.а.у.) сүннесіне сүйенулері қажет.

Арабтардың аз-Захирииа сөзінен алынып «сыртқы», «жария», «ашық-айқын», «анық» дегенді білдіреді. Қазақ елінің Ата Заңының (Конституция) алғашқы сөз тіркесі «зайырлы» (1-бабы 1-тарау) деген сөзден басталады. Қазақтың сөздік қорындағы «зайыр» (ашық, айқын, анық) сөзі арабтың захири сөзімен мәндес болуы мүмкін, өйткені, мемлекет пен дін бөлек бір-бірінің ішкі мәселесіне араласпайды тек мемлекет сыртынан ғана бақылау жүргізеді.

Сонымен қатар Абай айтатын сыртқы бес сезім (иіс, дәм, көру, есіту, денемен сезіну) оны «заһир» деп атаған. Құранның ішкі мәнін түсіндіруге бармайтындар заһириттер Құран негіздерін түсінуді ниет еткен батиниға яғни терең түсінуге қарсы болғандар заһири деген жалпы ұғыммен бөлініп шыққандар. Ұлы ақын күнделікті тұрмысқа қажетті заттай байлықтан рухани байлықты жоғары қоятыны әр еңбектерінен тіпті аудармаларының өзінен байқау қиын емес. Абай ішкі рухани күйзелісін «Ішім өлген, Сыртым сау» деп бүгінгі күннің сыртқы әшекейлі алдамшы бұдырын көріп «Ойлай берсең, у екен» деп, соңында «Мен ішпеген у бар ма?» дейтіні де содан болса керек-ті.

Заһирдің негізін салған Дәуіт ибн Әли әл-Исфәһани аз-Заһири (883 жылы қайтыс болған) ол Құран мен сүннетті түсіну жолын іздестірген алғашқы діни құқық заң мектебін ашқан. Оны қолдаушылар Құран мәтінінің (батини) «ішкі» мағынасына терең бармай, оны әркім өз бетінше көркемдеп тұспалдауға болмайды деп түйгендер. Ол Алла тағаланың сөзі Құран арқылы жетіп отыр, сондықтан талқылауға болмайды, оны

заһирлер құқықтық тұрмысты мантық (сөз) арқылы сөз еркіндігі мен ойлау, қалағанынша тілге ерік беруге қарсы еді.

Заһир мазһабы Х-ХІІІ ғасырларда мұсылмандар арасында кеңінен тарқалды. Әйгілі Ибн Хазм Әбу Мұхаммед Әли ибн Ахмед (994-1064) – жазушы, дін танушы, заһириттік құқық мектебінің көрнекті өкілі. Заһириттер дәстүрін ұстанған ол Құран сөздерін сол қалпында түсініп, орындауды талап етті. Құқықтанудың еркіндік, ойлау тәсіл сияқты түрлерін жоққа шығарады. Адамзаттың тіршілігі тек Аллаһтың әмірімен болатынын Абай өзінің 27-қара сөзінде «Адамды жаратушы хауаси хамса заһри» деп, адам баласының сыртқы бес («хамса»), сезім («хауас») заһримен толықтырып тұр және олардың (бес мүшенін) қызметі туралы «Әуелі көзді көрсін деп, ашып, жауып тұрсын деп қабақты, желден, ұшқыннан қаға берсін деп кірпікті, маңдай теріні көзден қағып тұрсын деп қасты беріпті» - деп, бір ғана көзді сақтау үшін бірнеше қорғаушыларды қоса жаратқанын «заһир» деп атайды, сондай-ақ, құлақ, мұрын, таңдай мен тіл және денемен сезінудің жан иесіне қандай қызметі бар екенін Сократ хакіммен болған әңгімесінде өрбітеді (27-қара сөз)

Қорыта келе заһир сөзін Абайдың қолданысында үш түрлі қолданылған 1-«заһри» араб тіліндегі «зуһур» - пайда болу, жаратылу, шыққан тегі Жаратқанның қолындағы мүмкіндік. 2-«заһир» - ашық-айқын сыртқы көрініс, шүбәсіз. 3- «заһри» қамқоршы, қорған, сүйеу, көмекші дейтін түрлі мағыналарда қолданатынын байқаймыз. Бұған арнайы зерттеу жүргізу қажет.

* * *

Ежелгі қазақ күнтізбесінде қолданылып келген Абай айтқан «...бес күннің орны жоқ...» ол жылдық күн санағынан алынатын - бес күн. 30 күндік 12 айдан тұратын қазақ күнтізбесінде 365-366 күн болады, одан 5 күн кібісе (толық жыл) деп аталатын 6 күн, әр төрт жылда бір қайталанады «Бес бересі, алты аласы» деген сөз осыдан қалса керек. оны қазақ халқы «бес қонақ» деп атаған. Қалай болғанда да көкектің (арабша сәуір) осы бастапқы екі он күндігінің ішінде бесқонақ ырымдауға тиіс. Ауа райы бұзылып, қарлы жаңбыр не бірыңғай жауын жауып, аяқ астынан күн суытып, қыс қайта оралғандай болатын кездері де болады. Осыны білетін қазақ бұл шақты «отамалы» деп атаған, отамалыға әр кез сақ отырады. Жеңіл-желпі киініп алыс сапарға, жолға шықпайды, малды тым ұзатып өрістетіп жаймайды. Қыс мезгілінің ең соңғы зәрі, жылдың төртінші айы көкек айының боранды қолайсыз кезі, ол 11 көкекте кіріп, 17 көкекте шығады. Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының 1-кітабында жас Абайға әжесі «бесқонақ» бес алты күн әрі-бері ауытқуы мүмкін екенін ескертеді. «Сәуір болмай тәуір болмайды», «Бес қонақ келмей, жаз болмас» деген қанатты сөздер содан қалған болса керек.

Алдағы жаздың қалай өтуі «отамалы» күндері ауа райының күрт бұзылуын іштей тілейді, өйткені, кей жылдары бес қонақ тыныш өтсе, «бес қонақ биыл ырымдамады, жаз қалай болар екен» деп алаңдаған. Жаз жауын-шашынсыз өтіп, жердің оты, астықтың шығымы бәсең болып жататын болған. Демек, «бес қонақ» – ауа райының қас-қабағын баққан қазақтың өмірден түйген сабағы. «Бес қонақ» қазақ күнтізбесінің табиғатпен үндестігін нақтылай түсетін құбылыс екені, ешбір жылдық күнтізбеге кірмейтін бес күн, ол уақыт тарапынан «бес қонақ» күнтізбедегі 365 күн болғанмен, оның бесеуі жылдың төрт маусымына кірмеген, яғни жылдың «қонағы» есептелген.

«Бес күн» ұғымы, әлемдегі күнтізбелік қолданыста болған Күн, Ай, Иезидгерд, Юлиан, Мысыр, Григориан күнтізбелерінде кездеседі. Қазақ халқының қонақты ерекше құрмет тұтуына байланысты жыл аралығындағы бес күнді «бес қонақ» деп атаған. Ұлы Абай 34-қара сөзінде: «Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің...» деп, адам баласы бұл фәни мәңгілік емес екенін ұғыну ғұмырдың қысқалығын «бес күндік» өмірде бір-бірімен сыйластық керек-ақ. Халық педагогы Ыбырай Алтынсарин де тәрбие беруден мүлт кетпегендігін көруге болады:

Бәріміз бір адамның баласымыз,
Жігіттер бір-біріңе қарасыңыз.
Өмір деген бес күндік кетер өтіп,
Атаң барған орынға барасыңыз. – деп бақилықты

ескертеді.

Қияметті қолдан жасау адамдықтың ақыры дозаққа айналдырған бұл өмірді «оның несі адам?» деген ұлы Абай өзінің «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма» - деп басталатын өлеңінде:

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма,
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,
Желікпен жерге тықпас кісің бар ма?

Демі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды ку өмірдің.

Татуды араз, жақынды жат қыларға. - деген Абай, күнтізбедегі «бес күнді» ерекше атап өтетіні бар. «Бес күннің орны жоқ» деп астын сыза айтқан ақын сөзіне мән беру керек сияқты. Халық айтатын «Бес күндік жалған дүние» деген орамды сөзі ой түбінен қозғау салар сөзге айланып кетті.

Қазақ өзінің төл күнтізбесі табиғат мезгілдерімен тікелей байланысты. Өйткені, жер бетінде табиғатпен қоян-қолтық араласып өмір сүретін бірден-бір ел қазақтар екені даусыз. Мәселен, жайлауға қай кезде көшу, қыстауға қай мерзімде қайту, малды күйекке алу уақыты өз

мезгілінде үлкен мән жатады. Күйек дер кезінде алынбай, ерте алып қойса төл күннің суығына түсіп шығын болады, ал, күйек кеш алынса саулықтардың күйі өтіп қысыр қалады. Егін егуде де табиғаттың жыл мезгілімен санаспаса өнім өнімділігі аз түседі, әсіресе тары, қонақ сынды майда дақылдар жаз айында піскен кезін құстардың көбін құрайтын торғайлардың жұмыртқа басу уақытына дәлме-дәл келтірген.

Бес – есептік сан есімнің әлемдік мәнге ие болып киелі сөзге айланып кетуі, қадымдағы Авестада айтылып, қасиетті Құран беттерінде тұруы да көп нәрсені аңғартса керек. Оқушыны бағалаудағы ең жоғарғы білім деңгейі, мұсылмандықтың бес парызынан алынған, тәуліктегі бес уақыт намаз осы санды құрайды. Анықтықты белгілейтін «бесенеден белгілі», «бес саусағындай» тағы да басқа тұрақты сөз тіркестеріне айналған мысалдарды көп келтіруге болар еді.

Әлемдік Шығыс шайырлары Деһлауи, Низами, Жәми, Науаи дүниеге алып келген бес кітаптан тұратын эпикалық дастандар - «Хамса» («Бестік»)деп аталуы. Көне үндінің мысал-ертегілер жинағы «Панчатантра» санскрит тілінен қазақшалағанда «Бес хикмет» деген ұғымды береді. Бұл «Панча Шила» («Бес ұстаным») адамзаттың бейбіт қатар өмір сүруінің бес ұстанымы негізінде жазылған ереже-нұсқаулар. III-IV ғасырларда пайда болған хайуанаттар жайындағы 5 бөлімнен тұратын бұл әлемдік шығарма ежелгі үнді елінің өмірінен суреттелген. Мұнда кейіпкерлер арқылы адам типтерін хайуанаттар әрекетімен тұспалдап суреттеп қоғамдық келеңсіздікті баяндайды. «Панчатантра» паһлауи (ескі парсы) тіліне «Калила мен Димна» атымен аударылып әлем әдебиетіне араб тілі арқылы таныс болды.

Әлішер Науаидың Орталық Азия және Шығыс халықтарының күнтізбелермен таныс болғандығы, сонымен қатар, өзінен алдыңғы даналардың зерттеу еңбектерінен «бес күн» туралы оқығандығы байқалады.

Ғажайып ғимаратта елді қонақ еттік,

Ол үй іші бес күн қонақ, бес емес, – деген өзбек шайыры Шығыс жұлдыздарының бірі Науаи «бес күн» және «бес емес» деп әдебиеттану ғылымының сөз құбылту өнерін пайдаланған. Онда, «бес күн» сөз тіркесі үй ішіндегі адамдарға айтылып тұр, екінші «бес емес» дегені алдыңғы айтылған «бес күнді» яғни адамдар емес, әр төрт жыл соңындағы артылатын бес күн халықтың кие тұтқан «бес күн» қонақ екенін айтып отыр. Бұл әдеби көркем тәсіл арқылы ұлы шайыр оқушысын әлемнің тылсым күшін біліп, терең ойлауға үндейді.

Бұл «бес күн» ұғымы Науаидан бұрын айтылған. Парсының көрнекті ақыны Қожа Хафез Шерази (1325-1389).

Мен келемін гүл бақшаның пердесін аш,

Наурыз әмірінің иесі бес күннен артық емес. – дегені, «Наурыз әмірі», «бес күн» ұғымынан «артық емес» екендігін халықтық әдет-ғұрыптан іздеуді нұсқап тұр. Бұл туралы Шығыс ғұлама

ойшылы Әбу Райхан Беруни (973-1048) «Ат-Тафхим» атты еңбегінде «Ертеде бабаларымыз бір жылды он екі отыз күндік айға (барлығы үш жүз алпыс күн) есептеп, қалған қалдық бес күнді Наурызда яғни жыл басында мерекелеген. Бұл бес күн жыл есебіне кірмеген» - деп көрсетіп келеді де өзінің «Ежелгі халықтардың жәдігерлері» атты белгілі еңбегінде Беруни: «...жыл басы алтыға бөлініп тойланған; алғашқы бес күн патшалар, екінші бес күн ел қорғаушылар, үшінші бес күн ғұламалар, төртінші бес күн қызметшілер, бесінші бес күн барша бұқара халық, алтыншы бес күн өнер иелері мен шаруалар тойлаған» деп көрсетеді.

Түркі әулетінің сұлтаны Ғазнауи дәуірінде өмір сүрген көрнекті парсы тарихшысы Гардизи Әбу Сайд Абдулқайдың «Зайн ал-ахбор» (1050) («Хабар көркемдігі») еңбегінде жыл есебінен артылған осы бес күн ішінде сарай қызметшілерінің бірі патша киімін киіп, наурыз әмірімен бүкіл қала ішіндегі дүкендер азық-түлікті тегін тарқататын болған дейді. Адам баласының бұл жарық дүниедегі өмірін жыл санағына кіргізбеген бес күннің иесі Наурыз мейрамымен байланыстырғандығы байқалады. Сондықтан да осы күндер тіршілікте ерекше күн болып саналған.

Иран қаламгері Қожа Абдоллах Ансаридің (1006-1088) «Иллоһинома» еңбегінде «бес күнді» ерекше дәріптейді. Бірінші күн - өткен күн яғни жоғалған уақыт, енді ол қайтып келмейді. Өкінгенмен пайда жоқ. Өткенге салауат. «Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір» (Абай) дегенге саяды. Екінші күн – бүгінгі күні әрбір адам өткеннен сабақ алу керектігі, өзі үшін өмірінің соңын ойлап, нәпсісін тыйып, мінезін түзеу ләзім. Пайдалы жұмыспен айланысу, артына із қалдыру. Оған ұлы Абай: «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса, жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал» деген болатын. Үшінші күн – ертеңгі күн, бұл күн әлі саған нәсіп ете ме жоқ па, оны Алла тағала біледі, дей келе: «Ей, адамдар, ертеңгі күнге сенім жоқ, ертеңге уәде берме, өйткені ертеңгі күн сенің еншінде емес, алдында не боларын білмейсің, бүгінгі бітер істі ертеңге қалдырма» десе, оған Абайдың ескертпесін көруге болады:

Сен өзің ертең қайдасың білемісің,

Өлу үшін туғансың ойла шырақ.

Төртінші күн – уәде берген күн, яғни бұл дүниені тәрік ететін күн. Бұл күллі тірі адамға уәде беретін күн. Қасиетті Құранның Әли-имран сүресінің 26-аятында: «Ей, мүлік пен дәулет иесі болған Раббым, Сен қалағаныңа мүлік бересің және қалағаныңнан бұл мүлікті тартып аласың, қалағаныңды әзіз-құрметті қыласың және қалағаныңды қор қыласың. Барлық игілік, Жалғыз Сенің Қолыңда. Әлбетте, Сен барлық нәрсеге Қүшің жетеді» Оны Абай:

Бесінші күн – тіршілік ғұмырдағы ең маңызды күндердің бірі. Есеп күні, қиямет күні деп те айтылады. Бұл күн адам баласына сынау жүргізетін қасиетті күн болып саналады. Тақуалар да, өзін мәңгілікпін дегендер де, өлімді ойламайтындарға «ат арықтар, тон тозар, қадыр кетер»

(Абай) о дүние есігін ашатынын, өмірдің өткіншілігін, алдампаздығын ескертетін күн. Адам баласында тәккәпарлық, күншілдік, қызғаныш, ашкөздік, басқаны менсінбеушілерге Жаратқан Ие сынау мақсатында мал-дүние мүлік, амал-айла, білім, денсаулық сияқты бар нәрсені берді «Бұл – бес күндік бір майдан ер сынарлық» деген Абай сынақтан өткізеді. Әр пенде істеген амал шарқына қарай «сый-сияпатын» алатын күн болып есептелген. Фәниде шындыққа тік қарай білу жоғары мәртебе, ал қарай алмау ауыр өкініш.

Махаббат, достық қылуға,
Кім де болса тең емес.
Қазір дайын тұруға –
Бес күндік ғашық жөн емес.

Сүйіспек көңлім ойлайды,
Жанның бәрі - қатыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды,
Еңбекке аз күн татымас – деген Абай сүйіспеншілікті терең ұғына алмайтын жандардың адами тұрғыдан төмен болатындығын ескертеді. Және өмірдің өзі мәңгілік еместігі айта келіп сүйісу де, махаббат та өміршең емес, тек еңбектің ізгілікті өміршең екендігіне сендіреді.

Сонымен, бес дейтін қасиетті ұғым адамның адамдығын толық сақтайтын Ислам дініндегі иманның 5 негізі Аллаға, қасиетті кітаптарға, пайғамбарларға, тағдырға, қияметке сену жай айтыла салмағандығына көзіміз жетеді ұлы Абай осы бесті қасиет тұта отырып «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз. – деп шайтан араласқан «Бес дұшпаның білсеңіз» деген Абайдың ескертуі. Адам баласының дұшпаны бесеу-ақ па, «Бойдағы мінді санасам, Тау тасынан аз емес» деген ақын өзінің «Ойға түстім, толғандым» өлеңінде мойындап өтетіні бар, неге Абай бесеуін ғана айтып отыр? Жер бетіндегі періште жарылқаған бес-ақ түрлі жақсылық бар ма, оны адам бойынан жүздеп санап алмас па едік?

«Бес күн» қазақтардың кие тұтып, танымы мол атауларға «бес» сөзімен тіркес құрып байланыстыра атаған: Бесқасқа (ру), Бес қару, Бес саусак, Бес парыз, Бес қала, Бесқарағай, Бессайыс (спорт), Бестам (көне қала), Бесшоқы, Бес жұлдыз, Бесжылдық (жоспар), Бестөбе, Бес уақыт намаз тағы да басқа атауларды тізе берсе болар еді.

* * *

Абай: «Әбдірахман өлімінен соң өзіне айтқан жұбатуында»

Тобықтыны ел кылып,
Басын жиып құрапты,
Меккеде уақып үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты.
Бір құдайдың жолына
Малды аямай бұлапты.
Ажал уақыты жеткен соң,
Соның да гүлі құрапты.
Қажыны алған бұл өлім,

Сабыр қылсақ керек-ті. – деген өлең жолында діни «уақып» сөзін пайдаланған. Абай өзінің зор үміт күттірген баласы Әбдірахманның мезгілсіз қайтыс болуы қатты батады. Оған арнаған бірнеше жоқтау, жұбату, арнау, толғауларында әлемге танымал данышпандардың да бұл фәниде қалмай бақилық болатынын ескертіп бір мезет сабырлыққа баратындығын көреміз. Қазақтарға жақсы таныс Ескендір, Шыңғыс хан, Ақсақ Темірлерге де ажалдың оғы тигенін, кешегі өткен өзінің әкесі Құнанбайдың қажылыққа барып «құдайдың жолына» «Меккеде уақып үйін салдырған». Оны тәкия, шағын мешіт дегенге де болады немесе қажылық жолындағылар намазын оқып, аялдап, бір сәт демалып өтетін нысанға дұрыс келетін шығар, өйткені, Абайдың жоғарыдағы өлеңінде «Пәтер қып, жаққан шырақты» деген сөзі аңғартып отыр.

Құнанбайдың бұл мұсылмандық белгісі өз мал-мүлкіне тұрғызып әлем мұсылмандарына қазақты танытқан. Өзгенің дүниесіне істеген әрекеттің ешқайсысы уақып болмайтынын Құнанбай қажы жақсы біледі Кеңес кезінде Құнанбай сұлтан, шонжар, қатыгез, жауыз деген бірнеше кара дақ жағылған. Өз ауылына молда жалдап бала оқытып, Қарқаралыда мешіт салдырған, Меккедегі діни уақып үйі кедейлердің мандай тері, халықты қанау есебінен салған деген теріс пікірлермен қатты сыналған болатын. Бүгінде ақ-қарасы айқындалып ақиқатына жетті. Бұл да Тәуелсіздіктің жемістерінің бірі болатын.

Уақып сөзі - вақф, вакуф. уақып, уақыф. Мешіт, медресе Құдай жолына беру. Жер немесе ақшалай тағы да басқа заттай беру. «уақып – 1) қайырымды мақсаттар үшін діни орындарға белгіленіп берілген өсиеті мүлік; зат; 2) тартып алынбайтын меншік» (Н.Д.Ондасынов. арабша-қазақша түсіндірме сөздік. 2-том, 1989. 213-бет)

Уақып араб тіліндегі вақф – мұсылман мемлекеттерде мемлекет немесе жеке адам тарапынан діни мұқтаждық, қажетсіну, талап немесе садақа үшін ажыратылған дүние мүлік. Жер-су, үй-жай, мектеп, мешіт, медресе, емдеу орны тағы да басқа халық сұранысын қанағаттандыру уақып арқылы орындалып отырған. Уақып жүргізуші арқылы рәсімделеді. Ислам мемлекеттерінде уақыптан түскен қаржылар, сол діни мекемелер және оларда қызмет ететін жұмысшыларға жұмсалған, мәселен,

медреселерде бірнеше шәкірттерді оқыту, кітап көшіру жұмыстары уақыптың есебінен қаржыландырылып тұрған.

Өз дүние-мүлкіні уақыпқа тапсырған адам өз мүлкінің иесі құқығынан ажырайды.

Уақып мүлкіні шариғат бойынша да, заң бойынша да билік немесе қазы бақылап отырады. «Уақып» сөзінің екінші бір мағынасы жоғарыда көрсетілген Н.Д.Оңдасыновтың сөздігінде: «1) бақылаушы; 2) қараушы. Сол жағына уақып болындар, әбден барды айтсын, - деді Құнанбай Майырға (М.Әуезов)» Мұнда бар нәрсені бақылап оны қорғаушы деген мағынаны білдіріп тұр.

Уқып (вақф) сөзінің шығу төркіні «уақи» (вахий) сөзінен келіп шығады. Ислам тәртібі бойынша пайғамбарларға перштелер арқылы Алланың бұйрығы. Олар Кітаптар арқылы келді. Кітаптар дегенде, халыққа фәни мен бақиды көрсететін тура жолы Алланың уақи деп түсіну керек. «Ей Мұхммед алейс-сәлем әлбетте Біз Нұх және одан кейінгі Пайғамбарларға уақи жібергеніміздей, Сізге де уақи жібердік» (Ниса сүресі (4) 163-аят) деген Құран сөзінен білуге болады.

Уақи барлық діндерде адамдардың құдайға және бір-бірлеріне қарым-қатнасын мен жол-жорығын көрсететін білім негізі деп қарастырылады. Барша дін осы уақи танымына келіп тіреледі. Шариғатта уақыптың жұмсалыу мақсатына қарай үш топқа бөлуге болады. Бірінші, таза діни уақып; екінші, қайырымдылық уақыбы; үшінші, ұрпаққа арналған уақып. Ислам мемлекеттерінде осы үш бағытты арнайы бақылап отыратын Уақып министрлігі бар. Олар уақып мақсатында түскен мешіттердегі қаржының кіріс пен шығысын бақылап мемлекет мұқтажына жұмсалады.

* * *

Абайдың 1896 жылы жазған «Көк тұман – алдындағы келер заман» деп басталатын өлеңінде тіршіліктің мәні өтпелілік пен мәңгіліктің арасы «**фәни**» мен «**бақилық**» көрінісі. Күнделікті күнелту өмірді исламда фәни атауымен, ал парсы тілінде «дор ул-фано» (фано фоний – «жарамсыз» деген сөзден алынған) «өткінші мекен» дегенді білдіреді. Орта ғасырдағы Шығыс философтары шексіздік пен шектеулі мағынасында қолданылған. Пенденің сауап іс қылатын бірден-бір шапағатты орны фәни екен. Және өзінің бойындағы теріс әрекеттерін тәрік етіп, Аллаға жақындаудың жолы. Қазақта – фәни деп көп айтылмай жалған дүние, алдамшы өмір, өткінші, бұл жалған, опасыз өмір, алдамшы тіршілік, жарық дүние, бес күндік өмір, қамшының сабындай ғұмыр деген сияқты сөздермен бейнелейді. «Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр» деген ұлы ақын бұл күннің өзі де өткінші уақыттың еншісінде одан құтылмайтындығына салмақ сала өлеңге қосады. «Көк тұман – алдындағы келер заман» деп, алдыңғы күнді «Көк

тұман» бұлдыр көре алмайтынын «Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған» деген Абай «алдындағы келер заманға» қанша тігіліп қарағанмен «Көк тұманның» арасынан ештеңе көре алмақ емес. Ол күнде «Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған» деп түйеді.

Өлім мәселесі – дін, ғылым, философия және әдебиеттің мәңгі аша алмай келе жатқан жұмбағы. Өлімді Цицирон аса қорқынышты, Сократ кезектегі мәселенің бірі, Жаратушы ие (Заратустра) адамзаттың ең қауіпті жауы, Бальзак өзін емдеген дәрігерден - Маған алты күн беріңізші Алты күн – бұл көп емес қой.

- Мен өзімнің елу том шығармамды тездете қарап шығар едім, оның нашар беттерін жұлып тастап, жақсысына ажар бере түсер едім. Мен өзім жасаған сол дүниелерге алты күн ішінде мәңгі өмір бере түсер едім – деен ғой. Бұл жазушының үзілер алдындағы соңғы сөз еді.

Жер жүзінің жартысын жаулап алған Шыңғыс хан өмірден өтерінде қытай емшісіне:

- Тіпті құл болып жүргеніме риза болар едім, жастық шағымды қайтарып бере аласың ба? – депті. Оны ұлы Абай:

Расулды алған бұл өлім,

Кімнен жөнді сұрайды. – деп түйеді.

Атақты парсы ақыны Жалалиддин Руми (1207-1273)

Өлім хақ оны анық білемін,

Маған мәңгілік сол заман. – деген шайыр: «Адам баласының мал-дүние жинап, зұлымдық жасап шіренгенмен бұл фәни мәңгілік емес» оны қасиетті Құранда: «Көктер мен жердегі бар мүлік Аллаһтікі...» (Әли-имран сүресі (3),189-аят). Өлең өрнегіне салған Абай:

Адам ғапыл дүниені дер менікі,

Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.

Тән қалып, малда қалып, жан кеткенде

Сонда, ойла, болады не сенікі.

Дін исламда сопылық ағымды қолдаушылардың Тақуа (тасауф) бағытында бұл дүние қызығынан гөрі о дүниенің қызығын артық санайтындар. Олар IX-X ғасырларда негізінен Хорасанда (Күншығыс) кеңінен Маломатий (жаратпау) атымен сопылықтың тариқат басқышында тараған. Олар дін ғұламаларына шәкірт тұтынып жалған дүниені тәрік етіп, шын дүниені іздеу арқылы Аллаға жақындау деп түсінушілер сопылық тариқатын қолдаушылар. Бұл жолдағы адамдар арасында әдепсіздігімен және дәруіш болып ел кезу, жанын қинап зікір салу сияқты артық әрекеттерімен белгілі болғандар тариқатта маломатилер деп атаған. Онда сопылықта өз жетістіктерін мақтаныш етпей керісінше олардың күнәсын ерекше іс-әрекеттерін үнемі жазғырумен өмір сүру керек дейді. Міне осы көріністі дөп басқан ұлы Абай:

Малға сат, пайдаға сат қылығыңды,

Ылайла ылай оймен тұнығыңды, -

Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,

Ол білдірмей ұрламақ қызығынды. – деп, маломатилердің бүгінгі істеген ізгілік болашаққа бейімділігін сеніммен айтып отыр.

«Дор ул-Бақо» - мәңгілік мекен дегенді білдіреді. Адамзат бар жақсылығын іске асыру деп те түсініледі. Қазақта ол «бақи» деген сөзбен белгілі. Исламда акірет, о дүние деп айтылады. Абайдың «Көк тұман – алдындағы келер заман» өлеңіндегі:

Соның бірі – арнаулы таусыншақ күн,

Арғысын бір-ақ Алла біледі рас. – деп, о дүниенің қаншалықты бары рас тек Алласы ғана біледі, пендесінің оған ақылы жетпейді және білмейді дегенге саяды. Арғы дүниеде өмір бар адам өлмейді, қайта тіріледі, оны мәңгі мекеніне қайтты, мәңгілікке аттанды деп түсіндіреді. Бұларды екі дүние деп атайды. «Бір аяғың төрде, бір аяғың көрде» деген сөз тіркесі осындайда қолданса керек.

Ақыл мен жан мен өзім, тән менікі,

«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі.

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

«Менікі» өлсе - өлсін, оған бекі.

Абайдың «Менінде» ақыл мен жан бірге. Демек, өлмейтұғын тек жан емес, ақыл да өлмейді. Ол тірі адамды «мен» және «менікі» деп бөлген. «Мені» - ақыл мен жан, «менікі» – тән. Абай ақылды жеке айтпай, оның жанмен бірге қосылып өлмейтінін ескертеді. Бұл Абай айтқан жаңалық емес. Жалған ғұмыр, жарық дүние дегеніміз тәнге байланысты. Бұл жалғанда дүниені біз тән көзімен көреміз, жан көзімен бәріміз көре алмаймыз. Болмысты жан көзімен көру жан қуанады, қайғырады, жадырайды, күйінеді, жайланады, сияқты жанға бейнелі түрде ауыспалы мағынамен үстеп тұр. Жанның көзін байлап тұрған жанның уақтынша мекені - тән, тәннің жанды жерін байлап тұрған оның нәпсісі. Жан нәпсі тұтқынынан босаған кезде рухтана бастамақ. Мұны әулиелік, тақуалық, сопылық табиғатымен түсіндіруге болады. Нәпсіні тиып, ораза ұстау, тақуа болып, дүние қызығына бөленбей, оны тәркі етіп адамдардан кашып, оңашаланып, тау – тасқа немесе, жапан дүзге яки болмаса Иассауи сияқты жер астына түсу, Шәкәрім сияқты елден сырт шығу, Абай сияқты мұңаю.

Ғылым табиғат пен болмысты алғашқы деп, сана, ой, рухты екінші деп санайды. философтар адам еркі мен жазмыш туралы мәселеде Алланың нұрлы қасиеттерін әркім өз қалауынша таңдау және оған жауап беру мұсылмандықтың негізгі қағида екенін ортағасырда еуропалық философияға ықпал етті. Олар жан мен тән жайлы айта келіп, «жан Алла сияқты бейнесіз, ол кеңістіктен тыс өмір сүреді, ал, түп иесі адамды осы кеңістікте жаратты» деп, Ислам философиясын негізге ала отырып дәлелдеуге тырысады. Алланы ақылмен тани алмайсың, «Ақылға сыймас ол Алла» деген Абай. «Білмейдір жүрек, сезедүр» деп жүрек арқылы сезетінін нақтылап айтады. Яғни ғылым сырын аша алмайтын құпиялар бар, соның бірі – жан. Жанды зерттеу, оның табиғатын түсіну, болмысын

ашу б.д.д. грек ғалымдары мен Шығыс ойшылдарының шығармашылық мінберінде тұрды. Жанға қарағанда тән танымға ыңғайлы. Ол Аристотель, Әл-Фарабидің талғам-таразысынан өткен.

* * *

Абай айтқан «дәһрі» өзінің «Лай суға май бітпес қой өткенге» деген түсінуге қиындық туғызатын өлеңіндегі «дәһрі» - араб тілінен аударғанда; дәһр – уақыт, тағдыр, бақ, шексіз, жазмышты білемін деушілер, сонымен қатар тәңірді тән алмайтын, адам санасынан тыс тәуелсіз өмір сүретін затты (материяны) танып білуге болады дейтіндер. Шектеумен жаратылған адам шексіздікті мүлдем түсіне алмайды, тағдырын да, алдындағы бағы мен сорын да алдын ала бағамдай алмай уақыттың еншісіне тастай салады, ол кеңістіктің еншісіне еніп үлгіреді.

Ислам діні пайда болмастан алдын арабтар арасында кең таралған, «өлім», «тағдыр», «ажал» мағыналарын білдіретін бұл сенімге байланысты, адамзаттың тағдыры алдын ала белгіленіп қойылған деген түсінікті Абай көркем сөзбен:

Сұм дүние тонап жарыр, ісің бар ма,

Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?

Алды үміт, арты өкініш алдамшы өмір,

Желікпен жерге тықпас кісің бар ма?! – деп, әркім еркін қалауы немесе ықтияр иесі емес, маңдайына «жазылған» нәрсе, одан құтылу деген болмайды.

Ежелгі арабтардың Мұхаммедке (с.а.у.) яғни Исламға дейінгі уақытты «әл-жахилийя» («білімсіз») деп атаған. Жаратқан ие жалғыз емес, тұтас тағдыр «дәһрі», адам санасынан бөлек, оны біліп болмайтын тылсым күш. Олардың айтуынша өліммен бірге барлығы бітеді, соның үшін бүгінгі күнмен (фәни) жасап қалу керек дейтін соқыр сенімге салыну. Оған қарсы Құранда: «Олар яғни Қиямет Күнін мойындамайтындар: «тек қана осы дүниедегі өміріміз. Кейбіреулеріміз өліп, басқаларымыз өмірге келе береміз және біздерді Алла өлтірмейді, уақыттың, тағдырдың өтуі ғана өлтіреді» - дейді. Олар тек қана сондай күмән жасайды» (Жасия сүресі (45), 24-аят).

Кейін келе, ислам әдебиетінде «дәһрі» сөзі «момын», «жуас», «көнбіс» сөзінің баламасы ретінде қолданыла бастады. Орта ғасырларда бірнеше ғалымдар, жазушы-ақындар болды солардың бірі Халлаж Хұсаин ибн Мансұр (858-922) сопылық ағымның ірі өкілі. Мақсат мүддесі жағынан IX-XI ғасырлар арасында өмір сүрген ағымдардың бірі қарматтарды қолдаған. Қарматтар жерге иелікке, Ислам шариғатының бірқатар қағидаларына қарсы болған. Халлаж Мансұр бір Тәңірге сенуге қарсы пікірлер айтқаны үшін айыпталған. «Мен – хақ, Тәңір - мен» менің өзім Тәңірдің өзі деп, табиғатты Тәңірдің бейнесі (пантеист) деген бағытты

ұстанған. Мұсылман әлемінде сенімсіздікпен, мұсылмандар әлемінде дінсіз деп айыпталған.

Қазақтың біртуар ақыны ұлы Абай «Лай суға май бітпес қой өткенге» атты өлеңі: Лай суға май бітпес қой өткенге,

Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.

Сол қасқырша алақтап түк таппадым,

Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе? - деген

алғашқы шумағында аш қасқыр көп кезіп, соңында жейтін азығы қойды таппай, осы судан қой кешіп өткен шығар содан қойдың майы суға өткен болар деп түк таппаған қасқыр суды жалаған көріністі айтып тұр. Бұл қазақтың қасқырға есесі кеткенін ырзалықпен езу тартары сияқты. Ақынның бұл өлеңін барша қауым түсіне бермейтіні белгілі, бір топтың арасында ғана ұлттық бояуға қанық шеберлікпен қолданылатын сөздердің бірі. Екінші жағынан, «Сол қасқырша алақтап түк таппадым» - деп, діни сенімге нұсқап тұрғандығы байқалады. Ислам діні пайда болғанда түрлі ағымдардың пайда болғаны белгілі, солардан суннит пен шиа мазһабтары негізгі рөл ойнады. Олар бір-бірінің бағыттарын жоққа шығарып отырды. Сонымен қатар, араларында бітіспес соғыс жүрді. Мәселен, сунниттер сеніміндегілердің билігі үстем болып тұрған X ғасырда Шығыс жұлдыздарының көшбасшысы теңдесі жоқ «Шаһнаманы» дүниеге алып келген Әбілқасым Фирдауси дүниеден өткенде шиа сенімінде болғандықтан молаға қойдырмай, соңында өзінің бау-бақшасына жерлегенін айтсақ та жеткілікті. Ақын осы бірінші шумағындағы мағынаны екінші шумағында ашқан сияқты. Ол:

Берген бе тәңірім саған өзге туыс?

Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.

Шарықтап шар тараптан көңіл сорлы

Таппаған бір тиянақ не еткен қуыс? – деген

жалғасын оқып отырып 1895 жылы жазылған өлеңін қарап отырсақ, ақын баласы Әбдірахманның өліміне қайғырып «Берген бе тәңірім саған өзге туыс?» деп бақилық болғанына көп өлең арнағаны көрінеді. Сондай-ақ: «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын», «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?», «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өлсе өлер табиғат адам өлмес» сияқты өлеңдері қараңғыда қалған өз халқын ойлануға шақырады.

Күні-түні ойымда бір-ақ тәңірі,

Өзіне құмар қылған оның әмірі.

Халикқа махлұқ ақылы жете алмайды,

Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі. – деп,

Жаратушыға («Халикқа») тірі жанның («махлұқ») ақыл-ойы, санасы жетпейтінін тағы бір өлең жолдарында: «Ақылға сыймас Ол Алла, Тағрифқа тілім қысқа-ақ» деп, осы ақиқатқа үлкен ой салады. Алланы мойындамай, ақыретті жоққа шығаратын дінсіздерге де «дәһри» делінеді. Атеисттерше Тәңірді толық түсіну мүмкін емес дегенді меңзеп тұр. «Халикқа махлұқ ақылы жете алмайды» дегені де сондықтан.

Бүгінгі таңда қазақ халқы да қолға алған мәселесін ақиқат тұрғысынан терең салмақтай алатын, тарихымызды қопарып, зерттей алатын және ойларын ел-жұртқа жеткізе білетін, діні мен діліне берік таза рухты адамдардың қажеттілігін сезіп отырғаны анық. Алайда қазір ойшыл адамдар қашан шығады деп күтіп отырмай, ел ішіндегі жастарды терең ойлай білуге, ойшыл болуға тәрбиелеу Абайды оқудан басталады десек қателеспеспіз. Еліміздегі әрбір жасты алмастай өткір ойлы, болаттай мықты пікірлі болуға баулуды бүкіл ел болып күн тәртібіне қоюымыз қажет. Оған, әрине, көркем әдебиетті оқытуды жеткіншектер арасында қолға алуымыз керек қой деп ойлаймыз. Ал ештеңеге қызықпайтын, ой соңына түспейтін, тән қызығын ғана ойлайтын жастар жарқын келешектен үміт ете алмайтыны шындық. «Біз бұл мысалдарды адам баласы ой жүгіртетін шығар – деп келтірдік», (Хашыр сүресі (59) 21-аят) – дейді.

* * *

Жәһил – арабтың әл-жәһилия, жәһилият деген сөзінен шыққан. Қазақ тілінде надандық, қараңғылық, білімсіздік, деген ұғымды білдіріп, жауыздық, залымдық дегенге ұштасады. Өйткені, Абай 38-қара сөзінде: «Бұлардың көбі әншейін жәһил түгіл, жәһиләләр кібік талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын хәм ғибраттансын» - дегені, от, пұтқа, тасқа табынып надандық дәуірде өмір сүрген барша қауым исламнан алдыңғы түрлі кереметтерге сеніп пұтқа табынып келгендерін одан бет бұрып «қазір нысапқа қайтсын» дей келе Жасаған Алладан «ғибраттансын» деп ескертпе жасап тұр.

Арабтарға исламнан алдын берілген атау «жәһилият» деп аталды. Жәһил сөзі 622 жыл Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Меккеден Мединеге қоныс аударуы содан бастап пайғамбар деп атала бастады. Бұл хижрадан алдыңғы дәуір болатын. Жәһиланың аталу себептері исламға дейінгі арабтардың көпшілігі «жәһл» - «ашу», «кек», «қаһар», «ыза», «өштік», «жауыздық» сезімімен тікелей байланысты. Иса пайғамбардан кейін, Мұхаммед пайғамбардан алдыңғы дәуір аралығында өмір сүрген дінсіз арабтардың басқа халықтарға қарағанда мейірімсіз, рақымсыз екенін сыйпаттайтын кек алу, әйел-қыздарға жасаған жауыздықтары, өзгелерге жаулық көзқараспен қарау және тағы да басқа қаскүнемдікпен өмір сүрген. Және олар өмір бойы Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) қас жауы болып өткен.

Жәһилдер исламға дейін көпқұдайлық сенімді басынан кешіргендігінен болар о дүниеде өмір барына сенбеді. Тек осы дүние ғана бар, жасап қалу керек бәрібір өлеміз деген түсінікпен жасады. Олар біздің тағдырымызды уақыт қана шешеді деген түсінікті Алла тағала Құран арқылы Жасия сүресінің 24-аятында: «Олар яғни қиямет күнін мойындамайтындар; өмір тек қана осы дүниедегі өміріміз, кейбіреулеріміз өліп, басқаларымыз өмірге келе береміз және біздерді Алла өлтірмейді,

уақыттың өтуі ғана өлтіреді» - деп, түсінді. Бүгінгі ислам мемлекеттеріндегі бүлікшілер «жиһат содырлары» деп аталған топтар өздері ұстанған бағыттарын дұрыс деп тапқан жанкештілер.

Ислам діні келмей тұрып, жәңил дәуіріндегі арабтар Қағбада Байт ул-Аллаһ, (Алланың үйі) өздерінің жасаған ғибадаттарын қол шапалақтау және ысқыру арқылы орындайтын болған. Олардың осы әрекеттерін Алла тағала сынап Құрандағы Әнфәл сүресінің 35-аятында былай дейді: «Олардың Байтуллаһ алдында қылған құлшылықтары тек ысқыру мен қол шапалақтау болды. Ендеше, ей мүшіріктер, бүгін Бадырда кәпір болғандықтарың үшін, азабымызды татып көріңдер». Мүшіріктер - Аллаға серік қосатындар. Ислам жеңісінен соң дәһрі (дінсіз) сөзі «мүмін», «мүслім» («мұсылман») сөздерімен алмастырылды.

Бүгінде төрт адамның басы қосылған ортада қол шапалақтамасан оның айтқанына немесе өнеріне немқұрайды қарағаның болып саналатын болды. Ел жақтырмайтын әкім-қаралалардан тез құтылу мақсатында да мазмұнсыз, сенімсіз жәдігөй сөздеріне жиі-жиі қол шапалақтап шығарып салуға ынталы болдық. Жастар жағы залға ән тыңдау үшін емес ысқыру үшін баратындай, ол мінезді: «Бұлары білімсіздік, бәлкі бұзық фиғыл, әл-инсан ғәддү ләма жәһилгә хисап» - дейді Абай 38-қара сөзінде. Олардың пиғылдары жаманшылыққа бейім тұратындығын әшкерелеп тұрған ұлы ақын қасиетті Құран сөзіне сүйене отырып айтып тұр. Бұл әсіре жанкүйерлерді дүрліктірген Қайрат Нұртастың өткен жылы алаңда қойған концертінде жеңіл-желпі ырғаққа масаң тартқан жастар тәртіп бұзуға дейін барғандығы есімізде.

Бүгінгі сахна келбеті «жұлдыздарға» толды, сахнаға шығар-шықпас «шапалақ қайда, ағайын?» - деп шапалақты да әншінің өзі тілеп алады. Ән айтар алдында әншінің өзі саздың ырғағымен былқылдап алды-артымен билей бастайды, сосын «жәңил» көрермендердің ысқырықтарымен құлақ тұнады. Мәдениет сарайына тыңдау үшін келмей, ысқыру мен айкай-шу үшін келетін сияқты. Бұл келеңсіздік әзірше театрда ғана кездеспейтіндігіне қуанамыз. Жаһандану қыспағында тұрған театр да жәңилдердің жетегінде кете ме деген күдік те жоқ емес. Театр мемлекеттің қоржынындағы қаражатқа тәуелді болғандықтан, алдын ала кіру билетін мекемелерге, кәсіпорындарға, оқу орындарына тағы да басқа ұжымдарға тарқатып «жан сақтап» жүрген жайы бар. Театр - білім, мәдениет, өнер, өмір, қоғамдасу, сана, ақиқат, сұлулық, адамгершілік, көркем мереке десек оған біздің миллионға тарта халқы бар Шым каламызда насихат жетіспейтіндігі шындық. Облысымызда 240 ақпарат құралдары жұмыс істегенімен газетте-журналдарда да, теле-радиоларда да күнделікті, апталық, айлық тетрадағы қойылымдардың кестесі жарияланбайды, яғни жарнама жетіспейді. Театр сүйер қауым хабарсыз қалады. Біз жоғарыда айтқандай «жәңил» сөзінің аудармасы «білімсіз надан», «көргенсіздік» болса, «...дүниенің һәм адам ұғлы өмірінің сырына жетсе де, діннің хак

мағрифатына жете алмағандар» (38-қара сөз) екенін бүгін ақпарат құралдарынан көріп отырмыз.

Тереңнен қозғайтын қазақтың өлең сөздерінің мәтіні пәлсапалық мәніне құлақ түріп ғибратын бойына сіңіруге құлық жоқ, «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» (Абай) жақсы әнді тыңдайтын құлақты ысқырықпен толтырадық, демек тыңдау қабілеті болмау білімсіздік, надандық белгісі екен. Қазақ әндері мен терме, күй саздары жеңіл ырғаққа құрылмаған, халықтың өткен тарихынан сыр шертетін терең ойға құрылғандығы бүгінде ұмытыла бастағандай. Міне бұл жаһанданудың қармағына білімсіз түскеніміздің көп себебінің бірі ғана. Жаһанданудың жақсы жақтарын бойымызға сіңдірсек құба-құп, өкінішке орай керексіз, жеңіл-желпі тұстарын ғана қабылдайтынымыз, өтірік күліп, өтірік қолпаштау қайта-қайта қол шапалақтап жағымпаздану күн көрістің жемісіне айналды. Көпшілік орында ысқыру дінсіз қараңғы «өркеніеттің» көргенсіздік қылығын әжептәуір мәдениет деп қабылдадық. Қазақ халқы тағдырын күй өнері арқылы берген. Бүгінгі жас буын күй өнерін тыңдай білу мәдениетінен жұрдай, өресі оған жетпейді. Оған жастарды кінәлауға болмайды, «Алдыңғы толқын – ағалар» кінәлі екенін сезіну керек. Жәһил жөнінде қазақтың біртуар азаматы Міржақып Дулатұлы:

Жаһиллік пен жалқаулық көп, жок әһамият

Дертке дәрмен табиб қайдан табылар – деген ақын жауыздық пен жамандықтың көптігі қоғам дертінің басыбайлы құлына айналып кетті оған мән беріп тұрған пенде жоқтығына налиды. Жанға медет беретін рухани емші «қайдан табылар» деп ренішін білдіреді.

* * *

Абайдың «махшарын» «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген өлеңін көкірек көзімен оқымасаныз көп нәрсені аңғара алмауыңыз ақиқат. Бұл өлеңінде адамзатты екі бөліп қарайды: бірі табиғат мүшесі, екіншісі ақыл-ойдың мекені - жан. Екеуі бірге өмір сүргенімен бұл дүниеден мәңгілікке кетерде айырылысады. Табиғаттың мүшесі дене (тән) жерге, ақыл-ой (жан) көкте өз орындарын табады деп келеді де «Әддүния мәзрәгәтул - ахирет дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол» (38-қара сөз) деп, адам баласы пенде екенін ескеріп, «Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей» деген ұлы ақын:

Дүниеге дос ақиретке бірдей болмас,

Екеуі тап бірдей орныға алмас.

Дүниеге ынтық, махшарға амалсыздың

Иманын түгел деуге аузым бармас. – деп, екеуі

бірге жүргенімен ақыретте «бірдей болмасы» адалдық пен арсыздықтың ара жігі ашылар тұсы «...ахиретте сұрау алады, жамандыққа жазғырады, жақсылыққа жарылғайды...» (34-қара сөз) дейтін ақын адам баласын

сенімі мен іс-әрекетінің тең болмайтындығын «...еш адамның көңілінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы - олар да бірдей болмайды» (34-қара-сөз) деген акын, өлең жолдарында да, ғақлиясында да ой сабақтастығы «Екеуі тап бірдей орныға алмас» дегенмен бітеді. О дүниелік болғанның бәрі бірдей жәннәті емес екендігін жұмақ пен дозақтың арасы әрбір адамның тірілігінде істеген әрекетіне қарай бөліп екеуінің де «Иманын түгел деуге аузым бармас» деп, түйіндеп отыр. Абай «ақирет» және «ахирет» деп қолданған арабтың әл-ахира (соңы, ақыры) сөздеріндегі фәни (әл-фана) біткен өмірден бақиға (әл-бақа) яғни мәңгілік өмірге жол тартуын сүннеттер - «махшар» (топталу, жиылатын орын). Шиалар - «миһад» (қайта тірілу, қайтып баратын жер, арғы дүние) деп айтады.

Мәселен; «Болат-Жанат» жырында алда мәңгілік өмір бар қайта тірілу сенімімен Жанаттың ишаннан көрген әділетсіздігіне шыдай алмағанына шешесі жұбату айтып айтып тұрғаны:

Нәсіп қылса бір Алла,

Мақшар күні көрермін. (Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық, Дастандар. 1-том. – Алматы: «Жазушы» 1990 26-бет) – деп, қияметті күн ақырет сөздері мақшарда яғни Алла алдында кездесуіне сеніммен қарайтыны баяндалады. Мақшарда о дүниелік болғандардың қайта тіріліп, олардың күнәларын тексеретін орын екенін Абай 35-қара сөзінде: «Мақшарға барғанда құдайтағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт – соларды қатар қойып, сұрар дейді» - деп, тіршілікте жасаған жақсылығың мен жамандығың о дүниеде сұрауы бар екенін ұмытпауға шақырады.

Тіршілік, тірлік, өмір, ғұмыр сөздерінің қарама-қарсы мағыналарын, дүниенің таусылуы туралы діни түсінікпен береді. Әділдік пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық сұрақ-жауап арқылы таразыға түсетін күн, күнәлардің өлшенуі, жұмаққа баратындарды бір бөлек, дозаққа баратындарды бір бөлек жинап жіберетін ақыреттегі майдан. Бұл өмірде «...екі нәрсе кез болса, бірі ахиретке керекті, бірі осы дүниеде керекті, бірін алса, бірі тимейтұғын болса, сонда біреу ахиретке керектіні алмай...» (34-қара сөз) бір күндігін ғана ойға салатын, осы жарық дүниеде бар мүмкіндігін пайдаланып, өз пайдасы үшін ештеден тайынбай барынша сергелдең өмірдің жетегінде иманын ұмытып тән қалауымен жүргендер бүгінде аз емес. Мәңгілік өмір әле алда екенін ұмытқандарға Құранның Хашыр сүресі 3-аяты: «...Олар үшін ақыретте тозақ азабы бар» - деп, ескерту жасайды

Көпті көрген Абай «тәффакқару фиәли иллаһи» (Алланың жібергеніне оймен қарау) деген Мұхаммед (с.ғ.с.) хадисін келтіре отырып, нақ осы тәсіл бойынша айналадағыларды түбінде ақыреттің бар екенін ой таразысына салуды түсіндірмек болып 38-қара сөзінде: «Адам баласынан мақшарда сұрау алатұғын қылып жаратқандығында һәм ғәделет, һәм махаббат бар» дейді. Адам жүрегі неден жаралы болады, жүректегі

«махаббат ғадауатпен» не үшін «майдандасады»? Жүректің жауы қиянат, ол мәңгі әділет үшін күресіп өтеді. Себебі, қай жерде әділет жоқ болса, сонда махаббат та жоқ. Ұлы Абайдың танымында әрбір пенде жарық дүниеде жүріп-ақ ақыретті көруге болады екен. Жаратушы ие пендесін «махаббатпен жаратыпты» енді оны «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» (Абай) сонда ғана саған ақырет жүрек көзімен көрінеді. «Олай болғанда, қай адамның көңілінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса - мұсылман емес» (34-қара сөз) – деп кесіп айтады «ақылға нұр беретін» құдіретті исламның иманынан іздер болсақ Алланың 8 сипаты тіршілік көзі екенін ұмытпаған әрбір жан махшардағы сынақтардан мүдірмей өтетініне куәлік береді.

Махшардағы ең ауыр сынақ «сырат көпірі» ол қазақтың ұғымында «кыл көпір» деген ұғыммен белгілі. Әрбір адамның бұл фәниде істеген қылмысы көп болса қыл көпірдің астында құрт-құмырсқадан бастап мындаған құбыжық саған қарай аузын ашып сенің түсуіңді күтіп тұрады, Құрани Кәрімде сырат көпірінің астында тамұқ оты күйдіріп кінәлілердің азап шегетіні айтылады. «...кімде-кім жамандық пен күнәға батса, міне солар тозақтықтар. Олар сол жерде мәңгі қалады» (Бақара сүресі, 81-аят).

Негізінде ақыретте уақыт, мезгіл деген нәрсе жоқ. сырат көпірінен өтерде әр мұсылманнан иман, намаз, ораза, қажылық, зекет, ғұсыл және құл ақысы деген 7 сұрақ сұралады. Бұларға жауап берген адам жұмаққа кіреді. Мұны Абай өз хәлінше «...күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзін де білмей қалыппысың?» (15-қара сөз) деп, есептің де нәтижесінің сапалылығына мән беруді қадағалайды. Біз жоғарыда айтқандай ақыреттегі сұрақ-жауаптан мүдірмей өтудің тура жолы деп о дүниеге дайындық «өзіңнен өзің есеп алудың» тәсілін ұсынады. Қазақтың айтатындай қамшының сабындай өте қысқа ғұмырды, бұл дүние опасыз, жалған, мұсылманда әлем ахиреттің көлеңкесі ғана жалған дүние «Бес күндік өмірің бар ма жоқ па? Біріңе бірің қонақ екенсің» (34-қара сөз) деп сыйластықтан артық ешнәрсе жоқтығына аса басымдық берген.

* * *

Біз Абай айтқан Алланың 8 сипатына бармас бұрын сипаттың өзіне түсінік бере кетейік. Сипат (келбет, қасиет) – адам санасынан тыс өмір сүретін күнделікті тұрмысқа қажетті заттық дүние. Ақиқаттан ажыралып тұрмайтын негізгі белгілерді нақтылайтын философиялық категория. Алланың сипаттары мәңгі, ол ешкімге және ешнәрсеге тәуелді емес. Әрбір адам баласы Алланың сипаттарын біліп отыруы тиіс. Сипат бір түрлі

заттық құрылымға сай жалпылықты да қамтамасыз етеді. Сипаттын өзгеріп тұратынын олардың арасында қарама-қарсылыққа кез болатынын олардың арасындағы ішкі байланыстардың өзгеріске ұшырауымен айқындалады.

Дүниедегі зат пен құбылыс таусылмайтын және өзгермейтін нәрселерден құрылған емес, дүниеге келуі, дамуы, тозу сипаттарын бастан кешеді. Сипаттың өзгеруі дейтініміз, бір түрден екінші түрге өтуінен тұрады. Сипаттың белгісі санадан тыс шындықты білу, білудің бастапқы көрінісі өзіндік қасиетімен белгілі болады. Басқалардың ықпалынсыз сезім түйсігінде көрініс береді. Адам баласындағы сезім, ол сипат суреті. Әрбір зат немесе құбылыс сипат пен сапа бірлігінен тұрады.

Абай 38-қара сөзінде: «...Алла тағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым, Құдірет, Басыр, Сәмиғ, Ирада, Кәләм, Тәкин» - деп атап өтеді де «Бұлардың һәммасы Алла тағаланың зәтия сүбутия уә фиғлия сипаттары дүр. Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі – ғылым, құдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы – бұларға шарх» деп, Жаратқанның өзіне лайық, өзі істейтін («зәтия сүбутия уә фиғлия») ғылым мен құдіретке басымдылық бергеніне Абай ерекше тоқталып өтеді. Қалған сипаттар толықтыру мақсатындағы мәлімдеу («шарх») қызметін атқарып тұрғанын атап өткен.

Хаят (өмір, тіршілік, күнелту) – Белгілі бір кезеңде пайда болып өзбетінше қозғалысқа түсу түрі. Олар тірі ағзаларда яғни жануарлар мен өсімдіктер әлемінде кездесетін пайда болуынан өлгенге дейінгі қозғалысы. Алла мәңгілік тірі. Бірақ, оның өмірі мақлұқтың күнкөрісі сияқты өсімдіктер мен жан-жануарлардың физикалық және химиялық негізде дамиды дегеніне ұқсамайды. Тіршілікте зат алмасу, көбею, өсу, қоршаған ортаға бейімделе өзгеріп, өзін-өзі жанартып отыруы Аллаға тән емес, ол Алла қартаймайды да, жасармайды да. Алла мақлұқтар сиқты нәпсімен өмір кешпейді.

Ғылым (түгел білу) – Адамның оқып-үйренуі және өмірлік тәжірибе арқылы арттырған білімі. Абай арнайы көңіл бөлген сипаттарынан: «Ғылым құдіреті бар болады: хаяты – мағлұм, бірі – ирада, яғни қаламақ. Ғылым бар болса, қаламақ та бар» Алла бәрін білуші деп келеді де Құранның Анғам сүресі, 13-аятында: «Түн мен күндізге орналасқан барлық нәрсе – Оныкі. Ол - Естуші, Білуші» ол естімеген, білмейтін нәрсе жоқ деген түйін жасайды. Алланың ғылымы жер бетін түгел қамтиды. Адамның дүниеде өз еркімен өмір сүре алмайды, қалауы мен тілегі орындалмайды деген о дүниеге басымдылық беретін сопылық ұғымға біртабан жақын. Жаһм ибн Сафвон (745 жылы қайтыс болған) пікірінде «Иман - Алла туралы білім, имансыздық – Алла жөнінде ешнәрсе білмейтіндігі. Иман - пайғамбардан бастап қарапайым мұсылманға дейін баршаға барабар сенім нұры» деп ұйғарады. Иман – Алла туралы ғылым. Ислам дінін ел арасына қалыптастыру жолында қоғамдық-әлеуметтік көзқарастар жүйесін осылай пайдаланған.

Құдірет (араб тілінен аударғанда «Жаратушы ие») - Алланың құдірет күші бәріне жетеді оның шексіз қуат пен құдірет иесі екендігін білдіреді. Алланың күш-құдіреті жетпейтін, істей алмайтын ештеңе жоқ. Ол кез-келген нәрсені құдіретімен іске асырады немесе жоқ етеді. Бүкіл әлем Алланың құдіреті, ілімі мен қалауына бағынышты. Бұл жөнінде Құран Кәрім былай дейді: «Көктегі әрі, жердегі әрбір нәрселер Аллаһтан қашып құтылушы емес. Өйткені, Ол білім және құдірет иесі» - деп, Фатыр сүресі (35), 44-аятта айтылғандай, бізді Алланың шексіз құдіретіне еріксіз барша ықыласымызбен және бүтін мейір-махаббатымызбен бас иеміз. Әлемді жаратты және басқарушы да өзі.

Басар (басэрэ - парсы тілінде «көру») – Ақылға салып, ой елегінен өткізіп барып, парсы тіліндегі «басират» ол адамның ішкі сезімімен көру қабілеті. Алланың ақиқатын көкірек көзімен яғни иман нұры арқылы көру. Басар адамның ішкі сезу қабілеті. Алланың ақиқатын көзбен емес иман нұры арқылы көреді.

Жамандық көрсең нәфрәтлі,

Суытып көңіл тыйсаңыз.

Жаксылық көрсең ғибрәтлі,

Оны ойға жисаңыз – деген Абай, Алла бәрін көру қабілетіне ие, ол көрмейтін зат немесе құбылыс жоқ. Көру қабілеті мәңгілік және ол өзгермейді. Алланы көру үшін алыс-жақын, жарық-қараңғы керек болмайды. Жаратқанның ақиқат күш-қуатына ие болғанда жүректің көзімен көру арқылы зат немесе құбылыстың сырына қанық бола алады. Қазактың ұлы ақыны Абай, жоғарыда айтқан қара сөзінде: «Алланың сөзі қарыпсыз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті және басар, сәмиғ, яғни көруші, естуші деген» - Ол барлық нәрсені білдірмей танитындығын айтып отыр. «Ол ешқандай сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж» екенін ескертеді ұлы Абай.

Сәмиғ (сомеъ – араб тілінде «естуші», «тыңдаушы») - Алла ашық-жасырын, алыс-жақын, жай-тез дыбыстарды барлығын естуші. Және Оның бір нәрсені есту барысында екінші бір нәрсені естуіне ешбір кедергі жоқ. Бұл есту сипатында да Жаратушы ешбір нәрсеге мұқтаж емес. Құранда Алланың сәмиғ сипаты көбінесе «басар» және «ғылым» сипатымен бірге қолданылады. Төмендегі мысалдар соның дәлелі: «Сен - тыңдаушысың, толық білушісің» (Бақара сүресі (2), 127-аят). «Ол Аллаһ - естуші, әр нәрсені білуші» (Бақара сүресі (2), 137, 181, 224-аяттар), «Енді, кім шайтаннан бет бұрып, Аллаға иман келтірсе, ол еш ажырап кетпейтін, мықты тұтқаны ұстағаны. Алла – Естуші, Білуші» (Бақара сүресі (2), 256-аят). «Сәмеъ» ұғымының екінші бір нұсқасы, Құран оқып тұрған қары немесе шайх жаңылысқанда немесе ұмытып тоқтап қалғанда жалғасын айтатын қосымша естіруші. Бүгіндегі театрда арнайы суфлер қызметін еске түсіреді.

Ирада (эрадэ - араб тілінде «ерік», «жігер») - Алға қойған мақсатты, міндетті және жалпы жұмысты атқару, жүзеге шығару үшін адам бойында болған ерікті күш-қуат. Істелетін барша іс-әрекеттер Алланың қалауымен болатын ерік, жігер, ықтияр, ырық, тілек, бостандық. Адамның өз әрекеті мен ішкі дүниесінің дамуы өзін-өзі басқару қабілеті. Адам қалаған әрекетін жүзеге асыруда «қалағанымды істеймін» деп емес, «орындауға міндеттімін» деп өмір сүру керек. Кісі бойындағы ерік қозғалысы екіге бөлінеді; бірі еріксіз, екіншісі ерікті. Адам еркінен тыс орындалатын түшкіру, жөтелу, көздің жұмылуы, қастың керілуі тағыда басқа қимылдар, өз еркімен істелген әрекеттері бару, келу, жүру, отыру, тұру тағы басқалар. Осының барлығы Алланың қалауымен болады Алланың қалауынсыз ештеңе болмайды. Оны халқымыз тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінімен «Құдайсыз қурай сынбайды» деп тұжырымдайды.

Адамзат басындағы еркіндікті қабылдауда әр түрлі пікірлер қалыптасқаны белгілі. Еркіндіктің болуын қолдаушы «қадарилердің» (мөлшер, шама, тағдыр) пікірі, «жабарилердің» (жәбір, зорлық) еркіндік адамның жеке басында емес Алланың нұсқауымен болады жеке басында еркіндік жоқ, деген пікірді қолдайды. Жабарилер ұстанымы «туғаннан маңдайға жазып қойған, содан артық та кем де болмады» деген сопылықтың қағидасына келіп тіреледі. Қадарилер әділдік пен күнә алдын ала белгіленіп қойылмаған, жүре пайда болатын сипаттар деп түсіндіреді.

Адам қалауы санадағы ерік әрекеті мен мақсаты сәйкес келген жағдайда таңдау басталады. Таңдауға жету жолдарын адам алдын-ала қажеттілігін қамтамасыз ету үшін әдіс-тәсілдерін анықтап, белгілі шешімге келуде және оны жүзеге асыруда сыртқы дүниедегі қажеттілікпен санасады. Адам баласының еркі қай дәрежеде екендігі оның нәтижесімен көрінсе, Жігер ішкі және сыртқы кедергілерге кездеседі. Ішкі кедергілер адамның өзіне тән өзіндік ерекшелігіне бейімділігіне, қабілетіне байланысты. Адамның ішкі бейімділігін жеңе алу, өзін басқару мен өзін билей білуі ішкі еркі деп аталады. Сыртқы кедергілер қоршаған ортадағы іс-әрекеттер арқылы кездеседі. Кісінің сыртқы кедергілерді жеңуі сыртқы ерік деп аталады. Ерік-жігер тұрғысынан қарағанда сыртқы және ішкі кедергілерді жеңу бір бірімен байланысты. Ерік – саясат сахнасында санаға әсері жағынан тоталитаризмге тән. Яғни, аз ұлт пен тайпаның еркіндігімен санаспай отарлау жолында жеке басқа табынатын билік.

Еріктің негізгі сипаттары: өзін-өзі ұстай білу, қалау, ұстамдылық, шыдам, тұрақтылық сияқты қабілеттермен қоса жігердің мықтылығын құрайды.

Адамның саналылығы алдына қойған кез келген әрекетті орындауы үшін өзінің жеке бас бостандығы балуы керек. Дүниеде себепсіз ештеңе жоқ, бәрі де табиғи заңдылықпен туындайды.

Қалам – араб тіліндегі - сөз, сөйлеу. Араб елінде VIII ғасырда пайда болған Ислам философиясымен бірге дамып IX ғасырлардан XIII ғасырға

дейін Орталық Азияға кең түрде тарады. Кәлам – сөз, пікір, сөз орамы, сөздер тізбегі, сөз айыру, сөйлем, сөйлеу, сөйлеуші деген ұғымды бергенмен Алланың сөзі әріп және дыбыстан тұрмайды, оның бар екенін, оның жалғыз екендігін, ақиқаттығын дәлелдейтін ілімі болып шығады.

Кәламды жақтаушылар Мұтәкәллимдер деп аталды. Мутеъ – арабтың біреуге тәуелді, орындаушы дегенді білдіреді. Оның негізін қалаған ал-Ашъари (873-935). Кәлам да басқа діни ілімдер сияқты, көп құдайлыққа қарсы болған. Құранның Әнбия сүресі (21), 22-аятында «Егер көк пен жерде Алладан басқа құдайлар болғанда, екеуі де бұзылып кетер еді» - деп айтылған болатын. Ашъаришілердің пікірінше, Алла адамға жақын. Кәламнің айтуынша, Құран, Таурат, Забур, Інжіл сияқты кітап сөздері Алла сөзі адамда ерік бостандығы жоқ, бәрі де күнәләрі үшін Алла алдында жауаптысыңдар. Кәламнің күш-қуаты руханилер мен үстем таптардың қолында болған, билік пен ел арасында исламның күшін күшейту және өз мүмкіндіктерін пайдалануға жұмсаған.

Араб әскерінің қолбасшысы Құтайба Ибн Муслим (660-715) қазіргі Орталық Азия мен Шығыс Түркістанды VIII ғасырда жаулап алды. Ислам дінін бұл аймақта тарату жергілікті халық тарапынан қатты қарсылыққа ұшырағанын Наршаһидің (899-960) «Бұхара тарихы» кітабындағы берілген деректер айғақтайды. Оны Абай да:

Ақыл мен хауас барлығын,

Білмейдүр жүрек сезедүр.

Мұтәкәллимін мәнтикин,

Бекер, босқа еседүр, – деп, олардың халыққа ислам негіздерін түсіндіруде дәлелсіз бос сөздікке салып базиналарын батырғанын байқау қиын емес.

Мұтәкәллимдер – жер бетіндегі өмірге үнемі құдай араласып отырады деушілер үшін шартты ұғым, ешқандай сенімсіздік білдірмей, талкыланбай қабылданатын түсінік. Тәңір мен адамзат арасындағы байланыстырушы таным көзқарастарының жиынтығы ретінде танылады. Басқа ағымдарға қарағанда мұның ерекшелігі ақылға басымдық беруі.

Кәлам тарихында мутазилит бағытындағылардың философиялық дәлелдері Құран аяттары мен хадистерге сүйеніп жұмақ пен дозақтың барлығына о дүниеде Алла алдында жауап береді.

Алланың 8 сипатының соңғысы; Тәкин - әл-Ужуд – Вжуд (бар болу) – Алланың бар әрі тірі екенін дәлелдейтін жердің, оның үстіндегі мақлұқтар, аспан әлеміндегі жұлдыздар, күн, ай және табиғи құбылыстардың бар болуы. Табиғат заңдарындағы өзгерістер Алланың бұйыруымен болады. «...пендесінде де әрбірінен өз хәлінше бар қылып жаратыпты» Абайдың Ислам дініне деген ерекше өз ұстанымдары барын атап өтеді. Абай шығармашылығында қасиетті Құраннан, Мұхаммед пайғамбар (с.у.с.) хадистерінен мейлінше кең пайдаланғанын көзі қарақты оқырман жақсы біледі.

Белгілі Абайтанушы филология ғылымының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мекемтас Мырзахметұлы: «Абай 38-қара өзінде Алланың бойындағы сегіз сипатқа: бірінші - хаят (өмір), екінші - ғылым, үшінші - құдірет, төртінші - басыр (көру), бесінші - сәмиғ (есіту), алтыншы - ирада (тілек), жетінші - кәлам (сөз), сегізінші - тәкин (болдыру), өз тарапынан нақылия, ғақылия дәлелдерге сүйеніп екі сипатты, яғни әділет пен рақымды қосып 10 сипатқа айналдырады» - деп, ескертетіні бар. Абай әділет пен рақымды аз айтпайтындығын оқырмандар жақсы біледі «...біздің бастағы тағриф бойынша Құдай тағала ғылымды, рақымды, ғаділетті...» - деп, өзі қосқан сипаттарды Алланың сегіз сипатының негізін құрайтын «әділет пен рақымды» қатар қойып талқылайды.

* * *

Абайдың «...лә мәкәні» «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінде былай берілген:

Мекен берген, халық қылған ол лә мәкән

Түп иесін көксемей бола ма екен?

Және оған қайтпақсың, оны ойламай,

Өзге мақсат ақылға тола ма екен? – деген өлеңінің

бір шумағында ақын не айтпақшы, соны ойға салып көрелік. Қасиетті Құранның Қасас сүресінің 88-аятында «Барлық нәрсе өлуші, тек қана Оның өзі ғана мәңгі. Үкім - оның үкімі. Және барлықтарың жалғыз оған қайтарыласындар» - дегені, түп иесіне баратынын айтып тұрған сияқты.

Н.Д.Ондасыновтың 1989 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінің 2-томында: Лә - сөздің алдында жазылып, «жоқ», «емес» деген тәрізді болымсыз демеулік» деп көрсетілген. Демек, «Мекен берген, халық қылған ол мекен емес» дегенге саяды ол рух. Адам баласының тән мекені болғанымен жан мекені жоқ екенін айтып отырса керек. Құрандағы «Лә иләһә илл-Аллаһ» сөзі «Аллаһтан басқа тәңір жоқ» дегенді білдіреді.

Ал, парсы тілінде есімнен жасалған «Лә» сөз алды - «ішінде», «арасында», «сонда» деген ұғымдарды береді. «Мекен берген, халық қылған ол лә мәкән» - деп айтып отырғаны көктегі Тәңір әке, ата, жердегі Ұмай ана екеуінің арасынан адамзатқа белгілі бір орын беріп, «мекен берген, халық қылған». Бұл қасиетті Құранда: «Ол сендер үшін жерді жайлы орын, аспанды шатыр етті» (Бақара сүресі (2) 22-аят) деген жолдары арқылы ұлы Абайдың «...лә мәкәні» жаңағы ұлы Кітаптағы шатырдың асты емес үсті болса керек-ті. Қазақтың ұғымында «жеті қат аспан» деген ұғым бар, рухтың тұрақтайтын мекені шатырдың асты емес үсті екенін мензеп тұрған сияқты. «Және оған қайтпақсың, оны ойламай», дейді. Күш қуат барда еш пендені менсінбейтін мінездерді ақыл-парасатқа

жөндіру керек екеніне тоқтала келіп, өзінен кейінге мұра боларлық із қалдырғанда ғана ол мәңгілік саналады. Қасиетті Құранның Рахман сүресінің 26-аятында «Жер бетіндегі барлық жанды зат фәни-өткінші» деген. Және Жұма сүресінің 8-аятында: «Сендер қашып жатқан бұл өлім - әлбетте, сендерге жолығушы» «Өзге мақсат ақылға тола мекен» деп, Абай тереңнен қозғайды.

Бірақ, Абай араб тіліндегі нұсқаны алғандығы көрініп тұрады. 36-қара сөзінде ұят туралы айта келіп: «Пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәсәлләмнің хадис ширифінде айтыпты: «мән лә хаяһүн уәлә иманун ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген» деп, иманды мен имансыз адамдарды ұятты, ұятсыз деген ұғыммен байланыстыра түсіндіреді. Иман исламмен бірге келген ұғым «сену». Мұсылмандықтың бес парызы осы «иманнан» бастау алатынын барша мұсылман біледі.

Абай «Әлифби» өлеңінде арабтың 28 әріпін ретімен тізіп ғашықтықты шығыс шайырларына жырлауды мақсат еткен. «л» әріпіне байланысты «Ләм әлиф, лә иләһа илалла деп» («Алладан басқа ешбір тәңірі жоқ») деген. Және 38-қара сөзінде: «Сегіз сипат қылып және ол сипаттар «Лә ғаиру уә лә һуә» («басқа да емес, өзі де емес») деп, сегіз сипатты былай өрбітеді: «Хаят (тіршілік), Ғылым, Құдірет, Басар (қабылдау), Сәмиғ (тыңдаушы), Ирада (қалау), Кәләм (тіл), Тәкин (бар қылу)» Ұлы Абайдың өзі айтатындай «Ол – Алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж» дейді.

Қазақтар түркілік дәуірден «Түп иесін» Тәңір десе, орта ғасырларда парсылармен араласып, олардың ықпалы күшті болғандықтан Тәңірді Құдай есімімен алмастырдык. X ғасырлардан араб халифаттары исламды уағыздап Орталық Азия мен Қазақ жерін дендеп алғаннан соң Құдайдың орнына Иллаһ (Аллаһ) келді.

Ақынның төмендегі өлеңінде қазақы таныммен «Жаратқан аруақ қолдай гөр» деп «Түп иесіне» сыйынып, Тәңірге сенушілік бар.

Көңілге шек шүбәлі ой алмаймын,

Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.

Ақылдың жетпегені арман емес,

Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын. – деген жолдарда ақиқат өмірдің ерекшелігі негізінде адамдардың қандай негізгі құндылыққа ұмтылатыны тұр. Сонымен қатар, адам санасынан тыс өмір сүретін кеңістік пен уақытты «Ақылдың жетпегені арман емес» деп, белгіліден белгісізге қарай философияның индукция тәсілі ойлаудың жекеден жалпыға қалай «Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын» түсіну мүмкін емес дейді.

Кеңістіктегі уақыт сызығы бір түзудің бойымен тартылған, қайтып оралмайтындығы «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінде:

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,

Иіліп, екі басын ұстаған хақ.

Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,

Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бак.

Бұл өлең жолдарымен Алланың мекені болмайтындығын, Жаратушы жалғыз иені көксеуімізді және Сол Құдіреті күшті Алла Тағалаға ғана қайтатындығымызды айтқан, Әбу Ханифа ән-Нұғман ибн Сәбит ал-Куфа 699 жылы Куфа (Ирак) қаласында дүниеге келіп, 767 жылы Бағдатта қайтыс болған. Имам Ағзам атымен ел арасына таныс. Кейбір зерттеулерде де Имам Ағзам есімімен кездеседі. Құранды жатқа білген. Оның «Китаб ал-фикх әл- акбар» («Көлемді заңтану кітабы») және өсиет «әл-Муснад» кітаптары жетіп келген. Абай өлеңнің екінші жолында («Түп иесін көксемей бола ма екен») Алланы көксеу туралы айтады. Көксеудің мағынасы махаббат, ғашықтық, сүйю. Өзіңе мекен берген, халық қылған, яғни, Жаратқан иенді сүйіп, барша әрекетінді сол үшін атқармай, «Және оған қайтпаксың оны ойламай», — деп келеді де, ойлау – Алланы еске алып, зікір етуді нұсқап, «Өзге мақсат ақылға тола ма екен», — деп, түйеді. Абай өзіне дейінгі өмір сүрген ислам зерттеуші ғалымдарының жолын ұстанғанын бізге байқатады.

Өз сенімін күйттеген, осы сенімді өлең жолдарымен халықтың санасына құя білген, бірегей қазақ елінің ұлы тұлғасы, Құран және Пайғамбар (с.ғ.с) жолынан таймаған сүйікті бабамыз - Абай. Ұлы ақын «Мекен берген, халық қылған ол лә мэкән» деуінде ол кісінің Жаратқан Алла Тағаланы өте жақыннан танығандығын байқауға болады. Ал, жаратушысын жақын таныған адам Оның ризалығына бөленері, жаманшылық атаулыдан аулақ болатындығы, халқының қамын ойлайтындығы, тек жақсылық жасауды ғана мақсат тұтатындығы айдан анық. «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті» дегені түсінген жанға бұдан артық сөздің қажеті бар ма?!

Абай өзінің 38-қара сөзінде қазаққа ахиданы қазақ ұғымына сай тамаша әрі дәл түсіндіреді: «...Алланың сөзі – қаріпсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын құдіреті және басар, самиғ, яғни, көруші, естуші деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты».- деп келеді де, «Алла қайда?» - деген сұраққа «Ла Макан» мекені жоқ, мекенсіз, Алланың мекені болмайтынын соқырға таяқ ұстатқандай етіп береді. Осы ой Абайда тек әншейін айтылмаған, ол 27 кара сөзінде «Өлшеусіз ұлы ақыл» барын айтқан. «Лай суға май бітпес қой өткенде» - деген өлеңінде ақыл мен жанның мәңгілік тұрағы «ол лә мэкән» туралы айтқан. Ұлы Абай тағы да «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деп басталатын өлеңінде:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтіп келіп, ойнап күлмес.

«Мені» мен «Менікінің» айырылғанын

Өлді деп ат қойыпты өңкей білмес. – деп тәннің табиғатқа тиісті екенін аңғартып, жанды адам сипатында алып отыр. Жанның мекен ететін орны тән яғни, «Мекен берген, халық қылған» кеуде,

жүрек «мені» мен «менікінің» айрылысуы жүректің тоқтауы, бірі жерге, екіншісі көкке кетеді. Абайдың «лә мәкәні» яғни, мекен емес дегені, жанға тән де, кеуде де, дене де ешнәрсе мәңгілікке мекен бола алмайды екен.

Адамның басты мекені Абайша «ол лә мәкән». Ол тек «түп иемізге» ғана мәлім. Біз «ол лә мәкәннің» қай жерде екенін біліп алсақ, адам болудан қаламыз. Адам баласының осал тұсы осында, бұл дүниеде табиғаттан, болмысынан бөлек өмір сүре алмайтын мәні бар. Адам жанымен ақылы тәннен босағанда барар жері «ол лә мәкән» яғни ол мекенсіз көзбен көрмейтін құлақпен естімейтін, қолмен ұстай алмайтын аспан тұңғиығына сіңіп рухқа айналды.

Бүкіл халқымызды толғандырған Абайдың теңіздей терең таланты күн өткен сайын биіктеп, ақынның әрбір сөзі жібекке тізген меруеттей мөлдіреп, көз жауын алса, салмақты да салықалы ойлары жаныңды тербеп, көңіліңді биікке көтерері сөзсіз.

* * *

Абайдың айтатын «ижтиһат» сөзі ауызекі тілде және түрлі басылымдарда - Иждағат, Ыждағат, Иждихат, Иждиһат. Абайдың өзі төрт түрлі пайдаланған, мәселен; Ижтиһад, Ижтиһат, Иждиһад және Еждиһат. Біз өз сөзімізде 10 томдық Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы 9-томында қолданылған «ыждағат» түрін пайдаландық. Абайдың тілін бұзбай өзінің айтуы бойынша қолданылуды жөн деп санадық.

Ыждағат – арабтың әл-иджитхад деген сөзінен алынып, қазақша «тырысу», «талпыну», «әрекет ету» дегенді аңғартады. Діндар адамдардың діни құқықтық зерттеуді Құран арқылы жүргізіп оның ғылыми негізін танып білуге әрекеттенетін әдіс-тәсілдер; «...ғылым, рақым, ғадалат үш сипатпенен сипаттанбақ: ижтиһаттің шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық инсаниятың бар болды» (38-қара сөз) - деген Абай діни ойшыл зиялылардың қасиетті Құранға сүйенген діни зерттеуге бағыттап тұр. Исламды елге таныту жолында барынша талпынған діни үгіт-насихат жүргізушілер. Әсіресе бұл әрекетті толық атқарғандар Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өзі және Ол қайтыс болғаннан кейін оның сахабалары жер бетіндегі әр адамға исламды сіңдіру жолында аса талпыныс жасауының бір көрінісі, Еурапаның кіндігі Испания елінен бастағанына тарих куә.

Уақыт өте келе халықтың тұрмысы өзгеруіне байланысты ислам қағидаларын тұрмыс-салтқа қарай бейімдеуде шешімі табылмаған жағдайда аса құнды біліктілік қажетсінді де діни-құқықтың тұтас жиынтығы «ыждағат» дүниеге келді. Ол VII ғасыр мен XI ғасыр аралығында шиелініскен саяси-әлеуметтік тоқырау кезеңінде пайда болып өмір сүрді, кейін келе діни мектептер мен медреселер пайда бола бастады, бірақ бұлар халықтың әдет-ғұрыптарымен етене араласып исламды халық

арасында салт-дәстүрімен қатар алып бара алмады. Мәселен, Ибн әл-Жаузи (1116-1200) сынды белгілі ыждаһатшылар Исламның жаңашылдығын өркениетпен байланысын ескіні қолданыстан шығарып жаңаны қабылдайтын философиялық зандылықты ескермеді, дәл осы тұста діннің бағытын өркениетпен қатар алып жүретін тырысушылар (ыждағатшылар) жаңа бағытқа ілесе алмады. Солардың бірі Ибн Таймийа (1263-1328) ыждиһат ережелерін анықтауда Құран мен хадистерге сүйенді. Пайғамбарларға зиярат ету және әулиелерге сыйынуды қолдамаған. Оны Абай: «...бенделіктің кәмәлатты әулиелікпен болатұғын болса, күллі адам тәркі дүние болып һу деп тариқатқа кірсе дүние ойран болса керек» деп негіздейді. Ибн Таймийа мемлекеттің дінмен бірге болуын қалады. «Қуатты мемлекетсіз дінге қауіп төнеді, ал шарифатсыз мемлекет рақымсыздыққа алып барады», «Билікке ұмтылу – қара бастың қамы үшін байлыққа ұмтылумен бірдей» деген пікірде болды. Кеңестік өкіметтің «Дін мемлекет қаржысымен ұсталмайды және меншігі болмайды» - деген ұстаным бүгінге дейін созылып келеді. Қазақстан Республикасы Ата Заңында (Конституция) көрсетілгендей дінді мемлекет қазынасынан қаржыландырмайды, өзін-өзі қамтамасыз етеді, азаматтардың рухани бірлігін қарастырады.

Жаңа дәстүрге жаңашылдық ендіруде исламға сүйене отырып және исламның мәртебесін арттыру мақсатында жүзеге асыру осы дін жетекшілерінің міндетіне жатты. Оған Абай: «Бұлар - өз ижтиһадің бірлән ниет халис бірлән ізденсең ғана, берілетін нәрселер, болмаса жоқ» - деп, дін жетекшілерінің бір ұстанымға келе алмай Құран мен пайғамбардың хадистерін негізге алған болып бұрмаланған тұстарының көбейе бастағанын ұлы ақын кесіп айтты.

Мектеп-медреселерде окитындар аз болды, оқығандар алдыңғы ойшыл-ғұламалардың жазғандарын көшірумен айналысып, оның ішкі және сыртқы мазмұнына тәпсір жүргізе алмады. Сондықтан да, ыждағат міндеттерін жете түсініп, өмір талабы тұрғысынан ислам қағидалары бұқараға тиімді тұстарын жақындастыра алмай алшақтық пайда болып, кейін келе түрлі ағымдардың пайда болуы да содан. «Құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсені хикметсіз тәклиф қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғауам былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке ижтиһат ләзім» (38-қара сөз) – демек ұлы Абайдың айтуы бойынша ыждағат әрбір жанға міндет болуы тиіс.

Олар әсіресе Орта ғасырларда сүнниттер діни құқықтық көзқарасын білдіретін көшбасшылары шарифат ғылымы мен үкімдерін нақтылайды. Ал, шиалар тобына бөлінуі олар діни құқық мәселелері бойынша қорытынды пікір айта алатын әрі соңғы үкім шығара алатын білімдарлар болды. Әрқайсысы өзіндік саяси мақсаттарына жету үшін дінді саясатқа айналдырып, мұсылман қоғамын өздері ғана туры жолмен бастап баратынын, мемлекетті басқаруды өздері ғана басқару керек деп тауып

түрлі дәлелдермен саясаттарын дінге сүйеп өздерін исламның шынайы өкілі етіп көрсетуге тырысады. Бұл тек исламда ғана емес басқа діндерде де көрініс тапты. «Бөлінгенді бөрі жейдінің» кері келіп, бір-бірін қаралап, жолдан таюшылар балағаттаудың соңы қасіретке алып келіп соғатыны белгілі.

Бүгінде Ислам мемлекеттерінің өз ішінде атыс-тартыс, жаға жыртқыс өршіп тұруы жақын уақытта толастар емес. Адам баласының ақиқатты түрліше түсінуі ақыл мен ерік, қалауы мен қабілеті, көзқарасы мен ұстанымы ерекше жаратылғандығы бірі жақсылыққа бейілді болса, екіншісі ғылым-білімін, қарым-қабілетін өз пайдасына, нәпсісіне қарай бұруы Алланы ұмытып арандатуға алып барады. Оны Абай «...күдайтағаланың қуатымен ижтиһад ақылыңменен тауып, рахатын көрмегіне бола жаратқан» (38-қара сөз) және оны «суық ақыл», «ыстық ақыл» деп бөліп айтатын тұстары да бар.

Осы арада қазақтың ханафи мектебі бойынша тәлім алғанын, сенім бағытында хақ әлһи сүннит бойынша жүргенін аңғару қиын емес. Абай сынды ғұламалар аят пен хадисті халыққа ұғыныңқы және оңай тілмен түсіндіру жолын ұстанды. Басқаша айтқанда, дінді толығымен дәлелге сүйене отырып, шарифатты ақиқаттан ауытқымай жеткізді. Абайдың бұл сөзінің қайнар көзі Құран екені анық. Адамзаттың жаратылу мақсаты жайлы Алла тағала: «Жын мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым», – деген.

Бүгінгі күнде ыждағат етудің түрлі бағыты дендеп барады. Ислам мемлекеттерінде әлемдік қатынастарды шешу жолында Заң Академиялары, елге қызмет ететін ірі банктер және дипломатиялық қарым-қатынастар құрылып жатыр.

* * *

Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінде ислам халық арасына ене бастағанда, бір ұстанымға тоқтай алмай, әртүрлі сенімде исламнан алдыңғы, исламмен қатарлас діндер және исламның өз ішіндегі сенімге деген адасушылықтан туындаған әрекеттердің бірі бақсы туралы оны Абай:

Моласындай бақсының

Жалғыз қалдым - тап шыным! – деп аяқталатын өлеңі қазақ қауымының қоғамдаса алмай бірлік кетіп қолынан, басқаның жемтігіне айналған мақлұқтай болғанын көріп, халқының болашағына ызалы ұлы Абайды көреміз. Біздің айтпағымыз бұл емес «бақсы» термин сөзі туралы болмақ. Осындағы бақсылар кімдер? Исламда бақсыларды бөлек жерлеу себебіне де тоқталамыз. Халықта «Бақсыны байым бар деме, бұқаны малым бар деме» деген сөз қалған.

Сонымен, «бақсы» - сөзі өзіміздің сөздік байырғы қорымызда кездеседі. Бақсы түбірін кәдімгі «бағу» (күту, емдеу) сөзімен байланыстырған қазақ бақсылығы жайында «Шаман» мағынасындағы бақсы сөзі іргелес отырған қырғыз, ұйғыр, өзбек халқында да кездеседі. Арабтың «бахши» сөзі буддаларға тиісті айтылған, монах, сопы, тақуа, имам, шайх деген ұғымға сай келеді. Қытай тілінде «бо ши» «үйретуші, білімдар» мағынасында қолданылады екен. Бақсылар тылсым дүниенің сырларын алдын ала біліп отыратын қабілетті адам деген түсінікпен; дем салушы, балгер, тәуіп, балшы, көріпкел, түрлі сиқыр иелері, көз байлаушылар ретінде жұртқа таныс. Бақсылық шаман дінінен келе жатқан ұғым. Олар табиғаттың тылсым күштерімен байланысқа еніп, ондағы түрлі рухтарды өз қызметіне пайдалана отырып, адамзатқа қаскүнем күштерге төтеп бере алатын адам деп түсініледі.

Төсек тартып жатқан, емге зәру адамдарға зікір салу жолымен емдеу көне шаман дінінен келе жатқан тәсіл, ол біздің салт-дәстүрімізге ілгеріден қалыптасқан. Ол кейін келе ислам дініне де өтті. Исламда Хакпен табысу немесе Жаратқанды еске алу, аса дағбыраға түспей үнсіз Аллаға ғибадат ету жолымен зікір салу арқылы ауруды емдеуді іздейді. Олар өткен әулие-әнбиелерінің аттарын атап, Тәңірге жалбарынады, көмектесуін өтінеді, сырқатты емдеу әдістерін сұранады. Зікірдің екінші түрі бақсы жын-перілерді шақырып, аса даурығу жолымен зікір салу бұл ислам қағидаларына қайшы келеді. Зікір салу қазақ халқы арасында ХХ басырдың басына дейін яғни кеңес дәуіріне дейін орын алып келді.

Зікірдің екі түрі бар; бірі «жаһил зікірі», екінші «һафиза зікірі». Жаһил – арабтың әл-Жаһилия «білімсіздік» деген сөзінен шыққан. Арабтардың исламнан алдыңғы өмірі әл-Жаһилия дәуірі деп аталған. Мұны алдыңғы заманда білімсіз исламға дейінгі арабтардың көзін ашқан исламның ағартушылық тарихи дерек деп түсіндіреді. Халық арасында қалыптасқан зікір өзінің мақамына салып, көбінде қобыз және кепшіктің сүйемелдеуімен дауыс шығарып жынын шақырып жыр жырлау. Өзін жартылай жоғалтқан денесі ештеңені сезбей ерекше әрекеттерімен жұртты таң қалдырады. Олар іс-қимылымен тандандыру негізінде ауыру адамның назарын басқа жаққа яғни танданыс туғызатын ерекше оқиғаға бұру арқылы көңілін бір сәтке сергіту. Мәселен қып-қызыл шокқа қыздырылған темірдің үстінде жүруі, қыздырылған пышақты тілімен жалауы, сындырылған шынының үстінде немесе тақтаға қағылған шегенің үстінде жүруі ауру адамның бойындағы ауруды қоздырып тұрған жын-шайтанды қолындағы аса таяғымен, пышағымен немесе қамшы тағы да басқа құралдарды сілтеп «көш-көш» деген сияқты сөздермен адам денесінен ауруды тылсым дүниеге көшіреді деп түсінілген. Бақсы ойынының шарықтау шегі бұл исламнан алдын шаман дінінде болды. Ислам дәстүріне кейін, уақыт өте келе қалыптасты. Абайдың «Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым тап - шыным» - деп, ұлы ақынның өз басындағы көңіл күйді мұсылмандар моласына бақсыларды

жерлемегендігімен байланыстырып отыр. Олар бақыстарды көпір-дінсіздер деп саналған, өйткені, кәсібі жағынан ел арасында көне салт-дәстүрді бұдбарастар сақталған зікір салу шамандықтың белгісі исламға қатысы болмаған.

Зікірдің екінші түрі Ислам дінімен бірге қалыптасқан «нафиза зікірі» Құран сүре, аяттарын толық есте сақтаушы, Қари. Іштей қайталау арқылы адам бойындағы ауру-сырқауларды іс-әрекетсіз тек Алланың құдіреті ғана қайтара алады деген түсінікпен үнсіз ғибадат ету жолын ұстанған. Оны кез келген молдалар оқи бермейді, өзінің арнайы діншіл адамы немесе молдасы болады. Исламға кеш келіп кенже қалғанымызды Абай өзінің «Біраз сөз казактың қайдан шыққаны туралы» еңбегінде: «Сөйтсе де, бұрыннан бақсы-балгерлерге иланып, отқа-шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсініп кете алмапты» - деген сөзі казактың исламға қаншалықты деңгейде екендігін көрсетіп тұр.

Зікір салу сырқатқа ғана емес, оған қатысып отырған көрермендерге де әсер етеді. Өйткені, бақсы өзін де, өзгені де ерекше күйге түсіре алатын қабілет иесі. Ол сырқаттың жан-дүниесін көз байлау арқылы сенімге кіру арқылы кеселді емдеудің ортақ, нақты ғұрыптарға негізделген тәртібі емдеу тәсілдері болған.

Балгерлердің емшілікпен қатар балгерлігі, келешекті болжайтын жұлдызшылар болған. Жеке адамдардың өткен өмірін баяндап берумен қатар болашағын да болжап беретін көріпкелдер болғандығы өмір шындығы. Қазіргі кезде шамандықтың сақталған тұсы Сібір өңірі тұрғылықты халықтары буряттар, сахалар, хакастар, топалар, ханттар, мансилер, ненецтер тағы да басқа халықтар тұрмысында сақталған.

Бақсының жындарын шақырған кезде бақсы даңғыра, кепшік қағып, асатаяқпен жер түйгіштеп, ұстағанымен ауа қармап, қамшысымен оскылайды. Жындары қасына «келіп», олармен байланыс жасаған сәтінде бақсының бет-бейнесі өзгеріп, шақырған жыны бойына еніп, ем, көріпкелдік жасайтын бабына келеді

Жер бетіндегі тірі жәндік жан мен тәннен тұрады. Жан – аруақ, рух болса, тән – иесі пері, шайтан, арбаушы жын, албасты деп қарастырылады. Осылай адам баласының жақсылығына да жамандығына да жол таба білетін бақсы-балгерлер болған деген түсінік ежелден қалыптасқан. В.В.Радлов: «бақсы – бақшы – кобызда иә асада ойнайтын қазақтардың шаманы...» - деп, дуалаушы, сиқыршы деген мағына беретінін жазады. Өбубәкір Диваевтің жазуына қарағанда бақсылар улы жәндіктер шаққан адам немесе малды жындарын шақырып, арбау арқылы қарақұрт, сарышаян, бүйі, жылан сияқты улы жәндіктерді арбау арқылы уытын қайтарған. Майбасар, Тәкежан, Жиреншелер бұны сырттан қалжың әзіл етіп: «Әйгерімді алды да, дидарынан көз ала алмай қалды ғой. Аспандап жүрген жігіттің жылан арбаған торғайдай топ етіп түсті ғой Байшора қызының қасына» - деп, Абайды күндеп отырған ағаларының сөзінде де ескіден келе жатқан дәстүрдің бар екендігін аңғартады.. (М.Әуезов «Абай

* * *

Ұлы Абай 43-қара сөзінде: «Ішсем, жесем демектің басы жибили, ұйқтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу, бұлардың да басы – жибили. Ақыл, ғылым бұлар – кәсіби» - деп, адам бойындағы жибили (табиғи) мен өсе келе қалыптасатын кәсіби қабілет деп келеді де 7-қара сөзінде: «...ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары.» Жан мен тән арасындағы қасиеттерді «Адам баласы екі нәрсемен: бірі – тән, бірі - жан. Ол екеуі орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили, қайсысы кәсіби, оны білмек керек» (43-қара сөз) - деп, терең ойға сілтейді. Жан болмаса тән өмір сүре алмайды, ал, жан тәнсіз өмір сүре алады. Жан бұл фәниде тәнмен бірге өмір сүргенмен екеуі екіге бөлініп ақырет махшарда қайта табысады, яғни қайта тіріледі

Ақыл мен жан «мен», тән «менікі»,

«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі. – деп екеуі екі басқа ұғым, екеуі қосылып адамды құрайды. «Ол – жерді ұлан-ғайыр қылып жаратып, онда орналасқан таулар мен өзендер пайда қылды. Ол жердегі әр жемісті екеуден – жұп етіп жаратты. Ол түнді күндіздің үстіне жабады, әлбетте, бұларда пікір ететін қауым үшін аят-белгілер бар» (Рағыз сүресі (13) 3-аят) – деген Құран сөзінен жан мен тәннің жұптасуынан фәнидегі барлық мақлұқты, соның ішінде адамзатты ерекше атаймыз. Жанның заттық қасиеті болмағандықтан ғылыми тұрғыда нақты дәлелдеу қиын. Ол Аристотель мен Әл-Фарабидің зерттеу мінберінде болып, оған Абай да тер төкті. Жан мен тән туралы діншіл «тәфаккару» (Абай) ойшылдар тәннен айрылысып рухқа айналған жанды айтады. Абайдың алдыңғы даналардан ерекшелігі жанды ақылмен бірге егіз ұғым ретінде қарастырады. Ақыл адам санасынан тыс дүниедегі заттар мен құбылыстардың табиғи заңдылықтары пікірдің тереңдігі, сыни көрінісі, сәйкестік, лайықтылық үйлесімділік, жан-жақтылық, кеңдігі мен тездігі ақылдың ең негізгі сипаттары болып саналады.

Ақылдың мүмкіндігіне қарай, негізгі құрылымы тәлім-тәрбие тұрғысынан сапалы дамиды. Ағартушылық дәуірде ақылға сыйыну кең түрде жүрді. Ағартушылық ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда қатты дамыды. Шығыс елдерінде оның күші әлеуметтік қоғам кең етек жайған кемшіліктерінен арылу халықтың сауаттылығы арқылы ақылдылығы арқылы нәтижеге жету көзделді.

Ұлы ақын өзіне дейін белгілі болған жан мен тәннің арасында болатын жибили және кәсіби ұғымдарын жан-жақты ашуға

тырысқандығын көруге болады. Адам ағзасына қажетті табиғи болмысына қоса, білуге деген талпынысты да жибили деп атайды. Ал, кәсібиге ақыл мен ғылымды жатқызады. Жибили мен кәсіби сияқты екі ұғым Абай өзі айтатын «Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен искеп тыстағы дүниеден хабар алады» - деп, сыртқы бес сезім жибили қуаты арқылы бірігіп кетеді екен. «Ақыл, ғылым – кәсіби» деген Абай оларды адамзат бойында жүрегіне ұялап білім мен еңбек арқылы дами алатындығын айтады.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек

Жибили – парсы тілінен алғанда «табиғи», «тумысынан», «жаратылысынан», «қалыпты жағдай» деген мағыналарға ие. Абай айтатын жибили қуаты, жан қуатына сәйкес келеді. Адам баласы жас кезінде әлсіз, талапсыз болғанымен адам есейген сайын ол да арта береді. Ол қуаттың ескерусіз қалып тежелгенінен Абай қатты алаңдайды. Оны кішкене болса да сақтап қалып, уақыт келе дамытуға әбден болатынына кеңес береді. Жас жеткіншек өсе келе құлқынның құлы болып ішіп-жеумен ғана өмір сүрмеу керек жан қуатын үнемі дамытып отыру керектігін ұлы ақын баса айтады.

43-қара сөзінде жан қуатының үш жағын көрсетеді: 1. жігер мен сергектік «... болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда бармейді» 2. заттардың бір-біріне тартатын ұқсастық күшін білуге құштарлық. 3. «жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттықпен кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады» деп, білудің және оны тұрақты дамытудың негізі осы үш ғылымның бастауы қуат көзі деп қарастырады.

Абай жан қуатына үлкен басымдылық беру арқылы тән қуатының да ерекшелігіне толық тоқталады. Жан қуатының азығы тән қуатында, өйткені ішке сырттан әсер болатыны тән жайлы тоқталады. Тән қуатының дәулеті күнделікті күнкөріс тіршіліктің байлығы болса, жан қуатының байламы іштей жиналған рухани байлық - ақыл мен ғылым. Ол қолдағы мұз сияқты оны сақтай алмасаң айырыласың Абай «Мансап сүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілдік, ...Бір ақыл қуатымен мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат – екі мықты қуат қосылып тоқтатады» - дей келіп айтылған екі қуаттың бірі болмаса да адам баласы жаман әдетінен құтыла алмай ды екен.

Бүгінгі күнде билік жолында жүрген шенді-шекпенділер сырттан келген байлыққа мастанып ішкі рухани байлықпен қарулануға мән бермей парақорлықтан айырыла алмайтындығы ақыл мен қайратты бірдей ұстай алмай «...Бір басы қатты асау ат, жүгенсіз тауға ұра ма, тасқа ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма – құдай білсін» (43-қара сөз) мінген «аттары» заң торына келіп ұрып жатқанын көріп жүрміз. Тәуелсіздіктен кейін ғылым мазмұны жаңа сатыға қарай өзгерді: рухани пәндер қатарына жататын имани тасауф ғылымы қалыптасты, хадис білімдері игеріліп ислам ғибадатына жол ашылды. Шет ел ғалымдарымен байланыс жасалды. Ұлт

дүниеқарасын дамыту, тәлім-тәрбие, құлық нормаларын өмірге алып келу, өркениет елге сай етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің негізгі мақсаты.

* * *

Абай 18 - кара сөзінде «Тегінде. адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық», – дейді. Жастарға ғылым-білімнің қасиетін білу, ол үшін ғұлама ғалымдарды үлгі өнеге тұту жолын айта келіп, «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде:

Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма
Мұны жазған, білген құл –
Ғұламаһи Дауани.
Солай депті, ол шыншыл.
Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма.
Жас уақытта көңіл - гүл,

деп, Ғұламаһи Дауани есіміне арнайы сілтеме жасайды, көп мәселенің сырын ұқтыру тұсын көлденең тартады. Шындығында осы Ғұламаһи Дауани кім?

Ғұламаһи Дауани - Шығыстың XV ғасырда өмір сүрген ойшыл философы, фақһтанушы (дін тарихын зерттеуші) ғалымы. Ғұламаһи Дауани жөніндегі шығыстанушы ғалымдар зерттеуіне көз салсақ, Абайдың өзі оған соншалықты мән беріп, «сөзін оқы және ойла» деп жас ұрпаққа өсиет қалдыруында, арнайы тілге тиек етуінде үлкен сыр жатқанын көреміз.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Абайдан кейін абайтану тарихында алғаш рет Ғұламаһи Дауани деген лақап атты осы қалпында берік қалыптастырып, тұңғыш дерек-мағлұмат беруші филология ғылымдарының докторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мекемтас Мырзахметұлы болды. Абай қолданған «Ғұламаһи» атауы оқымысты, ғұлама деген мағынаны білдіреді. «Дауанидегі» «и» дыбысы белгілі бір жер атына байланысты жалғанатын жұрнақ қазақша «дауанилық», яғни, «Дауани деген жерден шыққан кісі» деген мағынаны береді.

Дауани басқа ойшылдар сияқты мемлекетті басқару жүйесіндегі мемлекет басшыларының міндеті туралы да ғылыми тұрғыдан ой қорытып, дәлелдеуге тырысады: «Мемлекет патшасыз болмайды, патша - мемлекеттің дәрігері. Жақсы емдеген дәрігерді халық қалай құрметтесе, елді басқарған қайырымды, әділ патшасын жұрт солай сүйген», - дейді. Патша мемлекетті басқарудың жөн-жобасын жақсы білумен қатар, мемлекетке төнген қауіпті алдын ала сезіп-біліп отыратын болса - қабілетті, пікір ойы анық, көреген, ақылды болғаны. Патша елді алаңсыз

басқару үшін, оның басқару қабілетіне қоса, жеке байлығы, дәулеті жағынан да қолы ұзын болғаны жөн. Дауани басқарушының бойында төмендегі мінездердің болуын көздейді: жомарттық, дәлдік, тұрақтылық шыдамдылық, молшылық, қолбасылық, шешендік, данышпандық. Осы сияқты қабілеттерге ие болғанда ғана, елді ойдағыдай басқарып, бүкіл қауымның ойынан шыға алмақ.

Дауани «Ахлақ-э Жалали» еңбегінде ел басшыларының міндеттерін жүйеге түсіріп, басқарудың ғылыми жолдарын көрсетіп берді. Патша аса бейімді болумен қатар, тәлім-тәрбиесі жағынан да біршама жетілген, үлгілі, өнегелі болмағы шарт. Өзі берген бұйрықтардың орындалуын ізінше бақылап тұру, сайқы мазаққа берілмеуі, өзінің бос уақытын халықтың игілігіне, мемлекеттің мүддесі үшін сарыптауы, ел ішіндегі көрегендердің ақылына құлақ салуы, қабілетті маман кісілерді өз қасына алып, орын-орнына қоюы - мемлекет болашағын дұрыс шешу болып табылады. «Егер - дейді Дауани - кедей адам патшасының алдына өтінішпен келген болса, бірақ оны қабылдауға уақыты болмаса, сенімді орынбасарының біріне тапсыру керек, ол мұқтаждықпен келген кісіні әбден тындап болған соң, оның талабын қанағаттандыруы тиіс. Патша өзінің берген тапсырмасының қалай орындалғанын ізін суытпай тексеруі керек. Кім болса, ол болсын, патшаның алдынан риза болып шықсын». Осы сппатты ел басқарушыға байланысты түрлі мәслихаттар мен кеңестерге Дауани кітабының соңында мол орын берілген.

Дауани «Ахлақ-э Жалали» кітабын жазуда өмір тәжірибесіне көп сүйенгендігін байқауға болады. Қасиетті Құраннан қажетті үзінділерді сол қалпында, Мұхаммед (с.ғ.с.) хадистерін араб тілінен аудармасыз тікелей пайдаланған. Құран сөзі, хадис ұлағаттарымен кітаптың іші тола деуге болады. Сонымен қатар, гректің ұлы ойшылдары Аристотель мен Платонның пікірлерін жиі қайталап философиялық даналықтарын автор керекті жерде орынды пайдаланып, ойлы тұжырымдар жасап отырған. Шығыстың алдыңғы қатарлы ойшылдарының және шайырлары мен философ-ғалымдарының өміршең қанатты сөздерін ретті жерінде орайымен қолданудан тартынбаған.

Дауани кітаптың жазылу себептері мен мақсаты, адам баласының мінез-құлқы жөнінде айта келіп: «...мінез-құлық - жамандық пен жақсылықтың арасындағы қалыптылық», - деп анықтама берген. Бұл кітапта автор адамды жас кезінен тәрбиелеудің маңызын терең ашады, бала - бауырым деп тәрбиелемей, оны болашақтың сенімді тұтқасы, белсенді мемлекет қайраткері, келешек өмірдің иесі деп тәрбие беруді мақсат еткен. Адамзатты тәрбиелеу жолында тіршіліктегі көп нәрсе өз әсерін тигізбей тұрмайды. Табиғат бесігі мен оның саяси-әлеуметтік ортасы адам үшін тәрбиенің негізгі азығы болатынын ескереді. Адам дүниеге келіп, ер жете бастаған кезінен бастап үйрене білудің екі жолы бар: біріншісі, өзінің отбасы болса, екіншісі, айналасымен, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы деп көрсетеді.

Дауани өз заманы талабына қарай, әр адамның өз еңбегімен күн көруі үшін, белгілі бір кәсіп иесі болуы алдыңғы кезектегі міндет, шарт деп ұғады. Қасиетті Құранды оқып шығып, Құранда ғибараттарында айтылғандай етіп тәрбиелеу - әрбір ата-ананың әр мұсылманның міндеті, борышы деп байлам жасаған.

Дауани өз кітабында: Алла тағала о баста адам, періште, шайтан үшеуін де жер бетінде бірдей, тең етіп жаратқан, оларды үшеуін де сынақтан өткізді, ақтық, жақсылық, рақым, мейір шапағат жолында адам үлкен жауапты сынақтан мүдірмей өтіп, алланың жердегі сенімді серігіне айналған дейді. Сол себепті Алла адамдарға ақыл-ес, парасат, ар-намыс, ойын жүзеге шығару үшін тіл берді, - деп адам баласына деген Алланың сүйіспеншілігін мадақтаған.

Дауанидегі осы ой желісін Абайдың «Алла деген сөз жеңіл», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңдерінен. Алланы дәріптеу турасындағы ой-толғаныстарынан, үш сүю, иманигүл туралы пікір, танымдарынан көреміз. Ғұламаһи Дауанидегі Шығыстың даңқын әлемге жайған, заманындағы айтулы адамзаттардың бірі, қоғам қайраткері, теолог, ғұлама ғалым, аудармашы, публицист, философ, асқан педагог екендігі осы айтылғандардан-ақ айқын танылса керек.

Ол атақты қоғам қайраткері де бола білді. Дүйім елді басқарып, қауымды аузына қаратқан шешендігінің, ерлігінің арқасында заманында абыройға бөленді. Қандай дау, кеселді түйін болсын, әділ шешімін бере білген қазылық қызметі арқасында да даңқы шықты. Дін заңы фикхты терең меңгеруімен де көзге түсті. Ол өзі жазған құнды ғылыми еңбектерін Құранның сөздерімен, Мұхаммед (с.ғ.с.) киелі хадистерін, өз-пікіріне дәйек ретінде үнемі орайымен, орнымен пайдаланып отырған. Дауанидің бойындағы ең құнды қасиеттерінің бірі - аудармашылық қабілеті. Орталық Азияны араб басқыншылары басып алғаннан кейін, араб тілі мемлекет тіл және ғылым тілі болып қалыптасқан еді. XV ғасырдан бері қарай әр халық көбінесе өз тілдерінде сөйлеп жаза бастаған. Дауани өз ана тілімен қоса, араб тіліне өте жетік болғандықтан, араб тілінде жазған еңбектерін парсы тіліне парсы тілінде, жазған еңбектерін араб тіліне өзі қолма-қол аударып отырған.

Көсемсөз шебері Дауани қоғамдық өткір мәселелерге өзі тікелей араласып, қоғамдық ойға бағдар беріп отырған. Еңбектерін халқына баспа, қолжазба, көшірме арқылы таратып, өзі билік еткен өлкеге жан-жақты ықпал етіп отырған.

Шығармашылықпен ғана емес, өз бойындағы тамаша тәрбиесі мен ұлағат үлгі-өнегесін, тәжірибесі мен бар білімін сарқа пайдаланып, бала оқытуды, ұстаздық қызметті өмірінің максатына айналдырған.. «Дор ұлтм», яғни жетімдер үшін басқарып, онда оқыған шәкірттеріне дәріс беру, ұлы адамгершіліктің асыл мұраттарына баулу жолында бойындағы рухани қуатын аямаған. Осы қызметін Шираздағы расатханасында қызмет еткен жылдарында да жалғастырған.

Шығыстың атақты оқымысты ғалымы, ақын, философ, қоғам қайраткері Ғұламаһи Дауанидің өмірі мен қызметі, ғылыми шығармашылығының сипаты, негізінен осы тұрғыда. Ендігі міндет - Дауанидің басты еңбегі «Ахлақ-э Жалали» мен Абай шығармашылығының байланыстарын айқындау. XV ғасырда дүниеге келген «Ахлақ-э Жалали» еңбегі қоғамдағы адамзат ой-пікірінен елене өтіп, өзінің сапалы нәтижесін көрсетті. Алдыңғы қатарлы құлықтық тәрбие орта ғасырдағы Шығыс халықтары мәдениеті, оның жетістігі мен кемшіліктері кітапта көрініс беріп отырса, Абай шығармашылықтарында құлық-мораль категориялары желісін тауып ақындық танымымен жетіліп отырады.

Уақыт арасы алшақ болғанмен адам баласының танымдық негізі бір арнада екендігінде дау жоқ, өйткені, әділет қай қоғамда болсын өз бағанасында тұрады. Оны іздеп табар шындық бірден жеңіп шыға алмаса да, түбіндегі жеңіс соныкі болып табылатындығы екі ғұламаның шығармаларында көрініс беріп отырады.

Медреседе оқып, өсе келе өз бетімен ізденіп, білім толықтырған Абай:

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім, -

деп. өзі рухани азық алған қазына көздерінің төркініне айқын бағдар сілтейді. Қазақтың халық даналығы мен сөз өнеріне қосқанда, Батыс пен Шығыс мәдениетінің өз дүниетанымы мен шығармашылығында қаншалық орны бар екендігін ол осылай тұспалдайды.

Осы дәуірге дейін Абайдың шығыстық рухани қазына көздерімен байлаысына терең үңіле алмай келгеніміз белгілі. Абай және Шығыс мәселесін жалпы түрде де, Ғұламаһи Дауани секілді жеке тұлғалардың шығармашылығына қарым-қатынасы денгейінде де қарастыра бастауымыз – Егемендіктің көрінісі десек, бұл тараптан қарасақ, сең қозғалып, жемісті ізденістер келгенін айғақтаса керек.

Абай мұрасының шығыспен байланысын айтқанда, исламият әлеміне соқпай тұра алмайтынымыз анық. Кезінде саясат лебіне байланысты Абайды діншіл етіп көрсетпеуге тырысқанымыз империяның қылышына Абайды да салғымыз келмеген әрекет екені түсінікті. Қазақ әдебиеттануының бүгінгі ғылыми өрісі тұрғысынан Абай дүниетанымы мен шығармашылығының бастамасында тұрған мұсылмандық шығыстың рухани байланысын, өзара қарым-қатынас сипатын танып-білуге енді аяқ бастық. Қай тұрғыдан қарасақ та, Абайдың рухани әлемінің басында исламият пен шығыстық рухани қазыналардың тұрғандығы бүгінде талас тудырмаса керек.

Қазақ ақынының Физули, Шамси, Сайхали, Науаи, Сағди, Фердауси, Қожа Хафиз және Дауаниді тілге тиек етуі ақынның Шығыстық нысаналарды өзіне рухани азық етіп алуы, Абайдың медресе қабырғасында, балалық шағында-ақ медет сұрауы өмірлік болмысын айқындауы еді.

Тәрбиенің шығыстық үлгілері бүгінде оның ауқымы кеңейіп, бүкіл адамзат тәрбиесімен шұғылданатын ғылымға айналды. Адам тәрбиесінің бастауы ертеректен-ақ күн тәртібінен түскен емес. Ежелгі Грекияда еңбекке, соғысқа үйретуші құлдарды педагог деп атаған. Батыс педагогтары адамзат тәрбиесін құрсақта жатқаннан бастау керек десе, Шығыс ойшылдары адам баласы құрсаққа түспей жатып, жігіт пен қыздың бір-бірімен қосылуына дейін жұбайлардың өздері тәрбиеленген болу керек деген пікірді алға тартады. Осы орайда Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде тілге алатын ХҮ ғасырда өмір сүрген ойшыл Ғұламаһи Дауанидің «Ахлақи Жалали» еңбегінде: «Жастар үй болудан алдын өздері тәрбиеленген бе, Қолында өнері мен кәсібі бар ма, Құранды оқыған ба, білім-ғылымға икемі бар ма? – осы үш қасиет болғанда ғана үйленсін, егер ол қасиеттер болмаса өмірден жалғыз басты болып өтіп кеткені жақсы» - деп, келеді де тәрбеленбеген отбасында өмірге келген бала да тәрбиесіз өседі. Ол қоғамға үлкен қауіп деп қарайды. Осылай үй болмастан алдын адам баласының алдына үлкен талап қойды.

Ұлтымыздың рухани мақтанышы Абай Құнанбайдай ірі тұлғаның ұрпағы. Мұсылмандықтың бес парызын толық орындап, Құнанбай қажы атанып, өз ауылына және Қарқаралыға мешіт салдырып еліне «Өзің оларды барлық жамандықтан сақтай көр» (Ғафыр сүресі (40) 9-аят) – деп тіледі. «Қанына тартпағанның қары сынсын» демекші хат танымай тұрып-ақ қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерімен анасы Ұлжан, әжесі Зере арқылы таныс болды. Сонымен қатар ел арасындағы өнер адамдарының аузынан тыңдаған көлемді жыр және тұрмыс салтқа арналған өлеңдерді әнімен тыңдап өсті. Әкесі жалдаған ауылындағы жеке молдадан арабша хат танығаннан кейін, Құнанбай оны он жасында Семей қаласындағы Ахмет Риза деген имам ұйымдастырған медресесінде 3 жыл оқиды. Оқуға зерек, ұғымтал Абай діни сабақтармен қоса Шығыс шайырларының шығармаларын араб, парсы тілдерінде оқыған: Әл-Фараби, Баласағұни, Қашқари, Фердауси, Низами, Сағди, Хафиз, Науаи, Дауани, Физули, Иасауи, Софы Алляар еңбектерімен қатар қасиетті Құран мен Мұхаммед пайғамбар хадистерін, «Қабуснама», «Тотынама», «Мың бір түн» т.б. тәрбиелік тағылымы мол туындылармен танысып өсті.

Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Адам баласы «Көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады» (43-қара сөз), - деген Абай, Шығыстың шырайын келтіріп: «Хауаси хамса заһири» тізбесімен таратып айтатыны бар. Адам баласы анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің

құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу - жан құмарлығы (7-қара сөз) деп ой түйіндей келе, «адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі» деген қорытынды жасайды. Оны «кәсіби» десе, алғаш туа бітті қасиетті яғни тән құмарын «Ішсем, жесем демектің басы жибилі» деп парсының «жебәлли» (табиғи) сөзін 43-қара сөзінде психологиялық терең талдаулар жасауына қалай таң қалмассың? Қазаққа түсіндіру жолында қазақшамен қатар араб, парсы, түркі сөздерімен егжей-тегжейлі жеткізіп келіп, аталмыш ғақлиясында орыс тілінде талдаулар жасап түсіндірмек әлегіне түскен ұлы Абайды көреміз.

Абай дүниенің табиғи құбылыстарымен өзара байланыста болу тәлімі адамның ішкі бес сезімін Абай айтқан «хауаси хамса батини» ілімін ғылыммен байланыстыру білімге деген құштарлықты арттырады. Сондықтан да Абай адамды «Талап қыл артық білуге» деп, үнемі өзгеріске, тереңірек баруға оның ғылыми негізін табуға үндеді. Адамның ең қымбат шағы – жастық шақты оқуға, ғылымға жұмсауды, ойын-сауыққа салынбай ғылым жолына ертерек түсуді насихаттайды «Қолымды мезгілінен кеш сермедім», «Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?» деп өкініп қалмауға кеңес береді ұлы Абай.

Дүние де өзі, мал да өзі,

Ғылымға көңіл бөлсеңіз – дейтіні де содан ғой,

ақынның.

«Бір ғана білмектің өзін дәулет біл...білгенінді берік ұстап, білмегенінді тағы да білсем екен деп үміттен» (32-қара сөзі). Сол алған білімінді «Я тілмаш, я адвокат болу» ғана емес, сол білімді өз халқыңның өнері мен мәдениетіне, тарихы мен тіліне жұмса. Қара басының қамын ғана ойлайтындарды «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласын» (37-қара сөз) яғни тән қажеттігін, «жибиліктен» «кәсібиге» өтеуді ескеріп:

Пайда ойлама, ар ойла

Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта

Ерінбей оқып көруге, - деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды.

Педагогика ғылымының халыққа білім беру саласында қолданылу жағдайларымен байланысты мәселелер бүгінге дейін Батыс педагогикасымен нәр алған ұрпақ өзіне және оның шешілу жолдарына толық түсіндірме бере алмайтындығы содан. Алдымен оқу-тәрбиені кеңінен енгізудің негізгі жолы халықтық тәлімді жаңарту екендігі Шығыс педагогикасынан іздеу керектігі арнайы атап көрсетіледі. Халықтық педагогикасының даналығы тектілік тәрбие құралдарын толық пайдаланған жағдайда педагогика ғылымы халыққа білім беруді жаңартуды жүзеге асырады деп қарауға болады. Кешеге дейін гректің Демокрит, чехтің Коменский, ресейдің Ушинский сияқты педагогтарын

пір тұтып, өз халқымыздың тәлімінен, қала берді тамырлас Шығыс педагогтарының ғибратынан және тәлімнің атасы Құран негізінен тыс қалғанымыз жасырын емес. Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінің дәмін татып көрмеген ұстаз қазақ халқының ұлтық түп қазыққа бара алмайтыны белгілі.

Жастарға халық камын ойлаған ақын-жазушылар мен ғалымдарды үлгі-өнеге етіп, «білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез», - деп қызмет еткен әр бір педагог ұрпақ алдында жүзі жарық деп айта алармыз. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білім деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған мақсат емес,
Өнердің бұдан өзге бәрі жалған.

Ел болу үшін қала салып, отырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр деп жар салды. Өнер-білімсіз қоғамның пайдалы азаматы болудың мүмкін емес екендігін, терең түсінген ол Шығыс ғұламаларының еңбектеріне сүйеніп отырды. Мәселен, Науаинның «Хамса» дастанының бірінші кітабында үлкенді сыйлау, кішіге ізет жасау, баланы тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін, ол қиыншылықты жеңіп, соңында көрген жемістерін тәрбиенің нәтижесі деп айқын көрсетеді. Әлеуметтік қоғамның өскен ортадағы жетістіктерінен гөрі, кемшіліктерді түзеуде, алдыңғы өткен ғұлама ғалымдардың қорытынды пікірлеріне ден қоюды алға тартады. Ғылым білім жолында дүниені аямауды, оның мәңгілік екендігіне баса назар аударған шайырдың бұл шығармасы діни-құлықтық тәрбие негізінде құрғақ насихат ұсына бермей, оған барар жолдарды өмірлік тәжірибе арқылы айқындап беріп отырды.

Кеңес кезеңінде Шығысқа көзқарастың тым әлсіздігінен айтар ойымызды айта алмай келгендігіміз белгілі. Шығыс шайырларының көркем ғазалдары, даналыққа толы дастандары, әдеби зерттеулері мен тарихи еңбектері жаһандық даңқ пен беделге Шығыс шығармалары арқылы көтерілгенін еске түсірсек осы шындыққа көзіміз жетеді. «Ақыл – ардың сақтаушысы» деп қарап, адамгершілік мәселелерін жоғары бағалап, ар тазалығы үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы Абай:

Ынсап, ұят, ар-намыс, сабыр талап,
Бұларды керек қылмас ешкім қалап...
Терең ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жүндей сабап, - деп кейбір жастардың іс-әрекетін қатты сынға алады. Абай қазақ қоғамындағы жас ұрпақтарды тәрбиелеуге байланысты ойларын бірнеше өлеңдерінде, мәселен: «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» айқын білдіреді. Ол халықтың артта қалушылығын, надандығын мінеп, жалқаулыққа, ымырашылдыққа қарсы күрес жүргізуі қажет екендігін көрсетеді. Абай өзінің 40-қара сөзінде «Зинһар, сендерден

бір сұрайын деп жүрген ісім бар» деп бастап, тіршіліктің өзі «неге» деген сұрақтан тұрса, Абай адам мінезіне танданып «қалай» деген сұрақтармен өрбітеді. Ұлы ағартушы өз айналасын қоршаған әділетсіздік қазақ халқын аздырып бара жатқанын, жас ұрпақты тәрбиелеуге теріс ықпалын тигізетіндігін байқап, халықты, әсіресе, жастарды адамгершілікке тәрбиелеуге ерекше көңіл аударды.

Ал жастар бойына дарытуға тиісті жоғары адамгершілік қасиеттер ретінде туған елге деген сүйіспеншілік пен ерлік, табандылық пен адалдық, парасаттылық пен сыпайылық, адамдарға қайырымдылықпен қарау, еңбек сүйгіштік, жарқын өмірге ұмтылушылық т.б. атап айтты. 1886 жылғы бір өлеңінде ақын:

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,
Шошимын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман,- деп өз кезіндегі жастардың осындай жағымсыз мінездерін қатаң сынға алды. Абай уақытын еңбексіз бос өткізетіндерді, еріншектерді, өсекшілдерді, адамгершілік қасиетке ұмтылмайтындарды мейлінше жек көрді.

Осындай сыйдан жігіт елде мол-ақ,

Бәрі де шаруаға келеді олақ.

Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,

Бар өнері – қу борбай – сымпыс шолақ - деп, күйзеле жазады ұлы ақын.

Күштілерім сөз айтса,

Бас изеймін шыбындап – деген ақын, өз заманында тұрып-ақ, бүгінгі күннің қазағының бет бейнесін «Қалай ғана бұзылды сартша сыртын» деп танданып «қалай» деген сұрақтың жауабын таппай әлектенген «Мыңмен жалғыз алысқан» ақынды көресіз. Бүгінгі күндегі жағымпаздарды ыстық күнде шыбыннан қорғанып қайта-қайта басын изеп тұрған жылқының көрінісін, өзінен күшті әкімдер алдында жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларды мінезінің кейінгі ұрпаққа жұғыспауын тілеген Абай, сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның ролін түсіндіре білді. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің 37-қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деп байлам жасайды.

Сол кезде Абайдың көтерген мәселелері бүгін де маңызды, өзектілігін ерекше айта кеткен жөн. Абай тарихқа ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, ағартушы ретінде енді, ең алдымен ол өз халқына өлеңдері, қара сөздері арқылы ұдайы ой салды, оның көкірегіні оятып, оны надандықтан, жаман қылықтардан сақтандырды, мәдениетті болуға шақырды. Абай ашынып, халықтың жанына тие айтады. Сондай-ақ, Абай бос даурығуға, бекер мал шашуға, өтірік, өсек айтуға, жалқаулыққа қарсы шықты. «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, адам болам

десеңіз», - дей келіп, Абай «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, Бес дұшпаның білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, Бес асыл іс, көнсеңіз», - деген өсиет айтты.

Бүгінгі күндегі жаһандану апатынан жастарымызды аман алып қалу, дұрыс тәрбие бере алатын қазақтың рухани діңгегі, Абай танымы екенін әрбір азамат білуі тиіс деп ойлаймыз. Абай өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орныңды тап, пайдалы әрекет жаса, деді. «Сен де – бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген сөздер соның айғағы.

* * *

Абай мұрасын басқа ғылым салалармен байланыстыра оқу керек «...ойлы жасқа». ХХІ ғасыр бабаларымыз аңсаған Егемендігіміз еңсесін көтере бастаған кезең. Терезесі тең елдердің қатарынан оза шауып, өркениетті 30 елді еңсеру жолына түстік. Осы орайда халықтың руханият деңгейі жоғарылау үшін саналы жастарды қалыптастыру мәселесі көлденендеп тұратыны анық. «Мен жастарға сенемін» (Мағжан Жұмабаев) десек те алдыңғы толқын ағалардың алдында үлкен міндеттер тұрғандығын көзі қарақты саналы азаматтар сезінетіні анық. Бүгінгі күннің талабы техниканың тетігін білу десек те, жастардың ойлау қабілетін арттырып, қоғамдық ой-өрісін қалыптастыруда әдебиеттану ғылымында Абай тағылымының ролі ерекше екенін жіті бақылаған кемеңгер басшы Нұрсұлтан Назарбаев: «Әдебиет - адам баласының ұстазы» деген француздың ұлы жазушысы Бальзактың «Гобсек» деген кітабын оқыдым, «Отыз жастағы әйел» деген әдемі кітабы бар. Біздің жастар осындай кітаптарды оқыса, көп кемшіліктерден, көп қателіктерден аулақ жүрер еді деп ойлаймын» (9 сәуір, 2007) - деген сөзінен, әдебиеттің қоғам дамуына әсер ету күшін байқауға болады. Барлық ғылым салалары әдебиеттен бастау алатынына бұл бір-ақ мысал. Әдебиет «әдеп» ұғымынан бастау алса, түгел ғылым белгілі өзіндік әдепке негізделген. Қазақты түсіну үшін Абайды оқу қажет. Кеңес заманындағы белгілі астроном Н.Д.Моисеев (1902-1955): «Нағыз математиктер мен физиктер тәрбиелеудің бір ғана жолы бар: ол мектептегі әдебиет пәнінің санын көбейту керек» десе, Қазақстан ҰҒА академигі Асқар Жұмаділдаев: «Мені математик еткен - Абай» деуі көп нәрсені аңғартса керек.

Өскелең ұрпақтың ойлау қабілетінің төмендеу себебінен, ұлттық бояуы бәсеңдеп, тілді құрметтеу, өнерге деген ынта, тарихты таразылау, отансүйгіштік, болашақты болжау секілді құндылықтардан ұрпағымыз тыс қалмас үшін, Абай танымын жастардың бойына сіндіру мақсатында Абай танымына мән беріп жаңашылдық жүйесін жанаша тәсілмен меңгеруі бүгінгі күннің қасаң тәртібі. «Сәулең болса кеудеңде» атты өлеңінде

Единица – жақсысы,

Ерген елі бейне нөл - деп, көшбасшыға ерген бүкіл топты айтып отыр. Мұндағы «нөл» математикадағы жоқ сан емес, топ,

көп, тобыр деген мағыналарда қолданып, «Единица нөлсіз-ақ» дегені топсыз-ақ «Единица» бір, бірлік сол единица күйінде қалады.

Единица кеткенде

Не болады өңкей нөл? – деп, ұлы ақын өзі сұрақ қойып оған да, өзі жауап береді:

Көп шуылдақ не табар,

Билемесе бір кемел? – деп, жоғарыдағы «жұмбақтарының» шешімін анықтап айтып береді.

Абайды жас мамандар арасында игертудің жедел түрлерінің бірі кәсібіне қарай Абаймен ұштастыра қарастыру тиімді тәсілі деп ойлаймыз.

Болашақ физика мамандары Абай танымымен ұшырасқанда:

Бір қайғыны ойласаң,

Жүз қайғыны қозғайды. – дегені, физика заңдылығындағы Абай қолданған «қозғалыстың» түбірі «қозғау» болса, қозғалыс өзінен-өзі пайда болатын құбылыс емес, басқа бір дененің әсер ету күші. Физикалық заңдылықпен басталатын 20-сөзінде. «Дүние бірқалыпты тұрмайды» деген ұлы ақын «біз пендеміз, өзгереміз...» Тағдырдың жасаған өзгерісін ешкім ақылмен жасамайды, ол табиғи құбылыс. Ұлы Абай:

Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп,

Ауылдың маңы терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп. - деген бір шумақ өлеңінің өзінде физикалық құбылыстың бар екендігі «ойлы адамдарға» (Абай) түсінікті. «Желсіз түнде» судың беті дірілдегені несі деген сұрақ туындайды. Оны физикадағы интерференция құбылысы арқылы түсіндіруге болады. Интерференция - өте нәзік құбылыс. Ол (жарық немесе дыбыс) бір-бірімен қабаттасқанда бір нүктеде бірінің күшейуі, екінші нүктеде әлсіреу құбылысы. Оны Абай өлеңіндегі соңғы сөздері «дірілдептен» гөрі «гүрілдеп» күшейіп тұрғанын байқау қиын емес, жоғарыда айтылған интерференция құбылысындағы бірінің әлсіреп екіншісінің күшеюі деген осы.

Енді, Абай мен химия ғылымының байланысы, Орта ғасырларда пайда болған Ал-химия ұғымы VIII-IX ғасырларда кен, көн өндіру, шиша мен қағаз шығару химия ғылымының дамуына әсері болды. Алғашқысы ылғал, екіншісі құрғақ бу. Ылғалды бұдан сынап құрғақ бұдан күкірт пайда болады. Олардың қосындысынан алтын, күміс, мыс, темір, қалайы, қорғасын, шыны пайда болатындығын химия пәнінде анықталып оқытылады.

Абайдың «Әзім әнгімесіндегі» Мұстафаға бір шалдың көрік арқылы көмірдің қызуын күшейтіп мыс еріген кезде ұсақ қара дәріні қосу арқылы алтын жасайды-мыс деген ұғым: Жай металды алтынға айналдыруға болады және ол дәрі адам баласын мәңгі жасартады деген түсінік ғылымда

«философиялық тас» деген ұғыммен байланысты таудың басындағы Самұқ құс мекендейтін биік шыңда болады деген сеніммен шектеледі.

Абай өзінің өлендері мен қара сөздерінде педагогикалық көзқарасын білдіреді. Адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсекызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», - дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады.

Абайдың ұлағатты мұрасын педагогика ғылым салаларында ғана емес басқа мамандықтардан да табуға болады. Мәселен: экономика, әлеуметтік-қоғам, саясат, ел басқару, сияқты барлық техника мен жаратылыс ғылым салаларын ұлы Абай 38-қара сөзінде: «Дүниеде ғылым заһири бар, олар айтылмыштарды нақлия деп те атайды» деп, осындағы «заһири» «сыртқы» деген ұғымды берсе, басқа ғылым салалары болып шығады. Ал, «нақлия» дегені арабтың «Нақлиет» сөзінен аударғанда «тасымалдау» (транспорт) «тасымалдаушы көлік» болып шығады. Ақынның машина, фабрика (38-қара сөз) және зауытты «Теректің сыйы» атты аударма өлеңінде тілге алуы осыдан шығар.

Қазіргі бизнес мәдениетіне баулу үшін кәсіпкерлікке дұрыс бағыттап, олардың адал болуы жолында, бизнесі бекем болу үшін Абайға жүгіну керек:

Кулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,

Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.

Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,

Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас. («Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей») – деген Абай бизнестің қас жауы «талапсыз», «еріншек» т.б. бойкүйездіктен қашып, ерінбей адал еңбек етуге шақырады.

Абайдың заңгерлігі өзінің тікелей әрекетімен орындалған; 1885 жылы Абай жазған 93 бабтан тұратын Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін бекітті. Олардан: «Ұрлыққа жәрдем еткен адамдар ұрымен бірдей жаза тартады» (40-баб), «Егер қалыңдығы өліп қалып, балдызы жездесіне бармаймын десе алған қалың малын қыз әкесі күйеуіне қайтарады» (46-баб) деген жолдарын оқуға болады. Бұдан былай билер, осы заң аясында билік айтатын болды. Абай мұрындық болған заң ережелері бүгінгі Қазақстан Республикасы Ата Заңындағы (Конституция) 16,18 бабтарының 1-тармақтарына негіз болғандығын көреміз.

Қорыта келе айтарымыз, «Ғылым адамды топастықтан, ал әдебиет дөрекіліктен құтқарады» (Н.Г. Чернышевский) бүгінде адамдар арасындағы қарым-қатнас мәдениеті, әдептілік, шын сыйластық сияқты

қадірлі қасиеттер жұтандап, жастарды ата-аналар, аға буын ағалар, ұстаздар, тіпті құқық қорғау орындары ауыздықтай алмай жүрген шақта, көркем әдебиет ғана қарсы күресе алатынына сеніміміз мол. Оның ішінде абайтану бағыты ерекше рөл атқаратыны ақиқат.

Біз жоғарыда айтқандай Абайдың басқа ғылым салаларымен байланыстарын және Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясын оқығандармен пікір сайыс жүргізетін апталық телебағдарлама қажет-ақ. Мақсатымыз Абай арқылы басқа пәндерді игеруге мүмкіндік болар еді.

«Білім жарысының басқадан артық бір жері, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды», - деп, Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы «Білім жарысы» деген мақаласында-ақ айтып қойған екен. Телеарналарда мейрімсіздікке тәрбиелейтін, қатыгездіктің ұрығын шашатын шет елдік бейне көріністерден жастарды сақтандыру бүгінгі күннің талабы. Орыс жазушысы А.Г.Битовтың «Адамзат өмірінен әдебиет кетер болса, сақырлаған қару, сықырлаған тиындар билейді», дегені еріксіз еске түседі.

* * *

Қуат көзі – **энергия** жарық, жылу, энергия тағы басқа халықтың күнделікті тұрмысына қажетті қорлардың оңтайлы шешілуіне бүгінгі индустриялы-инновациялық бағдармаларда көп көтеріліп жүргендігі бұқаралық ақпарат құралдарынан белгілі.

Жарық көздері – электромагниттік толқындар легі, оның көзге көрінер сәулелерді шығаратын денелер болып есептеледі. Жарық көздері табиғи және жасанды болып бөлінеді. Олар күн, ай, жұлдыздар, атмосфералық электр тогы – табиғи. Қасиетті Құранның «Фуркан» сүресінің (25) 61-аятында: «Көкте жұлдыздардың орнын жаратып, онда жарық күнді және сәуле беруші айды жаратқан» деп айтылатыны көп нәрсені аңғартса керек.

Екіншісі, жарық шығаратын кез-келген жасанды құрылғылар. Жасанды жарық көздерінің тарихына үңілер болсақ алғаш шақпақ тас арқылы жанған ағаштың жалыны, шырақ тағы басқалар. Кейін келе өндірістің өркендеуінен жасанды жарық өндіру өркендеді. Ағаш шырпысының орнына балауыз, жер май арқылы біртелі шырақ ХҮІІ ғасырда қолданылды. ХҮІІІ ғасырдан көмір газымен ысыту және жарықтандыру қолдалына бастады. ХІХ ғасырдан бастап электрлендіру жүйесі толық пайдаланылған жолына түсе бастады.

Жарық сөзі санадан тыс әрекеттер мен қозғалыстың сандық өлшемі тарайтын сызықты жарықтың бойымен бағытталған сәулесін:

Желсіз түнде жарық ай.

Сәулесі суда дірілдеп – деп, геометриялық мөлшерлеудің кескіндемесін жасаған Абай, оны көркем сөздің құдіретімен «Сәулең болса

кеуденде» деп ауыспалы мағынада қоғамдық ортаны ой көзімен көре алатын бойында қуат-сәулесі бар азаматтарды нұсқап тұр. Барлық денелер өздерінің ішкі қуатын сәулелену арқылы азды-көпті сыртқа шығарады.

Электр – дүниедегі бөлшектердің ішкі майда қуаттарының қозғалысынан пайда болатын жарық.. Орыс физигі әрі электротехнигі В.В.Петров (1761-1834) электрлік доға құбылысы жарық көзін ашты. П.Н.Яблочков (1847-1894) электроника саласындағы орыс өнертапқышы, тұңғыш жарық көзі болған доғалық шамды ойлап тапты. А.Н.Лодыгин (1847-1923) қыздыру шамын ойлап тапты. «Бұл хақимдер ұйқы, тыныштық, әуес қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына яғни, электрді тауып аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы...» (38- кара сөз) деген ұлы Абай жоғарыдағы ғалымдардың еңбегін жоғары бағалағанын аңғаруға болады. Тұрмыстың көзіне айналған электр жүйесін өндіріске кең пайдаланған электрлік жарық өнімдерін Кеңес кезінде үнемдеу мәселесін көтергенмен табиғи ресурстарынан қуат көзін өндіруге дәрменсіз болды. Сол кездің өзінде күн энергиясынан пайдалану Жапондар алдына жан салмай келеді. Еуропедан 2 есе, Америкадан 3 есе табиғи қуат көзін өндірді.

Адам баласының көру мүмкіндігін жақсарту мақсатында жарық энергиясын пайдаланудың жиынтық әдісін (оптика) жақсартып сәуленің шашырамай бір жерге түсуін және көз шеліне кері әсер ететін тым жарық болуынан сақтандырды. Бұл адамның өміріне қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай қызметінің сапасына да әсері болды. Көз жанарына пайдалы тұстарын қарастыратын технологиялық әдістеме жүзеге асты.

Жеке тұрғын үйдің аумағына қарай терезенің бөлмеге жарық беру тұсын реттеу де энергияны үнемді пайдаланудың көзі болып табылады. Бұл мәселеде Елбасының өзі қуат және қаржы қоры көздерін үнемдеу жұмыстарын күн сәулесінің энергиясын ұтымды өндіру көңіл көншітпейтіндігін атап өткендігі белгілі. Елбасының қыруар ерліктерінің бірі, Астана Халықаралық Көрмелер бюросының Бас Ассамблеясында «EXPO – 2017» Халықаралық көрмесін өткізу мәртебесін жеңіп алуы. Бұл халықаралық көрме Қазақ Елінің Мәңгілік Ел болуына бірден-бір себепші екендігіне сеніміміз мол. «Астанада «ЭКСПО» көрмесін өткізу республикамыздың инновациялық дамуына серпін береді» деген Көшбасшымыз Нұрсұлтан Назарбаевтің жанашылдығын қолдау ниетімен Астананың инфрақұрылымы табиғи қуат көздерін халық игілігіне пайдалану. Қуатты өнеркәсіп орындарындағы жасанды жарықтың тұтыну аймағын пайдаланудағы тиімді тәсілі жарықтың шашыратпай бір орталыққа жиып бір мақсатқа бағытталуын қамтамасыз ету қарастырылған.

Бүгінгі индустриялық-инновациялық даму барысы, жарықтандыру қуатын 2020 жылға таяу табиғи сәуленің өнімін көбейте түсу өлшем көрсеткішін белгілейді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысының баспасөз қызметінің хабарлауынша «Шымкент қаласында 140 балаға арналған «Еркетай Балбөбе» балабақшасы күннен қуат алатын электр кешені ашылған. Бұл алынатын электр энергиясы жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етеді» Бұл бастама 2013 жылдың үлкен жемісі деп қарауымыз керек. Бүгінде Жапондар күн нұрынан пайдалануды әлемде өндірілген қуат көзінің 48,9 пайызын құрайды екен. Осы көріністі физика ұғымымен қарасақ адамның ішкі энергиясындағы магниттік өрістің өмір сүретінін ұлы Абайша айтқанда: «сила притягательная однородного» деп, адам бойындағы кездесетін өзіне тартатын күштің түрлі-түрлі болмағын 43-қара сөзінде баяндайды.

Жарықтың шағылуы – шағылған немесе сынған сәулелер қарқынының салыстырмалы шамасы жартылай өткіздігішігіне қарай жарық түскен дененің тегістігіне жалтырлығына байланысты болады. Абайдың «Ескендір» поэмасында шөлде су іздеп бара жатқанда ұзақтан:

Жалтырап сәуле берген бір нәрсеге

Патшаның ат үстінде көзі түсті. – мұнда, жарық түсетін бет жалтыр тегіс болып, ұзақта болса да шағылу толық болатындығын көруге болады. Егер кедір-бұдырлығына, күнгірттігіне тағы басқа себептеріне қарай жарық жұтылады немесе бірыңғай түзу сызық бойымен емес шашыранды күйінде қалады.

Шағылысу металдарда кері қарай көбірек орындалады, себебі металдарда теріс зарядты атомның майда бөлшектері мол сақталған. Металдағы еркін электрондар жарық толқынының электр өрісі әсерін:

Жарқ етпес кара көңілім не қылса да,

Аспанда ай менен күн шағылса да, - деген Абай тербеліс жасайды, жарықтың шағылысу арқылы екінші рет «Аспанда ай менен күн шағылса да» деп электромагниттік толқындардағы құбылмалықты аңғартады. Металдарда жарықты шағылдыру қабілеті 96 пайызға дейін жетеді екен, сондықтан әйнектерді жасауда пайдаланады. Жарықтың шашырауы жарық сәулесінің бастапқы таралу бағытын өзгертіп, жан-жаққа ауытқуы, жарық пен зат арасындағы құбылыс. Ұзын толқынды сәулелерден гөрі қысқа толқынды сәулелер көбірек шашырайды. Сондықтан аспан түс кезінде көгілдір болып көрінеді. Ал, күн шығарда және батарда аспанның қызғыш болатыны

Күнді уақыт қызартып

Көк жиектен асырса – деген Абайдың айтып отырғаны күннің құрамында қызыл, сары сәулелер мол болғандығын «Толқынды қызыл торғынға» теңейді .

Физика ғылымының зерттеу мінберіне қосылатын ғарыштық жүйеден бастап микродүниеге дейін дүниенің құрылымын, өзінің физикалық көзқарасын элеуметтік-философиялық деңгейге көтерген

Абайдың 27-қара сөзінде «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылын жетпейді, келісті көрімдігіне һәм қандай лайықты жарастықты законмен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмай тұғынын көресің» - деген ақын табиғаттың тылсым күштерінің алдында адам баласы әлсіз екендігін күннің күркіреуі мен найзағай жаңбыр жауар алдында ауа қысымының салдарынан аспанда жай ойнап, дыбыстың қатты шығуы ежелден адам жан-дүниесіне әсері күшті болып келгендігі, үнемі адам табиғат күштерінің алдында жеңіліп келген, солай бола бермек. Найзағай – бұлттан пайда болатын электр зарядының бір түрі. Ыстық ауа мен суық ауаның күшті жүрісінен бұлттардың арасында пайда болады. Найзағайдың оң және теріс зарядтар бір-біріне жақындаған кезде кейбір электрон мен иондар олардың арасына жүгіріп, арна жасайды. Сол арнамен қалған зарядталған бөлшектерден жасын пайда болады. Ол көбінде қалалы жерден гөрі далалы жерде жайтартқықтардың болмау себебінен жерге көп түседі. Қалада электр сымдары көптіктен және көп қабатты үйлерге және техникалық құрал-жабдықтарға жай тартқыштар қойылатындығы содан.

Физикада жарық пен зат арасындағы құбылыстарды көзбен қабылдау ғылымын «оптика» деп атайды. Көзге түскен жарықтың таралуында қас пен қабақтың, қастың ролі ерекше деп атауға болады. Тағы да Абайға жүгінсек «...көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ береді. Ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасалды» (38-қара сөз) адам көзінің жарықты сезу, қабылдау қабілетіне байланысты

Танымассың, көрмессің,

Қаптаған соң көзді шел – деп, тойма-торғындардың «көзіне шел бітті» деп ауыспалы мағынасы арқылы беріп тұр. «Шел» - көздің қарашығын жауып тұратын ақшыл жұқа ет. Тері мен еттің арасындағы өте жұқа пердені шел деп атайды. Жарық адам көзіне түскенде шел арқылы шағылысады да, көз тітіркеніш ұштары пайда болады.

«Табиғи монополиялар туралы» 1998 жыл 9 шілдеде қабылданған заңында бақылау қызметтерінің бірнеше түрімен қатар электр және жылу энергияларын беру қызметі де көрсетілген. Осы орайда бағаның қымбаттауы қарапайым халықтың мүддесі қорғалмаудан келіп туындайтын нұқсандардың бірі табиғи газдың бағасы жоғары болуы жылу қуатының құнын көтеретіні хақ. Қалаларда орталықтандырылған ТЭЦ-тің орнына әр қабатты үйлердің өздеріне жылу қазандықтарын орнату тиімді болар ма екен деген ой келеді. Өйткені бірнеше шақырымдардан құбыр тартып таратқаннан көп қабатты үйлердің жекеменшік жылу тарату жүйесі тиімді ғой деп ойлаймыз.

* * *

Абайдың «медеті» және медицинаның келіп шығуы адам баласы миллиондаған жылдар бұрын күн көру үшін тамақ іздеп, тау-тасты кезіп жүрген. Осындай талпыныс үстінде жанына батқан қауіп-қатерден сақтану жолында денеге түскен жарақатқа ем іздеу, аққан қанды тоқтату т.б. азаптан құтылуды іздеді, бұл медицина ғылымының бастауы еді. Адам тәнін түрлі жарақаттан, аурудан қорғау халықтық медицинаға алып келді. Алла тағала дертін бергенмен оған шипасын да қоса берді. Адамзат туылғаннан денсаулығын сақтау қабілетіне ие. Соған лайықты мындаған адамдардың ішінен шипагері де өмірге келді, тіршілікте кездесетін мертігу, жарақаттану сияқты жағдайларда емделіп жазылып кетуіне медет берді.

Медицина – адам баласының тән саулығы туралы ғылым. Оның негізгі мақсаты адамдардың ауруын алдын алу яғни күтінуге үйрету, бұл үшін тамақты талғай білу, «Көзді, мұрынды ауызға жақын жаратыпты, ішіп жеген асымыздың тазалығын көріп, нісін біліп, ішіп-жесін деп» (27-қара сөз) деген Абай сөзінен медицина ғылымына жақын екендігін байқауға болады. Киім мен денені таза ұстауды «Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс» - деген ұлы Абай 18-қара сөзінде тазалықтың кепілді тұстарына мән береді. Қоғамдық өркениет өскен сайын ежелгі грек, рум, үнді, парсы, қытай медицинасынан халықтық медицинасы жетіле келе пән ғылымы дәрежесіне көтерілді. Оның негізін гректің дәрігер ғалымдары Гиппократ (б.э.д. 460-370) пен Гален (130-200) салды. Шығыс ойшылдары Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) «Адам ағзалары», «Жануарлар ағзалары», «Сыртқы әсерді сезіну туралы» т.б. еңбектері медицина ғылымына арналған. Абай өзінің 27-қара сөзінде: «хамса заһри» («бес сыртқы сезім») сыртқы құбылысты сезетін бес мүше: көзді, құлақты, мұрынды, тілді және құбылыстарды денемен сезу беріпті деп Сократ хакімнің аузына сөз салса, 38-қара сөзінде «хауаси батини» яғни ішкі сезімнің де бесеуі; түйсік, түсінік, пікір, қабылдау және ұғу, осы адам ағзасына қатысы бар ішкі, сыртқы сезімдерді медицина саласына қажеттілігі жағынан талдайды.

Әбу Мансұр Хасан «Ауру себептері кітабы» «Өмір мен өлім туралы кітап», Әбу Райхан әл-Беруни (973-1048) «Дәрілік кітабы», Әбу Әли ибн Сина (980-1037) «Медицина заңдылықтары» атты кітабы әлем дәрігерлеріне негізгі құралы болып келді. Бұл шығарма медицинаның негізгі салалары болған анатомия, физиология, патология, терапия, гигиенаны қамтыды. Және «Жүрек дәрілері» атты еңбегінде жүректің түрлі ауруларын емдеу жолдарын жазған. Ибн Синаның әлемге әйгілі «Дәрігерлік ғылымның каноны» медициналық көлемді энциклопедиялық еңбегінде денсаулықтың алдын алу жолдары мен емдеу тәсілдерінің түр-түрі баяндалған.

Әбу Әли ибн Сина өз еңбегінде дүние жаратылысындағы ақиқатты ғылыми негізде тану жолын ішкі және сыртқы сипаттарымен дәлелдейді.

Абай оны 38-қара сөзінде: «Сіздің батиныңыз (ішкі) таза болмағы ол иман болып, бұл заһир (сыртқы) ғибадатыңыз иманды болған соң ғана, парыз болған, сіздің заһирыңыздағы ғибадат батиныңыздағы иманның көлеңкесі» деп, өзінен алдыңғы Шығыс ойшылдарымен ой теңестіреді.

Орта ғасырлық ғұлама ғалым медицинаның атасы Әбу Әли ибн Синаның есімімен тікелей байланысты «медицина» сөзі, түркінің «медет, мэдэт» яғни «көмек, жәрдем» деген сөзінен алынған. «сина» сөзі еуропаша «с» «ц»-ға айналып «цина», сонда «медет» жәрдем, «цина» ибн Синаның тікелей есімінен алынған болып шығады. Медицинаның атасы Әбу Әли ибн Синаның «Сина» атымен тығыз байланыстылығы күмән тудырмаса керек. Өйткені, Еуропалықтар Әбу Әли ибн Синаны «Авиценна» деп атаған. Жанына дауа, ем, медет сұрап авициннаның соңғы буыны «цинаны» «медетке» қосып «Синаның көмегі» яғни «медицина» деген ғылымның бір сүбелі саласы болып шығады.

Абайдың 14 жасында Шығыстың жеті жұлдызынан медет сұрайтын тұсын оқып көрелік:

Физули, Шамси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фердауси,
Хожа Хафиз бұ хаммаси,

Медет бер шағри фариёт – деген, өлеңінде қазақтың ұлы ақыны Шығыстың кәсіби («шағри») шайырларынан «медет» сұрап тұрғанын көруге болады. Әбу Әли ибн Сина дәрігерлік кәсіппен 16 жасынан айналыса бастаған. Ел арасындағы емдеу тәсілін үйрене бастап, өзінің қызығушылығымен көп кітаптарды оқыды, әсіресе, әлемге белгілі гректің Гиппократ пен Галеннің медициналық еңбектерімен танысып, оның мән-мағынасын ашатын сипаттама яғни түсіндірме жазды. Ол араб, парсы тілдерінде жазған. Негізгі тақырыбы ағартушылық пен ғылым-білімді уағыздау, сондықтан да медицинаның бір бөлігі – білім, екіншісі – тәсіл, екеуі де ғылыми әдіспен орындалады деп түйеді.

Нәпсіге де, комағайлыққа да жол бермей қанағат ету Әбу Әли ибн Синаның негізгі қағидасы болатын. «Нәпсісін тыйғандар – пәк жүректі адамдар, олардың табиғаты хикметті болып, тәңірі оларды бақытты жандар етіп жаратқан» - деген болатын.

Қазақ арасында Әбу Әли ибн Сина жайлы аңыз, жырлар айтылып келді. Қазақ арасында Шығыс аңыздарының желісіне құрылған «Әбуғалисина» жыры. Жырдың негізгі кейіпкері Әбу Әли ибн Сина емші, хакім, елші, ғалым, әулие және ислам діні заңдылығының білгірі. Жын-шайтандарды айтқанына көндіріп бір шыбықпен айдаушы болып суреттеледі. Қызылордалық жыршы-ақын Қуаныш Баймағамбетов (1895-1973) жырлаған «Әбуғалисинаға, Әбілхарис» жыры «Қазақ халық әдебиеті» топтамасының 2-томына енген. Ұлы дәрігер туралы Елшібайұлы Жақыптың «Әбу Әли ибн Сина» атты жыры болған болса, Шораяқтың Омары өз өлеңдеріне қосқан.

Енді біз, медицинаның нышандық шартты белгісіне тоқталсақ. Өз дәуірінде ибн Сина емдемеген ауру қалмаған екен. Ол жұмасына бір рет кеселдерді жинап олардың көзіне қарап тұрып ауруын айтатын және оның ауыруына ем болатын табиғи дәрілікті ұсынып отырады, Ибн Синаның алдына келгендердің барлығы құлан-таза айығып кететін болған. Бірде жасы 30 шамасындағы сырқат жас жігіт екі рет келіп кеселіне дауа да, жауап та ала алмай, күннен-күнге әлсірей бастайды. Тұрмыс тауқыметі қатты қысқан жігіт «өлігімді балаларым көріп қамықпасын» - деп, әйелімен қоштасып үйден шығып кетеді екен. Жолда қаңғалақтап келе жатып: «Өлігім далада қалса ит-құсқа жем болармын, не де болса ата-бабам жатқан молаға барайын» - деген ой келеді. Моладағы сансыз ескі шұңқырлардың бірінде жуандығы білектей қара шұбар жыланды көріп іштей қуанып кетіп, «жыланды ұстасам қолымды шақса, тезірек өлсем» деген оймен қолын соза бере, адам сыбдырынан сескенген жылан, әрі қарай түсіп кетеді. Жылан адамның ескі қаңқа бас сүйегінде жатқанын көзі көреді. Жылан жатқан орнында бір ұрттам мөлдір су қалыпты, «не де болса жыланның уы болса керек соны ішсем өлермін» деп көтеріп сіміріп салады. Есеңгіреп барып құлаған жігіт бірнеше мезеттен соң оянса тұла бойы сап-сау. Сүйретіліп әрең келген жігіт орнынан қарғып тұрады да үйіне келеді. Келесі қабылдау күні ибн Синаға келсе әлгі жігіттің көзіне қарап тұрып «бұдан кейін 40 жыл жасайсың» сенің ауруыңды емдеу үшін бірнеше жыланның уын жинап ішкізу керек еді, сен өзін қайдан тауып ішкеніңді білмеймін, тауыпсың» депті.

Алғаш ибн Сина шипаның шартты белгісі үшін адамның бас сүйегіне жыланды қойған, кейін келе, медицинаның нышандық шартты белгісіне бүгінде әсем тостағанға жыланды қою, осылай шыққан екен.

Медицина – дәрігерлік, емдік деген ұғымдарды береді. Адамдардың денсаулығын сақтау және оны емдеу, аурудың пайда болуы, меңдеу барысы мен салаларын зерттейтін ғылым. Адам ағзасының құрылымы мен тіршілік етуі, халық денсаулығы жағдайына әлеуметтік және табиғи ортаның әсері, адам аурулары, аурудың алдын алу, түрлерін анықтау және оны емдеу тәсілдері жағдайындағы мәселелер. Адам биологиялық және әлеуметтік деп бөлінеді. Іштен туа біткен немесе жүре пайда болған сырқаттар биологиялық тұсын, Абай: «ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес» деп келеді де, әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, «байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес» деп, 28-қара сөзінде толықтыра өтеді.

Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты

Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген. – деген Абай, денсаулықтың әлеуметтік жағына басымдық бергені; Әсет Найманбаевты у беріп өлтірген. Жетісулық жаһилдер бәсекелеске қарақұрт асатқан. Ташкенттік сұрқиялар сонау заманда Арқадан бауыры Дүрмен биді іздеп келген арғындардың үзенгісіне у жағып қазаға ұшыратқан. Мағауия өлгенде Абай: «Қырық күннен қалмай артыңнан барармын, қарағым» -

депті. Абайдың қырық күннен кейін дүниеден көшкені де рас. Француз жазушысы Балзак актық тынысы қалғанда, дәрігерге: «Алты күндік тіршілік қоссаңыз, барлық кітабымды өңдеп шығар едім» - депті. Шығыстың сері шайыры Омар Наям да өлерінен қырық күн бұрын болжап, зиратын өзі нұсқаған.

Адам денсаулығына қазақ халқы ежелден көп көңіл бөлген. Дене бітімін күтіп ұстау, тазалық сақтау, дұрыс тамақтану Алла адамды жаратқанда бірінші кезекте денсаулығына нұқсан келмеуді ойлағандығын Абай: «Адам баласын құрт, құс, өзге хайуандар сипатында жаратпай, бұл гузал сипатты беріп, екі аяққа бастырып басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылып, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, исін алып ләззаттанғандай қылып ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстіне тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, мандай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» деп, 38-кара сөзінде ескертеді.

Ұлы Абай халық емшілігінің бір түрі тамыршы сияқты. Тамыр ұстап отырып емшілер тән жарасын емдесе, Абай «Қалың елі қазағынын» жан жарасын емдейді. «Адам болам десеңіз» дейді де «Бес нәрседен қашық болып, Бес нәрсеге асық болсаңыз» «толық адам» болып өмір сүре аласыз, егер керісінше болса рухани азғындықтан азып-тозып бұл фәниден жүдә болатындығынды ашық айтады.

Адам бойындағы құмарлықтың ең ауыры ішіп-жеу мен жыныс нәпсісі, бұл екеуін ақыл мен байсалдылыққа жеңдірмесе, адамзатты тоздыратын қауіпті кеселге айналуы мүмкін. Кез келген нәрсенің өзіндік шекара-шегі мөлшері болғаны дұрыс-ақ. Абай айтқандай, «Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ермеу» керек. Ұстамдылық пен қанағат адам жанын билеуші күшке айналсын, сол арқылы қадір-құрметке бөленесін. Абай «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде тілге алып өтетін, Дауани - ХҮ ғасырда өмір сүрген Шығыстың ғұламаларының бірі «Жанның патшасы құмарлық болса, оның сенімді серігі — әділет», — дейді. Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың хадисі: «Адам жеу үшін өмірге келмеген, жасау үшін ішіп-жейді» дегенін мысалға келтіреді, оған Абай «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» деп басталатын өлеңінде:

Сымбаттанып, сымпиып тамақ анып,

Бұлаңдап жылы жүзін асқа сатқан, - деп, «Кедейдің бір тойғаны шала байлыққа» санайтын арсыз, тойымсыздарды сынайды.

Ғұламни Дауанидің әлемге әйгілі «Ахлак-э Жалали» еңбегінің 176-183 беттерінде себепсіз ішіп-жеу туралы айтқанда, өзінен бұрынғы өткен

ойшылардың пікіріне сүйенеді, әрі олардың еңбегінен үзінділер келтіріп отырып, өз ойын дәлелдеуде орнымен пайдаланады. Мысалы, әулие Мұхамед ибн Абдуллахтың: «Асқазанның бір бөлшегіне ғана сай мөлшерде жеміз, сонда ғана деніңіз сау, көңіліңіз көтеріңкі жүреді». – деп, адам бойына артықша тамақ жүк болатындығы туралы сөзін келтіреді. Егер артығырақ тамақ қабыл қылсаң, дене қимылын көбірек талап ететін жұмыс істе, сонда ғана жегенің ас болып, бойыңа сіңбек. Ғылыми медицина дене еңбегімен шұғылданатындар ой еңбегімен айналысушылардан көбірек жегені дұрыс деп табады. Әсіресе, дихандардың маңызды тамақтарды пайдаланғаны дұрыс. Дауани дихандардың еңбегін жоғары бағалап, оларды жоқтан бар жасаушы нағыз еңбек иелері деп қараған. Оның жерден өнім алып отырған еңбек иелерін жоғары бағалауында белгілі бір мағына жатыр, өйткені, ол дәуірде Шығыс елдерінде қоғамның дамуына және әлеуметтік күш-қуатын молайтуға тікелей әсер ететін белгілі өндіріс орындары болмады. Адамдар бар күшін жерді өңдеп, сапалы өнім алуға ғана жұмсаған. Сондықтан да Абай «Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, кара жер де береді, құр тастамайды» (4-қара сөзі) дейтіні содан.

Ғалымдардың айтуында, ішіп-жеу, яғни тән құмарлығы - адам бойындағы биологиялық қажеттілік. Бұған жан-тәнімен берілуге болмайды, өйткені ішіп-жеуді мөлшерден асырып жіберу «боғы шығады» деген Абай денсаулыққа зиянды екенін баса айтқан. Егер адам астың ағзаға қажет мөлшерін ғана қанағат тұтып, ретімен қабылдаса, түрлі аурудың алдын алуға болады. Мұхаммед пайғабардың (с.а.у.) хадистерінде ішіп-жеуді шектеу туралы: «Тамақтанған кезде, асқазанның үштен бірін – тамаққа, үштен бірін – суға, үштен бірін – ауаға қалдырындар. Осы тұрғыда Шығыстың шипагер дәрігерлерінің бірі «Аурудың түпкі себебі ішіп-жеуден», - деуі, осы хадиске сүйене айтқан болу керек.

Еуропаға медицинаның жетістігі Шығыстан ХҮІ ғасырда ене бастады. Яғни, Еуропаның ояну дәуіріне тұспа-тұс келеді. «Еуропадан үлгі алатын бір ел таппадым» деген Шәкәрім бар шындықты айтып отыр. Бүгінгі медицинадағы дәрі-дәрмек жасау, ауыруды емдеу тәсілдерін де бұрынғы Шығыс пайдаланған әдістің тікелей әсері бар деп айта аламыз.

* * *

2011 жылы 28 қаңтар Қазақстан Республикасының тарихында тұңғыш рет «Медиация туралы» Заң қабылданды. Бұл Заң қарапайым тұрғындар арасында сот тәсілімен қаралатын жанжал-егесті азайту әсірілсе, соттан тыс реттеудің баламалы әдістерін соның ішінде екі жақты жарастыру, келістіру. Кезінде бабалар тәжірибесінде қандай дау болса да дер кезінде келісіммен шешкен. Бүгіндегі қандастарымыз оны біле

бермейді де жүйесіз сотқа жүгінеді. Ата Заңымыздың қазақша жазылмай орыс тілінен (яғни солардың ықпалымен жазылған) аударылғандықтан болар ұлттық құндылық ескерілегендіктен медиация заңын білмеуі осыдан келіп шыға береді.

Абайдың Қарамола съезіндегі заңнамасы 93 бабтың бірі: «Ұрының (төлеуге) малы жетпесе, ұрыға ат беруші, ұрлығын сүйеуші тартсын» деп медиатор қызметін атқарады. Бұл тәсіл біздің халқымыз қазақ үшін қолайлы екендігіне көз жеткізгендігі; ата-бабаларымыз ру басы, жүз басы, билер, аймақтық қазылар арқылы медиацияны ежелден-ақ қолданып әділ шешіліп келген. Тентегін тезге салып, итің ұры десе намыс көретін, қызын қырық үйден тыйған ағайынарасы дау-дамайға бармай-ақ шешімін тапқан. Оны орындайтын арада жүрген дәнекер-делдал келістірушіні «...посредникке сайлап алып» (Абай) екі жаққа да тәуелсіз болуы, бейтарап қалыс, құпиялылықты сақтаумен қатар, ол сөйлеген сөзін өткізе алатын дуалы ауыз шешен ел алдында беделді болу керек. Бүгінде белгілі кәсіби маман болмағандықтан «жибили» (Абай) табиғи қабілеттілігімен қоса «біліктілігі бесіктен басталған» (мақал) жан болуы керек.

Қазақ даласында түрме болмады сонда да қылмыс болды оның шешімі екі жақты бітімдестіру (медиация) арқылы шешілді. Біз айтқалы отырған медиацияның биік шыңы сөзге тоқтаған қазақта болса керек-ті. «Бір егделеу адам жаяу су жағасына келіп судан өте алмай тұрғанда, атты жолаушы келіп қалады, жаяу жолаушыны судан өткізіп тастамақ болып жасын сыйлаған көлік иесі аттың еріне отырғызып өзі артына отырады. Судан өткен жаяу жолаушы аттың иесіне «аттан түс бұл менің атым, өйткені мен алдында отырмын» деп қиянатқа көшеді. Екеуі жақын маңдағы қазыға жүгінеді. Қазы екеуін екі қараңғы бөлмеге жеке-жеке қамап оларға тыңшы қояды. Аттың иесі Тәңіріне жалбарынып: «жалғыз атымды да көп көрдің бе? Жаратқан, бар болсаң өз атымды қиянаттан құтқар» деп зар илеп, жаны жай таппайды. Ал, жол жөнекей «ат менікі» деп жабысқан ол, «тисе терекке тимесе бұтаққаның» керін келтіріп жата береді. Төрелік айтатын Қазы сырға қанық болып алдына келген екеудің атын өз иесіне қайтарыпты».

Медиация - «бітім», «бітімгершілік», «бітімдесу», «келісім», «мәміле», «жарасым», «татуласу», «түсіністію», «ұнасым», «үйлесім» сияқты мағынаға ие. Көшпенділердің Батысқа мүдделі болғандығының бір көрінісі бейбітшіл-түсіністік пен емін-еркін ашық ара ағайындық басқаша сипат тапты. Ен далада тергеу де, сот та, түрме де, қонақ үй де, асхана да болмаған кеңпейілді халық қолында болған (демократия) елімізде өзара бітімдесу болмауы мүмкін емес еді. Егер сотқа жүгінетін болса, әрбір сатыда істі қараудың өзіндік бекітілген мерзімдері бар, қашан шешім шыққанша «Бір ай түгіл, жыл өтті» (Абай) дейтін кездері де болады. Бұл арада сыбайластық жемқорлыққа мүмкіндік туады. Ол шешім бір тарапқа ауғандықтан шағымданудың түр-түрі (апелляция, кассация) жүзеге шығып сенімсіздік пайда болады.

Бүгінде халқымыздағы ежелден келе жатқан бір-бірімен мәмілеге келіп үйлесім тауып келгені жазылмаған Заңы еді, бүгінде жаңашаланып термин сөз ретінде (медиация) ендіру сәнге айналды. Адамдар арасында ұзаққа созылып, сотсыз шешімін таппай дау-жанжалға айналған күрделі мәселелер, ақысыз, адвокатсыз орындалып келді. Медиацияның заңы бойынша негізге алынған даулы мәселелер бір ай ішінде шешімін табуы тиіс. Бұл уақытты үнемдеуге құқықтық білімі жоқ қарапайым тұрғындар үшін қолайлылығы қарастырылған.

Ел арасы кикілжінсіз, дау-дамайсыз бір сыдырғы бола бермейтінін ескерсек, адамдар арасындағы келіспеушіліктерді сотқа жүгінбей-ақ өзара түсіністік жағдайда бейбіт жолмен «Кеселді түйін шешілсе» (Абай) дейтін тәсіл. Негізінде дау-дамай заңды тұлғалар мен қарапайым тұрғындар арасында көбірек пайызды құрап жүргендігі бүгінгі өмір тәжірибесінен белгілі. Әсіресе, қазақ арасындағы күрмеуі қиын «жер дауы мен жесір дауы» өршіп тұр. Адамдар арасындағы ең үлкен қателік; оңай нәрсе басқаға ақыл айту болса, ең қиыны өзін-өзі тануы. Жеке тұлғалар өзін-өзі білуден қалып, өзін кіршіксіз керемет санайтындар арасында түсініспеушілік сот табалдырығын аттауға мәжбүр етуде. «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» (Ата Заңның Адам және Азамат бөлімінің 13-бап) десек те, әрбір жеке адамның бұзылған құқығы заң жобасында медиация арқылы шешілуінде заңды айналып өту емес, керісінше ынтымақ-бірлікпен шешу медиацияның негізгі бағыты. «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барам» деген бабалар қағидасын бір сәт те ұмытпағанымыз жөн. Абайдың 3-қара сөзінде: «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолын», өз Тәуке ханның күлтөбенің басында күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек» - деп ескертіп кетеді.

Медиацияның көздеген нысанасы тек азаматтық емес, ел арасы тіпті мемлекет арасындағы татулықты негізгі нысан етіп алады. қылмыстық істер болсын, (әрине ауыр қылмыстар емес) екі жақтың өзара келісімімен шешімін тауып кететін тұстары да кездеседі. Ол үшін медиацияның түрлі амал-тәсілдері мен әдістері қолданысқа түседі. Мәселен, Үндістан мен Пәкстан арасынан шыққан қарулы жанжалды жою мақсатында Кеңес Одағы бітімгершілік (медиаторлық) қызметін атқарған болатын. Пәкстан президенті Мұхаммед Айюбхан мен Үндістанның премьер-министрі Ләл Баһадүр Шастридің 1966 жылы 4-10 қаңтар аралығында Ташкенттегі кездесуінде келісім шартқа қол қойып бейбіт қатар өмір сүрді. Оны Мәскеуден шығатын орталық Бас «Правда» газеті «Қарулы қақтығыстың болмауы, екі елдің дипломатиялық, экономикалық, мәдени, сауада-саттық қарым-қатнасы түбегейлі орнына келді» деп жазды. Екі жақтың арасындағы теңдікті сақтай отырып, бейбітшілікке қадым басты. Ол кезде адам баласында имандылық бар екендігін көруге болады, қазіргі кезде жер шарында бүлініп жатқан оқыс әрекеттерді сабасына түсіру мүмкін болмай тұр. Биліктің жаңаша басқара алмауы, халықтың бұрынғыша өмір сүре

алмауы ішкі саяси-әлеуметтік бірліктің жетіспеуінен болса, сыртқы саяси құрылым мемлекетаралық бәсекенің шарықтау шегі ме деп те қаласыз.

Тағы да айтармыз, 1982 жылы Ферғана аймағында жергілікті өзбектер мен 1944 жылы Сталиннің солақай саясатының құрбаны Грузия Елінен көшіріп алып келген Ақысқа түріктерімен болған қақтығыстан соң, билік Ақысқа түріктерін Ташкент аймағы Паркент ауданына алып келіп орналастырғанмен халық қабылдамай, әлде де болса, қазақ өзін өзегінен тепсе де өзгеге емеурін танытатын мінезін тағы да бір дәлелдеді. Бауырмалды, жері кең Қазақ жеріне алып келіп орналастырды, қазіргі кезде 100-ден астам ұлттар қатарында бейбіт өмір сүріп жатыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев алдымыздағы 2015 жылда Халықтар Ассамблея жылы деп атауы ұнасымдықтың жоғарғы көрінісі медиаторлығы деп атар едік.

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ағайынды Құнанбай мен Бөжей арасындағы дау-дамайды Алшынбайдың шешуі медиацияның ұлттық сипатының көрінгендігі байқалады. Қазақ арасында шиелініскен дауды шешудің бірнеше тәсілі кездеседі. Көбінде қыз беріп қыз алысып, құданда болу жолы қазақ үшін ең тиімді жолы, өйткені, құдасын құдайдай сыйлайтын қазақ құдасын шаппайды. Ежелден келе жатқан руластар арасында бала беріп, бала алысу дәстүрі бар. Сондықтан да Құнанбайдың құдасы (Абайдың бәйбішесі Ділде Алшынбайдың Жүсіп деген баласының қызы) Алшынбай (Қаз дауысты Қазыбек бидің шөбересі) бабасынан келе жатқан тектілігін сақтап араға түсіп еді, тоқалы Айғыздан туған Құнанбайдың қызы Кәмшатты Бөжейге бердіреді. Бұл келісімдердің маңыздылығы сонда; жазықсыз халықтың өліміне тосқауыл қою болатын. Бір қызығы Ләл Баһадүр Шастридің 1966 жылы 11 қаңтарда Ташкент қаласында өте қажетті бітімге қол қойғаннан соң 11 қаңтарда қайтыс болады, екінші, қазақ арасындағы медиацияда Кәмшат өледі. Бұлардың өлімі маңызды емес екі жақты бітістіріп-табыстыруы маңызды болса керек. Украина қақтығысын реттеу жолдарын қарастырған Германия мен Франция басшыларының Ресей президенті мен Украина президенттерін Минскі қаласына шақырып өткізген 14 сағаттық мәміле-келісімі 15 ақпан (2015) күннен атыс-шабыс тоқтатылды. Бұл келісім 3-дүние жүзілік соғыстың алдын алу болатын.

Медиация мәселесі Құқықтық Заңға 2010 жылы Елбасымыздың қолға алуымен Үкімет судьялары мен соттарының заң жобалауына сәйкес жоспарланды. Осы жылы Астана қаласында Қазақстанның төрағалығымен өткен Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық жөніндегі Ұйымының (ЕҚЫҰ) Саммитке 60-қа жуық мемлекет басшылары қатысты, бұл Қазақ елінің әлем достастығы мен бітімгершілігін өткізуі медиацияның ауқымды түрі деп айта аламыз.

* * *

Бір қарағанда физика ғылымы қайда, Абай қайда деп түсініп қалуымыз ғажап емес. Түрлі ғылым салаларының арасында ішкі байланыстың болатындығын ескерсек, физика пәнімен басқа пәндер арасында байланыс бар екендігі белгілі. Солардан бірі сөз өнері яғни әдебиеттану ғылымының сүбелі тармағы Абайтанумен бірге қарастыруды жөн санадық.

Физика – гректің тілінен қазақшаға аударғанда «табиғат» деген ұғымды білдірсе, Абай табиғатты аз жырлаған жоқ. Физикалық қасиетке заттың сыртқы көрінісі және оның балқу немесе қайнау өлшемі, жылу мен электрлік тоқты өткізу қабілеттілігі және қатты, сұйық, газ күйі жатады. Ал, заттың басқа затқа айналуын химия ғылымы зерттесе, физика ғылымының қарастыратын бағыты біз өмір сүріп отырған тіршілік көзі от, топырақ, ауа, су сияқты төрт құрамды бөлшектер. Өріс пен заттың жалпы қасиеттерін сақтайтын ең кіші бөлшегі атомды және олардың қозғалыс заңдылығын осы физиканың еншісінде. Табиғаттағы зат та құбылыс та ұсақ бөлшектерден тұрады. «Сен де, бір кірпіш дүниеге» (Абай) қоғамдық ортаға «кетігін тауып қаланатын» кірпіш қызметін атқарып, адамзат бөлшектері заттық ұғыммен қарасақ физикалық құрамды бөлшектерден тұратыны белгілі.

Қазіргі іргелі ғылымның зерттеуі бойынша элементар бөлшектердің соңғы «кірпіші» кварктар мен лептондардың (заттардың ең жұқа жеңіл бөлшегі) қосылысы болып отыр. «Кварк» терминінің қазақша баламасы кездеспейді. Кварктің «аромат» және «түс» деп аталатын ішкі мүмкіндігі болады. Әрбір кварк үш түсті болып келеді яғни олар: «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіндегі «Қар – аппақ, бүркіт - кара, түлкі – қызыл» десе, «Масғұт» жырында Абай:

Бірі – ақ, бірі – қызыл, бірі – сары,

- Тандап ал мен берейін бірін саған. – деп, шалдың аузымен айтқызған қызыл, көк, сары салмағы мен көлемі бірдей үш түсті алманы Масғұтқа тандатуы кварктің шартты түстері екендігі өзінен өзі көрініп тұр. Енді «Аромат» (жұпар иіс, хош иіс) дегенге келсек, ол жұпар иісті органикалық қосылыстарды химия ғылымы қарастырғанмен адам ағзалары сезініп бес сезім хауасы хамса заһири (Абай) мүшесінің бірі. «Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді» деген болатын 27-қара сөзінде.

Түрлі өзгерістер және оның себептеріне үңілу ежелгі дәуір білгірлерінің еңбектерінде баяндалып келген. Б.д.д.ҮІ ғасырдан дәуіріміздің ІІ ғасырында заттардың атомдардан тұратындығын Демокрит, Эпикур, Лукреций, дүниенің ортақ байланысын Птолемей, электр мен магнитті өрісін Фалес, сонымен қатар жарық сәулесінің түзу сызықпен тарауы мен қайту заңдылықтары сол кезде ашылды.

ІХ-ХҮІ ғасыр араларында барлық ғылым салаларын зерттеу орталығы Таяу Шығыс және Орталық Азия мемлекеттеріне ауысты. Физика,

математика, астрономия мен табиғаттануға байланысты тағы да басқа мәселелер Хорезми, Фараби, Бируни, Термизи, Ибн Сино, Ұлықбек, Құсшы т.б. алғашқы зерттеуші ғалымдар. Мәселен, Фараби дауыс тездігі, оның толқын арқылы жетуі музыка нотасын жасауына әсері болды. Хорезми математиканы, Ибн Сино медицинаны, Бируни аспан әлемін сол сияқты аталмыш тұлғалар түрлі ғылым салаларының алғашқы қарлағаштары саналды.

Абай деген - әдебиет, әдебиет - ол сөз өнері. «Әдебиет - өнердің ең жоғарғы түрі» (В.Г. Белинский) көркем тіл арқылы, асыл сөздің күшімен бейнелейтін өнердің бірі. Кез-келген көріністі әр өнер салалары суреттеуге келгенде әрқайсысы әрқалай орындайтыны белгілі.

Абай тірі табиғаттың заңдылығымен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмай тұғынын 27-кара сөзінде: «Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне һәм қандай лайықты жарастықты заңмен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмай тұғынын көресін. Бұлардың бәріне таңғажайып қаласың һәм ақылың жетпейді, осылардың бәрі де кез келгендікпен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың иесі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма?» - деген Абай Аристодимнің (Аристотель) аузына осылай сөз салады. Бұл ой ақынның табиғат туралы іліміне ғылыми зерттеу бағытын аңғартады. Табиғат құбылыстарын тұрақты қозғалыста және даму үстінде өзара байланысты және себептес деп қарастырғандықтан, ақын әлемнің бір орнында тұрмайтынын атап көрсетеді. Адамның өмірі мен қуаты да өзгеріссіз болмай тұрмайды. Абай әлемнің шексіздігін, қозғалыстың мәңгілігі мен қайталанбайтындығын, тыныштықтың салыстырмалы түсінік екенін айқын түсіндірді.

Дүние – үлкен көл,
Заман - соққан жел,
Алдындағы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.

Абайдың бұл ойы жаратылыстану ғылымы төңерегіндегі толғаныстарының жиынтығы болып саналады. Әлем кеңістігіндегі біртұтастық тұжырымдардың жолы ерекше. Абай әлемдегі өзгерістерді мойындаған. Оның пікірінше дүние бір қалыпты тұрмайды, ол күнде өзгеріп тұрады. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде:

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби келді.
Қағида шарифаты өзгерсе де,

Тағриф Алла еш жерде өзгермеді. – Алланың өзі де, сөзі де ешқашан өзгермейді, бірақ заман өзгереді. Бұл - Абайдан алдыңғы данышпандар дәлелдеп кеткен өмір қағидасы. Дәуір өте келе нәби (пайғамбар) келіп қоғам өзгереді, соған қарай шарифат заңдылықтары да өзгеріп отыратындығын айтып отыр.

Бір қайғыны ойласаң,

Жүз қайғыны қозғайды, физика заңындағы бір-біріне әсер ету энергия шамасына бағытталған түзу күштің әсер етуі денелердің бір-біріне әсер ету мөлшері күштердің қосындысы. Күш – денелердің өзара әрекеттесуін сипаттайтын шама. Сондықтан да бір дененің екінші денеге әрекет ету өлшемі ретінде дененің үдеуіне екі шаманың мөлшерін көрсететін тепе-теңдігі Абайдың «Біреуге өктем іс қылса, Өз күшім деп ойлайды» деп шама заңдылығын қоғамдық әлеуметтік өмір тұрғысынан көрсетеді.

Абай қолданған «өзгеріс» физика ғылымындағы «қозғалыс» түрінде кездеседі. Қозғалыстың түбірі «қозғау» болса, қозғалыс өзінен-өзі пайда болатын құбылыс емес, басқа бір дененің әсер ету күші – жаратылыстану ғылымының физика саласында дәлелденген шындық. Мәңгілік қозғалыстардың адам болмысынан тыс болатын болса, Абай танымындағы «өзгеріс» деп беруі дұрыс келеді. «Тағдырдың жарлығын білесіздер - өзгермейді. ...Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, өмірі бірқалыпты тұрмайды. Әрбір мақлұққа құдайтағала бірқалыпты тұрмақты берген жоқ» (20-қара сөз) деп өз ойын нақтылайды. Біз пенделер, өзгереді екенбіз, Алла өзгермейді мәңгілік болатындығы Жаратқан иенің заңдылығы екенін көреміз. Өзгеріс деген – тұрмыс, тіршілікке ынталану, өмірге деген талпыныс. Бұл қасиет табиғаттың өзінің жасағаны өзгерісін ешкім ақылмен жасамайды, ол – болмыс, ол - қажеттілік. Сондықтан да Абай:

Күштілерім сөз айтса,

Бас изеймін шыбындап. («Күлембайға») – деп, болмысты тіршілік билеп жағымпаз, екіжүздемеі боған адамдардың ішкі дүниесінің өзгеруін, биліктің өз ырқына көндіруі «инсанияттық» (Абай) қалпынан айырылуына алып келіп соғарына өкінішпен қараған Абай: «Түзетпек едім заманды» деп қолын биікке қарай сермеген ақынды көреміз.

Ұлы Абай өлеңдерінде табиғаттың көлеммен белгіленетін болмыстық заңнамасымен белгіленетін уақыт мен кеңістікте тіршілік барын аз жырлаған жоқ. Мәселен; Қыс көрінісін бейнелеуде суретші қыл қаламына сүйеніп әсерлі сызса, әдебиеттану ғылымындағы сөзден жасалатын «құйма» өнер шебері - Абай:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,

Соқыр-мылқау танымас тірі жанды.

Үсті басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

«...бір нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келтіріп айту өнері» - деп, Ахмет Байтұрсынов айтқандай көркем әдебиеттегі келтіріп айтудың қас шебері ұлы Абай қыс айындағы бір көріністі асыл сөздің құдіретімен тылсым табиғат суретіне жан кіргізіп, «басқан жері сықырлап» деп аязды адамның жанды жүрісімен көркем бейне жасайды.

«Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың маңы терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп. – осы шумақта физикалық
құбылыстың бірнешеуінің кез келуі жарық айдың сәулесі арқылы судағы
дірілді және терең сайға гүрілдей құлаған өзен дыбысы, әрі қарай оқысақ:

Тау жаңғырып, ән қосып,
Үрген ит пен айтаққа - тармақтары арқылы Абай
жансыз табиғатты жандандырды. Бұл физика ғылымының «интерференция»
дыбыс, жарық және радио толқындарының бірін-бірі күшейтуі немесе
әлсіретуі. Сазды ән, кеңістік, үрген иттің үрісі мен оған қосыла шыққан
айтақты дыбыс жаңғырып естілуі. Егер де дыбысты шағылдырушы бет
бірнешеу болғанда Абайдың айтатын жаңғырығы «Тау жаңғырып, ән
қосып», тауда жүріп айқайласаңыз дауысыңыз бірінен соң бірі
толқынданып дыбыс әуезі, электр мигниттік өріс арқылы жалғасады. Осы
өлеңдегі «Бір суынып, бір ысып» адамның ішкі сезім иірімі физиканың
заңдылығын айнымай табуға болады.

Жоғарыдағы өлең шумақтарындағы желсіз түнде судың бетіндегі
дірілді қарапайым мысалмен түсіндірсек, қолыңызға айна алып, терезеден
түскен сәулені қабырғаға шағылыстырып көріңіз. Айнаңызды қанша
қимылдатпай ұстауға тырысқаныңызбен шағылысқан сәуленің дірілін
көресіз. Интерференция - өте нәзік құбылыс. Ол (сәуле немесе әуез) бір-
бірімен қабаттасқанда бір нүктеде бірінің күшейуі, екінші нүктеде әлсіреу
байқалады.

Сәулесі суда дірілдеп

Тасыған өзен гүрілдеп. - деген Абай өлеңіндегі
шалыс ұйкасты құрап тұрған екі тармақтың соңғы сөздері жоғарыда
айтылған интерференция құбылысындағы бірінің әлсіреп екіншісінің
күшейуі: «дірілдептен» гөрі «гүрілдеп» күшейіп тұрғанын байқау қиын
емес. Осы интерференция құбылысы қазақтың өмір-тіршілігімен байланысы
жаз жайлауға қоныс тепкен сәтін суреттейтін «Жаз» өлеңінде де:

Күркіреп жатқан өзенге

Көшіп ауыл қонғанда – деп, ағып жатқан өзеннің
ағысын күшейтіп сипаттайды. Ұлы ақынның 1886 жылы жазған бұл өлеңі
Шыңғыс тауының солтүстігінен Шығысқа қарай ағып жатқан Ботақан
ошағы өзені және оның бойындағы жайлауды танытады. Бұл жайлау
Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай мен Ділденің
үйленген кезі суреттелген

Физика ғылымының зерттеу мінберіне қосылатын ғарыштық жүйеден
бастап микродүниеге дейін дүниенің құрылымын, өзінің физикалық
көзқарасын әлеуметтік-философиялық деңгейге көтерген. Ақын табиғаттың
тылсым күштерінің бірі күннің күркіреуі мен найзағай жаңбыр жауар
алдында ауа қысымының салдарынан аспанда жай ойнап, дыбыстың қатты
шығуы ежелден адам жан-дүниесіне әсері күшті болып келген. Оны Абай

«нажағай» деп береді. Поляк акыны Адам Мицкевичтен (1798-1855) аударған

Дүрілдеген нажағай,
Бұрқыраған жауынның
Ашылмағы бар ма басынан

Бағы қайтқан қауымның? – деген бір шумак мазмұндай аудармасында Абай өз халқының табиғатпен бірге етене араласып көңіл-күйі табиғаттың мінезімен астасып жатқаны суреттеледі. Мұнда найзағайдан талай жан жапа шеккенін байқау қиын емес.

Абай өлеңдерінде атағы әлемге жайылған Ньютонның әсер етуші күштерді және дене қозғалысын зерттейтін үш заңы да көрініс береді. Бірінші заңында «Денеге сырттан күш әсер етпесе, онда ол тыныштық күйін, немесе бір қалыпты түзу сызықты қозғалыстағы күйін сақтайды». Ғашықтардың бір-біріне деген құмарлығын «Жазғытұры» өлеңінде былай береді:

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,

Құмары екеуінің сондай күшті. – деген ақын, осында кейіптеу тәсілін өте шебер қолданған. Мысалы, оның қысты кәрі құда («Қыс»), күнді күйеу, жерді қалыңдық деп, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп бейелеген.

Екінші заңы «дененің қозғалыс мөлшерінің өзгеруі күшке екеуінің бір-біріне теңдігі және ол күшпен бағыттас болады». Мысалы Абайда: «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде:

Дененің барша қуаты

Өнерге салар бар күшін – деп, дененің жұмыс істеу шапшаңдығын күш пен байланысқан қуатты да, күштің әсерімен дене қозғалысының динамикасын көрсетіп тұр.

Үшінші заңы «екі дене бір-біріне шама жағынан тең, бағыты жағынан қарама-қарсы күштермен әсер етеді» - деген заңдылығына Абай:

Единица – жақсысы,

Ерген елі бейне нөл.

Единиц нөлсіз-ақ,

Өз басындық болар сол.

Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл? («Сәулең болса кеуденде») – деп Абай елге тұтқа болған азаматты көппен яғни тобырмен қарама-қарсы қоюы Ньютонның үшінші заңын айғақтап тұр.

Атақты неміс математигі Карл Фридрих Гаусстың (1777-1855) нақылдан: «Математика царица всей науки, но служанка физики.» деген сөзі еріксіз еске түседі.

Сонымен, айтылған ойларды түйіндеу үшін өзінің физикалық көзқарасын әлеуметтік-философиялық деңгейге көтерген Абайдың 27- қара сөзінде: «Ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпейтұғын дүние әрбір түрлі керекке бола жаратылған хәм бір-біріне

себеппен байланыстырылып, пенденің ақылына өлшеу бермейтұғын мықты көркем законға қаратылып жаратылады» - дейді ойшыл. Міне, бұл ой Абай танымының тереңдігін аңғартады. Бұл тұжырымды Абайдың жаратылыстану төңірегіндегі толғаныстарының жиынтығы деп түсінуіміз керек. Ал, әлемнің біртұтастығын зерттеп жүрген физика мамандары үшін бұл тұжырымдардың орны ерекше.

* * *

Математика пәніне Абайдың байланысын бастауымызға, әлемге белгілі математик Асқар Жұмаділдаевтің: «Мені - математик еткен Абай» деген сөзі бізге түрткі болды. Оның үстіне орыстың тұңғыш әйел математигі Софья Ковалевская (1850-1891: «Математик болу үшін ақын жанды болу керек»), неміс ғалымы, физик Альберт Эйнштейн (1879-1955): «Ғылыми ойлауда әрқашан поэзия элементі болуы тиіс» деген сөздері математиканың сөз өнерімен байланысы бар екенін айғақтайды. Ал, математика пәнінің өзіне келсек ақиқат дүниенің сандық қатнастарын айқындайтын кеңістік пен уақыт жайлы ғылым болып шықты. Ол арифметика (сан), геометрия (өлшеу), алгебра, тригонометрия (үшбұрыш өлшеу) сынды негізгі салалардан тұрады. Математиканы ақиқат шындық десек, адам баласына ежелден санау қажеттілігінен арифметика, табиғатты бақылау, жер өлшеу геометрия, өлшем бірлігіндегі бұрыштарды тригонометрия пәндерінің айналысатын ғылымға айналды.

Математиканың атасы саналатын Әбу Абдаллаһ Мұхаммед ибн Мұса әл-Хорезми (787-850) ежелгі рим цифрының орнына 9-ақ санмен жазылуды қалыптастырған Шығыс даналарының бірі. IX ғасырға дейін ұзыннан-ұзақ рим цифры жазуға қолайсыз болды мәселен, миллионды жазу бір парақ бетін толық алған көрінеді. Әл-Хорезми алғаш сандық жүйемен 1-ден 9-ға дейін санды ойлап тауып соңынан ноль цифрын қою арқылы миллион-триллионды жазу да оңайға түскен осылай арифметиканың негізін қалады. Пифагор айтқандай «дүниенің негізінде сан жатса, санның негізінде тоғызбен аяқталатын цифр тізбегі жатыр». «эс-цифр» сөзі арабтың «бос орын», «ештене жоқ» яғни, «нөл» жеке өзі тұрып ешқандай сандық көрсеткішке ие емес бос орын. Қазіргі цифр деп қолданып жүрген сөзіміз арабтың сөзі болып шықты. Нәлді ұлы Абай бірлікпен бірге қарастырады:

Единица – жақсысы,

Ерген елі бейне нөл.

Единиц нөлсіз-ақ,

Өз басындық болар сол.

Единица кеткенде,

Не болады өңкей нөл? – бірліктің нөлсіз де мәнге

ие екендігін аңғартады.

Ал енді, алгебра атауының шығу тарихына барайық. Еуропа халықтары соның ішінде орта ғасырларда Испанияны арабтардың миссионерлік саясатпен барғанын тарих растайды. Мұхаммед пайғамбары (с.ғ.с.) қайтыс болғаннан кейін сахабалары жер бетіндегі адам баласын мұсылман ету мақсатында Еуропаға жорық жасады. Себебі, өз төңеректерін исламдатуға асықпай ұзақтан бастау керек болған, таңдау Испанияға түскен болатын. Математикасыз өмір болмайтындықтан, жаңа пәннің бастауы әл-Хорезми есімімен тікелей байланысты болғандықтан сөз қолданыста болуы заңды еді. Латын, грек, испан, француз тағы басқа батыс Еуропа тілдерінде әл-Хорезми деген сөз фонетикалық өзгерістермен «Алгоризмус», «Альхоризмус», «Алькарезмус», «Альховаризмус», «Альгоритмус», «Алгоритм» болып өзгеріп айтылған. Бүгінгі математика ғылымының салалары алгебра, алгоритм Хорезмидің есімімен тікелей байланысты аталатындығын ғалымдар дәлелдеп қойған. Мәселен, завод – зауыт, волость – болыс, обладать – облыс, теңге – деньги, Сыры тау – Саратов, қара тас - карандаш сияқты дыбыстық өзгерістер бір тілден екінші тілдік сөздік қорына өзгеріспен ене беретіні тіл білімі ғылымында кездесе беретін заңдылық.

Абай - өз дәуірінде әлемдік жетістіктердің енуін армандаған, қоғамдық озық ой-сананың көрінісі бола білген ойшыл ақын. Математикалық тілде тілдесу - сөйлеу мәдениеті Абай 38- қара сөзінде: «Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам алла тағаланың ішінде» деп, арифметикалық сандарды кеңістікте өлшеусіз екендігін ежелгі Грек математигі Пифагордың (б.д.д. 570-500) «бірлік – бөлінбейтін тұтастық, екілік – шексіздік...» екенін Абай «Алла тағала - өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі» деп ақиқатқа алып барып тірейді.

Қазақ «үйірімен бір тоғыз» (олжаға кенелу, олжа көбейсін, байлау көбейсін) «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде:

Құсы да, иесі де қоразданар

Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.

«Үйірімен үш тоғыз» деп жымындап,

Жасы үлкені жанына байланғанда. – деп, тоғыз санына басымдылық беріп отыр. Барша сан осы тоғыз цифрмен жазылады. Қазақта тоғыз саны туралы терең мағыналы сөздер көп: тоғыз құмалақ, тоғыз бастатқан торқалы той, қалыңдық жағына тоғыз-тоғыз қалың мал беру, Тоғыз қабат торғауыт т.б.

Абай өз шығармашылығында сандар қатарын көп пайдаланған соның ішінде 5 санына көп басымдылық берген. Оның себебі ақын Құран Кітабын оқып түсініп жете тәспірлей алған, ол дегеніміз мұсылмандықтың бес парызымен тікелей байланысты екендігі ақиқат.

Математиканың бір саласы тригонометрия Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде көрініс тапқандай, оқып көрелік

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тәхкік біл.
Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл.

Дін де осы, шын ойласаң, тағат та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ- хақтың досы.. – деп, «Осы үш сүю болады имани гүл» деген ұлы Абай математик болмаса да тригонометрияның зерттеу бағыты үш бұрыстан басталса «Алланы», «адамзатты» және «хақты» сүй деп, берілген шамаларды үшбұрыш арқылы айқындап тұрғандығын көруге болады. Абай сызған үшбұрыштағы «адамзат» тригонометрия тілімен 0 нүктесі болса «алла» (у), «хақ» (х) десек оның тригонометриялық мәні келіп шығады. Белгілі математик Ағжан Машани ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің бас қосуына құбылыстың бірдей бір мезгілде тепе-тең күйіне тең келетін дәрежесі тригонометриялық ғылымның төрелік етуі Абайдың үшкілі деп айта аламыз дейді. («Әл-Фараби және Абай» 1994).

Геометриялық үш түзу сызық өзара қиылысып мәнін арттыра түсетін бір бөлігін: «Оның өзгеменен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуіндей» - деген Абай байлық, мал, мақтан - «болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса кере» (8-қара сөз) Ғадалат, шафғат, махаббат сияқты үшкіл берілген міндетін өзгерту сипатын тәуелсіз түрде бейнелейтін теріс шама зұлматты қарсы қоюын математикада «қисық сызық» (график) деп атайды. Абай қоғамдағы мұндай қисық сызықтарды көп қолданады.

Ұлы ақынның «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты өлеңін оқып отырсаңыз физика ғылымының кинематикасын көруге болады. Мәселен:

Түзу кел, қисық-қыңыр қырын келмей,

Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей. – мұндағы «түзу», «қисық-қыңыр», «қырын» сөздері адамның дене бітімінің дұрыс болуын меңзейді. Кинематика – дене қозғалысына әсер етуші күштерді ескермей, геометриялық сипаттарын зерттейтін механика бөлімі. Қазіргі кезде геометрия ғылымы күшті дамыған ғылымдардың көш басында тұр. Абай айтатын «Қансонарда бүркітші шығады аңға» атты өлеңінде геометриялық нүктенің қозғалысы түзу немесе қисық сызықтары бірін-бірінің орын алмасуын көруге болады «Іздің бетін түзетіп аңдығанда» деген тармағында қозғалған материялық нүктенің таңдап алынған түзу сызығы, ол ақ қарға түскен түлкі ізі, «Сағадан сымпаң қағып із шалғанда» қозғалысқа қатысқан түлкінің бастап жүрген жолы мен соңғы нүктесі. Екі нүктенің арасын қосып тұрған орын түзу немесе қисық сызықты қозғалыс «Сылаң етіп жолықса қайтқан ізі» деп ауыстырады. Геометриялық қисық сызық екі түрлі; бірі түзуленбейтін, екіншісі түзуленетін қисық сызық

болып бөлінеді. «Түзетпек едім заманды» деген Абай қисық сызылған сызықты (заман келенсіздіктерін) туырламақшы болғандығын айтқан еді.

Математика - адамзат тарихында рөлі өте маңызды ғылымдардың бірі. Ол қоршаған ортаны біліп-үйренуде, ғылыми-техникалық прогресстің дамуында адам үшін ерекше қажет дүние. Математикалық білімдер барлық мамандықтарға өте қажет екендігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Евдем Родосский (б.д.д. IV ғасыр) ежелгі грек философы әрі математигі «Жер учаскелерін өлшеу нәтижесінде мысырлықтар геометрия ғылымын шығарды» (ҚҰЭ, 2-том, 662-бет) – деп алғашқы геометрия пәнінің шығуы жөнінде мәлімет береді. Абайдың.

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған,

Өмірді білдірмеген күнде ұрлаған.

Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,

Қайта айланбас, бұрылмас бұлдыр заман. – деген,

өлеңдерінің бірінде геометрия пәніндегі жұп параллел сызықтар уақыт пен заман кеңістік бейнелар болса, оны кесіп өтетін үшінші көлбеу сызық адам тағдыры. Адамның тағдыры дейтініміз параллел сызықты кесіп өткен туры сызықта тең төртеуден 8 бұрыш пайда болды. Заман мен уақыт бір-бірімен кеңістікте қиылыспай адам тағдырымен еріксіз үнемі қиылысып сәттісі бар, сәтсізі бар бұрыштады құрайтындығы қисынға келеді.

Абай дүниенің барлық көріністерін жүйке сезімімен қабылдай білген оның әр шығармасына үңілу арқылы табиғатты түсіну математикалық тұрғыда ғылымдардың күре тамыры ретінде қарастырған Кеңес заманындағы белгілі астроном Н.Д.Моисеев (1902-1955): «Нағыз математиктер мен физиктер тәрбиелеудің бір ғана жолы бар: ол мектептегі әдебиет пәнінің санын көбейту керек» дегені көп нәрсені аңғартса керек. Жас жеткіншектерді Абай мұрасымен қаруландыруда ойлау мәдениетін қалыптастырып басқа ғылым бағыттарымен дамыта оқыту бүгінгі күннің талабы.

* * *

Химия – заттарды және олардың бір-біріне айналу заңдылықтарын зерттейтін жаратылыстану ғылымы. Заттың химиялық қасиеті оның басқа затқа айналу, түрлену қабілеттілігі. Табиғаттану саласындағы адам санасынан тыс тәуелсіз өмір сүретін сапалы өзгерістердің нәтижесінде жаңа заттардың пайда болу заңдылықтары Абайдың «Әзім әңгімесі» жырында:

Алды да ол дәрісін, мысқа салды,

Былқылдаған бұркылдап мыс шайқалды.

Бір нәрсемен азырақ бұлғалақтап,

Алтын қып суынған соң қолына алды. – деп, химиялық қоспа арқылы бір заттың екінші затқа қалпын өзгертуі, ыстықтан суыққа айналуы айтылады.

Химия ғылымының негізгі міндеттері болып табылатын қасиеттері: судың бу және мұз күйінде кездесуі – бірі сұйық, бірі ауа, бірі қатты күйінде кездеседі. қажетті заттарды ажыратып алу; өнеркәсіпті дамыту; химиялық энергияны пайдалану; қоршаған ортаны зиянкестіктен сақтау.

Адам баласына аса сұраныс туғызатын ас пен киімнен бастап тұрмысқа қажетті заттардың барлығы химиямен тікелей байланысты. Ең жоғарғы сатыдағы тірі ағзалар яғни адам ағзалары химиялық заттарды қажет етеді. Сонымен қатар адамға дене қызуын қалыпты ұстау мен әрқашан қозғалыста болу үшін қуатты қажет етеді. «Пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды» (15-қара сөз) химияны біз де «қызық көріп» Абай шығармашылығымен қандай байланысы бар екенін ашып көремекпіз.

Химия – сөзінің шығу тарихы туралы әр түрлі пікірлер бар. Еуропа мемлекеттерінде «химия» деген атпен белгіленіп, бүгінде химия пәнінде термин сөзге айналды.

X ғасырда өмір сүрген Харезм өлкесінің тумасы Әбу Абдолла Мұхаммед ибн Ахмед ибн Жүсіп Харезмидің пікірінше «Химия» - араб сөзі «камоякми» етістігі «жасыру, бекіту» деген ұғымды береді. Бұл тұлға (Жүсіп Харезми) атақты Әбілқасым Фердаусидің атақты «Шаһнама» атты дастанында аты аталған, Сабук Тегин мен оның ұлы Махмұд Ғазнауи патшалық құрған дәуірде лауазымды қызметте болған араб тарихшысы Әбу Насыр Мұхаммед әл-Утбиге (961-1036) арнап жазған «Мафотик алулум» («Ғылым кілті») еңбегінде айтылған.

XҮІ ғасырда өмір сүрген Түрік ғалымы Ташкөпразданың айтуынша «химия» сөзі яһуди тілінде (Израилдің ресми тілі) «жаратушыдан» деген мағынаны беретін «химях» ұғымынан келіп шыққан дейді.

Кейбір ғалымдар «химия» сөзі Мысыр араб мемлекетінің көне атауы «Хеме», «Хемо» еді деп дәлелдейді. Бұл сөз «қара», «тым қара» деген ұғымды береді екен.

Химияға байланысты айтылатын күрделі сөздердің алдыңғы негізгі бөлігі «хемо» сөзінен басталатын мәселен; Хемогендік шөгінділер, Хемосинтез, Хемосорбтану, Хемотроника, Хемотрофтар, Хеморецепция сияқты ғылыми термин сөздер пайда болған. Тағы да бір зерттеуде «химия» «сұйықтық», «ерітілген метал» деген мағынаны береді екен. Қалай болғанда да бұл химия пәні Орта ғасырлардың бас кезі Шығыста пайда болып дамығандығы белгілі болды. Еуропалықтар өркениетіне тұздық болып енген химия, тек химия пәні ғана емес барлық ғылым салалары солардың жаңалығы болып шыға келді. Бұл бір ғасырға таяу созылған «Крест жорықтары» атымен тарихта қалған Еуропа ақсүйек христиандарының мұсылмандарға қарсы және Иса пайғамбардың Иерусалимдегі (Палестина) мүрдесін қорғау мақсатта деген сылтаумен тән

азығы үшін Азияға жол тартып көп дүние мүлікпен қатар рухани дүниелерімізді де алып кетті. Соңында Египет патшасы Бейбарыс крест жолықшыларын 1270 жылы талқандап соңғы нүкте қойды.

Химияда жаратылыс деген ұғым бар. Зат пен өріс қатар жүретін ұғым өрістің қатысуымен заттар бөлшектерінің арасында өзара әрекеттесіп «өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек» деп, Абай 7-сөзінде адамдардың білімін өркендетіп дамыту «бұл жанның тамағы» дейді. Ол химия ғылымында қозғалыс өрістің «тамағы» зат екендігін айғақтайды.

Адам ағзасы мен жасушасы химиялық элементтерден тұрады.

Химиялық элементтер – ядролық зарядтары (куат) бірдей болып келетін өте ұсақ бөлшегі (атом). Табиғатта кездесетін барлық заттар жай және күрделі химиялық элементтерден тұрады. Заттардың ең кіші бөлшегі (молекуласы) бір ғана элемент өте ұсақ бөлшегінен құралған зат – жай зат, заттардың ең кіші бөлшегі әр түрлі химиялық элемент өте ұсақ бөлшегінен түзілген зат – күрделі зат деп аталады. Химиялық реакция нәтижесінде әрекеттенетін заттардың молекула құрамында химиялық элементтер қайта топтасып жаңа зат пайда болады.

Абай өзінің 43-қара сөзінде адам бойындағы жан мен тәннің ортасында болатын жибили мен кәсибиге тоқталған. Мұндағы «жибили» парсы тіліндегі жаратылысынан, тумысынан, іштен, табиғи - деген ұғымды білдірсе; «кәсиби» сөзі бұл да парсының «касибон» алынған еңбекпен табылған табыс, жетістік. Адамның тіршілік көзіне жататын табиғи биологиялық қажеттіліктерімен қоса білмекке құмарлықты жибиліге жатқызады. Тән азығы ішіп жеу болмаса ол өсіп қуаттанбайды – деген Абай кәсибиге жан азығы болатын ақыл мен ғылымды білуге құмарлығын жатқызады. «Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар ...адамды ақылды дейміз» дейтін ұлы ақын «бұл болмаса оның малдан айырмашылығы жоқ» деп кесіп айтады.

Адам бала кезінде жан қуаты «білмекке құмарлығы кішкене болады» деген Абай, табиғатта кездесетін заттар жеке элементтерден құралатынын оның көзге көрінген және көрінбеген қасиеттерін танып білу бірте-бірте ұлғайады, деген түсінік ертеде-ақ б.д.д. замандарда Аристотель, одан соң Әл-Фараби еңбектерінде кездеседі. Іздену, сұрап білу, ғылымға ұмтылу, дүние сырын ұғыну көңілге сенім береді деген ойшыл Абай жоғарыда аталған 43-қара сөзінде айтатындай жан қуатының үш артық қуатын яғни үш элементін орыс тілінде оқыған болуы керек, олар: «подвижной элемент» - бұл ұшқыр ойлылы тез ұғынушы дегенді білдірсе, «сила притягательная однородного» - ұқсас заттардың бір-біріне тартылуы, «впечатлительность сердца» - мұнда мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық сияқты төрт нәрсеге мұқият болу керек. Бұлардан жүрек таза болғанда жүректің сәулесі ашылады деп айтады.

Алғашқысы «подвижной элемент» мұны Абай: «Не көрдің, есіттің, өрнешік білдің, соны тездікпен ұғып, ұққаныңмен тұрмай, арты қайда

шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу онды пайда бермейді» деген болатын.

Екінші жан қуаты «сила притягательная однородного»: «Ол – бір нәрсені естіп, көріп білді, қош келді, кәзір соған ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әрнәшік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, бөтеннен хабарланып білмей, тыншытпайды»

«Үшіншісі орысша «впечатлительность сердца» дейді, яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық – бұл төрт нәрсеменен кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойына жайылады, тез ұмыттырмайды.» деп, Алдыңғы екеуіне ерекше тоқтала келіп, Абай: «Баз махфи олмая (айтылмай жасырын қалмасын) ол, мен айтқан үш қуаттың ішінде екеуі, сила притягательная однородного менен подвижной элемент – бұл екеуі қосылып тұра тұрған нәрсе, күллі пайда да бұлардан шығады. Күллі зарар да бұлардан шығады.» Сонда Абай айтып отырған «Баз» парсы тілінде бірнеше омонимдес мағаналары бар сөз. Химиялық тұрғыдан қарағанда «баз» қоспа, негіз – деген ұғымды беріп, қышқыл қосылғанда тұз шығатын қоспа. Қоспа – бір текті және әр текті болып бөлінеді Абайдағы; «ұқсағандарды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма?» деген бір текті қоспада кемі екі құрам, ал әр текті қоспада екі немесе одан да көп құрам бөліктері болады. «Махфи» сөзі парсы тілінде – жасырын, өзіндік терең сырлы ұғымы деген ұғымға сай келеді. Біз жоғарыда айтқан Жүсіп Харезмидің «жасыру» дегеніне келіп тұр.

Ұлы Абайдың «Әзімнің әңгімесіне» тоқталсақ бұл жырының оқиға желісі Шығыстың үлгілі «Мың бір түн» ертегісіндегі «Әлидің әңгімесі» атты аяқталмай қалған ертегісі болатын. Ондағы Әзімнің жетімдік шағы, жігіттік кездегі басынан өткен қиыншылығы. Өзінің әділдігі, шыншылдығы арқылы арманына жетеді. Жырдағы ұлы ақынның аса мән бергені шалдың негізгі кәсібі қара тасты алтын ететін қасиетке ие болуы оны ғылымда «философиялық тас» деп айтылады. «Әуелі – білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім» (32-қара сөз) деген, оның амалтәсілі химия ғылымында жатқандығымен ерекшеленеді.

Тау жыныстары тозады, су бұға айналады, темір тотығады т.б. мұндай химиялық өзгерістерді тәжірибе жасау арқылы дәлелдейді. Химиялық қажеттілік адам баласы өзінің керегіне жарату үшін алғашқы кезде-ақ пайда болған. Мәселен: б.д.д. 3000 жыл бұрын Месопотамияда кеннен темір, мыс, күміс, қорғасын өндірген. Кейін келе Қытай, Үнді, Египетте химиялық жеке өндірістер болған.

X ғасырды Шығыста «әлхимия дәуірі» деп атайды. Орта ғасырларда пайда болған ұғым - әл-химия. «әл» ұғымы Аллаһтан басталып, әл-Раһман (өте-Мейірімді), әл-Раһим (аса-Рақымды), ал-Салом (бәле-жаладан аулақ),

кейін келе есімдер атауына әл-Фараби т.б. ұлы, қасиетті, атаулы есімдердің алдына «әл» қойылып айтылатын дәстүр қалыптасқан.

Ал-химия – табиғатта кездеспейтін ерекше зат. Ол VIII-IX ғасырларда кен, көн өндіру, шиша мен қағаз шығару химия ғылымының дамуына әсері болды. Ал-химия ілімінің негізін қалаған, химия ғылымының атасы Жаббар ибн Хайам (721-813) жер астында екі түрлі булану болатынын анықтаған. Алғашқысы ылғал, екіншісі құрғақ бу. Ылғалды будан сынап, құрғақ будан күкірт пайда болады. Олардың қосындысынан алтын, күміс, мыс, темір, қалайы, қорғасын, шыны пайда болатындығын анықтаған.

«Элемент» ұғымын негізге алсақ күкірт жандырушы, сынап сөндіруші, тұз ерітуші қызметтерін атқарады. Жаббар ибн Хайамның ғылымға ендірген жаңалығын Әбу Насыр әл-Фараби (873-950) өзінің еңбектерінің бірінде әл-химия ілімінің болашағы туралы айтады. Шығыс зиялыларының бірі Әбу Бакир ар-Рази (865-925) химия туралы 26 еңбек жазғанымен бізге 4 кітабы ғана жетіп келген соның бірі «Сырлар кітабы» («Китоб ул-асрор») атты еңбегінде әл-химияда белгілі болған заттарды білу және оған тәжірибе жүргізу туралы сөз қозғайды. Әбу Әли ибн Сино «әл-Қанун» еңбегінде минералдар, тұздар, кислоталар, металдар, сілтілер сияқты 750 түрін жазған, олардың қасиеттері мен пайдалану жолдары толық берілген. Ибн Сино «Философиялық тас» деген ұғымды ғылыми негізде дәлелдеп, жай металдардың алтынға айналмайтындығын, адамды жастық шаққа қайта оралта алады дейтін түсінігін халықтың қиял-арманынан туған ойы ғана деп дәлелдейді. Ол Абайда:

Жалыны қайтар дененің,

Үнемі тұрмас осы шақ. («Жастықтың оты жалындап»)– деп, табиғаттың заңдылығына мойынұсынып:

Кәрілік те тұр тақау,

Алдымызда айла жоқ. («Жүрегім менің кырық жамау») деп, қазақтың ұлы ақыны жастық шақ қайта оралмайтынын шын мойындайды. Халықтың ұғымында сиқырлы, таңғажайып, керемет, жасартатын су, қара тас пен қара металды алтынға айландыратын сыры бөлек затты іздеу орта ғасырлық Шығыста түрлі қиялдан туған аңыз әңгімелер туған. Абайдың «Мың тір түннен» алып жырлаған «Әзім әңгімесіндегі» Мұстафаға бір шалдың көрік арқылы көмірдің қызуын күшейтіп, мысты талқандап мыс еріген кезде ұсақ қара дәріні қосу арқылы алтын жасаайды:

Химия ғылымын білуші ем, үйретер ем,

Мысты алтын жасаушы ем, алдамаймын. - дегені осының айғағы. «Бергі таудың басында сол дәрі бар» деп Қап тауының шыңында ғана болатынын оны игеруде аса қиындықпен қол жеткізетінін, ол жолда адамды құрбан студент тайынбайтынын ұлы ақын жеткізе суреттейді. Жай металды алтынға айналдыруға болады деген түсінік «философиялық тасты» іздеумен шектеледі шын мәнінде кез келген метал алтынға айналмайтыны белгілі. Химиялық әсерлестіру нәтижесінде

әрекеттенетін заттардың молекула құрамында химиялық элементтер қайта топтасады, яғни жаңа зат пайда болады.

Ислам діні өркен жайып келе бастаған кезде әл-химияны қолдаушылар болды. Абай «Әзім әңгімесіндегі» «Мен отқа шоқынамын, дініме көн» деп, шалдың аузына сөз салған Абай ал-химияның исламға дейін болғандығын аңғартады.

Ұлы ақын 1891 жылы жазылған жұмбақ өлеңінде халқына аз болса да жаналықпен таныстыру мақсатында жаңа дәуірдің жаңалығы, болашақтың ең қажетті бұйымы темірді (алтын-күміс) жұмбақ етіп бір шумақ өлеңінде:

Қара жер адамзатқа болған мекен,
Қазына іші толған әртүрлі кен.
Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,
Солардың ең артығы немене екен?

Орта ғасырларда ғылым салаларының бірі химия «Мың бір түн» әңгімелерінің бір тарауын «Әзімнің әңгімесі» атымен өлеңге айналдырған. Ұлы Абайдың мұндағы айтар негізгі түйіні адамзат баю жолында ешнәрседен тайсалмайтындығын бейнелейді. Шалдың Әзімді қолға түсіріп, Қап тауының адам бармас шыңынан қара темірді алтынға айналдыратын дәрісін алып келуде аждаһа-айдаһарлардың арасына жұмсайды. Ол барса келмес мекені болатын-ды.

Бізге анығы химия бір затты екінші затқа айландыру ол табиғи және жасанды жолдармен дүниеге келеді. Жер қойнауындағы заттардың бірнеше ғасырлар жатып бір-бірінің қосындысы арқылы адамзат игілігіне жарайтын қажетті мұнай, газ, көмір тағы да басқа азық-түлік түрлерімен қатар орыс химигі Д.И.Менделеев (1834-1907) тапқан химиялық элементтер қатары қазақ жерінде бар екені ғылыми түрде анықталып отыр. Демек, химия заттардың қоспасы арқылы жүзеге асыратын ғылым саласы екен. Қазақ Елінің әр қалаларына Д.И.Менделеевтің есімін дәріптейтін нысандар, көше аттары мен ескерткіштер керек-ақ

* * *

Нарықтық экономика «...соны үйретейін» - дейді Абай. «үйретейін» «үйретейін» деп, жар құлағы жастыққа тимеген Абай, бізге нені үйретпеді? Үйретіп келеді, әле де үйрете береді. Үйретудей-ақ үйретті-ау хакім Абай. Үйренбейтін өзіміз. Өзіміз Абайдың қалыбына түсіп үйренгіміз келмейді. Өреміз жетпейді, мойындайық! Менің жолыммен жүрсін деген Абай: «Адасып аландама, жол таба алмай» деп «баласы» Мұхтарға «Абай жолын» тапсырды. «Бірінді, қазақ, бірін дос Көрмесең істің бәрі бос» дегенді елдің бірінші Президентіне үйреткені шығар; шетте жүрген 5 миллионнан астам қандастарын бауырына тартып, қара шаңырақтың астына жинап, бірлігін нығайтып, әл-қуатын асыруды сенімді «Единица - жақсысы» Нұрсұлтанына тапсырды.

Сөйтіп, рухани байлықпен бірге күнделікті тұрмыстық байлықтың ара-жігін ашып айтқан білгір, бірегей ақын. Абайдың айтып кеткен мал, дүние, пайда, табыс, кәсіп сөздері қоғамның өзгерісіне қарай жана атауларға айналды. Ол, «бизнес» – ағылшын тілінен алынған «кәсіпкер», «сауда» деген ұғымдарға сай келеді. Жеке адамның немесе фирманың іскерлік қызметі. Бизнес адамның табиғи қасиеттеріне, біліміне негізделі отырып, нарықтық заманға бейімделген кәсіпкер, коммерсант, саудасаттық жолымен қоғамға пайда келтіретін әрекет. Бұл мамандықты игерген әрбір адам «Жан аямай кәсіп қылса» – (Абай) сонда ғана рухани қажеттілігін қанағаттандырумен қатар тіршіліктің баю жолына түсуі шартты нәрсе. Жеке кәсіпкердің баюы - қоғамның байлығы. Күнделікті тіршіліктің көзі жекеменшік бағытына ауған кезде «өзім дегенде өгіз қара күшіне» сеніп, қазіргі қоғамдағы кәсіпкерлер нарықтық экономиканы дамыту жолында барша қауым күнделікті тұрмыстық бай болудың түрлі амал тәсілдерін іздеуде. «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім байымайды» (10-қара сөз) – деген ұлы ақын бай болудың ұстанымын ұсынады.

Экономика термині қазақтың «ылғи сәттілік» сөзінен шыққан болу керек. Өйткені, парсы тілінде экономика «эктисод» - қазақша «ылғи сәт» деп айтылып; «табыс», «пайда», «жетістік», «нәтиже» - деген ұғымдарды береді. Жақсы нәрсені өзіміздікі емес, өзгенікі деу құлдық психология әріректен бойымызға сіңген әдетпен, мұны да парсы тілінен енген деп отырмыз. Парсы тілінде жүрген: ейлок – жайлау, остохан – сүйек, оташ – от, утоғ – отау, оғо – аға, улус – ұлыс, оиок – аяқ (ыдыс), кухне – көне, мэйл – мейлі, отер-әтір сияқты сөздерді тағы да мыңдап көрсетуге болар еді. Бұл аталмыш сөздер иран халықтарының тұрмыс тіршілігінде емес, тек қазақтың тұрмысына ғана тиісті сөздер, тіпті басқа түркі тілдес халықтарда да кездеспейді. Осы сөздердің және «ылғи сәт» сөзінің шығу төркіні түркі сөзі ме, әлде парсыныкі ме бүгінгі таңға дейін тілші ғалымдар тарапынан зерттелмей келеді.

Орталық Азия түркілері ертеден Алдыңғы Азияны мекендеген парсылармен тұтас бірлікте болғандығы тарихи шындық болса, рухани байланыс яғни, тілдік қарым-қатнастың тереңдеуі айтпаса да түсінікті. Орта ғасырларда түркіден шыққан Әлішер Науаи екі тілде, ақындардың атасы парсы ақыны Рудаки түркі тілінде де еңбектерін жазуы екі тілдің қатар қолданыста болғандығын айғақтайды.

«Егер ісім өнсің десең, ретін тап» (Абай) сонда ғана «пайда табу» келіп шығады. Пайдаға кенелу үшін жұмысыңыз сәтті болуы жеткіліксіз, үнемі «ылғи сәттілікке» қолыңыз жетіп отыруы тиіс сонда ғана пайдаға кенелесіз. Пайда – табыс көзі, табыс – байлық негізі, байлық - өмір сүру кешені. «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» деген Абай 37-қара сөзінде бизнестің көзін ашып, еңбегін еселеген елге қамқор «адамның адамшылығын» жоғары бағалайды.

Негізінен, әркім әртүрлі баюға және оның ұзағынан болуын қалайды, еңбекпен тапқан табысын еселей ретін тауып жұмсауға келгенде әркім де салғырттық танытатындығы белгілі. Өйткені, бүгінгі аға буынды өсірген кеңестік дәуір жекеменшікті емес көпшіліктің мүддесімен айналысуды үйретіп келгені айнымас шындық. Қазақтың мінезі өзі үшін емес, өзгемен қоғамдасу арқылы адал қызмет ету «Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі» (29-қара сөз) қағидасы табиғатынан берілген сый сияқты.

Бабалар аңсаған Тәуелсіздік бүгінгі ұрпаққа сый болып келген 23 жылда, өзімізді өзіміз қолға алып, талапсыздық, еріншектік, жалқаулық, токмейілділік, байлыққа бөккен кісімісіп, бойкүйезділікке салыну, адам бойындағы «өнерге, ғылымға деген ұмтылыс жойылады» - деген Абай, «Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол» (33-қара сөз) деп, өнерлі жандарға сүйсінеді. Және адал еңбекпен мал табуда, қайырымды болуға насихаттайды. Кедейлік қазаққа үстем болып тұрғанын күйіне айтып, кәсіптің түр-түрін игеруге келгенде енжарлық танытатыны, ата-бабасынан келген мал бағуға келгенде көп қандастарына: «Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай» - деген, ұлы ақын:

Еңбек жоқ, hareket жоқ, қазақ кедей,

Тамақ аңдып қайтеді тентіремей? - деп, түйеді.

2015 жыл 7 ақпанда өмірден өткен жазушы қазақтың жанашыры ұлты неміс Герольд Бельгер: «Табиғаттың берген сыйын еврейлер 100 пайыз, немістер 70-80 пайыз, орыстар, 50-60 пайыз, қазақтар 20 пайыз мүмкіндігін пайдаланс» - деп отырғаны көп нәрсені аңғартып отыр.

Әлемдік бизнес Абай айтқандай өз қамы үшін бар ынтасын салып, тірлік етіп, күн демей, түн демей жаны жай таппай, өзі дамыл таппай ебін тауып еңбегін еселеп келетіндерді үнемі қолдайды. Абай шығармаларында бизнестің дұрыс жолдарын көрсетіп, тиімді шешім табуға жетелейді. 25-қара сөзінде «Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін» деп армандағанын қазаққа мал табудың бағыт-бағдарын көрсетуді өзінің мақсаты екендігін байқаймыз. Қазақ халқының дамуында алға басуы, бір жағынан-өндіріс тәсілінің өзгеруімен байланысты, екінші жағынан халықты кең түрде ағарту ісіне байланысты екенін Абай дұрыс түсінді. Ойшыл ақын, қазақтың экономикасының артта қалуының себебі көшпелі елдің – егіншілікке, қолөнерге, кәсіпорындар мен сауданы дамытуға икемді емес екендігін қолайлы қоғам болмағанымен ұштастырып: «Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан» (3-қара сөз) деп, тетігін нақты басып айтқан.

Баланы, малды, елді, ғылымды қалайша бағудың тетігін іздеп 1-қара сөзінде өзі арқылы барша жұртқа ескертіп өткендігін жақсы білеміз. Қазақты басқа халықтардың үнемді іс-әрекеттерін үлгі тұтып, «Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ, саудагерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ...Ноғайға қарасам, еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі» - дей келе, Абай өзінің «Жазғытұры» өлең жолдарында:

Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер,
Диханшылар жер жыртып, егін егер,
Шаруаның біреуі екеу болып,

Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер – деп, күнделікті
өмірмен адамдардың күнкөрісі, іс-әрекеттің суреттелуі, шынайы берілген.

Абай сол кезде-ақ жұмыссыздықтың көлеңкелі тұстарын: «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынның бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін болса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді?» деп те қынжыла айтып өтеді. Басқа орыс, өзбек, ноғай, татар халықтардың еңбекшілігін үлгі ретінде қарастырып, істің көзін білетін тұстарын үйрену керек екенін айта келіп бизнестің түрлері егін салу, саудагерлік, қолөнермен айланысуды ұсынады. «Өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң қара жер де береді, құр тастамайды» (Абай) деген сартты, кешегі күнге дейін саудагер деп менсінбей келгеніміздің несін жасырамыз. Кеңестік қоғам мүддесі саудагердің түбіне балта шабумен келді. Парсы тіліндегі «савдо гор» - «сауда істеу», «сауданы білгіш» деген ұғымдарды береді. Парсыша «Кордан» (істеу) деген етістіктің негізгі түбірі «кор» (іс) сауданы істеу деген мағына беріп тұр.

Ал енді жоғарыда айтылған «сарт» сөзіне мән бере кеткеніміз жөн сияқты. Абайдың пайымдауынан келіп шығатын: «Шыңғыс хан тірі күнінде бізді Жошыға тапсырып еді, «Сарт садағам, өзбек - өз ағам» деп, Шайбаққа қарап кетіпті» («Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы») дегені, тарихта белгілі Шайбани Мұхаммед (1451-1510) Шайбақ хан есімімен белгілі. Шайбани Дешті Қыпшақты, Орта Азияны билеп Өзбек ханын нығайтқан. Демек, қазақтардың «өзбегім менің өз ағам» дейтіні сондықтан. Ал, «сарт» емес түбінде «сырт» деген сөз фонетикалық өзгеріске түсіп «сарт» болып кеткен болу керек. Өйткені, қазақтың сырт халықтар дейтіні түрік, түркімен, өзбек, ұйғыр, тәжік, парсы, ауған, қожалар (араб) болатын. Қазақ арасында айтылуы «Өзбегім менің өз балам, сырттым менің садағам». «Өзбегім менің өз балам» - дейтіні, Өзбек хан Алтын Орда хандарының бірі.

Ұлы Абайдың «Саудагерінің жүрмеген жері жоқ» дейтіні жерден алған өнімін шет аймақтарға бұлдау үшін ғана емес, сол елдің түрлі саладағы жетістігін яғни жаңалығын өз елдеріне ала келетіндігі белгілі. Әлемнің бірінші ұстазы Аристотель жер май (керосин) сатса, екінші ұстаз Әл-Фараби саудагерлермен бірге керуен тартқан. Бизнестің көзі – сауда саттық екендігі нарықтық экономика дәуіріне тірелген кезде көзіміз жетті. Бүгінгі күнде дүние жүзіндегі кәсіпкерлердің бас қосқан жиыны (форум) әр елде өтіп жататын мемлекеттік ірі мақсаттан туған бизнес өкілдерінің тәжірибе алмасуы деп түсінген жөн.

Қазақ халқының саяси, экономика және мәдениет жағынан кенже қалуы, оның көшпелі тұрмыстан туған бытыраңқылығының, оның артта қалған феодалдық-патриархтың өндіріс тәсілінің салдары екенін де білді. Сондықтан да ол қазақ халқын көшпенділіктен отырықшылдыққа көшуге,

егіншілікті, әр түрлі сауданы, қол өнерін кәсіп етуге, ғылымға бой ұруға шақырды. Абай қазақтарды шаруашылықтың жаңа түрлеріне көшу қажеттігі туралы индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы өнеркәсіптік маркетингтің маңызын өз дәуірінде-ақ көріп тұрғандай. Мұндай табыс көзін табу үшін де байсалды, салмақты түзу мінез керектігін Абай 32-қара сөзінде: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауықты болады. Мінездің беріктігі бұзылса, оқып-үйреніп те пайда жоқ» деп түйіндейді. «Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп» тоғышарлыққа салынып, мінезінің өзгере бастауын «бай болам деген қазақты... қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық» (38-қара сөзі) бұлар экономиканың қас жаулары.

«Қазақ жерінде өндіріс жоқ, шикізатын сатады, сол шикізатынан жасалған өнімді екі-үш есе қымбат түрде сатып алады Бұл надандықтан келген кемшілік» деп жазды кезінде Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газеті. Осы ойды жіті бақылаған бүгінгі Президентіміз экономиканы шикізатқа алып барып тіреу тиімсіз болатынын айта келіп: «Жердің қойнауындағы байлықты тікелей сатпай, одан әртүрлі зат жасап шығарсақ, әлдеқайда мол табысқа кенелер едік» дейді. Егер нағыз еңбектенетін кезінді босқа жіберіп алсаң - өмір сені аямайды ол бизнестің айнамайтын қатал заңы.

Абай 3-қара сөзінде қазақты кері тартып отырған себептерге тоқтала келіп: «...жалқау кісі қорқақ, қайратсыз, тартады; әрбір қайратсыз мақтаншақ келеді, әрбір мақтаншақ ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады» деп, осындай жағымсыз қасиеттен әйгілі бизнес биігіне шыға алмайтынын ескертіп отыр. Табысты болу үшін мұндай нәрселерден жастардың қашық жүруін қалайды ұлы Абай.

«...біреуден қорқытып алсақ, біреуден жалынып алсақ, біреуден алдап алсақ болғаны» (10-қара сөзі) деп, ұрлық, зорлық-зомбылық, тонаушылықпен яғни көлденең тапқан табыс қымбат көліктерге мініп, қабат-қабат зәулім үйлер салып, елге қайырымы жоқ байлық дендеп тұрған мына заман, сатып алған марапаттарға ие болу қоғамдық лаңға айналған әрекеттерді көз көріп, құлақ естіп тұрғанда «Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен» деп Абайша қынжыламыз да.

«Еңбекті Абайдың қадірлеуі қазақ поэзиясы үшін аса бір соны сөз еді» (Мұхтар Әуезов) «...Құдай саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ерінбей еңбек қылса, түнілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды» (10-қара сөз) «Демек, барша іс, бүкіл байлық Жалғыз Аллах тағаланың қолында екен» деп Құранның Әли-имран сүресі (3), 28-аятында ескерту жасайды. «Әуелі мал табу керек, ... онан соң білім, өнер керек екен. Ғылымды, өнерді білгенге дүние арзанырақ түседі» (25-қара сөзі). «Егерде – мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды.» (33-қара сөз) деген Абайдың әрбір сөздері қазақтың бай

болуының бір баянды бағыты деп түсінуіміз керек. «Сүйтіп жүріп-ақ ақыл, мал таптық, байыдық. Сол малды сарып қылып ғылым табу керек» (10-қара сөзі) – деген ұлы Абай, сол тапқан табыстың пайдасын ғылым жолына жұмса деп, бағыт беріп тұр. «Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз.» деп ғылым арқылы баюға болатынын ұлы ойшылдың 38-қара сөзінен табамыз. «...барыңды салсаң да, балаңа ғылым үйрет. Балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма» (25-қара сөзі) мал табу үшін табыс көзінің тиімді тетіктерін инновациялық жолмен тауып ғылымға айналдыру ол – бүгінгі күннің индустриалды экономикасының айнымас талабы.

Қорыта келе, қазіргі бизнес мәдениетіне баулу үшін кәсіпкерлікке дұрыс бағыттап, олардың адал болуы жолында, мемлекетіміздің нарықтық экономикасы бекем болғанда ғана бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарында тұрамыз.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,

Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

Есек көтін жусаң да мал тауып кел,

Қолға жұкпас, еш адам кеміте алмас. – деген Абай

сөзі кәсіпкер қызметіндегілерді ғана емес, баршаны ерінбей еңбек етуге шақырады.

Осылай ұлы Абайды басқа ғылым салаларымен байланыстыра зерттеу бүгінгі күннің талабы. Бұл айтпағымыз Абайды нарықтық-экономика ғылым саласымен байланыстыра айтуға тырыстық.

* * *

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Абайдың ақындық кітапханасынан іздейік те!

«...қоғам өмірінде затшылдық, дүниеқоңыздық, нәпсіқұмарлық пиғыл үстем түсіп тұр. «Ақыл ауысады, ырыс жұғысады» дегендей, батыстың мерездері, яғни таным мен мінез-құлықтағы теріс қылықтар дендеп барады. Мұндай алапес құбылыстан құтылудың жолы бар ма?» - деп, өзі қойған сұрағына өзі жауап берген белгілі Абайтанушы ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мекемтас Мырзахметұлы: - «...Ол жол ...Абайдағы «толық адам» ілімі» деп шегелеп айтады. Абайдың «толық адам» болу мұратына жетелейтін Алланы, адамзатты, әділетті – сүюден басталаты «нимани гүлі», «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста» «Сонда толық боласың елден бөлек» деп қайыра айтатыны бар. Алланың жіберген сегіз сипатын таны. Өз бойыңда осы сегіз сипаттан аздап болғанда ғана «кәміл мұсылман» жолына түсеміз екен. Хакім Абай 38-қара сөзінде атап өткен сегіз сипат адам бойында толық болуын сипаттай келе, «Ол – Аллатағаланың заты» оны бізге тану ғана бұйырғандығын ескертеді. «...сегіз ұлыг сипатынан бас бұрғызып, өзге жолға салмақ» адамдықтың теріс жолын «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде Алланың

растығына басымдылық бере отырып, Алланы тану жолындағы төрт кедергіні қынжыла айтады:

Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі,

Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз? – иә, Абай айтқан төртіншісі нәпсіқұмарлық – адамзат түбіне балта шабатын паракорлықтың бастау алар тұсы, жемқорлықтың жылы жайы, сыбайластықтың кемелденген шағы. «Дәніккеннен құныққан жаман» деген халық, көлденең табысқа әбден құнығып, көзі тұманданып заңнан да, о дүниеден де қорқпайтындарға «Ол күнде мал да, дәулет те және бала-шаға да пайда бермейді» (Шұғара сүресі (26) 88-аят) – деп, қасиетті Құран сөзімен ескерту айтқан болса керек.

«Мыңмен жалғыз алысқан» ұлы тұлға, қазақтың тұла бойы болмысына жат, табиғатына қайшы тосын әрекет, қулық-айламен өз күзіреттігін пайдаланып мандай терсіз табыс табатын мінездің қайдан жұғып белең алғанын Абай өз заманында ашып айтты. Бүгінде пара бала бақшадан басталып зейнет жасына дейін ілесіп келе жатқан қоғамдық лаңға қарсы күрес билік тарапынан сыбайлас жемқорлықты түбегейлі жою барысында тынымсыз жұмыс жүргізіліп келеді, бірақ нақты нәтижеге қол жетпей шортандарын құрықтағанмен артынша шабақтары жетіліп қоғам бедеріне нұқсан келетін келеңсіздіктерді көз көріп жүр.

Пара – жасырын түрде өз мүддесі үшін заңсыз төленетін ақы, ауыз бастырық. «Порэ» сөзінің шығу төркіні парсы тілінен аударғанда – «ұсақ тиын», «теңгенің бір бөлігі», ал, «хур» - парсының «хурдан» «жеу», «жұту» деген етістігінің негізгі түбірі. Демек, «порэхур» - «ұсақтап жеу» деген мағынаны білдіреді екен. Ұсақтап жеу құла дүзге кетіп, түйені түгімен, вагонды жүгімен жұтатындар бүгінде көз алдымызда таң қалдырмақ емес. Паракорлар бірте-бірте мемлекеттік деңгейге көтеріліп «жемқорлық» («коррупция») - деген атқа ие болып қоғамдық-саяси деңгейге жетіп, ел тұтқасын ұстаған билік пен мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің ақшаға сатылуына алып келіп соқты. «Сақ бол, шайтанның ісі әрқашан теріс» (Мұжадәле сүресі (58) 19-аят) – деп, аскерткен. «Жемқордың» әуелгі мағынасы – «жемге үйренген құс», «комағай мал» сипатында пайдаланған сөз тіркесі, бүгінде, адамның «малына» айтылатын болып жүр.

Бір шоқып екі қарайтын пысықайлар үшеу; пара беруші, пара алушы және арадағы делдал бұлар Абайдың «дүниеге дос» дейтін өз еңбегімен күн көрмейтін, өзгенің еңбегін жеп байитын, бұл фәнидегі серігі адам емес, мал. «Оның діні, құдайы, халқы, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі - мал» (8-қара сөз) – деген болатын ұлы ақын. Мұхаммед пайғамбар (с.а.у.): «Пара бергендер де, алғандар да дозаққа түседі» деп, түпкі қорытынды жасайды. Бүгінгі Үкіметтің 2012 жылғы 23 тамыздағы қаулысымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық дерегін хабарлаған адамдарды көтермелеу, марапаттау қағидалары бекітілген. Бірақ ол толыққанды жүріп жатыр деп айта алмаймыз. Қазіргі кезде билік пен халықтың арасы алшақтап, билікке де құқық қорғау мекемесіне де толық сенім қалғалы қашан! Өйткені, сырын

ашқан жемқорлардың қолы ұзын болғандықтан ақ көңіл адал адамның өміріне қауіп төнетіндігі анық.

Лауазымды тақ иесі мемлекеттік адал қызмет ету орнын жеке мүддесіне пайдаланып қоғамның дамуына қауіп туғызатындар, біріншіден – қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу; екіншіден – экономикалық өсу қарқынын тежеу; үшіншіден – ұлттық мүддеге немқұрайды қарау. Осылай өрши келе жоғары лауазымды қызметкерлер жемқорлығын құқық қорғау мекемесі ауыздықтай алмай тамыры тереңге жайылуы «сыбайлас жемқорлық» деп аталады. Оған қарсы біздің елімізде алғаш 1998 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылдады. Сыбайлас жемқорлық - қоғамның дамуына экономикалық әрі рухани кедергі келтіретін іс-әрекет екендігі баршаға аян. Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күреске мемлекеттегі лауазымды адамдардың сатылғыштығы – Қылмыстық істер заңын теріс пайдалану (228-бап), қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану (307-бап), билікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап) сияқты сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірнеше заңнама баптары қызмет жасайды, сонда да кертартпа әрекеттер тыйылар емес..

Елбасы 2009 жыдың 13 қарашасында республика телекөрсермендерімен тікелей желі арқылы халықпен сұрақ-жауап сұхбатында мына сұрақты қойған болатынбыз; «Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, 2007 жылдың 9-сәуір күні телеарналар арқылы республика жұртшылығымен кездесуіңізде көркем әдебиетті көп оқитыныңызды айта келіп: француздың ұлы жазушысы Бальзактың: «Шегірен бұлғары» еңбегін оқып шығып казиноларды жабуды сол кезде ұйғардым», «Елордамыз Астананы тез арада тұрғызуыма, орыс жазушысы Алексей Толстойдың «І Петр» кітабының әсері болды» - деген болатынсыз. Бүгінгі қоғамның жегі құртына айналған парақорлық, жемқорлық, сыбайлас жемқорлықтың жолын кесетін кітапты бүгінге дейін оқыдыңыз ба, оқыған болсаңыз ол қай кітап?» - Осы сұраққа бүгінге дейін жауап жоқ, мүмкін, ондай кітап жоқ шығар, болса да Елбасының қолына тимеген болуы да ғажап емес.

Қоғамдық-әлеуметтік індет сыбайлас жемқорлықты биліктің арнайы күнкөрісіне айналғандығын көре отырып, бойларынан бүтіндей алып тастау мүмкін емес шығар, жоғарыда Елбасы айтқандай әдебиеттің ғана күші келетініне күмәніміз жоқ. Өйткені, «Адам баласының тәрбиешісі - әдебиет» (Бальзак). Сыбайлас жемқорлық, парақорлық індеттеріне қарсы кітапты әлем кітапханасынан іздемей-ақ Абайдың ақындық кітапханасына неге жүгінбеске деген оймен пікірімізді Абай ұстанымымен дамытқанды жөн санап отырмыз.

Сыбайластықтың бір көрінісін Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында; Істі болған Құнанбайды Майыр Омбыға алып бара жатып Керекудегі Сергей деген досының үйіне қонады. Құнанбайдан пара жеген Майыр мас болған болып, оны Құнанбай сырт арқасынан ұстап тұрған болып, атқосшысы Мырзаханға қағаздың барлығын өртетеді. Алдын ала

келісім бойынша Сергей Майырдың мініп келген арбасын қойған кіші сарайын өртеп, сарайдан өрт шықты деп анықтама толтырады. Сөйтіп, «Сергей өз қорасында өрт шығарумен Майырдың жеген парасын және заңға қарсы істеген қылмысын жапты» (М.Әуезов «Абай жолы». 1-кітап. – Алматы: 2002 217-бет). Снасы төмен жетесіздердің онынан айы туып, солынан жұлдызы қашанғы жарқырай бермек, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы жүйеленген 1995 жылы «Мемлекеттік қызмет туралы» құқықтық қаулылар қабылданды. Сонда да болса бұл қоғамдық кертартпалық әрекеттер толастар емес.

2005 жыл 3 мамырда Елбасымыздың қол қойған №1567 жарлығымен «Ар - намыс кодексі» қабылданып, онда мемлекеттік қызметшілердің құлықтық ережелері бекітілген. Бұл заңнамада: «Өзінің іске көзқарасымен және жеке мінез-құлқымен ұжымда орнықты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай туғызуға ықпал ету керек» - деп айқын көрсетілген. Абайдың «кемел адам» ілімін «толық адам» идеясымен жалғастырғанда ғана «камилли инсан» қалыптасатыру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі екендігі Абай: «Ар ұялар іс қылмас ақыл зерек», - деп, «ар» ұғымы арқылы нені айтпақ? Абай «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?» деген өлеңінде:

Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін,

Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.

Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма?

Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін – деген

Абай «Арлы адам – сөз бен істе әділ, намысшыл» деп түйеді.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған. – деген, Абай

сөзін нысынаға алып, Тәуелсіздігіміздің замандастарын билік құмарлыққа емес, ел жандылыққа тәрбиелеуіміз керек-ақ. «Пайда ойлама, ар ойла» деген Абайдың сөзін бұрмалап, бүгінде арды емес пайданы алдыңғы орынға шығарып жібергеніміз нарықтық экономиканың жетегінде кеткендігіміздің салдары Алланы танымай, Абайды ұмытқанымыз деп сеніммен айта аламыз. «Бес нәрсеге асық бол», екінші «Бес нәрседен қашық бол» деп, Абай, соқырға таяқ ұстатқандай етіп көрсетсе де жоламайтындығымыз қалай?

Мемлекеттік қызметшілер үшін Абай еңбектерін насихаттау арқылы қажеттілік туғызса және әрбір азамат жұмысқа қабылданарда ұлы Абай өлендері мен қара сөздерінен емтихан тапсыру дәстүрге айналса, ұлы ақынды білген қызметкер пенделікке бармай иманды расул етер еді деп ойлаймыз. Абай тағылымынан бейхабар және М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясын оқымаған билік басындағыларды «Иманын түгел деуге аузым бармас» (Абай) оларда, жан құмарынан гөрі тән құмарын ұран етіп мал табудан бәсекеге түскен шенділер мемлекет мәселесі мен ұлт тағдырын шешіп отырғандығы өкінішті. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті іске

асырудың маңызды құралдарының бірі Президент жанындағы сыбайлас жемқорларға қарсы комиссияға сенім артамыз.

Осы орайда, Абайдың өзі жазған заң ережесін адамдардан алдағы уақытта қайталап қылмыс жасамайтыны туралы көпшіліктің алдында Құран ұстатып, ант беруін талап етуді кіргізгенін айта кеткеніміз орынды.

Ұлы Абай көптің айта алмағанын жалғыз өзі айтты. «Парақорлық – кітап айтатын күнәнің үлкені... Парақорлық бұрынғы Кеңгірбай (1735-1825, Абайдың төртінші атасы.) сияқты атақты бидің де сүйегіне басылған таңба еді. – деп келеді де - Ол, әсіресе, қысылған жандардан, жазықсыз жұрттан түсетін жем» (М.Әуезов. «Абай жолы». 12 томдық, 4-том. 1968, 137-бет) – деген кейіпкер параның жан қысылғанда таза мандай термен табылған табысты оңай ғана шендіге бере салумен шектелетін табыс екен.

«Парақорлық – кітап айтатын күнәнің үлкені», деп қасиетті Құранды нұсқап отыр. Барша қауымды адамдық жолына нұсқады. Адамгершілік ұстанымды қалыптастырды. Ақынның өзі айтқандай «денелеп білмесе адамдықтың орны болмайды» (7-қара сөз) деп «елге пайдалы, әділ басшы болсам» деген мақсатта Абай кезектегі болыс сайлауына түсіп, жеңіп шықты. Әкесінің дәуірінде шенді шекпенді киіп масаттанып билік құмарлыққа салынған жоқ, керісінше, ен далаға келіп «Партия құрып, пара алған» (Абай) жергілікті биліктің, орыс мұжықтарының арамза әрекеттерін «Аш иттің артын сұқ ит жалайдының» кері келгенін жасырмай айтты. Абай өз қолындағы билікті пайдаланып әділдікті ту етіп, ел құрметіне бөленді. Абайды алғаш Құнанбай болыстыққа ұсынған кезде Абай бас тартады. Оның себептерін Абайдың өзі былай түсіндіреді: «Ісіпеген адамның қолындағы билік, жас баланың қолындағы ұстара пышақ есепті, не өзі арандайды, не өзгені арандайды. Абай өзін аямаса да бұған еріксіз күні түскен халықты аяйды» (М.Әуезов «Абай жолы» 1-кітап, 1997. 286-бет).

Абай дәуірі басқа қазіргі заман тендер, байқау, оферта, конкурс дейсіз бе осы сияқты бірнеше әдісін білген алып та жығатын, шалып та жығатын тәсілдер көбейіп тұр. «Пайда ойламай қылады кім татулық» деген ұлы ақын – көріпкелдігіне салынып бүгінгі сыбайластықтың өмірге келетінін өз заманында-ақ бағдарлапты. Ол – кешенің де, бүгіннің де, ертеңнің де қамын ойлап, қасіретін шекті. Абай өзінің өлең-жырларында ел ішіндегі ұрлық, зорлықты, алтыбақан алауыздықты, күштілікті, жатып ішер жалқаулықты өлтіре сынап, жастарды адал еңбекке, өнер-білімге шақырған Абай, бүгінгі күннің бет бейнесін:

Арсыз болмай атак жоқ,

Алдамшы болмай бақ кайда? – деп, түйреп өтеді.

Бүгіндегі атак құмарлардың асығы алшысынан түсіп, «қу», «пысықтардың» «өзім дегенде өгіз қара күшім бар» белсенді болып алғы шепте жүргендердің тасы өрге домалап тұр. Кәдуілгі жазулы заңы бардай биліктің төменгі басқышынан бастап әр басқыштан секіріп үкіметтің құзырлы орындарынан бір-ақ шығатын жас қызметкерлердің өте көбейіп бара жатқанын, жіті бакылап отырған Елбасымыз оң-солын тани алмаған

жастардың жауапты орындарда көбейіп бара жатқанын ескерткен болатынды. «Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ жас бала қызыл шоқтан қорқушы еді, бұлар дозактан да қорқпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен.» - деп, өзінің 5-қара сөзінде қатты сынға алады.

«...Қазақты я қорқытпай, я параламай, ...ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес.» деген Абай сыпайылатпай ашық айтты. Ұлы Абай: «Адам деп есеп қылма Ағыбайды» деп басталатын бір шумақ өлеңінде 9 бидің бірі Ағыбай құлқынның құлына айналып пара бергендердің сөзін сөйлейтін екіжүзді Ағыбайды қатты сынайды.

Қазақ жері 1886 жылдағы патша үкіметінің шығарған заңы бойынша сұлтандық басқарудың орнына болыстық басқаруды ендірді, болыстарға бөлініп, бөлшектенді жақын ауылдарды қосып бір болыс етті. Осының нәтижесінде ел бұрынғыдан бөлшектеніп, ел билеуші көбейіп, араларында талас-тартыс күшейе түсті. Қоғамда өріс алған әлеуметтік теңсіздік ұшығып кетуінің алдын алу мақсатында Абай 1885 жылы Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін жазды. Оның жан-жақтылығын айта келіп Әлихан Бөкейханов: «Абай бірінші шешен, халық өмірінің, заң дәстүрінің білгірі деген атаққа ие болады» деп, Абайдың қоғам қайраткері болып ерте қалыптасқанын атап өтеді. Мұның басты себебі, халық біртұтас ел болып, өзін-өзі басқаруынан айырылды. Бодан болған қазақтың жері Ресейдің әскери саяси мүдделеріне сәйкес аумақтық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан бөлініске түсті. Отаршыл империяның түпкі мақсаты қазақтардың бірігіп кетуінің жолын қиып, генерал-губернаторлық бөліске түсірді. Олардың араларында патша шенділері болып саналатын болыстар отырды. Міне осы арадан рушылдық белең алды. Бірнеше рулы елге бір болыс сайланды, бұрынғыдай өз руының көсемі билік жасай алмай басқа рудың өкіліне бағынышты болу қазақы басқарудың жүйесіне қайшы келді. Осы арада рулар арасында кикілжін басталып: «Пысықтың белгісі – арыз беру» (Абай) басталды. Таласқандар әділдік іздеп, болыстың бағынатын орыс шенділеріне келіп, ісім оңға бассын деп пара беретін болды. Билік құмарлар арасындағы теке-тірес пара беру, парамен іс бітіру тәсілі басталды. «Ел бұзылса құрады шайтан өрмек» деген Абай сол кезде-ақ «Өздерінді түзелер дей алмаймын» қайта, параларың ұшығып сыбайлас жемқорлыққа ұласып қоғамдық дертке айналатынын біліп қайғырады. Ұлы ақын «Масғұт» жырында:

Еңбексіз мал дәме етпек – қайыршылық,

Ақылды ерге ар болар ондай қылық. – деген Абай қазақы намыстан қамшы өріп, жон арқасынан таспа тілсе де «Оны ойларлық бұл күнде адам бар ма» деп тындар құлақ, сезінер сезімнің таусылғанына түңіледі.

«Бас басына би болған өңкей кикым» (Абай) патшаның төңірегіндегі уезді басқаратын ұлық пен ояздан бастап болыстар мен елубасы, жүзбасыларды айтып отырғанмен, бүгінгі біздің қоғамдағы бейкүнә

періште балалардың бақшасынан басталатын пара, мектепті де аралап кәмелетке жетпегендердің бойына сіңіп алғанын көз көріп, құлақ есітіп жүрек сезіп жүр. Алармандар – бай, би болысқа мал беріп, оның күшін сатып алып, «қазақтан кегін» алса, би, болыс та сайлау кезінде «жетпей тұрған жеріне жеткізем деп» байдан «мал» алады. Жарлының малы жоқ, жанынан басқа несін берсін, жанын жалдайды, сұмдық-қулық, өсек сатып, ең болмағанда «сайлауда шар салам» деп аларман болады.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман. – деген ұлы Абай «Алса қоймас араны тағы тоймас» ебін тауып еселеймін дегендерді осылай түйреп өтетіні бар. «Нәпсісін тыйып, бойын тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп, пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі?» (40-қара сөз) Көпті алдап жем ететіндерді ақын шығармаларында әшкерелеп отырғандығын көреміз. Жоғарыдағы екі тармақ өлең жолындағы сын түйреуіші «Көңілінде жоқ санасы» биліктің қаперіне кіріп те шықпайды. Осылай ұлы ақын.

Бойдағы мінді санасам,

Тау тасынан аз емес.

Жүрегімді байқасам,

Инедейін таза емес. – деп, бар шынын ақтарып салады.

Жүрегінен иманы тайған, нәпсісін тыймаған жан – білім-ғылымды, тәлім-тәрбиені ізгілік жолына емес, теріс пиғылға пайдаланады. Қолдан келгенде қонышынан басып қалатын, табыс көзі деп ұғатын алғыштардың астында тағы, қолында қармары бар дөкейлер мен әкім қараларға бағыттады. «Жүректеріңдегіні жасырсандар да және айқындасандар да – Аллаһ біледі» (Әли-имран сүресі (3) 29-аят) деген аят сөзін тыңдар құлақ болса, мемлекеттік кадрларды дайындауда екіжүзді болмауға «малға» сатылмаушылық жағын көп қарастырады. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар деңгейін төмендетуге ықпал ететін халықтық болашаққа көз тіккен ұлы ақын қазағының өнер, білімге ұмтылуын, іргелі ел болуын көкседі, сол арқылы заманды да түзетпек болды.

Түзетпек едім заманды,

Өзімді тым-ақ зор тұтып. – деп, зорыққан ақынды көреміз.

Бұл кеңістік әбден бұзылған, дертке шалдыққан. Адал еңбектің орнына тіленшілік, «қисынын тауып» алармандық. Абайдың өмір сүрген уақыты мен кеңістігіндегі нәпсі-шайтан жетегіндегі қазақ қоғамының хәлі – мақсатсыздық пен имансыздық. 39-қара сөзінде бабалардан келе жатқан «...екі асыл қасиетті қастерлеп, жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына енер едік» - деген ұлы Абай: «...бірауыздылық, ел басын силаушылық; екіншісі – намысшылдық» - деп келеді де, «Бұлардан айрылдык» - деп өкінеді. Абай армандаған бұл қасиеттерге ие болу Мәңгілік Ел болып, Тәуелсіздігімізге 23 жыл толар шақта, бүгінгі күні Абай сөзі біздің ұстанымымыз болуы тиіс.

«Сый дәметпе, берсе алма, еш адамнан» деген хакім Абайдың сөзі мына жүрісімізде «коммунизмде» орындалатын арман шығар! Үмітсіздік шайтан-да деп, өзімізді өзіміз жұбатамыз. Санасы жетпес самарқауларды;

Жалын мен оттан жаралған

Сөзді ұғатын қайсың бар?

Партия жиып, пара алған,

Бейілі кедей байсындар. – деп, рухани азғындарды мына сегізінші сөзінде де нысанаға алатын тұсы кездеседі: «Байлар...өзінде жоқты малымен сатып алады,...мал болса Құдайтағаланы да паралап алам дейді», деген ұлы Абай заманымыздың атжалмандарына осылай сипаттама беріпті, сабазың!

Парамен «ауырған» жалмауыздардан құтылудың бірден бір жолы, үндінің зиялыларының бірі айтқандай «адамның денесінен асқазанын алып тастау керек» деген қорытындыға да келіпті. Адам баласының асқазансыз өмір сүре алмайтынын ескерсек, егіс арасындағы арам шөп міндетті түрде болатындай, біз көтеріп отырған қоғамдық індетті шорт кесіп тастай алмайтынымыз өзінен-өзі белгілі екен. Қазақтың аңыз әңгімелерінде ең асыл саналатын гауһар тасты да кеміріп жүрген жегі құртты ақылды-дананың алдын ала болжауы. Бидай арасындағы зиянды шөптерді түгел тазалай алмаса да азайтуға болатындығы «Параға жемсауы толған ғой, әлгі піскен бастың» деп, Құнанбай айтқандай тойымдылық болған екен-ау деп ішіңіз жылып қалады. Бірақ, Абай:

Ынсапсызға не керек,

Істің ақ пен қарасы.

Нан таппаймыз демейді,

Бүлінсе елдің арасы. – деген сипатпен халықтың игілігінен нан тауып, жағдайын жақсартып алған пысықтардың көленкелі беттерін ел арасына тарап кеткен дертке қарсы тұрудың табиғи екі түрлі жолы бар екен; бірі - рухани, яғни іштей, екіншісі – қол күшімен, яғни сырттай әсер ету.

Данышпан Абай қоғамдағы келеңсіз әрекеттерді оған көзқарас білдірудің бір жолы сықақ жанрын (сатира) өткір де қуатты құрал етіп пайдаланды. Олардың ұнамсыздығын, зияндылығын жете көрсету үшін кекету, мысқылдау, келемеждеу сияқты көркемдік әсерлеу тәсілдерін ұстанды. Ел өміріндегі теріс көріністерді сынға алып «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысын», «Дүтбайға» атты өлеңдері жеке тұлғалардың әділетсіздік әрекеттерін, халықтық тұрғыдан шенейді. «Болыс болдым мінекей» деп, өз атынан бүгінгі күнгі биліктің суретін бұлжытпай сызады:

Күштілерім сөз айтса,

Бас ізеймін шыбындап.

Әлсіздің сөзін салғыртсып,

Шала ұғамын қырындап. – деп, ел басқардым деп шіреніп жүргендердің сайқымазақ жайын жер-жебіріне жеткізе жырласа,

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында «Бәрінің бөлтіріктері ақылдылығынан ермейді» деп зерделікпен түйіп қояды.

Бастық айтса бітті оны ойға салмай дұрыс па, бұрыс па қарап отырмай өзінен жоғарғы жақ не айтты өз жеке басы үшін көңілжықпастық іс-әрекет ететіндердің әсіресе, жағымпаздар мен басшылардың бет құбылысына қарай әрекет ететіндердің көбейіп келе жатқандығы қынжылтады. Ата Заңымыздың солқылдақ тұсын пайдаланған сүтқоректі жануарлар тобына жататын: Храпунов, Әлиев, Әблязов сындылар «кеміргіштердің» айқындалған түрі « - Бәрінен жексұрыны – осы күнде не көп, пара мен жем көп. Не деген көмейлер, жемсаулар екенін білмеймін» (Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы 2-кітап.336-бет – Алматы: Жазушы, 2002. - 432 бет) деген ойын данышпан жазушы кейіпкерлері арқылы білдірсе, ұлы Абай айтатын «Тұрлауы жоқтар» ел тағдырына араласуын терең ашып, қатал сынайды.

Қайнайды қаның

Ашиды жаның

Мінездерін көргенде. – деп түңіледі.

Осындай типтік бейнелерді баяндау арқылы бүгінгі күндегі ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын билікті коммунист В.Косарев: «...дармоедов, которые сидят на плечах народа» - деп келеді де, «и зачем они нужны?» деп қатты күйінеді депутат. Депутат болса осылай бол дегің келеді. Елдің еңсесін түсіріп өзі үшін тырбандап депутат болып алғандардың кейбірінің ойы жоқ, пікір айта алмайтындар жеткілікті. В.Косаревше айтқанда, «олардың керегі не?». Лауазымына аш кенедей жабысып, әкесінен қалған мұрадай айырылмайтын шенділер елдің байлығына иеленіп, оны ұшаққа тиеп кеткенге дейін «білмей қалған» біздің сүтқоректі жануарлар тобына жататын «атжалмандарымызды» көрген Абай сол кезде-ақ «Білместігімнен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын» (14-қара сөз) деп сенбеген екен ғой, абызын. «Крыловтың мысалындағы тауықтың жаңа талап жеген түлкіше «тұмсығында тауықтың жүні тұр» (М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопея. 2-кітап.178-бет – Алматы: Жазушы, 2002. - 432 бет) деп жегенін қанша білдірмеймін дегенмен, мұнтаздай тазаланған түлкінің тұмсығында бір тал тауықтың жүні қалып білдіріп қойғандығын романда бейнелеп тұр.

«Көрген көзде жазық жоқ» демекші, Елбасы нысанды аралап келе жатып көңілденіп езуі тартыла бастаса болғаны, шашбауын көтеріп жүргендер түгел дерлік (Токаев пен Тасмағанбетовтан басқа) күле бастайды, мұнайса мұнайады осы жағымпаздық әрекет теледидарда өте өрескел көрінеді, оны өздері де біледі. Білсе де құлқыны сүйреп «Единицаға» ұнау ғана шенді-дөкейлердің әрекеттерімен, құйтырғы қылықтарын халық айна қатесіз

Басында ми жоқ,

Өзінде ой жоқ

Күлкішіл кердең наданның (Абай) біліп отырады. Өтірік күлу, өтірік сөйлеу, сөз бен істің қауышпауы кешегі Кеңес империясының түбіне жеткенін жақсы білеміз. Оны ұлы ақын «Білмейдүр жүрек сезедүр» деп, күмәнмен қарағындығы ақиқатқа айналды..

Қорыта келе «Жемқорлықты саяси мәдениетке айналдырғандарды» (Мұхтар Мағауин) ауыздықтауға мемлекет тарапынан және басқа қоғам болып қанша жұмылса да бұл дерттің емі табылмай тұр. Біз жоғарыда айтқандай бұл келеңсіздікті бүтіндей жоғалта алмаспыз, бірақ, оны азайтудың жолы деп – Абай ілімін барша қауымға білуді ұсындық.

* * *

Индукция мен дедукция – Абай үйренбекші болған ұғым. Еуропаға алғаш рет Абайды танытқан Американың журналист-жазушысы Джордж Кеннан (1845-1924) «Сібір және жер аудару жүйесі» (1891) атты 2 томдық еңбегінде: «Семейде Д.С.Милль мен Дрэперді оқуға қабілетті қырғыз (қазақ) барын көрдім - дей келіп, - Бірінші рет кездескенімізде ол менен индукция мен дедукцияның айырмашылығын түсіндіруді өтінуімен таң қалдырды» - деп, Абайға таң қалған. «...пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды» (15-қара сөз) деп, өзі айтқандай, қоршаған ортаның тылсым сырларын білгісі келген ұлы Абайға балаң жастағы Семейде оқыған 3 жыл өте аздық еткені әр жерінде байқалып қалатыны бар.

Индукция мен дедукция – философиялық ұғым б.д.д. ІҮ ғасырда өмір сүрген ежелгі грек философы Аристотельдің «Аналитикасында» баяндалған. Күншығыста Әл-Фараби, Ибн Синолар әрі қарай дамытты. Еуропада жаңа дәуір деп аталған ХҮІ-ХҮІІ ғасырларда ғылымның теориялық деңгейге көтерілгенін индукция және дедукция пәнінің дамуына жол ашылуы болатын. Олардың негізгі идеялық тұжырымы танымның ақиқаттылығы, танымдық тәсілдер мен әдістердің дұрыс жүйесін қалыптастыру.

Индукция (дұрыстау, тәртіпке келтіру, ой салу, бағыттау) - ойлау арқылы арманға, жекеден жалпыға, белгіліден белгісізге қарай, тәжірибелік нәтижелерден бір көзқарастың тұжырымдалған қорытындысын бағыттау әдісі. Абайдың өзі жеке атынан «Болыс болдым мінекей» деп басталатын өлеңінің негізгі кейіпкері Күлембай Бозамбайұлы 1888 жылы Бақанас өзенінің бойындағы елді мекенге болыс болғанда Күлембайдың атынан қазақтың билігін түгел баяндап береді. Мұнда Абай өз атынан бүкіл болыс, ояз, билердің түрлі әрекеттері жекеден жалпыға қарай өрбітуі индукция тәсілін көруге болады. Оны философия, биология, эмбриология, физиология, физика, математика ғылым салаларында қолданылатын әдіс.

Эмбриология – (ұрық туралы ілім) жыныс жасушаларының қалыптасуын және оның дамуын, ұрықтың пайда болу кезеңдерін зерттейтін биологиялық ғылым. Даму жолына түскен ұрықтың бір бөлігі,

Диханшылар жер жыртып, егін егер.

Шаруаның бір малы екеу болып,

Жаңа төлмен көбейіп, дәулет өнер.

екінші бөліміне ететін әсері. Бұл көрініс бір-біріне тигенде нәтиже береді.

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,

Құмары екеуінің сондай күшті.

Күн – күйеуін жер көкsep ала қыстай,

Біреуіне біреуі қосылыспай,

Көңілі күн лебіне тойғаннан соң

Жер толықсып, түрленер тоты құстай. – деп, жер бетіндегі өсімдіктердің көктемде күн нұрынан нәр алып құлпырып шыға келгенін бейнелі сөзбен жеткізіп отыр.

Физиологияда – (табиғат туралы ілім) тірі ағзаның сыртқы ортамен қарым-қатынасы мен оған бейімделу әрекетін зерттейтін ғылым. Мұнда қозу мен тежеу арасында болатын физиологиялық өзара табиғи қарым қатынас. Тежелу әрекетінен қозу туындаса оң индукция, ал, қозудың салдарынан тежелу туындаса теріс индукция деп аталады. Мысалы, сырттан естілген қоңырау даусы есіту орталығын қоздырғанмен ас қорыту орталығын тежейді. Асқа деген тәбет орталығы қозғанмен тыңдау, қабылдау орталығы тежеледі.

Физика – (табиғат) қуатталған (заряд) дененің әсерінде қуатталмаған дененің электрленуі. Бұл физиканың заңдылығында электр қуаттар әрекетке түспесе, яғни электр тогы болмаса, магниттік өріс болмайды. Физика саласында 1831 жылы ағылшын физигі, химигі Фарадей Майкл (1791-1867) электромагниттік индукция құбылысын ашты. Индукциялық токқа ортаның магниттік қасиеттеріне тәуелді болатындығын түсіндірді. Ғылымға электр және магниттік өріс ұғымын қалыптастырды. Адам санасынан тыс болатын өзгеріс, олардың өзара әсері уақыт пен кеңістікте пайда болады. Уақыттың кеңістік пен материяға еш қандай қатысы жоқ, уақыт барлық жерде және барлық денелерде бірдей, уақыттың өтуі дененің әрекетіне байланысты емес, яғни уақыт шексіз. Сол сияқты кеңістік те шексіз. Кеңістік материямен уақытқа байланысты емес, кеңістік барлық денелерге бірдей, денелердің әрекеті кеңістікке ешқандай әсер ете алмайды.

«Механика – математика ғылымының жұмағы және дүниенің құпия сырларын ашудың басты кілті» (Леонардо да Винчи). Уақыт пен кеңістік туралы математикалық тұрғыда бағамдау мүмкін. Кеңістіктің белгілі нүктесінде, белгілі уақытта пайда болған жағдай оқиға деп аталады. (Галилей). Классикалық механикада дене салмағы, көлемі әрекетке байланысты емес, тұрған қалпында салмағы, көлемі қандай болса

әрекеттенгенде де дәл осындай болады. Бұл Ньютонның екінші заңына сәйкес келеді.

Дедукция - латын тілінен аударғанда «бөліп шығару» деген ұғымына сай келеді. Жалпыдан жекеге, жекені жалпыдан бөліп шығарудың тәсілі. Ұлы Абай Семей кітапханасында Еуропа ғалымдарынан бұл категорияларды босқа сұрамағаны белгілі. Ақын шығармаларында шындықтың даму заңдылықтарын логикалық тұрғыда ой қорытудың ұстанымы деп белгілеген. Мәселен; «Малда да бар жан мен тән» деген Абай жалпылама айтады да, одан «жан» мен «тән» ұғымын адам жаны мен тәнін бөліп алып қарастыруын айтуға болады. 38-қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек – деп келеді де - Әуелі – надандық, екінші – еріншектік, үшінші - залымдық» деп жеке-жеке дедукция әдісімен бөліп-бөліп қарастырады.

«Барлық металдар электр тогын өткізушілер» десек жалпы, «Мыс электр тогын өткізуші» деп жеке мыстың өзін бөліп алып қарастырамыз бұл физика ғылымында кездеседі. Демек дедукция барлық ғылым салаларында пайдаланатын тәсіл. Астрономия саласында «планеталар күнді айналады» дей келіп, «жер күнді айналады» деп бөліп алып қарастырамыз. Орта ғасырда араб философтары Кинди, Рози, Ғазоли, Ибн Рушт т.б. зерттеген. Бүгінгі ғылым дамыған кезде психология саласында адамның жеке ойлау қабілетін үйренсе, таным теориясында ғылыми білу әдісі сипатында анық болады.

Қорыта келе, дедукция индукциясыз, сол сияқты индукция дидукциясыз өмір сүре алмайды. Ойлау мен танымның, ақыл мен жанның бір-біріне іске аспайтынын ескерсек дерексіз сәттері көп кездеседі екен. Бұған француз философы, физигі әрі математигі Декарт Рене (1596-1650) «Әрбір пікірге күмәнмен қарау керек, егер мен күмәндансам ойлай білгенім, ойлау - нақтылыққа барар жол» дегенінің түпкі себебі жалпылық пен жекеліктің, дерексіздік пен нақтылықтың, анализ мен синтездің диалектикалық бірлігінде жатыр. «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» деп талдама жүргізсе, «Бір қайғыны ойласаң, жүз қайғыны қозғайды» деп синтездейтін Абай көп нәрсені ұғынуды армандады, бірақ уақыт пен кеңістіктің шексіз тұңғиығы нақтылықтан дерексіздікке жетелей берді.

* * *

Инновация – ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық», «ойлап табу», «тың пікір» еңбекті өндіріске жаңаша енгізу. Белгілі бір қоғамдағы адам өмірінде қолданатын жаңа сапалы жетістіктерді ұйымдастыра білу және оны түрлі салаларда қолдану ұғымы.

Бұл түсінік көбінде озық ойлы адамдардың білім дәрежесі мен қабілетіне байланысты болатыны шындық. Олар түрлі ғылым салаларында

бір тайпа, белгілі ұлт, мемлекет, ғана емес бүкіл әлем деңгейінде жаңаша әсер ете алатын ғылыми тұжырымдарға ие тұлғалардан, мәселен, Ибн Сино медетцина, Әл-Фараби философия, Хорезми математика, Беруни аспан әлемі, Ахмет Иасауи тасауф сынды ғылымдардың жаңашыл (инноваторлары) данышпандары адамзаттың игілігіне мәңгілік қызмет етті.

XIX ғасырдың 80-жылдары татар елді мекенінде алғаш жаңалық болып енген оқу түрі «жадид» (арабша «жаңа») деген сөз пайда болды. Бұл біздің еліміздегі мұсылманша оқытудың еуропаша тәсілі. Алғаш Қырым, Еділ бойы татарлары арасында қалыптасып, содан соң Орталық Азияға тарады. Ислам мәдениеті қазақ еліне тікелей араб тілінде келмей татар-башқұрттар арқылы таратылуы Ресей империясының өзіндік жымьсықы саясатымен байланыстыруға болады. Араб мұтәкаламдарының (миссионер) Испанияға жүргізген тәжірибесін ұстанған орыс патшалығы мұсылман мәдениетінің таралу жолына кедергі қоймай, қазақ елді мекендеріне орысша тәрбиеленген татар мектеп-медреселерінен шыққан татар мұғалім-молдаларының білім таратуын мақұлдап келген. Ол кезең «қадим» (ескі) оқуының орнына жаңашыл «жадид» мектебі өмірге келе бастаған уақыт еді.

Осы дәуірдегі озық ой жемісі Ыбырай Алтынсарин «Әліпби», Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш», Мағжан Жұмабаев «Педагогика», Жүсіпбек Аймауытов «Психология», Мұхамеджан Тынышбаев «Қазақ халқының тарихы» жазған жеке дара тұлғалар еңбектері пән жаңалықтары болып енді. «Интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп, интеллектуалды ұлт қалыптастыру» (Н.Ә.Назарбаев) жолында бір емес бірегейлер болды. «Жол картасы», «Индустрияландыру картасы», «Қазақстандық жол», «Нұрлы жол» сияқты сөз тіркестері жаңадан қазақ тілінің сөз қолданыстарына енді. Бұл жаңа сөз тіркестері жастардың ақыл-ой қабілетін таным тұрғысынан жан-жақты дамытып өмір барысын тереңірек түсінуге жетелейді.

Адам баласының рухани даму жолында енетін мәдени құбылыстар ел сауатсыз кезінде көзі ашық адамдар яғни мұғалімдер арқылы қалыптасты. Бүгінде Қазақ Елінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасындағы ең негізгілерінің бірі – жоғары деңгейде рухани қуатты жігерлі жастарды жан-жақтылыққа тәрбиелеу, олардың қабілетінің көтерілуіне үлес қосу болғандықтан, қоғамның алдына өте үлкен міндет жүктелді. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа оқу мен тәрбиені қатар беру «...мемлекеттен пайыздық бонустар ала отырып балаларын оқытуға қаржы жинаудың жаңа мүмкіндіктері пайда болуы тиіс» (2011 жылғы Жолдауда) деген Нұрсұлтан Назарбаевтың айтқаны әрбір ата-аналар үшін жаңадан қалыптаса бастаған оқу үрдіс негіздері болатын. Өкімет оны негіздей келе 2013 жылғы 14-қаңтарда қол қойылған «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» деген Заң қабылдап банктерде есеп-шоттары ашылды. «Кімде кім ақиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек керек» (Абай) мұны ата-ана ғана емес, әрбір мекеме өз қызметшілерін оқытатын білім беру жинақтау депозит ашуға мүмкіндік алды.

Ұлы Абай ол – ақын, ол – ойшыл, ол – халқының қамқоршысы, өркениетке шақырушы. Абай бүкіл шығармашылығында білім беру жүйесін жаңа арнаға бұру керек екеніне зор мән берді. Қазіргі дәуір білім беріп қана қоймай, әрбір білім алушы өзін-өзі дамыту жолында жаңаша ақпаратты технология жағынан, Елбасы бүкіл Қазақстанды 2010-2020 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық өсімді жүзеге асыру бағдарламасында дамыған елдермен терезесі тең болуда оқыған парасатты жандарды қалыптастыруға жұмылдырған.

Абай әлеуметтік-қоғамға әкелген аса зор жаңа қоғамдағы экономиялық қатынастарды жан-жақты қарастырды. Абай дәуірінде саясат, экономика жағынан Еуропа мәдениетін өз еліне тарату жолында көп еңбектенгені, оны Абай өзі қабылдап алып, қазақ даласына ендіруі тарихи маңызы зор жаңалық еді.

Ұлы ақын 1891 жылы жазылған жұмбақ өлеңінде халқына аз болса да жаңалықпен таныстыру мақсатында жаңа дәуірдің жаңалығы, болашақтың ең қажетті бұйымы темірді (алтын-күміс) жұмбақ етіп беріп отыр:

Қара жер адамзатқа болған мекен,
Қазына іші толған әртүрлі кен.
Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,

Солардың ең артығы немене екен? – деп, жаңалықты жұмбақтатып айтып тұр. Абайдың халқымызға сіңірген зор еңбегі даламызға қайта өрлеу дәуірін, жарқын рухын алып келгендігінде десек қателеспейміз.

Ақпаратты технологияның дамыған кезінде мұғалім ақпараттың нақты көзі болудан қалды, қазір олар тек ізденушілердің көмекшісіне айналды. Бүгінде инновациялық технологияны игермеген әрбір жан өмір барысынан ығыстырылып шығарылатыны белгілі. Жаңалықтың келуі кездейсоқтық және сыртқы ықпал арқылы енеді. Осы жаңалықтың енуі үш кезеңнен тұрады. 1) сырттан келген мәдени құбылыс толық еңбей, талдау талқысына түседі. 2) сұрыпталу кезеңін өткізеді. 3) сырттан келген мәдени құбылыстың ерекшелігі байқалмай халықтың дәстүрлі мәдениетімен үндеседі.

Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла» деген сөзін Кеңестік қоғам жақсы қабылдады, бірақ, нарықтық кезең тез қабылдай алмай сұрыптаудан өткізіп барып, нарықтық заманға бейімдеп барып, бірінші кезекте «пайданы» алғашқы орынға қойып, «арды» екінші орынға қойды. Бұл бүгінгі күннің саясаты, күнделікті тұрмыстық қажеттілік пен рухани құндылық қатар өмір сүре алмасын көрсетсе керек. Еліміздің ішкі рухани сарқылмас құндылығы жаңаны қамтамасыз ету, оны зерттеу және әзірлеу, бүгінгі күннің жаңалығына айналды.

Өнеркәсіп дамуы ұсақ тауар мен қол еңбегін пайдаланатын мануфактура Батыс Еуропада ХҮІ-ХҮІІ ғасырларды дамыды, бүгінде ол «шағын және орта бизнес» деген жаңа сөзбен орын алмасты. Кезінде мануфактураны қолданыстан ысырған фабрика мен зауыт «Миллион хикмет

бірлән жасаған машина, фабрик адам баласының рахаты, пайдасы үшін», деген ұлы Абай 38-қара сөзінде бүгінгі жаңа индустриялы инновациялық технологияны меңзеп тұрған сияқты. Абай техниканың маманы емес, ол ақын, философ, қоғам қайраткері өз ұлты үшін қайырсыз адамзатқа қас нәрселерді атап олардан қашу керектігін «Бес нәрседен қашық бол» егер «Адам болам десеңіз» деп адамға деген ізгі ниетті насихаттайды. Абай: «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайтынды» (24-қара сөз) Зандағы үдемелі үрдістің білім беру жинақтау депозитінің ашылуы басқа өркениетті елдерде кездеспей дағдарысқа тосқауыл болатын мұндай тәсілдер, дамушы 30 елдің қатарына енудің бірден бір жолы деп қарауымыз керек.

«Бұл хакімдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына, яғни электрияны тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істеп қойып тұрғандығы» (Абай) өз заманының өнертапқыштары (инновация) болатын. Бұл ойлап табылған жаңлық уақыт келе ескіріп орнын үдемелі индустриялы-инновация енді. Қажетті ғылыми-зерттеу және үйлесімді жұмыстарды жүргізу үшін дайындау, оқыту, жаңа мамандық беру және қызметкерлерді арнайы әдіспен іріктеу, өнертапқыштар бүгінгі күннің жаңашыл ең соңғы (новатор) болып табылады.

Күн – күйеу, жер қалыңдық сағынысты,

Құмары екеуінің сондай күшті. – деген, өлеңнің ырғағы да, ұйқасы да, буыны да, әні де, тақырыбы да, сөз қолданысы да Абайдың қолынан шыққанда түрленіп жаңа мазмұнға ие болып шығады.

Абайдың жер анасы қалыңдық болып, ұрын келген күйеу бала күнмен кездескенде жымыңдасып, күліп-ойнап қалатынын көз алдына келтіреді. Керісінше «Қыс» өлеңі өлі табиғатқа жан кіргізіп «Басқан жері сықырлап келіп қалды» деп, жүріп келе жатқан адам тұрпатын бейнелейді. «Ақ киімді» адам, ол жас емес, «ақ сақалды» қарт, «Кәрі құда» ол жаңа құда емес. Адамның жасының өтуі қартаюу қуанышты жағдай емес әрине, оны қыс мезгілімен ауыстырылып аязды үскірік боранды күнге жан кіргізу Абайдың әдебиеттану ғылымына қосқан жаңалығы бұл қазақ өлең құрылысына енген жаңалық, өлең жазу үлгісін жанартты, оны қазіргі тілмен айтсақ өлең құрылысындағы инновация.

Ұлы Абай жаңаны ұғындыру жолында кейіпкерлерін түрлі әдеби тәсілге салып өз қолынан ізін қалдырып отырады. «Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім» деп келетін өлең жолындағы «жабырқаңқы» деген сөз халықта «қабақ» сөзімен тіркесіп «қабағы жабырқаңқы» деп келген сөзге эпикалық мағына беріп Лермонтовтан аударған «Альбомға» өлеңінде «жабырқаңқы сөз» деп жаңа мағына үстеп отыр. Сондай-ақ, «тіл ұстарту» деген тіркесті де әдеби тіл сөздік қорымызға ұлы Абай ендірді. Өзінің «Біреудің кісісі өлсе, қаралы - ол» өлеңінің соңғы шумағында ақын жастар алдында ант беріп «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» дейді.

Кеңес одағының соңғы тыныстары «қайта құру», «демократия» жемістері Батыс өркениетіне малынғандығының бір көрінісі, түрлі-түсті жалаңаш суреттерді бұқаралық ақпарат құралдары жаңалық деп жариялай бастады. Оны Абай бір ғасыр алдын сөз өнерінің құдіретімен көркемдеп айтып қойған болатын.

Көзім жатқа қарамас,
Жат та маған жарамас.
Тар төсекте төсінді,
Иіскер ме едім жалаңаш?. («Жігіт сөзі»)

Бүгінде ол «эротика» терминімен белгілі. Эротика – грек тілінен алынып, жалаңаш суретті бейнелеуші деген ұғымға сай келеді. Абай «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде:

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
О да бұлк-бұлк етпейме сипағанда,
Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.
Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып,
Және ұқсар тар төсекте жолығысқанға.
Арт жағынан жауырыны бүлкілдейді,

Қыран бүктеп астына дәл басқанда.- деген ақын, алғашында қызыл түлкіні қар үстінде қара бүркіт басып, екеуінің алысқанын қара шашы төгіліп, суға шомылып жүрген сымбатты сұлуды меңзейді. Кейінгі көріністе табиғат құбылыстарына жан кіргізіп адам кейіпімен жалғай бейнелейді. Бұл өлеңінде; екі жыныстылардың өзара біргелікте атқаратын әдепсіздік әрекетін (порнография) Абай сөз құдіретімен бейне фильм жасағандығы қазақ әдебиетінде инновацияның өзі болды.

* * *

Шығысы Батыс болған Абай үш бұлақтан нәр алғаны белгілі. Алғашқысы ана сүтімен бойына сіңген қазақ халқының ертеден жинақталып қалыптасқан ауыз әдебиеті үлгілері болса, Шығыстың рухани қазына көздерінен алған араб, парсы, түркі тілдеріндегі Шығыс жұлдыздарының мұралары екіншісі болатын. Ал, үшінші бұлақ көзін Абай Батыстан алды. Абайдың Батыстан алған мұраларына байланыстыра ақыл-ой жүйесін, мәдениетін, әдебиетін сараптай отырып өзіндік ой елегінен өткізу арқылы, қазақ қоғамының қажетіне, рухани өсуіне жаратқандығын қарастырамыз.

Абайдың туған жерінің, елінің жаратылысы Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты жалғастырушы көпір болуы табиғи құбылыс

болатын-ды. Абай Еуропаны орыс тілі арқылы әлем мәдениетінің үлгілерімен танысқан ақын 25-қара сөзінде «Орыстың ғылымы, өнері - дүниенің кілті» екендігіне көзі жетіп мәдениетін, әдебиетін меңгеруі, туған халқының өркениетіне білім-ғылымның қадір-қасиетін арттыруға сара жол ашты.

Құнанбай баласының билікке жарар сауатын ашу мақсатында 10 жасқа енді толған Абайды Семейдегі Ахмет Риза мешіт-медресесіне оқуға жіберген. Онда араб, парсы, түркі (шағатай) тілін үш жылда үйреніп шығады. Әкесінің елге қайтару хабарын естіген балаң Абай Семей қаласындағы орысша приходская школага 6 ай ғана оқуға мүмкіндігі болады.

Абайдың толықсып, кемелденген шағы 40 жасында Семей кітапханасының тұрақты оқырманы болып: «Пәлсафашыл, табиғатшыл білгіштерден Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин, тарихшылардан Дрепер сияқты талайларды оқыған» (Мұхтар Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы, - Алматы: 1985, 18-том, 93-бет) деген болатын.

Ағылшын философ-социологі, психологы Г.Спенсердің (1820-1903) «Философияның синтетикалық жүйесі» атты еңбегінде дүниедегі құбылыстарды танығанымызбен олардың мәнін танып біле алмаймыз дейді. Спенсер сезім ұқсас не ұқсас емес қатнастарды ғана таниды, бірақ құбылыстың мәніне жете алмайды. Кез келген ғылыми ұғым қайшылыққа толы болғандықтан түсініксіз болады дейді. Адам санасынан тыс және тәуелсіз өмір сүретін шындықты танып білуге болмайды деушілік діни сенімге алып барып соғады, сондықтан да дін мен ғылым бір-біріне жақын деп қарайды. Табиғаттағы және тірі ағзалардағы өзгерістердің сапалы жетілуі бүкіл заттарға тән даму ерекшелігі бар деп ұйғарады. Қоғамдық құрылыстар төңкерістік жолмен емес сандық өзгерістің сапалы жолмен даму керектігін алға сүрді.

Нидерланд философы Спиноза Бенедикт (1632-1677). Спинозаның айтуы бойынша адам баласының түйсігі мен ақылы ақиқаттың - өлшемі. Таным теориясында рационализм (білудің негізі ақыл) бағытын ұстап, адамның еркі ақыл-ойға, парасатқа негізделген деп қарайды.

Ағылшын табиғат зерттеушісі Ч.Р.Дарвиннің (1809-1882) еңбектерінде адам мен хайуанаттар және өсімдік түрлерінің келіп шығуы, оның дамуы себептері, олардың ортаға қалыптасуы жайлы анализ жасаған.

Ағылшын биолог ғалымы Дарвиннің ізбасары Т.Г.Гекслидің (1825-1895) шығармаларымен Абай танысқан. Осы көріністі жіті бақылаған солтүстік америкалық саяхатшы жазушы, көсем сөз зергері, зерттеуші Джордж Кеннан (1845-1924) естеліктерінде 1865-1868 жылдары орыс-американ телеграф қоғамының тапсырмасымен Сібір өңірі (Беринг бұғазына дейін) мен Ертіс бойы және Қап тауында болған. Семейге 1885 жылы қыс айларында келген Кеннан, Абаймен кітапханада кездеседі. Кеннан өзінің «Сібір және жер аудару» (1890-1891) (орыс тілінде 1906) атты кітабында қазақ жеріне айдалған Ресей азаттық қозғалысы

қайраткерлеріне қарсылық танытқан билік, әрекеттің барлығын жер аудару тәсілдерімен тұншықтырып отырғандығы белгілі. Саяси қуғын-сүргіндермен кездесулерінде сотсыз, тергеусіз жіберілген азаттық қозғалысының қайраткерлерімен жүздескендігі айтылған. Осы еңбегінде Абай туралы құнды деректер келтіреді. Және Құнанбайдың Ұлжаннан туған Ысқақтың баласы Кәкітайдың «Абай (Ибраһим) Құнанбайұғлының өмірі» атты естелігінде жазылған.

Еуропаға алғаш рет Абай Құнанбайұлын танытқан осы Джордж Кеннан: «Семейде Д.С.Милль мен Дрэперді оқуға қабілетті қырғыз (қазақ) барын көрдім - дей келіп, - Бірінші рет кездескенімізде ол менен индукция мен дедукцияның айырмашылығын түсіндіруді өтінуімен таң қалдырды» деген болатын. Д.В.Дрэпердің (1811-1882) «Адам физиологиясы, оның қалыпты даму жолы» атты философиялық еңбегінде жеке ұлттың даму тарихын жалпылама халықтардың қалыптасу ерекшелігіне жүргізген зерттеуін Абайдың оқығандығын байқау қиын емес.

Индукция мен дедукция – философиялық ұғым б.д.д. ІҮ ғасырда өмір сүрген ежелгі грек философы Аристотельдің «Аналитикасында» баяндалған. Оның негізгі идеялық тұжырымы танымның ақиқаттылығы, танымдық тәсілдер мен әдістердің дұрыс жүйесін қалыптастыру. Индукция (дұрыстау, тәртіпке келтіру) - ойлау арқылы арманға, жекеден жалпыға, белгіліден белгісізге қарай бағыттау әдісі. Ол философияда, биологияда, эмбологияда, физикада, математика ғылымдарында қолданылатын әдіс. Дедукция (бөліп шығару) ұғымы - жалпыдан жекеге, жекені жалпыдан бөліп шығарудың тәсілі. Ұлы Абай бұл ұғымдарды (категория) босқа сұрамағаны белгілі шығармаларында шындықтың даму заңдылықтарын логикалық тұрғыда ой қорытудың ұстанымы деп белгілеген. Мәселен; «Малда да бар жан мен тән» деген Абай «жан» мен «тән» ұғымын жалпылама қарастырып одан адам мен жануардың жаны мен тәнін бөліп алып қарастыруын айтуға болады.

Абайдың кемелденген шағы «Еуропаны коммунизм елесі» кезіп жүрген Ресейдегі алғашқы 1905 жылғы төңкерісіне дайындық кезең болатын. Аса қауіп күткен патшалы билік, көзі ашық көкірегі ояу өзіндік жаңашыл ұстанымы бар азаматтарын ХІХ ғасырдың 80-жылдар «халық еркі» ұйымын құрғаны, «Жас ұрпаққа» атты үндеуді таратқаны, студенттік толқуларды ұйымдастырып қатысқаны, «жасырын ұйым құрушылар» деген аттарды жауып, қысқасы кит етсе төндіріп Қап тауы етектеріне, Сібірге және қазақ сахарасына жер аударып отырды.

ХІХ ғасырдың 80-жылдарында патша өкіметі үшін Семей, азаттық үшін күрескен ел елеулілері жер аударылатын орынға айналғанын: орыс зиялыларынан Ф.М. Достоевский (1821-1881), П.П.Семенов Тянь-Шанский (1827-1914), Г.Н.Потанин (1835-1920), Н.М.Пржевальский (1839-1888), П.С.Паллас (1741-1881) неміс географы А.Гумбольдт (1769-1856), т.б. айтулы қоғам қайраткерлері қазақ сахарасында болғандығын тарих растайды. Қазақстанда жаңа дәуірге бейімделген ағарту-мәдениет

орындарын ұйымдастыруға атсалысқан да осы саяси жер аударылғандар еді. Қазақтың біртуар ойшылдары Шоқан мен Абай осында көрнекті өкілдерімен таныстығы достыққа ұласқан қасиетті жер Семей елді мекені болатын.

Жергілікті судья ПЕ.Маковецкий Семейге жер аударылып келгендерге казактарды толық үйреніп шығу жолында салт-дәстүр заңдылық құқығын зерттеуді поляк С.С.Гросс (1857 жылы туылған, қайтыс болған жылы белгісіз) пен орыс А.Л.Блектерге (1861 жылы туылған, қайтыс болған жылы белгісіз) алғаш бағыт берді. Олар ел аралап зерттеу жүргізу барысында Абайдың көп көмегі тиген болатын. Мәселен, Гросс Абай ауылын аралап көптеген құнды деректер жинап Абаймен кеңесіп отырған. Мұхтар Әуезов Абайдың озық ойлы көзқарастары қалыптасуына зор ықпалын тигізген адамдардың бірі ретінде Блек пен Гроссты ерекше атайды. Олар заң маманы ретінде 1886 жылы «Қырғыздардың заң жөніндегі әдет-ғұрыптарын үйренуге арналған материялдар» деген кітап шығарған. Кітапта Абай туралы оң пікірлер барлығымен құнды. Сонымен қатар, бұл заң ережесі казактардың 1917 жылғы патша үкіметін төңкеріп кеңес үкіметінің басталу кезеңіне дейінгі уставына айналды.

1876-1878 жылдары Қоңыр-Көкше еліне Абай болыс болады. Ар жолындағы Абай ел ішінде әділдік таразысын тең ұстап, қорғансыздарға пана болуға тырысты. Ұрлық жасағандарды ашықтан-ашық әшкері етті. Сондықтан бір топ атқамінерлер ақын үстінен «Абай барымта алды, ауыл шауып, әйел қорлады» деген жалған жала, судья П.В.Маковецкий тарапынан расталмай Абай ақталып шықты.

Орыс демократы Михаэлис Евгений Петрович (1841-1913) Абаймен 1870 жылдары Семей кітапханасында танысады. Михаэлиспен достасуы ақынның дүниеге көзқарасының қалыптасуына өте көп әсері болды. 1886 жылы орыстың Батыс Сібірдегі географиялық қоғамының Семей қаласындағы бөлімшесіне Михаэлистің ұсынуымен Абай мүше болып сайланады. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында Михаэлисті Михайлов деген кейіпкер арқылы бейнелейді. Михаэлис Абайды Еуропаның саяси дамуымен, мәдениетімен, сонымен қатар Ресейдің ішкі саяси жағдайын, орыс әдебиетінің озық ойлы өкілдерінің шығармаларымен таныстырды.

Е.П.Михаэлис Абай ауылында жазда қонақта болып, қыста хат жазысып тұрған. Сібірден мерзімі жетпей қашқан саяси тұтқындар отанына оралар жолда Абай ауылында тынығып, әлденіп, барлау жасап барып жолға шығатын болған. Абайдың болыс болған жылдарында ауыл тұрғыны Үзікбай Бөрібаевтың «Таймаккөл» деген жерімді Абай тартып алды» деген жалған арыз бойынша тергеуде жүргенде Е.П.Михаэлистің көмегімен шешілген.

М.Е.Салтыков-Щедрин (1826-1889) орыстың сатирик қаламгері. Ұлы Абайдың Салтыков-Щедрин шығармашылығымен таныс екендігін «Интернатта оқып жүр» өлеңінде:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Тостой,
Я тілмаш, я адвокат

Болсам деген бәрінде ой. – деген ақын, қазақ жастарының оқып, білім алып, пайдалы, әлеуметтік іспен айналыспай, жұрт үстінен пайдаланып босқа сабылып жүрмекке табылатынына өкінішпен қарайды. Салтыковтай сөз зергерлерін еліне таныстыру жолында, одан үлгі алуға жастарды шақырған.

М.Е.Салтыков-Щедриннің сатирасы Абайдың «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың» өлеңдерінде айнымай сақталған деп айта аламыз. М.Е.Салтыков-Щедриннің патша шенеуніктерін әшкерелеу тәсілін, олардың екіжүздемеелігін, сыбайластыққа бейім тұратындығын осы өлеңнен көруге болады. М.Е.Салтыков-Щедрин шенеуніктер мен помещиктердің типтік бейнесін жасаса, қазақ ақыны сахарадағы ел басқарып жүрген дөкейлердің дең мінездерін әжуалайды.

Семей кітапханасында жүрген Абай Еуропаның Гете, Байрон, Шекспир, Гейне, Шиллер, Мицкевич, сияқты ақындарымен, Бальзак, Дюма сынды ақын-жазушылардың еңбектерімен танысты. Есімі аталған әлем жұртшылығына белгілі классиктердің кейбір өлеңдерін орыс тілі арқылы Абай алғаш рет қазақ тіліне аударды.

Немістің классик ақыны, драматургі, ағартушы И.Ф.Шиллердің (1759-1805) шығарамларымен Жуковский, Тютчев, Фет және Лермонтов аудармалары арқылы таныс болған Абай, Лермонтовтың «Дитя в люльке» атты аудармасын Абай «Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға» деп, өлеңнің түпкі мағынасын сақтай отырып, қазақтың ұғымына сай «кең жайлауға» алып шығып еркін аударма жасаған.

Немістің Ұлы ақыны, драматургі, жазушы, философы И.В.Гетенің «Бақташының түнгі әні» өлеңін Лермонтовтың «Горные вершины» аудармасы арқылы Абай «Қараңғы түнде тау қалқып» атты өлеңіне ән жазып қазақ даласында қалықтатты.

Ағылшынның ұлы ақыны Д.Г.Байронмен (1788-1824) Абай Лермонтов арқылы таныса отырып, «Еврей сазы», Лермонтовта «Еврейская мелодия», ал, Абайда «Көңлім менің қараңғы» деп аталады. Абай ұлттық езгіні, халықтың қайғысын, ішкі сезімін қиналғандарға сүйеніш идеясымен байланыстырған. Қазақ халқының отарлық езгі басқан салмақты бостандық таңы серпілтер деген сенімді елес бейнеленген.

Поляктың ұлы ақыны А.Мицкевичтің (1798-1855) «В альбом С.Б.» атты өлеңін «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» деген тақырып қойып «Дүрілдеген найзағай» деп басталатын өлеңін Абай мағынасын сақтап еркін аударма жасаған. Ақынның туындысын алғаш аударған Абай ХІХ ғасырда қазақ жұртшылығына танытты. «Тұтқындағы поляк

жандаралының сөзі» бұл бір өлең емес бінеше өлеңдерді Абай аударып осылай жалпы тақырып қойған сияқты, бірақ ол бізге жетіп келмеген болуы да мүмкін. Абайдың поляк тілін білетіні жөнінде дерек жоқ, орыс ақындарының қай аудармасын пайдаланғаны да белгісіз.

Абай орыс жазушыларының әсіресе Белинскийдің, Пушкиннің, Лермонтовтың, Толстойдың, Салтыков-Щедриннің шығармаларын оқып, реалистік өмір шындығын жаңаша жырлауды үйренді, деген болатын абайтанушы ғалым Әбіш Жиреншин. Орыс ақындары Пушкин, Лермонтовтың өлеңдерін, Крыловтың мысалдарын аударып, қазақ халқына Еуропаның озық мәдениетін ұсынды.

Ұлы ақын тілдерден екінші тілге аударудағы мақсаты, шығармалардың түпкі маңызын жоймай, өз елінің талғам таразысын ескерген халде халықтық ұғымға сай етіп аударуы, Пушкиннің «Евгений Онегин» қазақ сахарасының төл туындысы, Татьяна қазақтың сымбатты сұлу қызындай әсер қалдыратыны соның айғағы екендігін, Татьянаның хаты қазақ жастары арасында ән болып шалқығанынан байқуға болады. Крыловтың «Бұлбұл мен есек», «Жарлы мен бай», «Шегіртке мен құмырсқа» т.б. көптеген мысалдарды өз тілінде Абайдан естіді. Лермонтовтың «Теректің сыйы», «Желкен», «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек», «Күлімсіреп аспан тұр» мұндай тізімді тізе беруге болар еді. Абайдың сүйікті ақыны Леронтовтан көп аударған, жоғарыда айтқанымыздай Еуропаның классик ақындарының өлеңдерінің басым көпшілігін осы Лермонтов арқылы қазақшалады. Абайдың аудармашылық шеберлігін жан-жақты зерттеген академик ғалым, Зәки Ахметов «Абай және Лермонтов» атты монографиясында түбегейлі талданған.

Орыстың көрнекті жазушысы, ақын (тегі литван) И.А.Бунин (1870-1953) бірнеше прозалық шығармаларымен таныс Абай 1893 жылдары «Не пугай меня грозой» атты өлеңін «Қорқытпа мені дауылдан» деген атпен мазмұндай еркін аударма жасаған. Абайдан кейін ақын Ғ.Қайырбеков Буниннің көптеген өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Бунин большевиктер билігін мойындамай 1920 жылы Ресейден Францияға қоныс аударып сонда дүние салғандығы тарихтан белгілі.

Абай өзінің 27-қара сөзінде гректің ежелгі ұлы ойшылдары Сократ хакімді, әлемнің бірінші ұстазы Аристотелді, тарихтың атасы Гомерді, драматург Софоклді, суретшісі Зевксис және 37-қара сөзінде ержүрек Француздың халық батыры Жанна Д, Аркті (1412-1431) Ағылшын басқыншылығына қарсы азаттық күресті басқарған 19 жасар жас қызды өртеп жібергенін білеміз. Осының бәрін орыс ғалымдары арқылы оқып білді.

Ұлы ақын өзінің шығармашылық кемеліне шыққан кезде орыс әдебиеті арқылы Батыс әдебиетімен сусындап, оны қазақ жұртшылығына таныстыруда басқа аудармашылардан ерекше дараланып тұратын тұстарына тоқталдық. Кеңес дәуірінде түбегейлі зерттелген Абайдың Еуропамен ара қатнасы туралы біршама айттық. Абай қазақ даласына жаңа

өркениеттің келе жатқанын ақындық сезімталдықпен ерте болжам жасағанына, тағы да бір көз жеткізу мақсатымыз болатын және сахарادا жүрген Абай аударма мәдениетінің ең жоғарғы үлгісін ұсынғанын айтқымыз келді.

* * *

Абайдың су культі. Су – тіршіліктің көзі, иіссіз, дәмсіз, түссіз мөлдір, терең жері көгілдір сұйық зат. Ол сутек пен оттектен тұратын қарапайым биологиялық, химиялық қосылыс, физикалық тұрғыда көлемі мен мөлшері 11,19 пайызы сутек, 88,81 пайызы оттектен құралады. Жердің геологиялық құрылысы онда өмірдің пайда болуы, физика және химиялық орта, ауа райының құбылысы судың әсері мол. Ешқандай тірі ағза суысз өмір сүруі мүмкін емес, өйткені ол сумен бірге өмірге келгені туралы Грек философы Фалес (б.д.д. 624-547): «Табиғаттағы барлық нәрсе судан келіп шығады, нәтижеде, қайта суға айналады» деген болатын. Қасиетті Құранның «Әнбия» сүресінің 30-аятында: «...барлық жанды затты судан жараттық» дейді.

Жер бетінің төрттен үш бөлігі суды құрайды яғни 75 пайызы, ал адамның 80 пайызы судан тұрады екен. Қазіргі күнде жер бетіндегі адамдардың 70 пайызы су тапшылығын тартып отыр. Ұлыбританиядағы Кембридж университетінің зерттеуі бойынша 2025 жылға қарай жер бетіндегі адамдардың 80 пайызы ауыз су тапшылығын сезінетін көрінеді. Мәселен, Қазақ елінде 2011-2013 жылдар аралығында халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге 315,1 миллиард теңге бөлінгенмен өзгерген нәрсе шамалы. 2011-2020 жылдар аралығына 1,3 триллион теңге қарастырылыпты, бұл қаржыға таза мөлдір Сібір өзендерінің бірін бұрып Қазақ елді мекендеріне алып келіп толық ауыз сумен қамтуға болады екен (Айқын газеті № 103. 17 маусым 2014).

Су тапшылығын сезінетін Қазақ Елі ең ірі 9 өзеннің 8-і көршілес елдерден ағады. Әрине, мұндай жағдайда құлақ басындағылар табиғи су қорына ие болып отыратыны шындық. Қашқар жотасынан бастау алатын Сырдария өзені Қырғыз тауларынан өтіп, Өзбек жазығы арқылы келуі судың тапшылығы Кеңес кезде-ақ белгілі болған. Қытай Елінен бастау алатын Іле мен Ертіс өзендерінің бүгінде сыр беріп тұрғандығы байқалуда.

Судың ауырлық физикалық қасиеттерінің өлшемі төмендеп 0 мөлшерде қатып, мөлшері жоғарылап 100-ге жеткенде қайнайды. Ол электр тогін өткізгіштігімен ерекшеленеді. Табиғатта көп тараған тіршіліктің көзі. Әлемнің бірінші ұстазы Аристотель (384-322) өз еңбектерінде суды тіршілік үшін маңызы өте зор от, ауа, топырақ төртіншісі су деп қарастырды. Су ауада – бу, тұман, бұлт, тамшы, қар күйінде кездеседі. Химиялық жолмен азот, спирт, сілтілердің бірнеше т.б. түрлерін өндіруде судың қызметі айырықша екендігі белгілі.

Біз бұл мақаламызда Абай танымындағы суға байланысты көркем суретті ойын жан-жақты қарастыру болды. Шығыс жұлдыздарының бірі Әлішер Науаинның «Фархад-Шырын» атты ғашықтық дастанында Фархадтың сүйген қызы Шырынға қол жеткізу үшін арық қазып сусыз елді мекенге су жүргізеді, су жүрмейтін жерге құдық қазып халықтың мұқтажын жасайтыны бар. Хұсраудың Шырынға қаншалықты ынтызар болып соңында жүргенімен Шырынның Фархадты таңдауы қыздың ақылдылығы мен елділігі шынайы көрініс береді. Шырынды іздеп Армения еліне барған Фархад арық қазып су шығарып жатқан жергілікті халықтың қиыншылығын көзбен көріп оларға көмек береді. Негізінде, дастандағы сусыз жерлерді суландыру оқиғалары адам баласының арман ниетінен туындағандықтан өміршең болатының бір себебі осында жатса керек. Шайырдың (Әлішер Науаи) өзі ел тізгіні қолына тигенде жерді көк желекке айландыру (толық нәтижеге жете алмаса да) арманы болатын.

Абай су сөзін түрлі мағынада пайдаланған. Соның бірі «Ескендір» поэмасындағы су айрықша мәнге ие. 18 ғалам жерді басып алған тарихи тұлға Александр Македонский, (Ескендір Зұлқарнайын). Абайдың жырға қосқан Ескендірі «Филипп патша баласы» деп, эзербайжанның атақты ақыны Низами Ганжауидің «Ескендірнама» дастанын оқығанын айғақтайды. Онда Ескендір түнімен Әбулхаят (әбу - атасы, хаят – тіршілік, «тіршіліктің атасы» деген ұғымды береді) суын іздеп баруы. Низамиде бастаушы Қызыр (халық ұғымында Қыдыр ата) Ескендірдің бастаушысы ғажайып суды табады, бірақ Ескендір барғанда ғайып болып кететін аңызға құрылған. Абай оны шындыққа жақындатып:

Барса, бір сылдыр қаққан мөлдір бұлақ,
Таспадай бейне арықтан шыққан құлап.
Түсе сала Ескендір басты қойды,

Ішсе, суы өзгеше, тәтті тым-ақ. – деп хадистер мен түрлі тәфсирлерде айтылғандай жұмақтағы қасиетті су «кәусар» («мол, көп, үлкен») ол, сүттей таза мөлдір бал татитын, табаны інжу-маржанға толы деп суреттеледі. Қасиетті Құранның 108-сүресі «Кәусар» деп аталуы да содан, «Иннатыйна кәлкәусәр – Біз саған Кәусарды бердік» (1-аят) деп жұмақтың суын айтып отыр. Абай айтатын «кәлкәусәр» бұл негізінде «әл-кәусар» арабтарда «әл» ұлылықты көрсететін сөз алды тіркес.

Ұлы Абай алғаш табылған ғажайып суды бірінші болып Ескендірге ішкізеді, «Алла сендерді бір өзен арқылы сынайды. Сол кезде кім өзеннен су ішсе – ол менің әскерімнен емес және кім ішпесе, ол менімен бірге» (Бақара сүресі (2), 249-аят) – деп, Ескендірді жау ретінде қарастырады және оған су ішкізеді, жорық кезінде өзеннен су ішпегендерді сабырлы, шыдамды деп қарап жорықты жалғастыруға рұқсат етеді. Абайдың Ескендірді әбден шөлдетіп:

Жүре-жүре бір елсіз шөлге түсті,
Алып жүрген суының бәрін ішті. –

Ескендір есімі басқару үлгісін көрсеткен патша, әскери тәсілді менгерген қолбасшы ретінде әлемге танылған, сондықтан да ол исламның қасиетті кітабы Құранда жүр.

Ескендір туралы қазақ халық арасында аңыздыр өте көп Содан бірі: Ескендір жер бетін жаулаумен жүргенде қазақтың ұшы-қиыры жоқ сар даласында ешкімді кездестірмей, қайтқалы тұрғанда, ұзақта қыр басында жүрген аттыларды көріп, жақындап барса, бастарына құндыз бөрік киген қанжығаларына түлкі, қояндары бар аңшылықпен жүрген бес-алты жігіттерді көреді. Ескендір өзінен қаймығатын шығар деген ойда келгенімен олар «ағаларынан» осылай қарай тазыларымыз қасқыр қуып кетіп еді соны таппай жүрміз, деп ала-құйын болып шаба жөнелгенде, Ескендір «неткен алаңсыз жандар» - деп таң қалған екен. Бұдан шығатын қорытынды қазақ халқының өзгелердің ала жібін аттамайтын, елдігі мен еркіндікті қадір тұтатын ақ көңіл адамдар екендігін аңғартады.

Абай «Ескендір» поэмасында суға табыну ерекше көрініс береді. Шығыс жұлдыздарының Ескендірді жырламағаны кемде-кем, оларда Қызыр мен Лиясты ертіп Ескендір мәңгілік өлмес суды іздейді. Ол суды Қызыр мен Лияс тауып ішеді де, Ескендір барса жоқ болып кетеді. Ал Абайда керісінше Ескендірді шөлде жүріп аңқасы кепкенше нәпсісін тыйып өз үйінде отыра беруіне үгіттейді, оған судың қадірін білдіріп: «Сандалды сар далада су таба алмай» - деген Абай, Су патшасы Сүлеймен Адам Ата мен науа Ананың ұрпағы өссін деп жер бетін керегінше суға толтырып оны балықтың түр-түріне толтырып берген. Суға салған балық еттерінің балдан тәттілігін Абай:

Кепкен балық келтіртті сонда тұрып,

Сол суға балықты алды бір жудырып.

Исі, дәмі өзгеше болып кетті,

Таң қалды мұның бәрін суға жорып. – деп, сусыз шөлде балықтың қадір-қасиетін білуді ұйғарады.

Ескендір қолына айтты: «Бұл неткен су?

Бәрің де ішіп, бұл суға бетінді жу!

Бір бай елден осы су шыққан шығар,

Өрлеп барып, үстіне тігелік ту. – деп, өзінің нәпсі құмарлығына салынып «бай ел» деп түпкі мақсаты «бай елді» басып алуды көздегені айтпаса да түсінікті. Жырдағы сулы жерде ел болатын халықтық танымы, су тапшылығын Ескендір мен оның жер қайысқан қолы тығырыққа тірелуі су культінің ерекше маңызы:

Сол әскер суды өрлеп талай жүрді,

Судың басы бір құзар шатқа кірді.

Шаттың аузын бекіткен алтын қорған,

Қақпасы бекітулі, көзі көрді.

Абайда бұл қақпа жұмақтан елес береді, Шығыс шайырлары Қызыр мен Лиясты ұнамды кейіпкер ретінде алса, қазақ ақыны тарихи тұлға өмірдегі бар адам Аристотель хакімді алады.

Сандалды сар далада су таба алмай,
Шөлдеген жұрт қайтеді бос қамалмай?
Қызметкердің бәрін де өлтірмекші
Болыпты шөлдегенге шыдай алмай.

деген жыр жолдарында әлем билеушісі Ескендірдің аңқасы кеуіп, қатты сусағаны байқалады. Мұнда Абай судың қадір-қасиетіне мән беріп, қанша жерді басып алса да, байлыққа тең келе алмайтын судың жөні бөлек екендігін дәлелдейді.

Ежелден Шығыста Ескендірдің айтылу ерекшелігі төрт түрлі әдеби жанр бойынша өрбіп келді олар; аңыз, эпсана, хикаят және жыр. Ол қасына Қызыр мен Илиясты ертіп мәңгілік өлмес суын іздеп шығады. Алға озып кеткен Қызыр мен Илияс ол суды ішеді, ал Ескендір келгенде сүзден ғайып болады. Ескендір патша жорыққа келе жатып керемет бұлаққа тап болады. Бұлақты бойлай жүріп, жұмақтың қақпасына жетеді. Қақпаны аш деген патша дауысына ешкім жауап бермейді. Оған қақпадан орамалға түйулі адамның қаңқа бас сүйегі лақтырылады. Оның мәнісін түсінбеген Ескендір ашу шақырып, бұлқан-талқан болып тұрғанда Қызыр келіп бас сүйекті таразыға салдырады. Абайда бұл көрініс мейлінше сенімді шыққан.

Көрұғлы – қаһармандық халық жыры Орталық Азия, Таяу Шығыс, Қап тауы халықтарына ортақ жыр. Көрұғлы жырында су культіне қатысты оқиғалардың бірі - бір күні Көрұғлы құс аулап, оларды жуып тазарту үшін бір бұлақтың басына келеді. Құстар сол суға тие салысымен ұшып кетеді. Бұлақ бірден 40 тармаққа айырылады. Осы сәтті Көрұғлы әкесіне баяндағанда: «Сен сол судан іштің бе?» - деп сұрайды. Көрұғлы өзі ішпей астындағы аты Гираттың ішкендігін айтады. Әкесі ол судан ішкен жанның мәңгі тірі өлмейтіндігін айтады. Сол аңыз бойынша астындағы ат әлі күнге дейін тірі, ол әр жылы біреуге сатылып тұрады екен деген аңыз сақталған. Көрұғлының мінген атының есімі Гират болғанына қарағанда ежелгі аласа бойлы Гиракотерий мінгі атының есімімен аталуы, Гиракотерий – жылқы тұқымдастарының жойылып кеткен ең арғы тегі. Солтүстік Америка мен Батыс Еуропада 40-50 миллион жыл алдын өмір сүрген.

Көрұғлы жырының тағы да бір нұсқасында, Көрұғлының әкесіне арғымақ іздеп жүргенде судың жағасында жайылып жүрген биеге судан шыққан айғыр шабады, сол айғырдан тоқтаған биеге Көрұғлының әкесі белгі қойып, кейін бие құлындап тайға айналғанда оны Ыстамбұл патшасына сыйға тартады. Ол ат болашақ батыр Көрұғлының арғымағы Гират болатын деген де аңыз бар.

«Жаз» өлеңінде ауылдың жаз жайлауға барып марқайып қалған ауыл тұрғындарының тіршілігі. Күн ыстық шілде айында тойынған жылқылар өзен суын кешіп тұрып сүзе ішкен суы бүйірін шығарды. Суға қанған жылқылар салқын судан шықпай құйрығымен сабалап, шыбындап тұрған биелердің шөлін қандыру ғана емес, сона-масадан, шыбын-шіркейден бір сәт болса да су арқылы құтыла алатынына көзі жеткен жануарлардың

бейнесін көруге болады. Құлын-тайлары айнала жүгіріп жүргенін көзіңізбен көріп тұрғандайсыз. Осы суретті көркем сөзбен былай береді:

Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.

Өзен-су төңірегіндегі кимыл-әрекеттің басқа көрінісі көз алдымыздан өтіп жатады. Адамзат көңіл-күйі табиғатпен тікелей байланысты десек, судың да әсіресе жаз мезгіліндегі су жас өспірімдерге ерекше әсер етеді. Өзенге шомылған баланың ағзасындағы жасушаларының өсіп жетілуінде жазғы су емдік қасиетке ие. Төмендегі өлең шумағындағы «қутындап» деген етістікті Абай босқа қолданып тұрған жоқ. Сумен бірге күлісіп, еркелігін көтерген сумен бірге еркінсіп жүрген «жас бозбалаларды көреміз, мәселен:

Мылтық атқан, құс салған.
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап қутындап.

«Желсіз түнде жарық ай» өлеңінде:
Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны – терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.

Әуелі тынық, желі жоқ майда қоңыр тыныш табиғат көрінсе, кейінгісінде жанды тіршілік пайда болып «тасыған өзеннің гүрілі» естіледі. Өлеңнің тұла бойы, табиғат көріністері арқылы қос жүректің махаббат сырларын жапырақтардың сыбырласындай сүйгенімен «жолығуға аулаққа» асыққандар сезімі көл бетіндегі айнаның дірілінен көрінсе, бұлқынған жүрек «тасыған өзенмен» бейнеленеді.

Осы ойымызды хаттап отырғанымызда «Айқын апта» газетінің 5 маусым 2014 жылы №95 санының 27-бетінде «Каддафидің түбіне жеткен не?» деген мақаланы оқып су да саясатшылардың ойынына айналып ойыннан от шыққаны бізді таң қалдырды.

Күш қуаты өзге елдерден кем емес, Африканың Солтүстік бөлігіне орналасқан Ливия Араб Халықтық мемлекетінің басына 1969 жылдың 1 қыркүйекте Муаммар Каддафи келді. Ол өз халқы судан тапшылық көрмесін деп қолдан жасалған өзеннің дүниеге келуі және көршілес елдерге де жететін жобаны жасауы «Гиннестің рекордтар кітабына» (Бұл кітапқа адамзат пен табиғаттағы әлемдік ірі жетістіктер тіркелетін 1955 жылдан бері келе жатқан сүбелі басылым) енген Каддафидің шөлді суландыру кейбір Батыс елдеріне ұнамды, оны Каддафидің сөзімен айтқанда: «Өйткені олар Ливия халқының мәңгі аш-жалаңаш, қайыршы қалпында қалғанын қалайды» деген сөзінен; Азияны мәңгі отар етіп

уысында ұстағысы келетін Еуропалықтар өздерінің өнімдерін кедей елге сату, өзді-өзімен қырқыстырып қойып қару-жарақтарын өткізу, бұл көрініс қазіргі кезде ислам мемлекеттеріне ғана тиісті болып тұрғаны қынжылтады. Соңында, өз елін жер үстіндегі жұмаққа жеткізген Каддафи көптің табанының астында қалды. «Сократқа у ішкізген, Ионна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім – Ол көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» - деген болаты Абай 37-қара сөзінде. Кеңес кезінде Арал теңізі тартыла бастағанына бүкіл Еуропа алаңдағаны белгілі. Көп нұсқалардың бірі Ертісті бұрып аралға құю мәселесі тиімді жобаға айналғанда өзінен-өзі білімсіз себептермен тоқтап қалған. Жоғарыдағы су саясатын ескерсек Қазақ елінің көп жері суланып кетуінен Орал тауының теріскейінде жатқан «маңызды кісілер» сескенген болып шығады.

«Орынбор әскери губернаторы граф Сухателен: «Қазақтар еш уақытта да астық екпеулері керек, ешбір ғылым түгіл, тіпті бірде-бір кәсіп білмей, өмір-бақи мал бағып қана көшіп жүрулерін бар жан-тәніммен тілер едім» - деген, ал, Перовский: «...қазақтар өздері еккеннен гөрі, астықты бізден сатып алып, Россияға байлаулы бұзаудай тырп ете алмасын» (Есенберлин І. Көшпенділер: Тарихи трилогия. – Алматы: «І.Есенберлин атындағы қоры», 1998. – 584 с., 541-бет.). – деген «аға халық» өкілдерінің пікірлері бұлтартпас шындық екеніне көз жетті.

* * *

Абайдың жүрекке табынуы шығармашылығында аз ұшыраспайды. Көркем шығармада айтылатын ойдың теңеу, эпитет, ауыстыру, әсірелеу, шендестіру, ұластыру, қатарластыру тағы да басқа көріктеу құралдары арқылы көрінуі оқырман түйсігінде тудыратын таным жағынан да, сезім жағынан да әсерлі болуын ұлы Абай молынан ұсынады.

Жүрек – тірі жандылардың дене мүшелерінің патшасы. Дене жасушаларын коректендіріп тамырлар арқылы ағзаға қан айналымын жүйелеп беріп отыратын орталық мүше – жүрек. Тән мен жанның тұтастығы өмір сүру деңгейімен өлшенсе, «Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма?» (Абай) тіршіліктің көзі осы ара болып саналады. Бұл тура мағанасында. Ал, ауыспалы мағанада; жүрек – иманның мекені, адамгершіліктің тұрағы махаббаттың баламасы. Исламда иманның тұрақтайтын мекені жүрек, ол адам денесінің патшасы ғана емес, тірі жанның болмысы.

Исламның сопылық саласын ұстанған таңдаулы шайырлар шығармашылықтарында мың құбылта жырлаған. Шығыстың аса ірі діндары, философ ғалымы Әбу Мұхаммед әл-Ғазали (1059-1111): «Жүрек – адам денесінің барлық мүшелермен байланысты және мемлекет әміршісі сияқты оларға билік жүргізеді» Жүрек адамның ең жоғарғы және ең төменгі тұтас болмысын біріктіреді. әл-Ғазалидің тұжырымдауынша, «Бір

жағынан – тілек пен құштарлық, екінші жағынан – дене мүшелері» - деген сөзін еске алсақ та жеткілікті.

Жүрек – иманның көрінісі, иманды адамның жүрегі нұрланып тұрады. Адамның игі қасиеті жүректен шығады, жақсылыққа қуанады, жамандықтан жиренеді. Ақиқат тапқан жүрек алдамайды, алаламайды, адалдықтан айнымайды. Хадисте: «Алла адамның түр-әлпеті мен мал-мүлкіне қарамайды, оның жүрегіне қарайды». Алла жүректі иман, мағрифат және махаббат үшін жаратқан. Ұлы Абай «Алла деген сөз жеңіл» атты өлеңінде:

Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты

Махаббат қылса тәңірі үшін – деп, жүрек пен ақылды махаббатпен бағындыра біл демекші. Жүректің шапағатынан нәр алғың келсе ақыл деген суатпен бар. Және жүректің әміріне ақылсыз ере беруге болмайтынына ақын кеңес береді. Жүрек пен ақыл Тәңір деген күшке бағыну керектігін де меңзеп тұр.

Қазақтың ұлы ақыны Абай өз еңбектерінде «жүрек» сөзін 40-тан астам нұсқада 107 рет қайталаған, солардың біразына тоқталып өтсек:

Ақыл мен хауас барлығын

Білмейдүр жүрек, сезедүр – деп Абай жаратушы иені ақылмен білмейсің, «хауасты жүрекпен сезесің дейді» (Мекемтас Мырзахметұлы).

Абай айтатын «Ақыл мен жан «мен», тән «менікі» - деп, жүрек пен ақылды адамның жанына, сыртқы пішінді тәнге балап, ондағы «мен» мен «менікі» ұғымымен қатарластырады. «Жүрегім менің қырық жамау» дейтіні жан күйзелісі, ол ақынның «менінін» күйзелісі жүрекке түсер салмақ екендігін аңғаруға болады.

«Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп ғылымға жүгініпті» (17-қара сөзі) – деп, Абай қайрат, ақыл, жүрек сияқты адамның жақсы қасиеттерін айтыстырады. Онда адамның алдына қойған мақсатына жету үшін қайтпайтын қайрат керек. Ақыл болмаса жақсы мен жаманды айыра алмаймыз, сондағы асылы жүрек болмаса бүкіл адам бойындағы мүшелері өмір сүруді тоқтатады. Қайрат тек адалдыққа ғана қызмет етпей күш-қуатына сеніп ізгілікке қызмет етумен қатар теріс әрекетке де баруы мүмкін. Ал, ақыл болса, ақылдылықпен жақсы мен жамандыққа да ниет білдіре береді. Адамды адалдыққа бастайтын ақиқат жолында ғана жүретін жүректің бұйрығы ғана туралыққа бастайды, ол қайрат пен ақылға бағынбайды. Жақсылыққа қуана білетін, жамандыққа баспайтын ізгілікке ғана бейім Жүрекке билеткен әділ қазы қызметін атқарған ғылым: «үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет» (17-қара сөз) деген қорытындыға келеді.

«Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады» (14-қара сөзі). Көпті алдап жем ететіндерді ақын шығармаларында әшкерелеп отырғандығын көреміз.

Бойдағы мінді санасам,

Тау тасынан аз емес.

Жүрегімді байқасам,

Инедейін таза емес. – деп, бар шынын ақтарып

«Ойға түстім, толғандым» деген өлеңде, жүрегімде тірі пенде сүйсінер тазалық жоқ, адамгершілік жүрекпен іштей ғана ренішпен жүреді. өзінің өткен өкінішін өзіне баяндап тұрғандай. «жастықтың оты», «жүректің көзі», «дүние есігі» деп әсер туғызатын ерекше жүк көтеретін сөздің эстетикалық өрісін кеңейту сияқты әдістерді қолданады. Содан бірі:

Асау жүрек қайнамай,

Жуасыр ма еді кезінде? («Татьянаның Онегинге жазған хаты») – деген өлең тармақтарында жастық шақтың албырт кезеңі бейнеленген. Тауы шағылып, беті қайтпаған ер көңілдің кескіні байқалады. Лапылдаған жүрек «Махаббат іздеп талпынар. Асау жүрек алқынар» деген ақын адамды қуаныш бақытқа бастар жол, тірі жандықтардың бір-біріне деген ыстық сезімі деп түйеді.

Жау жүрек – батыл өжет. Ендігі жүректердің мағынасы мүлдем бөлек. «...кейбір адамдардың жүректері таудың тасынан да қаттырақ...» (Хашыр сүресі (59) 21-аят) Абай 3-қара сөзінде қазақтың бір-біріне қаскүнемдігін, мансапқорлығын, жалқаулығын, надандығын көріп назаланады, біздің халықтың бар ойы малын көбейтіп дүние жиса болғаны, оны аз күндік ғұмырының рахатына жұмсамай, қызметке таласқыштығын сынай айтады. Өзінің 43-қара сөзінде: «...жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық - бұл төрт нәрсеменен кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі. Егерде бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады» Осы көріністі ақын жүрегіне салмақ түсіп, қатты қиналғанын өз атынан «Болыс болдым мінеки» деп тақырып қойып бірінші жақтан яғни өз атынан баяндайды, негізінде билік құмар үшінші жақтағы қандасының ролін орындап тұрғандығын байқаймыз.

Болыс болдым мінеки

Бар малымды шығындап. – деп малын шашып болыс болған надандарды өткір сынға алады. «Мәз болады болысын» өлеңінде отарлаушы қаскүнем озбыр мемлекеттің басыбайлы құлына айналдырған қазақ елін:

Мәз болады болысын

Арқаға ұлық қакқанға.

Шелтірейтіп орысын

Шенді шекпен жапқанға. – деген ақын өз елінің бет пішінін осылай суреттейді. Содан да ақын «Жүрегім менің қырық жамау»

деп, «әділетсіздікті көп көрген» деген көркемдік бейнелеудің жаңа түрі келіп шығады. Осы сияқты сөз мағыналарын ауыстырады. Ақын үндеу ретінде «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» атты өлеңінде:

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек.

Еңбекті сат, ар сатып неге керек?

Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. – дегені, үнемі алға ұмтылу, іздену, «Ыстық қайрат», ізгілікті іс, жақсылыққа мейілді болу, «Нұрлы ақыл», иманды болу жолында адамдарға мейірімділік сыйлау, «Жылы жүрек». Осы үш қасиетті ізгілікке жұмсай алғанда ғана «толық адам» боласың деп халқына ақыл береді, ақын. Ол алғаш ескілікке, өткен қоғамның салт-санасына қарсы ашықтан-ашық қарсы шықпай, көбінде адамгершілік жүректен іштей ғана ренішпен оқырмандарына.

Жүрегім суылдап,

Сүйегім шымырлап,

Алладан тілеймін

Құпия сыбырлап. - деген ақынның бұл өлеңінде адамның өзін-өзі тануына мүмкіндік беретін діни-философиялық ағымның өзегі жүректі тындау болып, соның әмірімен жүріп, жолынан алшақ кетпеу исламның негізі Құранда: «Рабымыз, Өзің бізді тура жолға салғаннан кейін, енді жүректерімізді хақ жолдан аударма» (Әли-имран сүресі (3) 8-аят) деп, ислам дінінде жүрек адамның өзегі, дәні саналады. Иман ұяламаған жүрекке перде тұтылып, кір шалады, мұндай жүрек Жаратқанды танып білуге қабілетсіз. Иманды адамның жүректі нұрланып тұрады, ол қайрат пен ақылға бағынбайды, жақсылыққа қуанады, жамандыққа ермейді. Дененің патшасы – жүрек иман мен сенімнің тұрағы, Алланы тану орталығының мекені. Екінші бір өлеңінде:

Сияз бар десе жүрегім орнықпайды суылдап.

Сыртқыларға сыр бермей

Құр күлемін жымындап («Күлембайға»)

Осы соңғы екі шумақта Абай кемеліне толған кезде, бар жұмысты атқарып кемеліне келген шағында «жүрек пен тілді бірдей ұстап» ар-ұят намысымен арқаға бір қайырылып қараған сәтін аңғаруға болады. Ол қасиетті Құранда да: «Аллаһ сендерді тілдеріндегі бос аяттарың үшін жазаламайды. Керісінше, жүректеріңнен істелген аяттарың арқылы жазалайды» (Бақара сүресі (2) 8-аят) – деп, ақиқатын айтады.

Абай танымында жүрекке табыну қай шығармасында болсын адамдық сипаттың қалыбынан шығатын «толық адам» мұратымен қатар келіп отырады. Абайдағы «адам болу» қағидасы, жүректің бұйрығына негізделген болуы керек екенін айғақтайды.

Жүрегім екеуіне жалбарынар,

Рақымдық пен әділ сор деп жалбарынар. - деген өлеңінде акын адам бойындағы жағымды сипаттар «рақым мен әділеттен жүрегім медет сұра жалбарын, жалын» деп ескертіп тұрғандай.

Абай шығармашылығы әр түрлі адамдардың мінез-құлқы мен ішкі дүниесін ашып көрсетуге шеберлігі жағынан алғанда үздік шығармалары аз емес «Бөтен елде бар болса», «Сабырсыз, арсыз, еріншек» т.б. өлеңдеін атауға болар еді. Қажет деген жерінде акын сөз тигізетін адамдар тобын саралап, бөліп айтады. Мысалы: «Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді» дегені өңкей қыртың, мылжың адамдарға қатысты болса, «Бас-басына би болған өңкей қиқым» дегені елдің сиқын бұзып жүрген, қолындағы күші азайған, ұлыққа, мансабы жоғары болыстарға қатысты сөздері халықтың қамын жеп толғанған ақынның жүрегінің түкпірінен шыққандай сезіледі.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім.

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма – дейтіні де содан. Абай жүрекке табынудың өзіндік тәсілдерін осылай да көрсетеді.

Қорыта келе айтарымыз, ізгіліктің мекені, сезімнің сыр пернесі болған шаттық мереке 28 қыркүйек – дүниежүзілік Жүрек күні. Жүрекке жүк түсірмей, жаяу жүретін күн. Ашуға ермей, кінә термей, жүрекке мереке жариялайтын тәулік. Әлемнің бірқатар елдері бұл күні бұқаралық серуен ұйымдастыруды дәстүрге айландырған. Кей елде жүрек ауыруы бойынша есепте тұрғандарды жұмыстан босатады. Келесі бір елдерде түске дейін ғана жұмыс күні, онан кейін табиғат аясында серуендейді. Бұл күннің басты белгісі ашу, уайым, нашар көңіл-күйге орын берілмеу керек. Қазіргі таңда мұндай бұқаралық түрдегі мереке әлемнің 100-ден астам елінде дәстүрге айналған. Бізде бүгінгі таңға дейін қолға алынбай келетіні өкінішті.

Әрбір қала сыртынан тұрғындарға арнап, көк желекке оранған саябақтар орнатылып серуен құруға қолайлы жағдай жасалса. Мәселен; ауқаттылардың үш қабатты үйінде; субұрқак, шағын жасанды су қоймасы, таскаяқ (бильярд), тақта үстіндегі шар ойыны және түрлі спорттық сауықтыру құралдарын сол саябаққа орналастырса қауым жұрт пайдаланар еді және онда халық әндері мен дәстүрлі әндер орындалып, түрлі ойын сауықтар ұйымдастырылып, кездесулер, концерттер, білім сайыстары мен таланттыларды тандайтын жарыстар ұйымдастырылса деп ойлаймыз. Сонда ғана байлар қабат-қабат үй тұрғызып бәсекеге түспеуінің бір себебі осы шығар. Не үшін байларды мысал ретінде алып отырмыз, өйткені адам жанына керекті барлық жағдайды өз үй ішіне орналастыруға тырысады және сол үшін дүние жинайды. Рухани байлықтан гөрі тұрмысқа қажетті байлыққа басыбайлы кірісіп кетеді ол табиғаттың заңдылығы «Байдың малын байғұс қызғаныпты» дегеннен аулақпыз, ол өз еңбегін еселеу арқылы ел байлығына үлесін қосып байлардың санатына қосылғанына қуанамыз, әрине. Бар айтпағымыз, қоршаған ортадағы қолғабыс күткен

жандарға мейірімі мен табысы ұштасқан «Ақылды, асыл жүрек» (Абай) азаматтар көп болғай-да дегіміз келеді.

* * *

«Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?» деп басталатын Абайдың «Ескендір» атты жыры Ескендір Зұлқарнайынға арналған көркем туындының ең соңғысы. Осындағы «Зұлқарнайын» сөзінің шығу төркіні «Зулфикор» - араб тілінен аударғанда «тесіп өтетін, өткір» деген мағына береді екен. Яғни, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың екі ұшты қылышы. Қылыш Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың басшылығымен Мекке мен Мәдина арасындағы Беур құдығы маңында 623 жылы меккеліктер мен мәдиналық мұсылмандар арасындағы соғыста қолына түседі. Осы қасиетті қылыштың кереметімен мұсылмандар жеңіске жеткен. Пайғамбар қайтыс болғаннан соң қылышын 4 халифтің (орынбасар) бірі Әзірет Әліге берген. Қазақта: «Тәжіктер Әзірет Әлінің қылышынан қорқып мұсылман болған» деген сөз ел арасында айтылып жүреді. Ислам түсінігінде Зұлпықар киелі, сиқырлы деп есептелінген. Ол қылыш керегіне қарай ұзаруы да қысқаруы да мүмкін. Аңыз бойынша соғыс кезінде жетпіс кез (өлшем) созылған екен. Зұлпықар сөзінен «Зулқарнайын» деген атау пайда болды, араб тілінен аударғанда «екі ұшы бар» патшаның басына киетін тәжін айтады.

Мұсылмандар арасында ежелден тарқаған Цинь (Қытай) еліне дейінгі елді мекенді басып алып дінсіздерге тосқауыл қойған бірден бір патша Зұлқарнайын деп ұлықталған. Қазақ ұғымында «Дүлдүл» мағынасына тура келеді. Шығыс пен Батыстың билеушісі болған Зұлқарнайын екі бұрышты тәж киген, сондықтан да қос мүйізді деп аталып кеткендігі қазақ арасында осылай қалыптасты.

Ескендір Зұлқарнайын туралы қасиетті Құранның Кәһф сүресі (18) 83-аятынан бастап 96-аятқа дейін Зұлқарнайын туралы айтылады. «Сонда ол алдымен Батысқа қарап жол алды» дейді де (85-аят), «Сонан соң, ол Шығысқа қарай бет алды» (89-аят) деп жаһанға жасаған жорығынан дерек береді.. Құранда ол билік-үкімдарлық санатында аталып отырған тұстары да бар. Зұлқарнайын Қиыр Шығысқа барғанда ол жердің тұрғындары: «Ей, Зұлқарнайын, осы таулардың артындағы Яжұж және Мажұж жер бетінде бұзақылық қылушы. Біздер саған төлем төлесек, біз бен олардың ортасында бір қорған соғып беремісің» (94-аят) деп өтініш етеді. Яжұж бен Мажұж әлемдегі христиан, ислам, будда, яһуди діндерінен бұрын өмір сүрген дінсіздер деп түсініледі. Мәселен, бұлар яһуди, христиан діндерінде Гог және Магог атымен белгілі.

Қазақ арасында Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды дәріптейтін бірнеше қысса-жырлардан: «Сал-Сал», «Зарқұм», «Дариға қыз», «Сейтбаттал»,

«Жұм-жұма», «Әзірет Әлінің құлдыққа сатылуы» т.б. халықтық жырларда Исламды насихаттау жолында Мұхаммедті (с.ғ.с.) мадақтау басым.

Алғаш Ескендірдің көркем бейнесін Шығыс жұлдыздарының бірі Фердауси «Шаһнамасында» негізін салып, нәтижеде екі жүзге тарта шығарма арналыпты.

Шығыс сюжеттеріне негізделген Абай поэмаларының бірі – «Ескендір». «Ескендір» жыры тарихты тереңнен қозғап, өткен дәуірді қамтитын туынды. Шығыс классиктерінің бір тақырыпқа жазылған шығармасы бірімен-бірі жарыса жазып, ақындық өнер сайысына түсетін назирагөйлік деп аталатын тұрақты әдеби дәстүр де болған. Әрбір ірі ойшыл ақын жартылай тарих, жартылай қиял бесігінде тербелген аңыз-оқиғаларды жаңа мазмұн, соны ой талғаммен жаңғырып өз ойын өте әсерлі түрде оқушысына жеткізіп отырған. Ол Шығыстағы белгілі «Хамса» («Бестік») жырлау дәстүріндегі «Ескендір» дастаны - бұған нақты мысал. Шығыс елдерінде Искандари, Еуропа халықтарында Александр Македонский (356-323) жайлы әңгімелер уақыт өте келе ұласып, қысса-жырларға Ескендір тұлғасы алынбас асу, жеңілмес күш есебінде шындық пен қиял аралас суреттеліп отырған.

Әбілқасым Фердауси (940-1020) «Шаһнамасында» Ескендірдің Иран шаһы Дариге қарсы соғысы, оны көп қиындықпен алғаны жырланады. Әзербайжан халқының ұлы ақыны Низами Ғанжауидің «Ескендір-намасында» Ескендірді Филипп II-нің (б.д.д. 382-336) баласы деп, тарихи шындыққа жақын етіп, Ескендірді әділетті патша ретінде бейнелейді. Ескендір алыс жерде сапарда жүріп, зәмзәм суына (тіршілік суы) тап болғанда, су ғайып болады.

Абай өзінің «Ескендір» дастанында дәл осы көріністі шындыққа жақындата жырлаған. Ескендір бастаған қалың қол сулы жерде ел боларын біліп, сол суды өрлей жүріп отырып, бір қорғанға кезігеді. Абай поэмасының сюжеттік желісі Низамидің (1141-1209) «Ескендір-намасымен» ұқсастық танытып жатады. Низамиде Ескендірге, қияндағы алыс түн тарапта жүргенде, Қыдыр баба жол көрсетеді. Ескендірдің сарбаздары әр түрлі асыл тастар алып қайтады. Соның ішінен Ескендір бір кішкентай асыл тасты алып, таразыға салғанда, барлық тастардаи салмағы басым түсе береді. Бұған таң қалып отырып Ескендірге Қыдыр баба келіп, таразыға бір уыс топырақты сеуіп жібереді. Ал Абайда Қыдыр бабаның орнына, Ескендірге ақылшы ұстаз болған грек философы, әлемнің алғашқы ұстазы Аристотель бейнесімен тарихи шындыққа неғұрлым жақындатыла суреттеледі.

Үнді шайыры Әмір Хұсрау Деһлауи (1253-1325) «Ескендір айнасы» атты эпикалық туынды жаратты. Сонымен бір қатарда Әлішер Науаи (1441-1501) мен Әбдірахман Жәми (1414-1492) де өз ой-талғамдарын назирагөйлік жолымен жырлаған Шығыс шайырлары. Науаи «Саддаи Искандарий» («Ескендір қорғаны») атты еңбегінде гректің тарихта болған бірнеше ғалымдарын жеке тұлға түрінде бейнелеген. Жырда Ескендір

әрбір мәселе бойынша ғалымдармен үздіксіз кеңес құрып, өткен дәуірдегі ғылым сырларын, әлемнің пайда болу заңдылықтары мен қоғамның даму жолдарын үйренеді. Осы арқылы Ескендір жеті ғаламның сырын ұғып, ақыл иесі, көреген, өз дәуірінің сенімді кемеңгер басшысына айналады. «Сендер маған темірдің бөлектерін алып келіндер. ...Маған ерітілген мыс әкеліндер, оны үстінен құямын» (Кәһф сүресі (18) 96-аят) – деген Зұлқарнайын Науаның «Ескендір қорғанында» жаңаның жаршысы болып, ғылыми жаңалық ашушы болып суреттеледі.

Әбдірахман Жәмидің «Хироднома және Ескендір» поэмасында Ескендір жорықта жүріп, бір ғажайып қалаға кез болады, Өзінен жеңілген адамдардың бәрі де осында екен, олар тату-тәтті ынтымақпен өмір суруде. Бай, кедей деген жоқ, тіпті билік жасаған ешкім жоқ. Осы арқылы автор патшасыз, хансыз еркін өмір сүріп жатқан қоғамды армандайды. Парсы тіліндегі «һирод» сөзі мейірбандықты білдіреді. Ал, «намэ» - «хат», «кітап» деген ұғымдарды береді. Сонда автордың еңбегі «Мейрімді Ескендір» болып шығады.

XV ғасырда өмір сүрген Шығыс ойшылдарының бірі Жалаладдин Дауани (1427-1502) «Ахлақ-э Жалали» еңбегінде Шығыстық даңқты шығармасы - Фирдаусидің «Шаһнамасында» қозғалған ең өзекті мәселелердің кейбіріне жете көңіл бөлген. Дауани «Шаһнама» негізінде жаңа туынды жазуға ұмтылмаса да, ондағы ел бірлігі тақырыбына айрықша ден қояды. Ел билігін, ел басқарудың сан килы амалдарын талдауға көңіл бөледі. Ескендір Даридің (521-485 ж.ж. Орта Азияға басып кірген Ахменидтер патшасы) ләшкерлерін жеңуінің ең басты себебі, шешуші күші Ескендір әскерінің ауыз бірлігінде жатыр деп ой түйеді.

Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде тілге алған Ғұламаһи Дауани: «Ескендір Дариді жеңді. Өйткені, Ескендір әскерлерінің арасында бірауыздылық яғни, ұйымшылдық рухы басым еді. Дари әскерлерінде өзара келіспеушілік етек алды, сол себепті жеңілді» деп анықтай өтеді.

Ғұламаһи Дауани мұнда басқа Шығыс ақындары сияқты жаңа мазмұндағы «Шаһнаманы» жырлайын деп отырған жоқ ең қажет деп тапқан, тәрбиелік мәні бар тұстарын ғана алып, өз еңбегіне пайдаланған. Мұнда, әсіресе, Ескендірдің кеңесшісі Аристотельдің тапқырлығы мен көрегендігі жақсы көрінеді.

Абайдың «Ескендір» поэмасы Өзербайжанның атақты классигі Низами Ганжауидің сюжеттік желісінен алынғанға ұқсайды. Ал, Абай «Ескендір» поэмасында Ескендір патшаны қанша елді жаулап алса да, тоймайтын, қанағатсыз патша түрінде суреттеп, әскер басы, патша болса да, ақыл, ес, парасат жағынан Аристотельден әлдеқайда төмен етіп көрсетеді. Абай басқа Шығыс ақындары сияқты аңызға көп бой алдыра бермей, тарихи шындықты негізге алып, шығарма арқауын шыншылдықпен өрген.

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары оған мекен, - деп, Ескендірдің мекені мемлекет астанасы Македония шаһары деп алынып, тарихи деректерге сай айтылады. Абай өз халқының эстетикалық талғам-танымына жақындатып, айтар ойын дәл қайырып жеткізеді. Бұл ерекшелік Абай жырлаған «Ескендір» поэмасында анық байқалады. Ал, «Шаһнаманың» ізімен жырлаған шығастың қай ақыны да Ескендірді қиялдың нұрына малындырып, шындық шеңберінен асыра жырлап, өздері ұстанған мұрат-мақсаттары тұрғысынан көрсетіп келген еді. Олардың бәрі де шығарма мазмұнына негізінен аңыздары арқау етіп, оған кейде тарихи оқиғаларды араластырып отырады. Ал Абай поэма тақырыбын негізінен, тарихи шындық тұрғысынан ашады. Абайдағы Аристотель бейнесінен патша қасындағы уәзірдің кеменгер дана болуы шарт, патшаның маңына көреген кеңешшілер жинай білуінің өзі үлкен өнер деген пікірдің ұшығы танылады.

Дауанидің де Аристотельдің ғұлама, асқан ақыл иесі ретінде көрсетуі шындыққа жанасымды. Абайдың:

Бұл - адам көз сүйегі, - деді ханға,

Тоя ма адам көзі мың мен санға?

Жеміт көз жер жүзіне тоймаса да,

Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда. - деп, оқиғаны

шарықтау

шегіне жеткізіп, ой түйінін Аристотельдің аузымен айттыруы тарихи шындықпен жанасып жатуында елеулі мән-мағына жатыр.

* * *

Шығыс халықтары әдебиетінде жыршылдық дәстүрдің бірі - «Хамса» жазу. «Хамса» - араб тілінен алғанда, «бес» деген ұғымды білдіреді. «Хамса» деген атпен әлем әдебиетіне белгілі болды. 1-дастан құлықтық философияны өз ішіне қамтыса, 2-3 дастандар шынайы сүйіспеншіліктің биік шыңын көрсету тақырыбына арналған; 4-дастаны ел сүйетін ерлердің ерлігі және елді әділетті патшаның басқару мәселесі көтерілген; 5-дастан алдыңғы жырланған 18 ғалам жерді басып алған Ескендір Зұлқарнайын туралы және шайырдың қоғамдық-саяси көзқарастары да қамтылады. Бес дастанның да өзара ішкі мазмұнды байланыстарын ақын үзіп алмай, қайта бір-бірімен жақындастыра эпикалық жырлау шеберлігін көрсетеді.

Өзербайжан ақыны Низами Ганжауи (1141-1209) Шығыста алғашқы болып «Хамса» жазды. Бұл күрделі еңбекке баруда Шығыс және Грек ауыз әдебиетін және өзінен алдыңғы Шығыс шайырларының дастандарын оқып бойына сіңіру арқылы өз ұстанымымен алғаш бес кітап еткен: «Махзан ул-асрор» («Сырлар қазынасы»), «Хұсрау мен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Хафт пайкар» («Жеті ару»), «Ескендірнама» атты дастандары дүниеге келді.

Үнді халқының ұлы ақыны Әмір Хұсрау Деһлауи (1253-1325) хамсашылдық дәстүрге өзінің қырымен келді. Оның «Матлағ ул-анвар», «Шірін мен Хұсрау», «Мәжнүн мен Ләйлі», «Хашт бешишит», «Айнаи Ескендір» деп хамсашылдық үлгіге өз үлесін қосты.

Әбдірахман Жәми (1414-1492) «Хамса» дастанын бестік деңгейінен асып жетеуге жеткізуі назым жанрының нағыз шебері екендігін дәйектейді. Өзінен алдыңғы Низами Ганжауи мен Әмір Хұсрау Деһлауидің «Хамсаларын» («Бестік») жырлауда қосымша 2 дастан қосты. Оған Әлішер Науаи:

Табиғаттың берген көркем сыйы,
«Хамса» оқырманды жауласа,
Артық болса болар, бола берсін,
Жұрт айтса айтсын, ол зиян емес-ті

деген болатын. (Алишер Навоий. Хамса. - Ташкент: 1960. 636-б.), (аударма өзіміздікі). Олар: «Силсилат уз-заһаб» («Алтын шынжыр»), «Тухва ул-аброр» («Жаксылардың сыйы»), «Сибһат ул-аброр» («Таһуалардың сыйы»), «Жүсіп пен Зылиха», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Саламат пен Абсал», «Хирадномаи Искандари» («Ескендірдің даналық кітабы»). Бірінші, екінші, үшінші дастандары адамдардың мінез-құлық туралы баяндайды. Төртінші, бесінші, алтыншы дастандары сүйіспеншіліктің ізгілігін көрсетсе. Жетінші дастаны тарихи тұлға Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) бейнесін өзіндік тәсілмен сомдайды, бұл дастан Низамидің «Ескендір намасына» жауап бергендей. Әбдірахман Жәмидің «Жүсіп пен Зылиха», «Ләйлі мен Мәжнүн» дастандары Қазақ оқырмандарына «Өлеңдері мен дастандары» деген атпен 1968 жылы өлеңдер мен жырлар жинағы баспадан жарық көрді.

Әлішер Науаи (1441-1501) жазған «Хамса» атты дастандары («Һайрат ул-аброр» («Жықсылардың қайраттануы»), «Фарһад пен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Сабъаи сайера» («Жеті саяра») «Садди Искандари» («Ескендір қорғаны») кітаптарын жазды. Бұл әлем әдебиетіне қосылған үлес еді.

Шығыс әдебиетіндегі дастаншылдық үлгінің дамуы ауыз әдебиетіндегі ұзақтан сақталып келген мұра қазына көздері негізі хамсашылдыққа келіп ұласты. «Хамсаның» Шығыс жұлдыздары қаламынан ең жоғарғы деңгейде дастан үлгілері жырланып келді. Шайырлар патшасы Әбілқасым Фердаусиден оқып үйренген шәкірттері сынды бір туар шайырлар жырлаған «Бес қазына кітабы» басқа әлем әдебиетіне ғибратты өнеге де болды.

Орталық Азия, Қиыр Шығыс мемлекеттерінде, Үндістанда XIII – XIV ғасырлардан бастап Низамиге еліктеу, «нәзира» үлгісінде жазу кең тарқала бастады. Бұл дәстүр парсы, тәжік, үнді және орталық Азияда жасаушы түркі халықтары әдебиетінде XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін 600-ге тарта дастан жырланған. Хамсашылдық дәстүр талабын орындаған

Низами, Жәми, Науаи, Деһлауи ғана болды, қалған талаптанған шайырлар бес дастанды толық жырлай алмады.

Хамсашылдыққа барудағы Шығыс шайырларының шеберлігін анықтайтын негізгі түйін бес кітаптың бір-бірімен мазмұндай астасып жататындығында. Сондай-ақ Низамидің, Деһлауидің, Жәмидің, хамсасындағы бес дастандар да көркемдік поэтикалық тұрғыдан Әлішер Науаи еңбектерімен жалғасып жатады. Әлішер Науаи да «Хамса» дәстүріндегі заңдылықты, яғни бес шығарманың бір-бірімен үндесіп жатқандығы Науаида анық байқалады. Алғашқы философиялық көзқараста жазылған дастанымен, білім беру, оқыту, тәрбие беру сарында жазылған адам болу идеясымен, шынайы сүйспеншілікті жырлайтын ұзақ жырлар және батырлық, ел басқару, ел қорғаумен жалғасады.

Парсы-тәжік ақыны Әбдірахман Жәми басқа Шығыс шайырларындай бес дастаннан асырып жеті дастан жазды. Соның бірі «Хиродномай Искандари» (Ескендірдің даналық кітабы) атты батырлық дастаны Низамидің «Ескендірнамасына» жауап секілді болып келгенімен Ескендір бейнесіне жаңа мазмұн ендірген. Әбдірахман Жәми шығармаларына жаңа мазмұн ендіргендігін байқау қиынға соқпайды. Өйткені, Низами мен Науаида ғашықтық дастаны «Хұсрау мен Шырын», бірінде «Фархат пен Шырын» деп аталған дастандарының орнына «Жүсіп пен Зылиха» дастанын алуында мән бар, себебі бұл дастан қасиетті Құранда Жүсіп сүресі (12) толық қамтыған өз орнын алуы көп нәрсені аңғартса керек. бірден бастап 111 аяттарында Жакыптың баласы Жүсіптің құдыққа тасталып, Мысырға құл боп сатылып, Алланың қолдауымен пайғамбар дәрежесіне көтерілуі, өзіне жамандық ойлап құдыққа тастап жіберген ағаларының Жүсіптің алдына бейшара халде жетуі «Жүсіп аға-інілерін мұндай нашар халде көргенде, шыдай алмастан: «Жас, надан болған кездерінде ...» (89-аят) – деп кешірімді болудың сырларын ұқтырады. «Расында, олардың қиссаларында ақыл иелері үшін үлгі-насихат бар. Осы Құран ойнап шығарылатын сөз емес, керісінше, өзінен алдыңғы нәрселерді растайтын, оған иман келтіретін қауым үшін барлық нәрселерді ашық баян етіп беруші» (Жүсіп сүресі (12) 111-аят) Құранды қасиетті Кітап деп нақтылайды.

Шығыс ойшылдарының әдеби, мәдени, тарихи еңбектерін терең оқып зерттеген Әлішер Науаи түркі тектес халықтардың әдеби мұрасын жасауда ерен еңбек жасады. Әбдірахман Жәмидің бағалауынша түркі тілінде жазылған Науаидың «Хамса» атты еңбегі Шығыс елдерінің мәдени мұрасына мол ықпал еткенін атап өткен. Тек түркі тілінде жырлау өз халқының әдеби тілін қалыптастырып қоймай, түркі тілінің байлығын да көрсете білді.

«Хамсада» ең көп жырланатын «Ләйлі мен Мәжнүн», кейінгілері «Хұсрау мен Шырын», «Мағзан ул-асрар», «Ескендірнама», «Хафт пайкар». Бұл дастандардың басым көпшілігі сүйіспеншілік пен ерлікті жырлағанмен сопылық сарын айқын байқалады. Алғаш парсы тілінде

дүниеге келген бұл бірегей туынды Шығыс, Қап тауы, Орталық Азия елдер тілдерінде өзіндік мәнермен жырланып әдебиеттеріне жаңа серпін ала келді. Түркі халықтары арасында Хамсаны жырлау XIII-XIV ғасырларда басталып XIX ғасырға дейін жалғасып жатты.

Мәселен, әзербайжан ақыны Физули «Ләйлі мен Мәжнүн», өзбек ақыны Дүрбек (XIV - XV) 1409 жылы «Жүсіп пен Зылиха», түрік ақыны Ломи және ұйғыр ақыны Низари «Фархад пен Шырын», қазақ ақыны Абай «Ескендір» дастандарын жазды. Қазақтың көрнекті ақындары Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәкәрім, Шәңгерей, Ораз Молда, Тұрмағамбет Ізтілеуов сияқты ақындар хамса жазбаса да оған жауап жазуға қалам сілтегенін көреміз.

Шығыс әдебиетінде кең ауқымда дамыған хамсашылық дәстүр XV ғасырда ақындар арасында жазуға құштарлық кең түрде қолға алына бастады. Мысалы, Мавлано Ашраф хамса жаза бастаған, бірақ аяқтай алмаған. Мавлана Әли Ахи «Хамсаға» арнап бірнеше дастан жазды. Мавлано Катиби «Хамса» жазуды бастағанымен мақсатына жете алмады. Мавлано Фасех Руми Низамидің «Махзан ул-асрорына» ілесе дастан жазды. Біздің бұл келтіріп отырған мысалдарымыз Шығыста жырланған «Хамсадағы» философиялық баян, жастар арасындағы сүйіспеншілік, ел басқару тәсілі және Ескендір тақырыбын жырлауы әр ақынның арманы болды.

Мавлано Абдулло «Хамсадағы» «Ләйлі мен Мәжнүн», «Хұсрау мен Шырын», «Хафт пайкар» және «Искендернама» дастандарын дүниеге келтірді. Хожа Имад «Ләйлі мен Мәжнүнді» жазды. Бірақ олар біздің дәуірімізге дейін жетіп келген жоқ. «Мавлано» сөзі, араб тілінен қазақшаға аударғанда «құрметті», «қадірлі» деген ұғымға туры келеді. XV ғасырда шайырларды, ғалымдарды құрмет тұтқан дәуір болғандықтан «Мавлано» сөзін қосып айту дәстүрге айналған.

Фердаусидің «Шаһнамасы», Низамидің «Хафт пайкар», Деһлауидің «Хашт беҳишит», Науаиның «Сабған сайёра» (Жеті ару) дастандарында Шығыстың тарихта белгілі патша әрі қолбасшы баһадурлерінің бірі - Баһрам Гур туралы жырланады. Бұл кейіпкердің көркем бейнесі әділетті патша, батыл қолбасшы, ізгі ниетті жан екендігімен де мәңгі тарихта қалды, Сасанилер (алғашқы парсы) мемлекетінің билеушілерінің бірі Йездигерд I-дің (399-420) баласы болатын. Мемлекетті бірнеше дүркін басқарған осы Баһрам ұрпақтары еді. Баһрам Гур (батыр) ерлігі мен ел басқару шеберлігі ел аузында сақталып қалды, сондықтан да халықтық хикаялар мен аңыздарында және ақын шығармашылықтарына арқау болды. Ескендір Зұлқарнайын жасаған ерліктер мен ел басқару тәсілдері дастандардағы Баһрам Гур бейнесі арқылы қайталанып отырады.

XIX ғасырда қашғарлық, Қарыби ескі түркі тілінде «Баһрам шах пен Диларам» дастанын жазды. Омар Бақи «Қиссаи Хафт манзар Баһрам», Фазыл Жолдасұлы «Баһрам мен Гуландам» дастандарын жазарда

Науаидың дастанына еліктегені байқалады. Яғни хамсашылдық дәстүрге өз үлестерін қосуға ниет білдіруі деп түсінгеніміз жөн.

«Хұсрау-Шырын» дастанын Низами парсы тілінде жырлады, оны түркі тілінде сөйлейтін акын – Құтб мол еңбек етуінен бұл туынды ерекше деп бағалаған. Низами дастанының құрылысы мен оқиға желісін толық, сактай отырып, еркін шығармашылық жолмен, өз елінің өмір жағдайына сәйкестендіріп, түркі оқырмандарымен түсінігі мен дәстүріне лайықтап өз тілінде жазылған. Құтб 1341-1342 жылдары жазған дастанының оқиғасы Шырын мен Хұсраудың махаббаты туралы екі жастың сүйіспеншілігін, ғашықтықты, жақсылықты, ізгілік пен адамгершілікті үлгі етеді.

Шығыс халықтарына кең тараған бұл тақырыпта алғаш жырлаған Фердауси болса, одан кейін Низами, Әмір Хұсрау Дехлеви, Жәми, Науаилер де қалам тартқан. Дастанға арқау болған кейіпкерлер 590-628 жылдары Иранды билеген, өз баласы Шеруяның бұйрығымен өлтірілген патша Хосрев Парвиз бен оның сұлу әйелі Шырын жайында.

Иранның ханы Ануширван қайтыс болып, орнына Хұрмұз отырады. Хұрмұздың баласы болмай, Алладан сұрап жүріп бір ұлды болады, оның атын Хұсрау қояды. «Хұсрау мен Шырын» жырын дастаны негізінен Фархад пен Шырын арасындағы шынайы сезім бүкіл Шығысқа танымал екендігі белгілі. Әлішер Науаи өз дастанын «Фархад пен Шырын» деп өзгеріс енгізген. Хұсрау патша ұлы (соңынан патша болған) болғандықтан махаббат иесі Фархадтың орнына Хұсрауды қойып жырлау үрдіске айналып кетеді.

Хұсраудың жақын кісілерінің ішінде Шапур деген суретші Шырынның саяхаттап жүретін жолына Хұсраудың суретін сызып іліп қояды. Ежелден жырланып келе жатқан эпикалық дастандарда кездесетін ғашықтықтың ерекше түрлерінен; даңқын есітіп, суретін көріп немесе бірін-бірі көрмей, тіпті нәресте кезінде (Ләйлі мен Мәжнүн) және түсінде (Хұсрау мен Шырын) көріп ғашық болу деген ұғым Шығыста болғандығын осы дастандар дәлелдейді. Хұсрауға ғашық болған Шырын тұлпарына мініп, Иранға қарай жол алады. Сол арада Хұсрау да Әзербайжанға қарай Шырынды іздеп шығады. Екеуі де бірін бірі көре алмайды. Көп уақыттан кейін қиындықпен екеуі кездеседі.

Шырын Хұсрауға патша тағына отырғанда ғана қалыңдық болатынын айтады. Хұсрау өз әкесімен тақ үшін талас Хұрмұздың тағына таласаудан басталады. Жену үшін қосымша күш алу мақсатында Византия патшасының қызы Мәрияға еріксіз үйленеді. Шырын шыдай алмай Шапурды шақырып, мықты бекінген қорғанды ашу мақсатында жер асты құбыр (кәріз) тарту керек болады. Шырын өзіне ғашық болған Фархат құбырды тартуға бел байлайды. Сертін орындап шыққан Фархат соңында өліп кетеді. Хұсраудың әйелі хан қызы Мәрия да қайтыс болып, Хұсрау мен Шырын екеуі бір-біріне қосылып мұрат-мақсатына жетеді.

Шығыста көп елге тарқаған ғашықтық, дастандардың бірқатары «бестіктің» («хамса») ішіне еніп жүргендігі белгілі. Соның ішінде Құран

Кәрімде баяндалатын Жүсіп пайғамбар туралы оқиға желісінде құрылған «Жүсіп пен Зылиха» дастаны. Негізінен оқиғалары Шығыстың көп ақындарының шығармаларына өзек болған. Оның ауызша нұсқаларымен бірге жазба нұсқаларына ертегі, эпсана, хикая, жыр, мысал ауызша айтылып ел арасында жалғасып жатыр. Дастанның көне жазбалары Еуропаның қалаларындағы сирек кездесетін арнайы бөлімдерінде сақталып келген. Орта ғасырларда Еуропа мұжықтары Шығыстың байлығына қызықты. Байлығына иелене жүріп мәдени құндылыққа қызығатын манаптардың болуы сөзсіз еді. Шығыстың әдеби, мәдени, тарихи жәдігерлерін еңбектерінің қолына түскен кейбір нұсқаларын өздерімен бірге жиған-терген дүниелерімен бірге рухани жазба мұрағатарды да Еуропаға ала кетті. Олар Батыс мәдениетін өсіріп өркениетке жеткізуге Шығыс қолжазбалары бірден-бір себепші болды деп айта аламыз. Мысал келтіре кетсек; алгебраның атасы Әл-Харезми, медицинаның атасы Ибн Сино, Аспан әлеміндегі жер қозғалысын өлшем бірлігін жасаған Халиф Мамун тағы да басқа ғылымның бастаулары және ғибратты сөздер мен тәрбиенің көзі болған б.д.д. «Авеста», бергідегі «Қабуснама», «Құтты білік» тағы тағылар Шығыстан бастау алып, түпнұсқалары Еуропа кітапханаларында сақталу сыры неде? Бүгінде бұған Батыстың көздері жетті.

* * *

«Авеста» қазақ тіліндегі «Абыз», «О баста» деген авестаның фонетикалық өзгеріске түскен түрі деп те қаласың, оны лингвист ғалымдардың еншісіне қалдыра тұрсақ. Үш мың жыл бұрын «Авеста» атты қасиетті кітапты дүниеге алып келген Заратустра - парсы тілінде «Заратуштра», грек тілінде «Зороастр» деп айтылып келген. Көбінде түркілерге парсылардың ықпалы басым болып тұрғанда хатқа Заратуштра болып түскен болу керек көп зерттеулерде осылай жазылып келген.

Бір тәңірлік (жаратушы жалғыз) сенімде болған. Ол адамдарды үлкенді-кішілі көп тәңірлікке емес, бір ғана тәңірге сыйыну – ізгілік пен жауыздық күштердің бар екендігін дәлелдеуге тырысқан. Көптеген сынауларды басынан өткізген Заратустра өзінің зарастрлық философиясының мән-мазмұнынан тұратын дүниеде екі қарама-қарсы күш – ізгілік пен жауыздық бар екенін жан-жақты түсіндіріп берген. Бұлардың арасындағы күресте адам – аспан мен жердің ең сенімді билеушісі Ахура Мазда (Ахура – билеуші, Мазда – ақыл, әділ) жаратқанның көмекшісі болуы керек. Бұл адамзаттың негізгі міндеті ізгілікке қызмет ету керек екендігін аңдатады. Ахура Маздаға қарсы жауыздықты қалаушы Ангра Маню қарама-қарсы қойылады, яғни, ол жамандықтың баламасы. Бұлар 3000 жыл бойы бір-біріне қарсы келмеген, соңында, жақсылықтың нұр әлемін көре алмаған Ангра Маню соғыс ашпақшы болады. Мұны білген Ахура Мазда қасіреттің алдын алу үшін екінші үш мың жылдықта аспан,

су, жер, өсімдік, аңдар мен қоса адамзатты жаратты. Ол заманда қасірет те, кеселдік те, өлім де болмаған екен. Үшінші, күрес дәуірі (6000-9000) басталады, сөйтіп жер беті түрлі күштердің шайқас мекеніне айналады. Төртінші дәуір (9000-12000) жақсылықтың жамандық пен жауыздықты жеңумен аяқталады.

Кітапта жақсылық пен жамандықты бейнелі түрде Митра, Анахита, Қаюмарс, Жәмшид, Гершасп, т.б. кейіпкерлері арқылы береді.

Митра – күн құдайы. Ол адамдарға нұр, жылылық беріп бақытқа жеткізеді. Сонымен қатар, ол керемет құралдармен қаруланған, жауға өзінің найзаларымен аяусыз соққы беріп, адамдардың өмірін сақтап қалады. «Авеста» атты қасиетті кітапта жаулары Митраға атқан оқтары самал арқылы ұшып өздеріне қайтып тиеді. Митра – отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын, денесінен оқ өтпейтін қияли кейіпкер.

Анахита – жер, су, өнім жаратушысы. Адамзаттың ішкі-сыртқы пішінін бейнелеуші және батырларға күш-қуат пен жеңіс сыйлаушы.

Қаюмарс – жер бетінде алғаш жаралған адам ол бірақ өгіздің денесі мен адамның басынан құралған. Адам баласының дұшпаны Ангра Маню Қаюмарсты өлтіреді. Қаюмарстың өгіз бөлігінен 55 түрлі дән, 12 түрлі өсімдік, 272 түрлі хайуанаттар пайда болды. Адам бөлігінен; еркек пен әйел және метал дүниеге келді деп айтылады.

Қаюмарс қияли бейнесі жазба әдебиетіне де өтті. Мысалы; Әбілқасым Фердаусидің «Шаһнамасында» адамдарды қасіреттен құтқарушы және қала тұрғызушы қайраткер ретінде суреттеледі.

Жәмшид – ежелгі Иранның үшінші патшасы әділетті тұңғыш мемлекет құрған басшы ретінде оның дәуірін «алтын ғасыр» деп атаған. Наурызды жаңа жыл ретінде тойлауды алғаш қалыптастырған. Адамдарға матадан киім тігіп киуді үйреткен. Жер бетін 3 есеге кеңейтеді. Қатты суық болып, көктемде сел басады оған тосқауылдар қойып елді құтқарады. Арықтар қазып егіс егіп суландырады. Қаюмарс пен Жәмшид Ангра Манюдің диуларына қарсы күресте халық қаһармандары сипатталады. Абай өзінің «Иузи – рәушан, көзі – гәуһәр» деп басталатын өлеңінде «Ямшит» деп қолданған.

Гершасп – жын-шайтан мен диуларға қарсы тұра алатын өлмес батыр.

Заратустра ілімі кейінгі ұрпаққа мұра болып қалды және халық мүддесіне қызмет ете алмайтын билікке қарсы Мони, Маздак, Мұқанна күрестері болды. Бұлардың басты мұраттары туралы қысқаша айтар болсақ: Мони (216-277) монилік сенімнің көшбасшысының айтуынша – соғыспау және дүние жимау. Маздак (470-529) әлеуметтік теңсіздікті болдырмауды қолдайды. Мұқанна (783 жылы қайтыс болған) исламды үгіттеуші араб халифатына қарсылық көрсеткен бұхаралық батыр.

«Авестада» Заратустра айтатын: «Ізгі ниет, жақсы сөз және мақсатты іс-әрекетті қалаймын. Өзімді, өз өмірімді толық ізгілікке, жақсы сөздер айтуға және маңызды іс-әрекет атқаруға бағыштаймын. Барынша теріс

пікірлермен, жаман сөздер, теріс әрекеттерден аулақпын» деген сөздері бүгінгі күнге де азық. «Авеста» негізін қалаған құлықтық таным көздері кейінгі пайда болған діндер соның ішінде ислам дінінің сопылық ағымына тигізген көп әсері болған. Мәселен, о дүние ұғымындағы бақилық яғни мәңгілік дүние исламға зарастрлық діннен енгендігі парсы тілді зерттеуші ғалымдардың аузынан айтылып жүр. Тіпті, христиан, иудаизм, буддизм діндерінің негізі зараоастризм сенімінен алғандығы дәлелденіп отыр.

Парсы әдебиетінің бастауы деп «Авеста» атты бірегей туындыны атасақ, кейбір зерттеушілердің тұжырымдарына қарағанда түркі жұртының төл туындысы дегенге саяды. Фердауси жырлаған «Шаһнамасында» Тұран және Иран елдерінің арасындағы біртұтастық болғандығын алғашқы мифология бөлімінде баяндап өткен болатын.

«Авеста» зарастрлық діннің қасиетті кітап болып саналуымен қатар ол - Орталық Азия, Иран, Ауғанстан, Әзербайжан елдерінің өткеннен елес беретін тарихы, қоғамдық-әлеуметтік тіршілігі, тілі, діни нанымы, мәдениеті, өнері, жазуы, ауыз әдебиеті мен бірге салт-дәстүрінің айнасы. «Авеста» кітабының бірнеше тараулары бізге дейін жетіп келмеген. Ол үш тарихи басқыштарға бөлінеді. 1-көне ежелгі дәуірі, 2-Готтар деп аталады, мұнда Ахура Мазда туралы сөздер кең орын алған, 3-бөлімінде б.д.д. VI ғасырда өмір сүрген Заратуштра өмірі туралы айтылады. Бұл кітап өзіндік тілде жазылғандықтан түсіну қиынға соғып Иранның сасанилер шаһы Хұсрау I (531-579) дәуірінде парсының ескі тілі сол кезде әдеби ортақ тілге айналған паһлауи тіліне аударылған. Аударманың көлемі үлкен болғандықтан абыздар күнделікті пайдалануға қолайлы етіп «Кіші Авеста» жасап алған.

VI ғасырда сасанилер мемлекетін басып алған арабтар ислам дінін ендіріп, жергілікті зараоастрлік дінге сыйынғандарды жазалай бастағаннан соң «Авесто» да бірте-бірте ұмытыла бастады.

Еуропа зерттеуші ғалымдары кітаптың Орталық Азия жерінде туғандығын нақтылы деректерге сүйене отырып айтады. Мысалы, Тараздағы Тектұрмас әулие зиратынан сырты өрнектелген қазақтың киіз үй үлгісі табылғаны белгілі. Бұл мәліметтер «Авеста» Орталық Азияда б.д.д. VII-VI ғасырларда пайда болған деген ұғымға сай келеді. Оның негізін салған Заратуштра қазіргі Әзербайжан жерінде дүниеге келген деген пікірлердің дені басым.

«Авеста» кітабы екі үлкен-үлкен қасіретті өткізгендіктен бүгінгі күнге толық жетпей отыр. Оның бірі, Александр Македонский, Шығыста Ескендір Зұлқарнайын деген есіммен белгілі. Ол өзі жүріп өткен елді мекендегі жазба жәдігерлерін біржолата көзін жойып отырды. Екінші қасірет, Араб басқыншыларынан келді. Мұхаммед (п.ғ.с.) өлгеннен соң оның сахабалары жер бетіндегі адамзатты исламдату мақсатында қатаң талап қойды. Исламды тез қабылдаудың бірден бір жолы деп бодан болған елдердің бабаларынан келе жатқан рухани азығы жазба жәдігерлерінің бірінен де қалдырмай жою тиімді тәсіл болып табылды.

«Авеста» - зороастризм дінінің қасиетті кітабында, ата-баба аруағын ардақтау, төрт түлік малдардың пірі бар деп ұғу, күнге, айға, отқа киелі деп табыну алғашқы дәуірде - ақ өмірге келген. Орта Азия, Иран, Ирак пен Азербайжанда негізгі сенімді дін ретінде кең тараған. Сасанидтер (III - VIII), Ахманилер (б.д.д. V - IX), Парфил (б.д.д. III), Хорезм (III - VIII) мемлекеттері үстемдік құрып тұрған дәуірде зороастризм (б.д.д. VIII - IX) аталған мемлекеттердің ортақ дініне айналған.

Иран мен Орта Азияны VIII ғасырдың ортасы VIII ғасырдың басында арабтар мұсылман дінін жаюда зороастризм дінін идеологиялық тұрғыда пайдаланған. Әсіресе, арғы дүние бар екендігін яғни, жұмақты кімдерге бұйыратынын уағыздау жолымен айтса көнгіштікке үйретті. Бұрыннан қалыптасып қалған тілін, дінін, халықтың бойынан сарқып тастау қиынға соққандықтан күштеу әдістерін көп қолданғандығы Наршаһидың (899-960) «Бұхара тарихы» (943-944) атты еңбегінде толық айтылады. Араб басқыншыларынан кейін де халық арасында зороастризм діні қалыптасып қала берді. Абай «Біреп сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген тарихи еңбегінде «...отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен, исламға тез түсініп кете алмапты», - деп айтқаны дәлел.

«Авеста» кітабында Орта Азия мен Иран, Азербайжан мен Ауған халықтарының өткен дәуір тарихы, этнографиясы, мәдениеті, тілі, әдебиеті жатыр. Сондықтан да бұл кітапқа қызығушылық, ертеден ғалымдардың назарында болған, оның мазмұны, кім жазды, қай кезендерді қамтиды, жалпы мақсат, пайым бағдар қай дәрежеде екендігін білу керек болды. Бұл жайлы әлем ғалымдарының екі түрлі пікірлері бар: бірі - зороастризм Мидия (Иранның Солтүстік шығысы мен Азербайжанның Оңтүстігіндегі елді мекен б.д.д. VIII - IX ғ.) мемлекетінде тараған деген пікірді Батыс ғалымдарының бірқатары қолдайды. Олардың айтуынша «Ирандықтар Қара теңізден Алтайға, одан Шығыс Түркістанға дейін, Оралдан Иранға дейін жайлаған» деген ұғыммен осы аймақтағылардың бәрі Иран халықтары жасайды деп түсінгендіктен болса керек. Европа ғалымдарынан: Бельгия ғалымы Ж. Дюшен - Гюймен, Дания ғалымы К. Барр т.б. батыс ғалымдарының ортақ пікірлеріне қарасақ «Заратуштра – Еділдің шығыс жағын мекендеген тайпалардан шыққан, әлемдегі жалғыз Жаратушыға табынуды қолдаған алғашқы дін Дешті Қыпшақта туып, барлық діни ілімнің негізін салды» - дегенді айтады. Американың шығыстанушы ғалымы Р. Фрай өзінің «Наследия Ирана» атты еңбегінде Окс пен Яксарат (Амудария мен Сырдария) аралығындағы халықтар деп дәлелдейді.

Екінші көзқарасты - Бактрия («Шығыс өлкесі») мемлекеті Орталық Азия бұрынғы Соғдиана елді мекені Түркіменстан, Сұрхандария, Амудария бойы Солтүстік Батыста, Ауғаныстан мен Солтүстік Шығыс Иранда зороастризм діні пайда болған жер, деген пікірді негізінен Шығыс ғалымдары қолдайды. Тарихи фактілерге сүйенсек осы пікірге қосылуға болады. Олай дейтіміз тілдік және географиялық атаулар, адам аттары

Мидия елді мекенінде емес, Орта Азия аймағымен байланысты екендігін белгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев: «Қазақ эпосы және түркология» атты кітабында: «Аналық дәуірдің аяғында б.д.д. VII ғасырда Хорезм жерінде зороастризм Кавказ, Таяу Шығысқа тез тарайды. Асылы зороастризм орталығы Бұхара болса керек. Өйткені жер астынан шығатын газдар көп болған. Осыдан сақ елдерінде отқа табыну, оны қасиеттеу салты туады» деуінде үлкен мән жатса керек. «Авестаның» өзінде де: «Ол сондай мемлекет еді, (Бактрия мемлекеті. О.С.) сансыз әскерлері бар, жайылымы кең, суы мол биік таулар, шаруашылыққа қажеттіліктің бәрі бар, көл, өзен, кеме қатынайтын теңіздер (Аму мен Сыр) толқынында отырып Искат (Скифия), Моур (Марв), Харева (Ария), Гав (Соғда аймағы) Соғда, Хвайризм (Хорезм) мемлекеттеріне бара аласың» - деген болатын.

Хорезм Тұран мен Иран елдімекен аралығында орналасқан тарихи өлке, көне мемлекет. Хорезм туралы парсы патшасы Дари I Геродот, Страбон т.б. кітаптарында кездеседі. С.П.Толстов Хорезм атауының шығуы парсының «Хурр-Хуршед» пен «зм-зем» сөздері «Нұрлы өлке», «Күнгей жер» деп аталады деген пікірге тоқталады. Авестоның «Яшт» деп аталатын бөлімінде Хорезм «Мың иірімді өзен», «Көлдер мен көгалға бай өлке» деп мадақталады. (Натан Маллаев. Узбек адабиеті тарихи 1-т. 71-б. - Ташкент, «укитувчи» 1965) Көне Хорезм табиғи құрылысы жағынан екіге бөлінеді. Оның солтүстігі Амударияның сағалары ірілі-ұсақты көп өзендерден, солтүстік шығысы жайлауы кең ойпатты кеңістігінің оңтүстігінде Мұрғаб пен Тажан өзендері ағады. Мұндай нақты деректер арқылы «Авеста» Хорезмде б.д.д. 1-мың жылдықтың 1-жарымында дүниеге келген. Түркі елдерінде эрамыздан бұрынғы VII ғасырдың соңы VI ғасырдың басында дүниеге келгендігіне Зороастризм дінінің негізін салушы, пайғамбары — Жаратушы Ыра кейін келе Заратуштра атымен аталып кеткен.

«Авеста» тілі жайында ешқандай дерек зерттеушілер тарапынан айтылмаған. Түркі тілді халықтар мен Иран тілді халықтардың іргесі бөлінбей бірге өмір сүріп, тілді де, мәдениетті де, әдебиеті тарихы да ұқсас болғандықтан үнемі бір-біріне ықпалы тиіп отырған. Орта Азия мен Иран халықтарының жазуы болып табылатын арамей жазуы эрамыздан алдын бірінші мың жылдық орталарында пайда болғандығы белгілі. Арамей жазуы негізінде Авеста, Хорезм, Соғда, Руна, Орхон - Енесей, Ұйғыр тағы басқа жазулары дүниеге келді. Демек, «Авеста» дүниеге алып келген Авеста тілі қазір өлі тілге айналып отыр. Кітап алғаш сонскрит (ескі үнді тілі) тіліне аударылып көшірілген. Соңынан Европа тілдері мен орыс тілдеріне аударылған.

Әлікей Марғұланның айтқанындай: «Авестаны» жазған Амудария мен Аралды мекендеген ғұндар», - деген болатын. Бұл өлкеде жыл басы наурыздан басталатыны осының бір көрініс. Ежелгі Ресейде де XIY ғасырға дейін жаңа жыл наурызда тойланғандығы 1987 жылы табылған көне Арқайым қаласы бұдан 4 мың жыл бұрын Орынбор мен Челябинде

салынғандығы дәлелденіп отыр. Заратуштраның отаны осы өңір деген болжам бар. Өз еліне сыймай қуғынға түскен Заратуштра оңтүстікке бет алып Иран жеріне тұрақтайды. Бұл елдің патшасы Заратуштра ілімін қабылдап, мемлекеттік деңгейге көтерді.

Берунидің (973 - 1050) «Ежелгі халықтардан қалған естеліктер» еңбегінде Сиауыш мифологиялық құдай образынан, халықтық батыр образына жақындаған. «Қазіргі түсінік бойынша құдайлар адамдармен аралас жүрген оларды қорғаушы батыр немесе «жақсы патша» ретінде көрінген, кейін келе адамдардың санасының өсуіне байланысты алшақтап Олимп тауының басына тіпті аспанға шығып бірнеше құдайлар жалғыз құдайға айнала бастады», - дейді академик Натан Маллаев.

«Авеста» - әлем заңдылықтарын толық қамтитын қасиетті ілім. Бүкіл әлем біртұтас және бір заңдылықпен өмір сүреді. Тірі болмыстың бәрі бірдей, сондықтан ер мен әйел, бай мен кедей, соғыста жеңген де жеңілген де тең, барлығы бірдей дейді. Қасиетті кітап адам өмірін табиғат заңдылықтарымен үндестіреді. Адам баласының ішкі және сыртқы тазалықтары толық болуын қамтамасыз ету керектігі айтылады.

Сиауыш жайлы Наршаһи өзінің «Бұхара тарихы» еңбегінде оның халықтың жүрегінде қалғандығын атап өтеді. Бұхара маңында «Кине Сиауыш» атты жоқтау айтылатын күн болғандығын айтқан, ол үлгі Махмұт Қашқаридың «Дивони лұғати ат-түрік» еңбегінде «Дәстүр жырлары» тақырыбымен белгілі.

Қорыта келе айтарымыз, «Авеста» кітабының оқиға желісі парсы, түркі халықтарының ауыз әдебиетінің үлгілерінде жатыр деп айта аламыз. «Оғызнама», «Қорқыт Ата кітабы», «Шаһнама» сынды көне дәуірдің жаршысы болған кітаптардан кездестіруге болады. Қасиетті кітаптағы кейбір сарындар ежелден келе жатқан қазақ әдебиетінде де көрінісін тапқан.

* * *

Наурыздың шығу тарихы туралы аңыз, әпсана мен түрлі пікірлер бар. Мәселен, Заратуштра заманындағы түсініктерге қарағанда, жақсылық құдайы Ахурамазда, жамандық құдайы Ахриман, бұлар жылдың төрт мезгілін бөліп алып, Ахурамазда көктем мен жазды, Анхраманю күз бен қысты билеген деген ұғым болған. Бірінші күнін жақсылық құдайы жамандық құдайын жеңгені яғни қыс өтіп жаз келуін күткен халық «Жаңа күн», парсыша «ну – жаңа, руз - күн» деп тойлаған. Қазақтың белгілі ақыны Фариза Оңғарсынованың Махмұт Қашқаридің «Дивони лұғат ат-түрік» еңбегінен аударған «Жаз бен қыстың айтысы» сол дәуірден елес береді.

Ежелгі әпсаналарға қарағанда Адам ата мен Хауа ана кездескен күн «Наурыз мейрамы» деп қабылданған. Парсының ұлы шайыры

Фердаусидің (940-1025) «Шаһнама» дастанында жаңа жылдың пайда болуы Жәмшид есімімен байланыстырады. Жәмшид елге жақсылық жасамақшы болып, адамдарды жаңа кәсіпке; темір ерітіп, құрал саймандар жасау, кеме жасау, жіп иіріп киім тоқу, бау-бақша егу үй тұрғызу, сырқатты емдеу сырларын үйретеді. Осы үйреткен өнерінің нәтижесінен өзіне тақ жасатып аспанға ұшады. Осы көріністі Фердауси:

Тақ көкке шығып нұрын төкті,
Отыр енді билік басын иіп.
Таққа қарап, нұсқады көкті,
Бар әлем сүйсініп.
Жәмшидке алтындар шашылды,
Осы күндер жаңа жыл гүлі ашылды.

Наурыздың тууы туралы мұндай аңыздарды көптеп келтіре беруге болады. Ғылыми тұрғыдан наурыздың қашан әрі қалай өмірге келгенін анық бағамдау қиын болса да оның негізіне үнілу қажет.

«Наурыздың» өмірге келу негізі аспан әлемі мен табиғат заңдылықтары, яғни күннің шығуы, күн мен түннің уақыттары тепе-тең келуі, күннің ұзайуы т.б. құбылыстары, табиғаттың жанды тіршілігімен көктемнің келуі мезгілімен тікелей байланысты екендігі Абайдың «Жазғытұры» атты өлеңінде сипаттап тұрғандай:

Күн – күйеуі, жер – қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті.

«Наурызды» табиғат мейрамы деп тойлау өзінен-өзі сұранып тұрды. Бұл мерекенің терең тамыры б.д.д. адамдардың егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы қолға ала бастағанын көрсетеді. Егін басындағы қызу еңбек, қыстың қатал мінезінен қысылған малын өрістей бастауымен қатар төл түсіп, аққа аузы тиген халықтың ой-арманы осыдан көрінеді.

Уақыт өте келе мерекенің мазмұн-мәні кеңейіп, халыққа қолайлы күн таңдалған. Ол «Жыл басы» міндетін де атқара бастағанда «Наурыз» деген ат беріген. Оны ұлы Абай: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен» - дейді.

Бүгінге дейін жетіп келген Орталық Азия, Әзербайжан, Иран, мен Ауғаныстанда «Наурыз» мейрамын өткізу ежелгі парсы мемлекетін алғашқы билеушісі Ахемендер дәуірінде (б.д.д. VI ғ.) кең тарқағаны белгілі болған. Егер осы дәйекке сүйенсек, «Наурыздың» халық арасында мерекеленіп келе жатқанына ХХҮІ ғасырдай болыпты, ол 2600 жыл шамасында болады.

Заратуштра күн тізбесі бойынша қазіргі ақпан айының бірінші күні – «Кіші Наурыз», алтыншы күні – «Үлкен Наурыз» болған. Парсы мемлекетінің патшасы Сасанилер әулеті билігі (226-650) тұсында бұл екі «Наурыз» біріктіріліп, кіші және үлкен наурыздар арасындағы барлық күн мереке болып бекітіліп, наурыз айы 30 күн бойы тойланған. Бұл туралы Шығыстың ойшылы Берунидің «Ежелгі халықтардың жәдігерлері» атты

еңбегінде: «...бұл ай, яғни жыл басы алтыға бөлініп тойланған; бірінші бес күн – патшалар, екінші бес күн – зиялы қауым, үшінші бес күн – ғұлама-білімдарлар, төртінші бес күн – қызметкерлер, бесінші бес күн – барша бұқаралар, алтыншы бес күн – шаруа адамдары үшін.» деп көрсетілген. Сасанилер әулетінен Яздигард билік құрып тұрған кезінде жыл санау, яғни күнтізбе алғаш өмірге келген. Бұл күнтізбе 365 күн (шамсия) 12 ай 30 күннен, 360 күнге қысқартқан 5 күн айларға ендімей бұл бес күн жаратқанға құлшылық күні деп есептелген.

«Наурыз» тойында бір-біріне тәтті тағамдар ұсыну, ол бір-бірімен татулықтың белгісі, бір-біріне су себу, бұл жылымыз өнімді жыл болсын деген ырым болған. Осы орайда тағы да ұлы Беруни: «Наурыз» күні таң ата сөйлеуден алдын қасықпен үш рет бал жаласа, көп кеселдерге ем болады», - деген дәстүрдің болғандығын айтады. Біздің бабаларымыз «Наурыз» мерекелік дастарханына ерекше көңіл бөлген, наурыз көже бидай, тары, бұршақ, жүгері, мас, ноқат, сұлы сияқты жеті дәннен жасалған. Уақыттың озығына қарай бүгінгі күннің наурыз көжесі; бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, тұз, жүгері т.б. тақ санды сақтап, тоғыз түрлі, он бір түрлімен жасала берген. Олар «тілеу көже», «несібе көже», «көп көже» пісіріп бірін-бірі шақырып ішкізіп сыйлаған. Қойдың басы, сүр ет, қазы-карта салып пісіру, құрамына айран мен қаймақ қосылуы біздің салт дәстүрімізге тән екендігі белгілі.

Парсыларда «с» әріпінен басталатын сиб (алма), сир (пияз), сатар (тау гүл), сиех дон (қара дән), синжид (зығыр), саримсак (сарымсак), сирка (сірке) сияқты жеті түрлі көк өністен дайындаған мерекелік тамақ «хафтсин» деп аталған. Ауған-тәжіктердің бір ерекшелігі өздерінің дәстүр салтына қарай келтірілген жемістер, боялған жұмыртқалар және әруақтар рухына шам жағу болған. Су толтырылған ыдысқа ағаштың жапырағы салынады, биылғы жыл суға мол болсын егін өнімді болсын дегені. Омар Хаям өзінің «Наурызнама» атты шығармасында: «Әр адам «Наурызды» мереке етіп, көңілді қарсы алса, келесі Наурыз айына дейін өмірі қызықты өтеді» деген ұғым бүгінге дейін сақталған. Сұлтан Махмұд Ғазнауи (962-1186) наурызды халықтық мереке ретінде тойлауды мемлекеттік заңнамамен бекіткен.

«Наурыз» Орталық Азия халықтары арасында кең етек жайғанын Шығыстың біртуар данышпандары Фердауси, Махмұд Қашқари, Ибн Сино, Омар Хаям, Беруни, Әлішер Науаи, Физули т.б. шайырлар еңбектеріне қосқан. Осы орайда қазақтың қайталанбас тұлғасы Шәкәрім «Әділ-Мария» атты қара сөзбен жазылған шығармасында: «Қазақта «Ұлыстың ұлы күні дейтін, күн мен түн тенелген наурыз да жетті» деп, Әділдің қайтыс болғанын еске алып отыр. Шәкәрімді әрі қарай оқысақ: «Осы күнді наурыз – жаңа жылдың басы деп Әділдің үйі қазан асса да «бәлекет кетсін деп, кетік, ескі ыдыстарды өртейтін ешкім болмады» дегеніне қарағанда «Наурыз» исламнан алдын отқа табыну сенімі яғни, зороастризммен бірге келе жатқанынан белгі береді.

Арабтар ай хижрасымен күнтізбесін есептеп күн емес аймен есеп жүргізген, өйткені, қыс айы да ыстық болып тұрғандықтан күндіз дем алып, түнде жұмыс істейді қыс пен жаз бірдей. Араб күнтізбесі бойынша Мұхаммед (с.а.у.) Меккеден Мединеге көшкен хижрадан басталатын айдан басталып бір жылда 365 күн емес 355 күн болғандықтан жаңа жыл белгілі бір күнге туры келмейтін көрінеді.

Негізінде әр елдің жаңа жылдары әрқалай келеді, мәселен Иран, Тұран мемлекеттері 21-22 наурыз, араб мемлекеттерінде Мұхаммед пайғамбардың Меккеден Мадинаға көшуімен байланыстырып Хижа 622 жыл жыл басы деп саналады Еуропа мемлекеттерінің барлығы 1 қаңтар жаңа жылдың басы болып тойланады. Ресейде жаңа жылды 1 қаңтардан мейрамдау І Петрдің 1699 жылы белгілеп бергенінен бері қарай ғана нақтыланған.Отарлап алған халықтың барлығын осы тәртіпке түсірді. «31 желтоқсан түнгі сағат 10-11 шамасында ауылдарға колхоз басшылары атты адамдарды жіберіп әр үйдің терезесін ұрғылап «жаңа жылды күтіп алыңдар» деп ескерту жасу арқылы қалыптастырды» (Дулат Исабеков). Қазіргі кезде мемлекеттің миллиондаған ақшалары (Павлодар қаласында 42 миллионға шырша безендірілген 2013 жыл) далаға шашылып жүргенінің куәсіміз.

ҮІІІ-ІХ ғасырлардан ене бастаған ислам дінінің мұтәкәлиминдері ежелден келе жатқан зороастрлық дінмен біте қайнасып келген «Наурыз» мейрамына тосқауыл қойып көрмек болды, бірақ, ұзақ бақылаған ислам мұтәкәлиминдері өте сақтықпен халықтық мерекесіне исламның «наурызбен» ұқсас үлгілі дәстүрлерін бірте-бірте ендіре бастауды жөн көрген. Оны Абай: «Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады» - деп, арабтардың ең үлкен мерекесі құрбан айт намазын наурызбен айырбастап қойған.

Ажам (араб емес) халықтарының асыға күтетін «Наурызды» мерекелеуге араб халифаты қарсылық білдіргенмен жергілікті халықтың ғасырлар бойына сіңген дәстүрін тоқтата алмады. Керісінше, адамдарға жақындап, исламды мейлінше кең насихаттау үшін мерекені ұйымдастырушы болып бас қасында жүрді.

Жаңа жыл келгенде алғашқы күні таңертең барлық адамдар өздері тұратын биік төбеге шығып күннің шығуын күтіп алып, мерекелік іс-шараға ұласып кететін болған. Екінші күн айналаны тазалау, жас ағаштар отырғызу, үшінші күн марқұмдарды еске алу ұйымдастырылған.

Халықтың ұғымында наурызбен бірге Қыдыр бабаның келуі құт береке бастауы деп түсінген. Бүгінгі жаңа жылдағы Қар баба, Қар қыз қазақ халқындағы Наурызбен бірге келетін Қыдыр бабаның баламасы.

Қызыр Лияс жар болып,

Қыдыр ата қолдасын, -

деген бата тілек айтылады. «Қыдыр», «Қызыр» екеуі қатар қолданылатын киелі құбылыс. Ауыз әдебиеті үлгілеріндегі батырлар жырында, батырларды демеп, рухани күш беруші.

Кеңес кезінде ата-баба дәстүрінен ажыратып, Шығыспен рухани байланысты үзіп, өзге ұлттарды орыстандыруды ерте қолға алған отаршылдар 1926 жылдан 1989 жылға дейін наурызды мерекелеу тоқтатылды. Енді міне Егеменділіктің арқасында дәстүрлі мерекеге айналып, Тәуелсіздігіміздің қол жеткен жетістігі арқасында жыл өткен сайын мағынасы толығып келеді.

* * *

Абайдың ұлылығының негізін қалаған үш жақты рухани күш болды, олар; туған халқының ауыз әдебиеті үлгілері, **Шығыстың** ойшыл-жұлдыздары, Батыстың классик-ақындары. Абайдың балаң кезден көзін ашқан халықтық мұра ерекше әсері болғанында талас жоқ. Әйтсе де, халқымыздың түп тамыры түркі жұртының Шығыспен терең байланысында жатқандығы бесенеден белгілі. Шығыс шайырларының мұралары, ойшылдарының пікірлері Абайдың самғаушы негізгі қанаты болды. «Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ» (Мұхтар Әуезов) екендігі ақын мұрасынан байқау қиын емес.

Шығыстағы назымдық (поэзия) туындысында бұқара арасына сіңіп кеткен жырларды бірнеше ақын оқиға желісімен өзара жарысып, шеберлік сынасып жырлай беретін болған. Оны Шығыс өнерінде «назира» дәстүрі дейді. Бұл аға буын жырлап өткен тақырыпты кейінгі толқын иілері қайта жырлап, көркем әдебиетке тың туындылар әкелетін дәстүр. Шығыста осылайша ақындар бір-біріне өз шеберлігін танытатындай туындылар жазу арқылы жауап беру арабша «нәзират» деп аталады. Мұндай шығарма аударма да еліктеу де емес ұқсастыра өзінше жырлау.

Осы тақырыпты қозғағанда алғаш қазақ әдебиетінде ұлы Абай есімі аталары сөзсіз. Бұл жөнінде алғаш сөз қозғаған абайтанушы Мұхтар Әуезов Абайға Шығыс классиктерінен енген белгінің бір саласы ретінде нәзирегөйлік дәстүрді сөз еткенде, ақынның үш поэмасын тілге алады. «Абай өз поэмалары мен аудармаларында нәзирегөйлік дәстүрді қолданып өзі ұстанған мораль философиясы негізінде творчестволық шеберлікпен жырлаған ақындық тәсілді М.Әуезов ерте сезініп, бұл туралы Абайтану саласында алғаш рет пікір білдірді» (Мекемтас Мырзахметұлы).

Абай шығыстық дәстүрде жазылған қай шығармасында болсын, оқиғаны шындыққа негіздеп жырлауға бейім. ақын әсіресе, шығарманың тәлім-тәрбиелік жағына ерекше көңіл бөлген, үлгі-өнеге аларлық маңызын күшейткен. Абай Шығыс шайырларының жырларын жоғары бағалап, ұлы сөз зергерлерін өзіне ұстаз тұтты және оларға сыйынды.

Физули, Шәмси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фердауси,
Қожа Хафез - бу ҳаммаси
Мәдәт бер шағири фарияд.

Шығыс ақындары жаңа ғана өнер жолына түскен жас Абайға даналық пікірлерімен, терең ойларымен, нәзік сырларымен қатты әсер еткен еді. Бұлар бала Абайдың ойын оятып оны адалдық пен парасаттылыққа, адамгершілік пен жақсылыққа, сұлулық пен нәзіктікке талпынуға баулыды.

Абай ақын ретінде әбден қалыптасып, биік деңгейге көтерілген шағында да Шығыс мұрасынан қол үзген жоқ. «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» сияқты өлеңдерінен Шығыс өлең үлгілеріне тән жанға жағымды, көңілге қонымды майда леп есіп тұрғанын аңғару қиын емес.

Шығыс әдебиетінің үлгілерін Абай ой елегінен өткізіп барып, оны шеберлікпен игереді. Абайдың махаббат лирикасындағы шығыстық сарындарды сөз етсек кезінде Абай оқыған мектеп-медреселерде сопылық сарынындағы Қожа Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр сияқты ақындарды оқыту басымырақ болғаны белгілі. Негізінде Абай сопылық бағытындағы ақындардан гөрі Низами, Науаи, Физули, Сағди, Хафиз секілді ұлы шайырлардың жырларына көбірек үңіліп, солардан үйреніп және оны қазақтың ұғымына сай етіп жырлап отырғандығын ақын шығармашылығынан байқауға болады.

«Нәзире» үлгісі қазақ әдебиетіне де ықпалы тимей қалған жоқ. Мұны Абайдың «Әлефби», «Юзи – рәушан...», «Көзімнің қарасы», «Қор болды жаным» сияқты өлеңдерінен аңғаруға болады. Абайдан алдын қазақ әдебиетінің бастаулары Шығыс әдебиетімен тығыз байланыста екендігі осы нәзире дәстүрінен көреміз. Әдебиет өнердің бір саласы деп қарасақ сұлу қыздың бет бейнесін кескіндеуде суретші қолам мен қағаз арқылы, мүсінші құйма арқылы, ағаш шебері бөренені, ал, әдебиетте сөзді пайдаланады. Ақынның Шығыс ақындарына еліктеп 14 жасында сұлу қыздың бейнесін сөзің құдіретімен былай сызған:

Иузи рәушан, көзі - гауһар,
Лағилдек бет үші әхмәр.
Тамағи қардан һәм биһтар,
Қашың күдірет, қолы шигә,
Өзәң гузәлләра раһбар,
Сәңә ғашик болып кәмтәр,
Сүләйман, Ямшит, Искәндәр
Тамаша қылса йүзмә-йүз
Кетіп қуат, йұмылып көз,

Бойың сал-сал бола нигә? - деп жалғасатын бұл өлеңінде Абай Шығыс ақындарынша араб, парсы, шағатай сөздерін өз икеміне қарай пайдалана білген. Мұнда біз шеттен кірген сөздерге назар аударсақ: «рәушан» -(жарық), «гәуһар» — (асыл тас), «аһмар» — (қызыл) араб сөздерінен болса, «биһтар» парсының «beh» - (жақсы) сөзі мен «тар» - сын есімнің салыстырмалы шырай тудыратын жұрнағы тіркесіп келіп отыр. Сонда «биһтар» (жақсырақ) деген ұғым береді. Абайдың өлеңінен Шығыс үлгілеріне деген ынтасын жасыра алмай, еліктеу, қызықтау үстіндегі жас ақынды көреміз. Яғни, Шығыс поэзиясының алыптарынан медет тілеп

сыйынған балаң шабыт елес береді. Медреседе оқып жүріп, Шығыс шайырларының үлгісінде араб-парсы, шағатай тілдерін араластыра өлең жазуы шәкірт ақынның шығыстық ақындық дәстүрін жақсы меңгеріп, шеберлік сырларын игеруге деген құлшынысын танытады.

Біз оқып отырған өлеңдеріндегі араб-парсы сөздері таза айтылса, қазақ қауымына түсініксіз болмақ. Сондықтан араб, парсы тіліндегі сөздері қазақи ұғымға келтіріліп, оқушының қабылдауына ойластырылып отырады. Біз жоғарыда талдаған өлеңінің жалғасында: «Қашың құдірет коли шигә» дегендегі «Шигә» парсының «шик» әдемі, сәнді, сырбаз деген сөзінен шығып, «шики» - әдемілік, сәнділік, сырбаздық дегенге саяды. Абай оны шағатай тіліне бейімдеп икемдейді. Орыс тілінде айтылып жүрген «шик, шикарный» сөздерінің түп төркіні паһлауи тілінен (ескі парсы) алынып «кісі көзіне түсу үшін істелетін сәнділік» деген ұғымды беріп тұр.

Абайдың бұл өлең жолдарында қазақтың сөздік қорынан алынған сөздер жоқтың қасы деуге болады. Ақын араб, парсы, шағатай, түркі сөздерін шебер пайдалану арқылы-ақ айтар ойын оқушысына жеңіл жеткізеді.

Ақынның «Әлиф би» өлеңі сол кездегі Шығыс ақындарының өлең әуезіне сай екендігі айқын байқалады. Әлишер Науаи:

Шаһзада айтты ол: ғылым сүй деп,

Ғылымның негізі сол «Әлиф би» деп, - десе, Абай сол «Әлиф бидегі» 28 араб әрпін рет-ретімен тізе келіп:

Әлифдек ай йүзіне ғибрат еттім,

Би, бәләй дертіңе нисбат еттім.

Ти, тілімнен шығарып түрлі әбиат

Си, сәнаи мәдхине хұрмәт еттім, - деп жалғасатын

өлең тармақтарымен арабтың әріптерін алфавиттік ретпен түгелдейді. Аса зор сүйіспеншіліктің нәзік сырларын, белгісіз сұлудың түр-тұлғасын мың бұралған араб әріптерінің иірімдеріне теңей суреттейді. Мысалы: «мәт-қасың, тәштит - кірпік, сөкүн - көзің», деп, сөз өрнегін Шығыс классиктерініңше құрайды. Ақынның айтып отырған бірінші белгісі «Мад» «А» әрпінің үстіне қойылатын, «А» дыбысын жуан дауысты етіп оқитын белгі. Араб жазуында мынадай екінші белгісі - «тәштид» деп аталып, бұл - «бірдей дауыссыздардың қатар келгендігін аңғартады. Жазуда біреуі жазылып, үстіне тәштид белгі қойылады да, екіншісі жазылмай қалып қояды; үшіншісі — «сукуң», бұл — әр түрлі екі дауыссыз дыбыс қатар келгенде, алғашқы дауыссыз дыбыстың жоғарғы жағына қойылатын белгі. Бұл белгі ұшырасқан кезде кішкене кідіріс жасалып, (ызың әуені) арқылы оқылады. «Әлиф би» атты ұзақ өлеңі:

Мәт – қасың, тәштит – кірпік, сөкүн - көзің

Үтір мен астылы-үстілі жазуда бар,

Болуға асты-үстілі көнсең өзің! – деп аяқталатын

«Әлиф би» атты өлеңі ақынның өзі айтатын сөздің құдіретімен қос жұптың сезімге булыққан әрекетін бейнелейді.

Шығыс ақындарының ішінде Абай сияқты араб әріптерін ретімен түгел тізіп, ғашықтық хатты асқан шеберлікпен өлеңге кестелеген ақындар некен-саяқ болса керек. Классик дәрежесіне көтерілген Абай ақындық өнері толысқан шақта да Шығыстық дәстүрлі өрнектерден қол үзбеген. Шығыс классиктеріне әр кезеңде әр түрлі жолмен үнемі айналып соғып отырған. Бұл оның ақын ретінде кемелденген кезі 1886-1896 жылдар аралығында жазған өлеңдерінде де белгі беріп отырады. Науаи, Физули лирикасының ықпалымен жазылған «Көзімнің қарасы» өлеңінде:

Сенсің — жан ләззаты,
Сенсің - тән шәрбәті?
Сұлудың сүйемтік -
Пайғамбар сүндеті, -

дейді. Бұл өлеңінде ақын шын табиғи сұлулықты Алланың жіберген рахметі, тәңір сыйы, «жан ләззаты», «тән шәрбәті», «Сұлуды сүйемтік – Пайғамбар сүндетіне» деп түйіндейді.

Абайдың шығармаларында араб, парсы, түрік, шағатай тілдерінен ауысқан сөздер ой-түйіндері аз емесін айттық. Бірақ бұл қазақша айтуға ақынның тілі жетпеген емес, өз заманының, ортаның дәстүрлі әсерінен туындап жатқан құбылыс деп білген жөн.

Абайдың шығыстық рухани қазына көздері мен байланысын айқындай түсетін 1886 жылдан 1902 жылға дейін шығармаларында түрлі шығыстық тақырыптар мен философиялық танымдар тұрақты түрде көрініс беріп отырады.

1886 жылғы «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінің соңғы шумағында:

Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Мұны жазған білген құл,...
Ғұламаһи Дауани...
Сөзін оқы және ойла,

Тез үйреніп, тез жойма,... – деп, бітетін өлеңінде ХҮ ғасырда өмір сүрген Шығыс ғұламасы Ғұламаһи (Жалаладдин) Дауанидің шығармашылығымен таныс болғандығынан елес беріп отыр.

1898 жылы жазылған кейбір өлеңдерінде Шығыс пен Батысқа қатар үңіліп, адамгершілік философиясы, сопылық ағым бағытында күрделі ойлар қозғайды. 1891 жылы жазылған «Әсемпаз болма әр неге» өлеңінде көрінген жәуәнмәртлік сынды аса күрделі мораль философиясы турасындағы танымында сопылықпен аттасып, сабақтасып жатқан қабаттары байқалады. Ал Абайдың философиялық сарындағы өлеңдерінде мұсылмандық танымдар араласып өріліп отыратын ерекшелік бар.

Абай мұрасының Шығысқа қатысының соңғы қарқыны болып, 1902 жылы жазылған «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген атақты өлеңінде және 38-қара сөзінде Абайдың исламиятқа қарым-қатынас негізіне, оның гуманистік ойының өзегі ұштасып жатуымен ерекшеленеді. Осы сарын, осы

өзгешелік Абайдың, әсіресе қара сөздерінде тайға таңба басқандай айқын байқалады.

Бұл жүйелі түрде тексеріп отырған Абай ой-танымының желісін, шола қарағанның өзінде, Шығысқа қатысты көптеген деректер төркінін танытумен бірге, ақын ойының даму өрісін, күрделеніп тұтасу тұрғысын анық аңғартады. Туған халқының, ұлтының талғам парасатына орай, Мағжан Жұмабаев: «Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес, Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес» - деп, Шығыстың біртуар шайырларының қатарына қоятынын көреміз

Сондай айғақты белгілердің бірі болып табылатын Абайдың өз шығармасындағы аты-жөні анық аталатын Шығыс жұлдыздары туралы сөз қозғау - Абайдың дүниетанымы мен шығармашылығы бізге әлі де болса белгісіз болып келеді.

* * *

Сопы – арабтың «жүн» деген сөзінен алынған. Қыл-жүннен тоқылған ұзын шекпен киген тақуа адамды сопы деп атаған. Тарикат қағидаларына сәйкес бұл киетін шекпенді (шапан) пірлері шәкірттеріне кидірген, (шәкірттері пір тұтқан адамдарының етегін ұстап жүру содан қалса керек) сонымен екеуінің арасында рухани байланыс қалыптасқан. Қазақта шапан жауып құрмет көрсету дәстүрінің түп төркіні осыдан болуы мүмкін. Сопылық «Саф-пәк» деген сөзден шығып, «сап-таза» демек болады. Адамның өзін-өзі тануына мүмкіндік беретін діни-философиялық ағым ретінде қалыптасқан Адамның өзегі жүректі тыңдау «Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдайтағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, - депті» (17-қара сөз), деген әмірімен жүріп, соның жолынан алшақ кетпеу сопылықтың негізі. Дененің патшасы жүрек - иман мен сенімнің тұрағы, Алланы тану орталығының мекені.

Сопылық ілімнің дені адам мен оның Аллаға қатысы болып табылады. Оны қолдаушылар «адам Алладан», «адам Алламен», «адам Алла үшін» адам баласы Аллаға деген сенімге негізделген. Сопылық жолы арқылы ол шынның шыңы болған «Ақиқатқа жету» болып табылады. Сопылық ілімнің негізін қалаған Қожа Ахмет Ясауи бабамыз:

Өтті ғұмырым шарифатқа жете алмадым,

Шарифатсыз тарихатқа өте алмадым.

Хақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым, - деп, мойындап отырғандығын «Суфизм – халқымыздың дүниетанымына айтарлықтай ықпал еткен философиялық жүйе» (Сәрсенбі Дәуітұлы) Шарифат, Тарифат, Мағрифат, Ақиқат осы төрт басқышты меңгергеннен соң тасауфта (рухани тазалық) бас қосады.

Шарифат та, Тарифат та, Ақиқат та, Мағрипатсыз (ғылым-білім) ешнәрсеге аспайды екен. Шындыққа апаратын бірден бір жол ғылым

болып табылады. Алғаш шариғаттың барлық талаптарын мұқият орындап, екінші басқыш тариғатқа көтеріліп өздері пір тұтқан ұстазына қол ұстатады. Осы сенімге ие болғандар, үшінші басқыш Мағрифатқа көтеріледі, мұнда сопылық сенім кеңістігін оймен емес жүрекпен сезіну керектігін «сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына анық рәушан болып түседі» - деген Абай Ақиқатқа табан тірейді. Ақиқатқа жету сопылық ілімінде пенделіктен өтіп Аллаға жақындау болып табылады. Сондақтан да Абай:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де, сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және, хақ жолы деп әділетті – деп, Алланы,
адамзатты, ақиқатты тізе келіп, «Осы үш сүю болады иманигүл» деп шегелеп өтеді.

Қоғамдағы қай көрініс болсын әдебиетте өз бейнесін бермей тұрмайтындығы белгілі. Баба Кухи (1050 жылы қайтыс болған), Әбділмажид Санои (1150 жылы қайтыс болған) тағы басқа Орталық Азияда сопылық әдебиеттің негізін салса, Жүсіп Хамадани мектебінің жалғастырушысы, сопылық ілімді қалыптастырушы Ахмед Иасауи болды. Сопылық әдебиет тек дін мәселесімен шектелмей, адам баласының өмір сүру құлқы туралы яғни адам деген атқа ие болу үшін неге мән беру керек немесе қандай жат әдеттен сақтану керек мәселесі бірінші тұрады. Ахмед Иасауи өз хикметінде баса айтылатын ел басқаратын биліктің құлқы туралы, нәпсіні тыйу, ел байлығын көздің қарашығындай сақтау, адал өмір сүру «инсанияттың кәмәлаттығы» (Абай) туралы айтылады. Иасаудің мұратын тікелей жалғастырушы Сүлеймен Бакырғани сопылықтың ірі өкілдерінің бірі болды. Ахмед Иасауидің тариқат ілімін жалғастырушы шәкірті болып танылған. Халық арасында «Хакім Ата» атымен белгілі. Бұл атауды өзінің рухани ұстазы Қожа Ахмед Иасауи берген. Шығармашылығында исламды, шариғат ережелері арқылы адамдарды о дүниенің бар екеніне сенуге, тариқат Алланың кереметін сезінуге және ол «толық адам делінеді» (Абай) деп, тәрбиелеуге мағрифат арқылы Алланы тану және оған үнемі тәу етуге шақырды. Бакырғани қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, әділетсіздік және ұрпақтар үшін жауапты кісілерді тірідегі іс-әрекеттің есебі махшарда (араб сөзі, о дүниелік болғандардың қайта тірілетін майданы және олардың күнәларын тексеретін орын) екенін Абай: «Махшарға барғанда құдайтағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт – соларды қатар қойып, сұрар дейді» - деп, 35-қара сөзінде тіршілікте жасаған жақсылығың мен жамандығың о дүниеде сұрауы бар екенін ұмытпауға шақырады.

Сопылықты қолдаушылар көбейіп дамыған кезде қаламгерлердің шығармаларында Алла мен табиғатты бірге қарастырушылардың философиялық ілімі байқалады. Әсіресе, Шығыстың біртуар ақындары Аттар мен Руми өлеңдеріндегі, Нақышбанди мен Ансари көзқарастары

Жәми, Науаи еңбектерінде де көрініс берген. Исламның сопылық бағытының негізін құрайтын о дүние түсінігі біздің дәуірімізге дейінгі Жаратушы Ыраның (Заратуштра) «Авеста» атты қасиетті кітабынан алынғаны байқалады.

Фарид ад-Дин Аттар (1150-1220) – парсының белгілі ақыны. Сопы ақыны Аттардың бірнеше өлеңдерімен қатар «Мантик ат-Тайр», «Илаһинаме» және «Мусибатнаме» тағы басқа дастандары сопылық әдебиетінің үлгілері болды. Аттар дәстүрлі 66 шығарманың авторы, оның ішінде 12 шығарма зерттеу тақырыбына жазылған.

Маулана деген атты Жалаладдин Румиге (1207-1273) оның шәкірттері берген. Арабшадан аударғанда «моулана» біздің ұстазымыз деген мағынаға ие. Моулави Руми ақындықтан бұрын ұстаз ретінде жамағат арасында уағыз айтып, жөн көрсетіп, жол сілтеп отыратын ел ағасы. Ғұлама. Нишапур қаласында Фарид ад-Дин Аттарды кездестіреді. Аттар сонда жас Жалаладдинге өзінің «Асрарнама» кітабын сыйлап, батасын береді.

Бейбарыс, Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты мемлекет қайраткерлері осы сопылық жолда болған. Ал Мұхасибі, Араби, Иасауи, Руми, Жәми т.б. біз жоғарыда атап өткен мутасауфтар исламның қайнар бастауына сүйене отырып сопылық жолдың әдіс-тәсілдерін қалыптастырған діни еңбектерді дүниеге алып келді. Сондықтан да, шығыстанушы ғалым Е.Э.Бертельстің айтуынша «Шығыстың барлық ақындары сопылыққа соқпай өтпейді» деген болатын.

Қазақ әдебеті тарихы, ежелгі дәуір әдебиеті, жыраулар поэзиясы, ХІХ ғасыр қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармаларында сопылық сарынның басым екені белгілі. Абай шығармашылығында да сопылық танымдардан кем де емес деп айтуға болады. Мысалы:

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет кеудесі. («Көзінен басқа ойы

жок»).

Қорқыттан бастау алатын түркі сопылығы, Мұхаммед (с.а.у.) қайтыс болғаннан соң исламды таратушы сахабаларына сопылық ағымы таптырмас құралына айналды. Ежелгі түркі тайпаларының «тасаттық» деген сөзі сопылықты айқындайтын «тасауф» ұғымына айналған болса керек. «Тасауф» ұғымы – араб тілінен алынған рухани «тазалық» дейтін, «Сопы» сөзімен қатарлас, мазмұндас қолданылады. «Тасаттық – көпшілік қауым болып жиналып, құрбандық шалып, сауабын аруақтарға бағыштап, Құран оқылып, құрғақшылық жылы құдайдан жаңбыр тілеп ниет қылады. ... жиынның соңын мереке сауыққа айналдырады» (Ислам энциклопедиясы. Алматы, Аруна 2010. 460-бет) дегенінен көп нәрсе аңғарылып тұрғандай. «Тұранның қара шаңырағына ие болған қазақ жерінде ономастикалық атаулардың жеті түрлі қабат жатыр. Ол қабаттарда

біздің жерімізді басып өткен отаршылдардың қанды ізі жатыр» - деп, Мекемтас Мырзахметұлының айтқанын ескерсек «тасаттық» беру исламға дейін қазақтардың мерекелеу дәстүрінде болғандығы өзінен-өзі расталып тұр. Шығыстың «Тасауф» ақындардың бастау алар қазына көзі «Ләйлі-Мәжнүн» болса, қазақтың Абайы:

Сенсің - жан ләззаті,
Сенсің – тән шәрбәті,
Сұлуды сүймектік –

Пайғамбар сүндеті. - деген өлең сарыны «Пайғамбардың сүндетінен» соң, суф – таза, сап – алтын, саф - асылданып тазарған жанмен Құдайыңды, Жаратушы иенді танысың «Онымен сезімді тазалыққа кіргендігінді кәміл ыхыласыңды көрсетіп, ішімнің сафлығының соңында халық көрер сыртымды да пәк етемін һәм көзге көрінбейтін ағзаларымды да пәк етемін, бұл пәктіктің үстінде аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз» - дейді, Абай 38-қара сөзінде.

Сопылық әдебиеттің мақсаты Алланы әрқашан еске ала отырып, одан тыс қалмау көңілге тоқу арқылы әмірлерін түсіне білу және оны сүю. «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде түп иені танып білудің бастауы жүрекке екенін ұлы ақын шығыстық шайырлардың ұстанған жолы болатын дегенге тоқталған. Жүрек, көңіл, көкірек көзі сияқты тіркестер «ызалы жүрек, долы қол» (Абай) сопылық әдебиетте тұрақты тіркеске айналды. Хақты тану, ғашықтық сезім, «Махабатсыз – дүние бос» (Абай) жарға адалдық, ақиқат шарабын ішу, шын беріліп масаң күйде болу, естен танып Алламен бірігу. Исламға дейін Жаратушыға жақындау қағанның мінген аты, қызметіндегі құлдары тағы басқа тіршілікке қажетті заттары қоса көмілген. Абайдың «Лай суға май бітпес қой өткенге» деген өлеңінде «Берген бе тәңірім саған өзге туыс» деп, фәниден өтіп бақилық болғанын айтып келеді де:

Мекен берген, халық қылған ол лә мәкән

Түп иесін көксемей бола ма екен - деген өлең тармақтарында ұлы ақынның сопылық нанымын байқау қиын емес.

Қорқыттың мәңгі тіршілікті іздегенмен жаратушы мен табиғаттың ғана мәңгілігін кеш түсініп түңіле бақилықты соңынан сезінген бабамызды, ортаға бағынбай жерұйықты іздеп, сар өзектей сар даланы желмаясына мініп кезген Асан Қайғы, пенделіктің мәңгі еместігін Қожа Ахмед Иасауи нақты іліммен дамытты. Абай:

Адамзат - бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

Мәңгі өлместей қылық қылған пендесіне ескерту жасап, тәубаға шақырып тұр. Ғұмырлы болғың келсе өзіңнен кейінгілерге ұлағатты ізінді қалдыр, дегенді меңзейді.

Сопылық жолға түсу үшін захид ілімін толық меңгерген, ол Алланың ақ жолында тіршіліктегі бар қиындыққа төзуге тәрбиелейтін тақуа адамның сопылық - ілімі. Захид ілімі христианның монахында көрінсе, исламда зікір айту, ораза ұстау тұрғысынан көрінеді. Абайдың Лермонтовтан аударған «Вадим» романынан да байқауға болады. Қазақ ақыны, өз халқының діні исламдағы сопылық ағыммен байланыстыра бере білген. Мұхтар Әуезов айтқандай: «Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ, Батысқа келгенде ол арқасын Шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа иық тіреп алып келеді» деген болатын.

Тірі тұрғанда күнәдан адам баласы таза емес екенін ескертіп, Иасауише Алланы көзің жұмылып, нәпсің тиылып, «Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде», тек арғы дүниеде ғана тани аласың деп меңзеп тұрғанын байқау қиын емес. О дүниеге сенім сопылықтың басты қағидасы екенін Абай:

Адам ғапыл дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі онікі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла болады не сенікі?

Сопылық ілім сопылық әдебиет арқылы құлқынға ерік бермей, қанағат қарын тойғызар қағидасымен тақуа өмір сүру, о дүниеге сүйіспеншілікпен қарау, өлмей жатып «жер астына кірдім міне» (Иасауи) деп ерекше ескертеді. Тасауф ілімінде зікір арқылы Алланы еске алудың төте жолы деп ұққан. Абайдың «Біраз сөз қазақтардың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген сөзінде: «...бұрыннан бақсы-балгерлерге инанып, отқа, шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез кете алмапты», десе де, бар ғұмырын дінге арнаған тақуа жандардың себебімен ислам діні қазақ халқының өмір салтына енді.

Сопылық әдебиет Түркістан елді мекеніне Иран өлкесі арқылы келді. Ең алғаш Бағдат, Куфе, Шам, Герат, Нишапур, Мерв т.б. қалаларда таралды. Қарахан мемлекеті тұсында (XII) Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Қожа Ахмед Иасауидің «Даналық кітабы» еңбектері арқылы сопылық әдебиеттің түп негізі дамыды. Қазақ еліне ислам дінінің, соның ішінде сопылықтың таралуына бұл еңбектердің қызметі орасан зор болды. Иасауи Құран мен хадисте кездесетін ұғымдерды түркі тіліне түсінікті етіп, халықтық өлең тілімен жеткізе білді. Иасауиден кейін хикмет жазуды Ахмед Югнеки, Сүлеймен Бақырғани сияқты шәкірттері және Сайф Сарай, Харезми, Құтб, Жүніс Әміре т.б. ақындар жалғастырды.

Анадолы жерінде өмір сүрген Маулана Жалаладдин Руми, Ахмед Факих, Шеяд Хамза, Несими, Гүлчехра, Қайғысыз Абдал сынды ақындар және Орта Азияда Әлішер Науаи, Мырза Бедил, Молла Жәми, Сопы Аллаяр еңбектері сопылық әдебиет қатарынан саналды. Қазақтың төл әдебиетіндегі Сыпыра Жыраудан басталып, кітаби ақындар және Абай мен

Шәкәрімге келіп жетіп, Мағжан мен Мәшһүр Жүсіптермен жалғасын тапты.

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,

Ынтамызды бұзбастық иманымыз – деген Абай сөзі Елбасының «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауының жетінші бағытының алтыншы тармағында: «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханафи мазһабын ұстанған сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді ата-ананы сыйлауға негізделген» деген сөзімен аяқтаймыз.

* * *

Көп деген ұғым – молшылық, жомарттық, артық, ал ауыспалы мағынада халық, ел-жұрт, тұтас, дүйім ел, дегенді білдіреді жақсылықтың нышаны екені «Айналайын көпшілік» «Көппен көрген ұлы той», сияқты ізгі тілекті білдіретін ниеттес сөздер молынан кездеседі. Оны Абай кәдеге асырғандығы шығармашылығында көптеп саналады. Мысалы, «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» деп келеді де «Осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш» деген ойлары бір-біріне кереғар келетіні бар.

Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,

Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.

Көптің қамын әуелден тәңрі ойлаған,

Мен сүйгенді сүйді деп иең сүйсін. – деп, адам

баласына жанашырлықпен қарап, көпшіл болуға үндейді. Жаратқан иеге жақындау «Көп тілеуі - көл» болатын адамзатқа жақсылық ойлаудан тұратынын айғақтайды. «Жалғыз жүріп жол тапқанша көппен жүріп адас», Осы («Көк тұман – алдындағы келер заман») еленін жалғастыра оқысақ:

Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек,

Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек,

Ғадәләт пен мархамат – көп азығы,

Қайда көрсең, болып бақ соған көмек. - деп,

ауыспалы мағынада ит емес, адам орнында пайдаланып көпке көмектесуге шақырады. Әділет пен рақым көптің азығы екендігін ескертеді.

Абай «көп» сөзін халық мағынада қолданғанымен бірі ұнамды кейіпте, бірнеше рет қайталап, екіншісінде жай адамдардың тобыры ретінде қолданғанын сөз етпекпіз.

Тәуесіздігіміздің алғашқы жылдарында халықтың тұрмысы өте төмен жағдайда астананы өзгерту ақылға сыймайтын еді. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы қасындағы көптің айтқанына көнбей, соның бірі Президенттің кеңесшісі (сол кезде) филология ғылымының докторы, профессор, белгілі қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбеков ағамыздың айтқаны еске түседі:

«Нұреке, астананы ауыстыру қашпас кішкене елдің еңсесі көтерілсін, сабыр етсек қайтеді» - дегенді көп адам айтты, бірақ көнбеді. Елорданы неге көшірдіңіз? деген сұрақтарға Еліміздің астанасы Оңтүстікте емес орталықта болуын яғни Еуропа тәнділер санының көптігі қара көздердің аздығы деп, Елбасы қалай айтады. Ол саяси қате болар еді. «Бүгін бабаларым тіріліп келсе маған рахмет айтар еді» деген астарлы сөзбен ғана шектелді.

Елбасының мінген сенім тұлпарына Абай атасы «Өзіне сен, өзінді алып шығар, Ақылың мен еңбегің екі жақтап» деген қамшыны қолына ұстатты ма екен? Әлде Абайдың: «Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол - көп» (37-қара сөз) дегенін оқып, ендеше көп ұстара секілді мүлт кетсең жазым етерін білген Жаратқанның жердегі көлеңкесі Ел басшысын Абайдың:

Болмасын кекшіл,

Болсайшы көпшіл,

Жан аямай кәсіп қыл. («Сегіз аяқ») - деген ұстанымы алдамады. «Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған» (Абай) тәңірінің көлеңкесі «Көп шуылдақ не табар, Билемесе бір кемел» деген ұлы ақын нақтылай айтады.

Сарыарқаның төсіне Астананы алып кетуіне қандай күш әсер етті? Сарыөзектей сар дала ержүрек бабалардың ерлігі мен намысшылдығы түйісіп, нәтижесінде ұланғайыр өлке бізге жетіп келді. Енді осыны сақтап қалу Абай атамыз айтқандай «Единица - жақсысы» Ұлт көшбасшымыз Нұрсұлтан атаның мінбесіне жүктелді. Судырақ М.С.Гарбачевтің Қазақстандағы шегаралас 5 облысын Ресейге қосу туралы үлкен мінбеде тұрып айтқан сөзінен; бұдан алдын да «аға халықтың» 1919 жылы коммунистер көсемі В.И.Ленин Қостанайды Ресейдің құрамына қосу пиғылына, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш азаматтары екі рет хат жазып, үшінші ретінде өзі қабылдауында болып, әуіріммен Қостанайды алып қалғанына тарих куә. Ахмет Байтұрсынұлының ерлігі болмағанда бүгінде «Қустанаиск» болып кетері сөзсіз еді. Одан алдын қазақтың бабаларының ата қонысы Сарытау (Саратов), Омбы (Омск), Төмен (Тюмень), Орынбор (Оренбург), Іркіт (Иркутск), Кемер (Кемерова), Қорған (Курган), Қара терек (Кара-терек), Қара өзек (Кара-өзек), Қара көл (Каракуль), Қара ағаш (Карагаш), Сұлу көл (Сулуколь), Қызыл жар (Красный Яр) тағы да бақа тізе берсе өте көп «бәрін мұнда жазарға уақыт сиғызбайды» (Абай). Орыс тіліндегі «Красный» сөзінің өзі түркінің «қызыл» деген сөзінен алынған. (Н.А.Баскаков) Ресейдегі жер-су атауларының қазақша қойылуы еріккенің ермегі емес екендігін, орыс филологы, академик Я.К.Грот (1812-1893): «Топографиялық атаулар мен түсініктер ешқашанда кездейсоқ немесе мағынасыз түрде пайда болмайды» деген, бұдан артық қандай дәлел керек.

Ұлы ақын 23-қара сөзінде «көпшілік» пен «азшылық» туралы өзіндік жаңа пікірін ұсынады. «Ғылым көпке келіппе? Біреуден тарап па? Хикмет көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме?» Осы сияқты бірнеше сұратарды қойып, «Осы көп ақымақтың бір ақымаққа несі жұбаныш?» деп түйген ұлы ақын:

Ақымақ көп, ақылды аз,

Деме көптің сөзі бұл. – деген өлең жолдарында жастарды артық сенгіштіктен сақтандыратын «Жақыным айтты дей көрме» деп бір түйіп өтетінін ескерсек, қазақ атқамінерлерінің рушылдық, жершілдік сияқты қолдан келіп тұрғанда қонышынан басатын қоғамдасудың орнына өзін дегенде өгіз қара күшін жұмсайтын көпшілсымақтарды сынағанында ащы өмір шындығы жатыр.

Ұлы ақын елді басқаруға шығармашылығында кең орын бергендігі белгілі. Ақылмен, әділеттілікпен билеген жеке адамға, жеке адам болғанда да, әбден толып жетілген кемел тұлғаға ерекше мән беріп:

Көп шуылдақ не табар,

Билемесе бір кемел? – деп, көптің емес «Единицаның» ролі ерекше екенін байқау қиын емес. Келелі мәселелерді шешуде көптің ішіндегі даралық сипаты бар ақыл мен ғылымға көкірегі толған «Единица нөлсізі» (Абай) кере-ақ, жеткізе айта келіп, қазақтың мінезіне сай «көпен көрген ұлы той», «көп түкірсе көл» көппен бірге ақылға салмай ілесіп кете беретін «көпті» Абай сынайды. «...ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал» дейді 37-қара сөзінде. Пайғамбардың бірін бірнеше адамдар өлімші етіп сабап жатса да бетінің қанын сүртіп тұрып: «Я, Алла кешір оларды көпшілік не істеп жатқанын түсінбейді» (Хадис) дегенінін көруге болады.

Абайдың «Масғұт» поэмасында халифаға уәзір болған Масғұтқа Қыдыр шал түсінде аян береді: «пәлен күні жауын жауар» «оның суында кесапат бар» ол суды ішкендер жынданады, ол бір жетіге созылмақ. «Ертерек таза судан су жиып ал» деген Қыдырдың ескертуімен халифа мен Масғұт қана сау қалады. Сол айтқан күні жаңбыр жауып адамдардың бәрі жаңбыр суынан ішіп жынданады.

«Хан мен уәзір ақылдан айрылыпты,

Өлтірейік екеуін жынды екен», деп. – деп көпшілік хан мен уәзірді өлтірмек болып келгенде «Біз де ішпесек болмайды жынды судан» деп ішіп:

Көрдін бе, көп тентектің қылған ісін,

Еріксіз есті екеуін есер еткен. - деп, көптен құтылады.

Көптің бәрі осындай, мысал етсең,

Көп айтты деп арланып, уағда күтсең.

Ғәпіл бол көп нәрседен бос қаласың,

Андамай көп сөзімен жүріп кетсең. – деген түйін жасайды, Абай.

* * *

Мемлекеттік тіл – Абайдың тілі. «Тіл өнері – дертпен тең» ұлы Абайдың бұл сөзінде терең ой жатыр. Сөз өнерін ең қиын өнерге балаған ақын өлеңдері ой жағынан да, көркемдеп бейнелеуі жағынан да өзгелерге ұқсамай, өзінше көркем нақыш, ұйқас тауып, оқырманның бәрін бүгінге дейін таң қалдырып, бас идіріп келуі тілге деген талғамның жоғарылығын көрсетеді. Абай тілді алуан түрде пайдаланып, тіл көркемділігін сақтауды ұсынады Тілді шебер пайдалануда Абай біздің алдымызда қол жетпей келе жатқан асқақ арман.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, - дейтін өлең шумағы адамзаттың бір қоғамдық құрылысына ғана емес келешек әлеуметтік-қоғам өміріне де қажетті болады да тұрады.

Абайды қазақтың көркем сөзі мен әдеби тілінің негізін қалаған және жазба әдеби тіліміздің іргесін қалыптастырған ұлылығына бас иеміз. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «Абай тілі – бүкіл қазақ халқының тілі, Абай ойы адамзат қауымының озық ойы» деген биік бағасы Абайды ұлы деп тануымыз, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болғандығынан көрінеді.

«Толғауы тоқсан қызыл тіл» (Абай) бүгінге дейін Қазақстан Республикасы Ата Заңының бірнеше баптары мемлекеттік тіл мәртебесіне арналды, сонымен қатар, 1997 жылғы 11 шілдедегі Республикасының «Тіл туралы» Заңы, 1998 жылы 5 қазанда Елбасының жарлығымен «Тілдерді қолдану мен дамыту» мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 4 қарашадағы № 3186 өкімімен мақұлданған Қазақстан Республикасы Тіл саясаты, Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 550 жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», Елбасының жолдауларында, «Қазақстан - 2050» стратегиясында және мемлекет қорынан миллиондаған қаржы бөлінсе де мемлекеттік тіл толығымен өз мәртебесінің шыңына жетті деп айта алмаймыз.

Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,

Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын. («Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман») – деген ақын, біздің солқылдақ заңдарымызды сол кезде-ақ біліп қойған екен ғой сабазың! Мемлекеттік қызметкерлер арасында да, биліктегілер де қазақ тілін меңгеруге асығар емес. Мемлекеттік тіл саясатта да, қоғамдық өмірде де кенінен құлаш

жайды деп айту қиын. Ұлы Абай айтқандай толғансақ та мемлекеттік тілдің деңгейі көтерілмей-ақ тұр.

Техниканың тетігін табуда әлемді мойындатқан Жапондар баланы 12 жасқа толмай шет тілін үйретпейді екен. 12 жасқа дейін ана сүтімен бірге келген өз тілін бойына сіңіріп ана тілінде ойлай алатын деңгейді қалыптастырып, соңынан кімге қай шет тілі керек өз еркімен үйрене беретін көрінеді. Абай «Тіл өнері дертпен тең» деп, тілді өнер дей отырып оның кеселденбеуіне, сырқаттанбауына ерекше мән бергендігі көрініп-ақ тұр.

Бүгінгі таңда мемлекетіміздің тілі үш тұғырлы тіл саясатының құрбағына айналып кете ме деген қауіп те жоқ емес. Үш тілді немесе одан да көп тілді білгенге ешкім қарсы емес, бірақ, баланың ұлттық санасын өз ана тілінде қалыптастырмай тұрып, басқа тілді тықпалау өспірімнің ұлттық жадына кері әсер ететіндігін мамандар айтып жүргенінің куәсі болып жүрміз. «Өз ана тілін толық игермеген адам, басқа тілді білемін деуі - әбестік» деген академик жазушы Мұхтар Әуезовты тыңдау керек болып тұрғаны.

Билікте отырғандар қазақша сөйлесе, бастауыш мектеп оқушылары сияқты сүріне-қабына ойын әрең жеткізеді. Мәселен; біз ойлаймыз деген сөз тіркесін «быз ола-а-ймыз», 65 санын сөзбен айтқанда ше, «албыз без» деп сөйлеп жүргендер мемлекеттік тіл туралы заң шығаруға қатысып, ұлт тағдырын шешіп отыр.

Қайран тіл, қайран сөз
Наданға қадірсіз, - (Абай)

Бүгінде уәзірліктен келетін нұсқаулар мен ережелер, жарлықтар мен бұйрықтар, тіпті, ғылыми конференцияларға шақыру ақпараттық хаты бүгінде тек орыс тілінде тарқатылуы дәстүрге айналды. Банк пен нотариус кеңес кезінен бері мәңгі орыс тілінде келеді. Одан тілдік қорға еніп кеткен термин сөздерді айтыңыз, қазақ тілінде сөйлей алмайтын екі тілдің будандасқан отбасында туған «төлдерді» үш тілді жазушы, ұлты неміс Герольд Бельгер: «Қазақ та, қазақтың теркомы да қазақ тілін былықтырып бітті. Қазаққа Абайдың тілінен басқа не керек?» (Егемен Қазақстан газеті. 10 ақпан 2015).

Күнделікті өзге тілдегі жарнамаларды аударуда қазақ тілі тіркесіндегі ережеге қайшы келіп тұрған: «Біз ашылдық» деген тіркес қазақта анайы дейміз бе, дөрекі дейміз бе? Егерде жаңа ғимарат бітіп халықтың игілігіне ұсынғалы отырған кешенге «Мы отқрылась» дегенді тікелей «Біз ашылдық» деп аудармай «Жаңа дүкен ашылды» немесе «сатып алушыларға есігіміз ашық» сияқты т.б. түрлі тіркестерді халықтың ұғымына сәйкес етіп аударма мәдениетін сақтау керек. Мысалы, бизнес ашылымы ма, әлде сатуға ұсынылатын жаңа кітаптар ашылымы ма, немесе маусымдық киімдер ашылымы ма? «Ашыл» сөзін тіл білімі саласындағы айқындауышпен беру керек қой деп ойлаймыз.

«Одна цена на все номера!» деген жарнама «Бір баға барлық нөмірлерге!» деп аударыпты «Барлық нөмірлерге бір баға» десе аударма мәдениетіне сай, тыңдаған құлаққа қонымды, санаға ұғықты болатын еді. Белайн серіктестігінің жарнамасында «Жарқын жақта өмір сүр» дейді сонда, қай жақта өмір сүруіміз керек деген сұрақ өзінен-өзі туады. Жарнама жасаушылар Облыстық, қалалық, аудандық тілдерді дамыту департаменттерімен тікелей байланысқа шықпайтыны өзінен өзі белгілі. «Мұз айдыны» дейтін ұлттық бояуы сіңген сөз тіркесін пайдаланбай «Мұз сарайы» деген санамызға үйлесімсіз «инновацияны» зәулім ғимараттың пешенесіне қондыра салды. «...тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар хасил қылады. (38-сөз) Бұл «мұздан соғылған сарайдың» маңдайына атауын ілмей тұрып, облыстық Мәдениет бөліміне ауызша ескерту жасадық және қалалық «Шымкент келбеті» газетіне мақала да жазғанбыз. Бірақ бізді «қыстырған» да жоқ.

Құлағын салмас,

Тілінді алмас,

Көп наданнан түңілдім. (Абай) деп, ұлы ақынша «Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде» дейміз дағы.

Қаладағы қоғамдық көліктердегі жарнамалар да көңілге қонымсыз, Мемлекеттік тілдің шұрайын кетіріп жүр, мәселен: Север, Восток, микро районы, Двенадцатый, Одиннадцатый деп аталатын мөлтек аудандар т.б. сөздерінің баламалары болғанмен орыс тілінде айтылады. Неге бұлай, деген ой ұлтжандыларды мазалайтыны анық. Бұның түпкі төркіні 70 жыл бойы бодан болғандығымыздың салқындығы болса керек яғни күшігімізде талап тастағанының салдары көнбіспіз, жалтақпыз, зордың айтқанын шықпау түсінігі басым екенін несіне жасырамыз.

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ.

Наданның көңлін қойып, көзін ашпақ – деген ақын халқына сөз қадірін жете үйретуді мақсат еткенмен тіл үйренудің тиімді тетігі табылмай тұр. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін толыққанды иеленіп, қоғамда барлық азаматтарға міндеттеліп, оған деген қажеттілікті барынша тудыру көзделсе;

- біріншіден, мемлекеттік тілді білу қажет деген талапты қатаңдату керек. Барлық қызмет орындарында мемлекеттік тілді білу шартын заңды түрде негізделсе,

- екіншіден, Үкімет халқымен қазақша сөйлессін,

- үшіншіден, қазақтар өзіміз сөйлегенде тоқсан ауыз сөзді созбаламай тобықтай етіп жеткізуді, мақалдатып сөйлеуді, бабаларша қанатты сөздермен «Сөздің майын тамызып сөйлеуді» (Нұрсұлтан Назарбаев) өзімізден бастауымыз керек. XX ғасырдың соңғы ширегінде өз бодандығындағы азиялықтардың шаңын бір қағып алу мақсатында Кремль Иванов пен Гидлян бастаған тергеуші топты Өзбек Еліне жібереді,

Автономиялы Ел Қарақалпаққа кәріс ұлтының өкілі түскен, ол аздап түркі тілдес халықтың сөзін түсінеді екен. Совхоз (кеңестік ұжым) директоры мен бас есепшісін бір-біріне кездестірмей жеке-жеке кабинеттерінде тексеру жүргізіп жатқанында совхоз басшысы мұның қазақша түсінетінін байқап қалып есепшісіне қалай жеткізудің сәті түсіп, түстік тамақта отырып сөз арасында «төбесі тесік екен» - деп ескертеді. Бұл тұрақты тіркесте не айтылып тұрғанын тек қазақ қана ұға алады, басқа ұлт өкілдері білмек түгіл қақпайды да. Бабалар сөйлеп келген қазіргі мемлекеттік тілдің басқа тілдерден артықшалығы осында жатса керек. Елбасы «қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» дегені осы.

Ұлт Көшбасшысы: «Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық салаларында үстемдік етеді, кез келген ортада күнделікті қатнас тіліне айналады. Осылай Тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі» дегеніне сенім артқан біздер Абайша «Сайрай бер тілім» деп болашаққа үмітпен қараймыз.

Сап, сап, көңілім, сап көңілім!

Сабыр түбі – сары алтын.

Сабыр қылсаң, жайыңды,

Білер ме екен бек - затым? – деп, Алла төзім берсін деген тілекпен сөзімізді аяқтаймыз.

* * *

Қазақ әдебиетінің бір саласына айналған **Абайтану мәселесінің бастаулары** қолға алған алғашқы зерттеулер туралы сөз болғанда «Абайтану» деген деңгейге көтерілгенге дейін ақынның өмірі мен шығармашылығынан бастап оның ақындығы мен көсем сөз шеберлігі, философиясы мен қоғамдық ой танымдары, сазгерлік өнері мен аудармалары, өмірлік ұстанымы мен адамзат құбылыстарына еткен әсері зерттеледі.

Абайтанудың арғы бастау бұлағы, қайнар көзі жайында айтқанда, алғаш Абай мұрасын зерттеу Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтан (1870-1937) бастау алады. Абай өмірі мен шығармашылығын зерттеудің алғашқы тәжірибесі Әлихан Бөкейхановтың ұлы ақын өліміне байланысты 1905 жылы Семейдің «Семипалатинский листок» газетінде жарияланған қазанама мақаласынан басталып, Кәкітай Ысқақұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларында жалғасын тапқан. «Өлендерінен көрініп тұрғандай Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды» - деген Әлихан Бөкейхан озық пікір білдірген.

Географ ғалым П.П.Семенов-Тянь-Шанский мен академик В.И.Ламанскийлер құрастыруымен жарық көрген «Россия. Отанымыздың

толық географиялық сипаттамасы» (1899-1914) атты көп томдық кітабындағы бір бөлім «Киргизский край» деген атпен Петербургте басылып шыққан 18-томында Әлихан Бөкейхановпен бірге жазған тарихшы, этнограф А.Н.Сидельников (1876-1919) қазақтың озық өнері мен әдебиеті туралы айта келіп «...Абай қазақтың жаңа әдебиетінің көш басшысы...» деп, тұңғыш бағалаған орыс ғалымы. Орыс ғалымы «Россия» журналының 1903 жылы шыққан 18-томында Абай аударған «Татьянаның хаты» ел арасында әнге салып айтып жүргендігі туралы жазады.. Абай шығармаларын орыс тіліне алғаш аударма жасап орыс қауымына таныстырған осы - Александр Никитич Сидельников. Абайдың көзі тірісінде орыс оқырман қауымына тұңғыш таныстырған қазақтардан Әлихан Бөкейханов болатын.

1909 жылы Петербургте Илияс Бораған (Илияс Бораганский 1852 жылы туылған, қайтыс болған жылы белгісіз) бірінші мұсылман баспаханасын ұйымдастырушы. Осы баспадан Абайдың тұңғыш жинағына Әлихан Бөкейханов басшылық жасаған. «1909 жылы Санкт-Петербурда Абай Құнанбаевтың алғашқы кітабын басып шығарған Илияс Бораған туралы биографиялық мәліметтер жинау үшін профессор Қайым Мұхамедханов өмірінің жиырма жылын жұмсаған», - деп еске алады орыс ғалымы С.Титова. Бұл жинақ Мүрсейіт Бекұлының (1860-1917) жинап жүрген қолжазбалары арқылы Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев (1868-1915) пен Абайдың баласы Тұрағұлдың (1876-1934) ерен еңбектерінің арқасында жарық көрген. Алғы сөз орнына Кәкітай Абайдың өмірбаянын жазған. Бұл Абайдың өмірбаянының алғаш тасбаспаға түсуі еді. Аталмыш өлеңдер жинағы Абайды күллі елге танытудың тың сапары болатын-ды. Жарық көруінен бірнеше жыл бұрын құрастырылып, аударма өлеңдерін қосқанда жүз қырықтай өлеңдері және «Ескендір» мен «Масғұт» поэмалары басылған. Тұрағұл «Әкем Абай туралы» естелік еңбегін Мұхтар Әуезовқа жазып берген. Тұрағұл Ұлы Абайдың мұрасын жинау, оны бастыруда құнды дерек көздерін ашқан. Қолжазба нұсқаны қалпына келтіруде Абайтану ғылымына қосқан үлесі зор деп айта аламыз.

1918 жылы Орда – баспаханасы Бөкей Ордасында (қазіргі Орда қаласы) ашылған. Онда большевиктік бағытта шыққан «Хабар», «Киргизская Известия», кейін «Дұрыстық жолы», «Киргизская правда» газеттері басылды» (ҚСЭ. 8-том, – Алматы, 1976. 545-бет). Ғұмар Қараш пен Елеусіз Бұйрин (1874-1933) - 1911 жылы 16 наурыздан араб әрпінде, шағын пішімде, 27 беттік көлемде, 2 мың дана таралыммен басылып шыққан. «Қазақстан» деген атаумен Ордада, кейін Оралда шыққан газеттің алғашқы ұйымдастырушылары. Олар осы басылымды жарыққа шығаруға көп еңбек сіңірді. Мәселен, қазақ тілді материалдарға Ғұмар Қараш, ал орыс тілдісіне Елеусін Бұйрин жауапты болды. Сонымен қатар Орал қалаларында шығып тұрған «Қазақстан» (редакторы Елеусін Бұйрин) газетінің үшінші санында «Әдебиет таңы» деген мақалада:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң әрқалан.

Сен де бір кірпіш, дүниеге

Кетігін тап та, бар қалан, - дейтін Абай өлеңін «Әдебиетіміздің шыңы!» деп бағалайды. Абай шығармалары «халқымыздың көңіл-күйін ашып, сергітеді» деп насихаттайды.

Абайтану саласы бойынша тыңға түрен салған Алаштың біртуар азаматтарының бірі Ахмет Байтұрсынұлы (1873-1938) өзінің «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.» деп, Абай өлеңдерімен 1903 жылы қолжазба арқылы танысқан Ахмет Байтұрсынұлы: «Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасыз. Сөзі аз, мағынасы көп, терең» - деген автор, Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін, рухани болмысын, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызын, көркемдік-эстетикалық сипатын: «Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады» - деп жоғары бағалаған. Абайға арнаған алғашқы тырнақ алды туындысы 1913 жылы Орынбор қаласында 1913-1918 жылдар арасында Ахмет Байтұрсынұлы пен Міржақып Дулатұлының басқаруымен шығып тұрған «Қазақ» газетінің 39, 41-сандарында және 1914 жылы 64-санында, «Абай» журналында Ахмет Байтұрсынұлының бас мақалалары шықты. Абайдың «Интернатта оқып жүр» (1913) атты өлеңі де осында алғаш жарияланған.

Алаш азаматтарының бірі Міржақып Дулатұлы (1885-1935) ұлы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толғанына орай 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Абай» атты мақаласында: «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. ...Бәлки, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз - Абай» (Дулатов Міржақып. Шағармалары – Алматы: «Ана тілі» 2010. 400 бет. 225-бет) - деп, ақынды қазақ әдеби тілінің негізін салушы және жазба әдебиетіміздің негізін қалаған алғашқы жарық жұлдызға теңейді.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы 28 санында Абай мен Михаэлистің достығы жайлы мақаласында географ Б.Г.Герасимов (1872 жылы туылған, қайтыс болған жылы белгісіз) «Құнанбаевпен танысқан және оның аса қабілеттігін байқаған Михаэлис оған баса назар аударды» деп, Абайды Семей кітапханасында көп көріп, көп әңгімелескенін айта келіп, Абай туралы естелік жазған. Қазақ жеріне саяси жер аударылған Е.П.Михаэлис (1841-1913) Абай танымында, батыс әдебиетіне қалыптасуына себепші болған. 1914 жылы Мәскеуде жарық көрген «Восточный сборник» атты кітапта Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер беріліп, бірнеше өлеңдеріне қара сөзбен орыс тілінде түсінік берілген.

Жазушы, ғалым. Д.И.Львович (1846-1924). «По киргизской степи» атты кітабында өзінің ел аралап жүріп А.С.Пушкиннің «Евгени Онегин» романындағы «Татьянаның Онегинге хаты» Абай аудармасында «Амал жоқ қайттым білдірмей» деп басталатын өлеңін әнші Абылай Қарабатыровтың айтып отырғанын есітіп таңданғандығын жазады.

Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанова (1887-1934) – қазақ қыздарынан алғашқы журналист, педагог, әдебиетші, жазушы, аудармашы. Оның «Әдебиетке көз салу» деген мақаласы «Қазақ» газетінің 1916 жылы 164-санында жарияланған. Мақаланың түйіні Абайды қазақ жазба әдебиетінің көшбасшысы деп атады. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» мен «Жазғытұры» атты өлеңдерін алғаш орыс тіліне аударып, «Сибирский студент» (1915) газетіне жариялаған Нәзипа Құлжанова болатын. 1920-1924 жылдар арасында қазақ халқының әндерін жинаушылар - А.Э.Бимбоэс (1878-1924) пен А.В.Затаевичке (1869-1936) Абай әндерін өзі орындап нотаға түсірткен де Нәзипа Құлжанова екен.

Альвин Эрнестович Бимбоэс – музыкант, этнограф. Қазақтың 100 халық әндерін жинап алған, олардың ішінде Абайдың «Сегіз аяқ», «Татьянаның хаты» әндері бар.

Мағжан Жұмабаев (1893-1938) 1912 жылы Қазан қаласында (Татарстан) шыққан «Шолпан» атты жинағына «Алтын хакім Абайға» атты өлеңін енгізіп, ұлы ақынды өлең өрнегімен танытуды бастаған Мағжан ақын болатын.

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның,
Әлемнің құлағынан әні кетпес. – дейді.

Тайыр Жомартбаев (1884-1937) Абайға арнаған «Замандасқа жауап» мақаласын 1913 жылы «Айқап» журналының 9-санында жариялайды.

1918 жылы Жүсіпбек Аймауытұлы (1889-1931) Мұхтар Әуезовпен бірлесіп «Абай» журналын шығарды. Журналдың 1-санына Жүсіпбек Аймауытұлы өзінің бас мақаласына Абайдың «Лай суға май бітпес қой өткенге» деп басталатын өлеңінің бір шумағын негіз етіп алған. «Қазақтың әдебиетіне жан берген, сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді» деп жазады. Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезов «Екеу» деген бүркеншік атпен журналдың 2-санында «Абайдың өмірі мен қызметі», 3-санында «Абайдан кейінгі ақындар» деген мақалалары жарияланды.

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931) - Абайдың інісі әрі замандасы, ақындық дәстүрін жалғастырушы шәкірті. Құнанбайдың бәйбішесі Күнкеден туған Құдайберді, Құдайбердінің бәйбішесі Дәметкеннен Шәкәрім туған. Шәкәрім өзінің алғашқы шығармаларының бірі «Жастарға» (1879) атты өлеңінде ұлы Абайдың жастарға көрсеткендігін айтады:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,

Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік

Бір білімді данышпан жан табалық. – деп, келеді де
«Жалыналық Абайға, жүр, баралық» дейтіні Абайды бағыт сілтеуші
ретінде ұлықтаудан келіп туған түйін.

«Абайдың көп өлеңдері ұшты-күйді жоғалып кеткен» дегендей
сөздер 1914 жылы жарияланған Нұқ Рамазанов мақаласында айтылған,
онан кейін де айтылып келеді.

Абай шығармашылығына қайтадан жүйелі, дәйекті түрдегі дұрыс
көзқарастың қалыптаса бастағанын 1933 жылы Мұхтар Әуезов бастырған
жинақтан және 1934 жылы жарық көрген Лияс Жансүгіров, Құдайберген
Жұбанов секілді белгілі ғылым қайраткерлерінің мақалаларынан байқауға
болады. «Жүсіпбек пен Мұхтарды жоқ қылу осы күнгі қазақ әдебиетінің
бір қолы мен бір аяғын кесіп тастаумен бір» - деген болатын.

1939 жылы Мұхтар Әуезов төте жазумен жазған «Абай»
трагедиясының кейіпкерлері өмірде болған адамдар, олардың есімдерін де
сол қалпында алған. Пьесада негізінен Абай өмірінің қиын кезең тұлстары
суреттеледі. Өмірінің соңғы жылдарына дейін әділетсіздікпен күресіп
өткендігі бейнеленген.

Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген Мұхтар
Әуезов болды (Мекемтас Мырзахметұлы). 40-50 жылдарда Абай өмірі мен
шығармашылығын зерттеу ісі кең көлемде жүргізіліп, жаңа белеске
көтерілді.

Біз Абайтану ғылым болып қалыптасу жолындағы алғашқы
жылдарынан 1940 жылға дейінгі кезеңдегі Абай мұрасына қалам сілтеген
авторлардың шағын зерттеу еңбектерімен таныстырдық.

* * *

Абай көшесінің айтары бар десек; халық болып қалыптасып жан-
жақты руханият дүниемізді түгелдеп жергілікті жер-су атаулары халықтың
өзіне қайтарылуы бүгінгі күннің талаптарынан туып отырғандығын байқау
қиын емес. Бүгінде қай елді мекенге барсаңыз көше аттары белгілі
тұлғалардың есімімен аталады. Аудандық, қалалық мәслихат
депутаттарының шешіміне байланысты көше аттары жарияланады. Сол
көше аталмыш тұлғаға лайықты ма, әлде қалталы кәсіпкерлердің әкелері
елге еңбегі сіңбесе де атына көше берілуі ақылға қонбайтынын өмір
дәлелдеп отыр. Шағын ауылдарда талас-тартыстың туындауын ескерсек,
елге еселей еңбегін қосқан тарихи тұлғаларды «Өлмейтұғын артына сөз
қалдырған» (Абай) Алаш азаматтарының ұлағатты сөздері халқы үшін,
бүгінгі Егемендік үшін жанын қиған арыстарын ғана қалдырып, дүйім
жұрт танымайтын есімдерді көше атауына қоймау дұрыс шығар.

Біздің айтпағымыз көшеге берілген тұлғалардың есімі арқылы
ұлттық сананы қалыптастыру және оның тәрбиелік мәніне көңіл бөлу,

отансүйгіштік сезімін ояту негізгі нысан болуы тиіс. «Қазақтың бас ақынына» (Ахмет Байтұрсынұлы) Абай көшесі барлық елдімекендерде бар, оны өз атына сай деп кім айта алар еді? Абай деген қазақтың рухани көкжиегі, ұлттың уызы. Алматыдағы Абай даңғылына түссеңіз көңіліңіз сергітіні рас, бірақ, ақынды танытатындай нысандар жоқ. Астанада ұлы Абайға берілген көше көңіл көншітпейді, көшенің бастауы жақсы да соңы сиыр құйымшақтанып кеткен. Үшінші қала Шымкенттегі Абай көшесіне түсіп «Мен ішпеген у бар ма» деп, ұлы ақынмен бірге уланып қайтасыз. «Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген» деп, Абай атамыз «халық қалаулыларына» алданып қалғанын жасырмай тұрған сияқты. Абайдың ғибратты өнегелі мәні бар қанатты сөздері Қазақ еліндегі барлық қалаларда Абай даңғылын ашып екі бетіндегі жарнама тақтайшаларында ұлы ақынның ғибратты сөздері тұрса дейміз. Көше бойлап жүрген қала тұрғындары мен қонақтары Абайдың кейінгі ұрпаққа қалдырып кеткен ұлағатты сөздері мен таным көздері болған қанатты сөздері көше бойлап тұрса екен.

1-тақтайға; «Абай – ақын, сазгер, көсем сөз шебері, аудармашы, философ, зангер».

2-тақтайға; «Абай 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөз, 1 тарихи мақала, 50-ден астам аудармаларымен әлемге танылды»,

3-тақтайға;

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй, ол Алланы жаннан тәті.

Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті. – осы үш сүю –

«Алла», «адам», «әділет» - сөзі қазақ елінде ғана емес Нью-Йорктағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Штаб-пәтерінің маңдайшасында тұруға лайықты сөз, өйткені, «адамзатты» жай сүй деп тұрған жоқ, жер бетіндегі бар адамдарды өзіне жақын тартып «бауырым деп сүй», деп тұр. Шығыс-Батыс ойшылдары «сүюді» айтты, бірақ Абайдай «бауырым деп сүй» деп айта алған жоқ. Абайдың ұлы дейтініміз де осында жатыр.

4-тақтайға;

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар

Ақылың мен еңбегің екі жақтап, - әр адам өзіне сенімді кез-келген мәселені өз ақылымен шеше алатын еңбекшіл болуға, бойына сенімді күш болу керектігін меңзейді.

5-тақтайға; «Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген ақын, жақсыны да, жаманды да ақыл таразысына салуды ұсынады.

6-тақтайға; «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» - адам болудың жолы - тәрбие деп шешеді.

7-тақтайға; «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар...» оны 31-қара сөзден оқыңыз» деп қойса көшеден өткендердің барлығы Абай жинағындағы 31-қара сөзін оқыры хақ. Өйткені, бұл аса зәру сөзге сұраныс қай қоғамда болса да өз күшін жоймайтыны хақ. Есте сақтап қалу оқушыға да студентке де, құрылысшыға да, саудагерге де, дәрігерге де,

әсіресе, ел басқарып отырған кез-келген мемлекеттік қызметшіге ауадай қажет екенін айтпааса да түсінікті.

8-тақтайға; «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал!», - дейді 15-қара сөзінде. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеудің өзекті мәселесінің маңыздылығы мен сапасына ерекше тоқталады.

9-тақтайға; Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл бөлсеңіз.

10-тақтайға; «Бір ғана білмектің өзін дәулет біл...білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да білсем екен деп үміттен» (32-қара сөзі). Сол алған білімінді өз халқынның өнері мен мәдениетіне, тарихы мен тіліне жұмса, «Сонда ғана боласың елден ерею» демекші ұлы ақын.

11-тақтайға; «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласын» (37-қара сөз) Қара басының қамын ғана ойлайтындарды осылай түйреп өтеді ұлы Абай.

12-тақтайға; Пайда ойлама, ар ойла
Талап қыл артық білуге.
Артық білім кітапта
Ерінбей оқып көруге, - деп жастарды кітап оқуға шақырады.

13-тақтайға; «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім байымайды» (10-қара сөз) Ұлы Абай рухани байлықпен бірге күнделікті тұрмыстық байлықтың ара-жігін ашып айтқан білгір, бірегей ақын. Абайдың айтып кеткен мал, дүние, пайда, табыс, кәсіп сөздері қоғамның өзгерісіне қарай жаңа атауларға айналды. Ол, «бизнес» – ағылшын тілінен алынған «кәсіпкер», «сауда» деген ұғымдарға сай келеді. Жеке адамның немесе фирманың іскерлік қызметі. Бизнес адамның табиғи қасиеттеріне, біліміне негізделі отырып, нарықтық заманға байланысты кәсіпкер, коммерсант, сауда-саттық жолымен қоғамға пайда келтіретін әрекет.

14 тақтайға; «Жан аямай кәсіп қыл» сонда ғана рухани қажеттілігін қанағаттандырумен қатар тіршіліктің баю жолына түсуі шартты нәрсе. Жеке кәсіпкердің баюы - қоғамның байлығы. Күнделікті тіршіліктің көзі жекеменшік бағытына ауған кезде «өзім дегенде өгіз қара күшіне» сеніп, қазіргі қоғамдағы нарықтық экономиканы дамыту жолында ұлы ақын бай болудың ұстанымын ұсынады.

15-тақтайға; Еңбек етсең ерінбей
Тояды қарның тіленбей. - деген Абайдан артық ешкім айта алмас.

16-тақтайға; «...барыңды салсаң да, балаңа ғылым үйрет. Балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма» (25-қара сөзі) мал табу үшін табыс көзінің тиімді тетіктерін тауып ғылымға айналдыру ол – бүгінгі күннің айнымас талабы.

17-тақтайға;

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз

Әлемдік бизнес Абай айтқандай, өз қамы үшін бар ынтасын салып, тірлік етіп, күн демей, түн демей жаны жай таппай, өзі дамыл таппай, ебін тауып еңбегін еселеп келетіндерді үнемі қолдайды.

18-тақтайға; 25-қара сөзінде «Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін» деген ақын ағынан жарылып армандағанын қазаққа бай болудың бағыт-бағдарын көрсетуді өзінің мақсаты екендігін байқаймыз.

19-тақтайға «Бай болам деген қазақты... қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек. Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық» (38-қара сөзі) бұлар экономиканың қас жаулары.

20-тақтайға; «Егерде – мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» (33-қара сөз) деген Абайдың әрбір сөздері қазақтың бай болуының бір баянды бағыты деп түсінуіміз керек.

21-тақтайға; «Нәпсісін тыйып, бойын тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп, пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі?» (40-қара сөз) Бұл қоғамдық дерт. Көпті алдап жем ететіндерді ақын шығармаларында әшкерелеп отырғандығын көреміз. Жүрегінен иманы тайған, нәпсісін тыймаған жан – білім-ғылымды, тәлім-тәрбиені ізгілік жолына емес, теріс пиғылға пайдаланады. Мемлекеттік кадрларды дайындауда екіжүзді болмауын «малға» сатылмаушылық жағын көп қарастырғандығы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар деңгейін төмендетуге ықпал етеді. .

22-тақтайға

Адам ғапыл дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.

Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде

Сонда, ойла, болады не сенікі – деп, бұл ғұмыр

жалған, адамшылықтан аттамай-ақ қой, қайырымсыз жинаған дүние кімге керек, опасы жоқ сұм жалған өтіп түбінде сен Оныкісің деп ескерту жасап тұр. Адам баласының мал-дүние жинап, зұлымдық жасап шіренгенмен бұл фәни мәңгілік емес дегенге саяды.

Осылай оқырманға ой тастап, біліктің құлағына тиіп Абай мұрасы арқылы Елбасының ұсынып жүрген Мәңгілік ел мұратына біздің үлгіміз кәдеге жарап жатса, «иман сонда» болар еді-ау!

Ұлы Абай сөзі жеткіншек ұрпаққа көркем әдебиетті оқытуға ынтасын арттыру, тілді құрметтеу, тарихты таразылау, отансүйгіштік, болашақты болжауға үйрету. Батыстық әсіре қызыл боямалармен «дем алып» жүрген қазақтың телеарналары атыс пен шабыс, тебіс пен соғыс сияқты көріністер жаһандану тұзағына түсіретіндігін әрқайсымыз түсіне бермейміз, одан тек әдебиет ғана құтқара алады деп сеніммен айта аламыз. Әдебиет «әдеп» сөзінен шықса әдептілік кез келген жақсылыққа бастайтын іс-әрекет. Қай пән саласы болсын, білім-ғылымның өзіндік жүйелі әдебімен басталатыны

ақиқат. «Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласумен бірдей» екенін ұмытпасақ, білім алу тек кітаптан ғана емес, аудиторияда немесе оқу залында да емес; әр қадамымыз, яғни қоғамдық орта білім-ғылымның себептерін ашуға икемделіп тұруды ұсынып отырмыз. Ұсынысымыз ұлттың ұлағаты, түпкі тарих, халықтың тамыры, елдің қарыштап өсуі, ата-бабадан қалған кең байтақ жер осыларды білу жолында қала жарнамалары «мен мұндалап» тұруы керек.

Біздің бұл айтпағымыз тек Абай көшесінің өзіндік бедерін өзімізше ұсындық, оны әрі қарай дамыта беруге болады. Біз мысал ретінде үлгі ғана ұсындық. Қалада көшелері мен даңғылдар халқымыздың біртуар азаматтарына арналып, солардың ұлағатты сөздері жарнамаларда тұрса халықтық тәрбие, білім көшеден де алуға боларына сеніміміз мол. Өкінішке орай терминдерді айтпағанның аударма жасағанымыздың деңгейін қала көшелерінде қазақ тілінің байырғы сөз тіркестеріне сай келмейтін: «Біз ашылдық», «Жарқын жақта өмір сүр», «Мұз сарайы», «Бір ел – бір кітап» сияқты тіркестер бабалар сөйлеген сөзінде кездесіп пе еді? «Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп» деген Абайдың талабы қайда қалды? Тізе берсек бұдан да сорақы «сыртқы киім» демей «Жоғарғы киім» деп жазып қойған дүкендерді де көз көрді. Иман жүзді дүкен несіне ықпал ету арқылы орнына келтірген жайымыз бар. Осы сияқты көше бойын қаптап кеткен өрескел қателерді тезге салатын құзырет керек-ақ.

Қорыта келе айтарымыз, жоғарыда ұлы Абай атындағы көшенің қандай болуын үлгі ретінде өз ойымызды білдірдік. Өскелен ұрпақтың бойында ұлттық сезім мен отансүйгіштікті қалыптастыруда хандар мен батырлардың атына берілген көшелер қандай болу керек екенін көз алдыңызға келтіріп көріңіз.

* * *

Абайдың түркі халықтары әдебиетіне әсері бар екендігіне тоқталсақ. Түбі бір түркі халықтарының ежелден-ақ рухани қазына көздеріндегі ортақтастық тілі мен әдебиеті, мәдениеті мен тарихы және салт дәстүр, тұрмыс тіршілігін көруге болады.

Б.д.д. IV-II ғасырларда пайда болған қасиетті «Авеста» кітабы төл шығармамыз екендігі анықталып отыр. Бұл кітапты айтып отырудағы мақсатымыз, түркі халықтарының руханият дүниесімен тікелей байланыстылығында жатыр.

Түркі тілдес халықтарда ортақ фольклорлық мұралары олардың шығу тегі бір-бірімен жақын халықтар арасындағы тарихи байланыстары батырлық дастандардан «Көроғлы», «Нарт», «Олонхо», «Манас», «Ноғайлы жырлары», «Алпамыс», «Қозы Көрпеш Баян Сұлу» т. б. жырлары бірқатар түркі халықтарында бірнеше нұсқаларда жырланып келген. Сондай-ақ Шығыс халықтарының көпшілігінің тарихына, мәдениетімен бірге ауыз әдебиетіне қатысы бар ортақ жәдігерлік

екендігі әлем зертеуші ғалымдарының аузымен айтылуда. Шығыстың небір әсем романтикалық поэмалары – «Жүсіп-Зылиха», «Таһир-Зухра», «Боз жігіт», «Шәкір-Шәкірат», «Атымтай Жомарт», тіпті Әл-Фараби, Ибн Сина туралы ертегі аңыздары әуелі татар баспа орындарында кітап болып басылып шығып, қазақ арасына тараған. Абай қазақ арасына сол татар әдебиеті арқылы келген Шығыс әдебиетінің нұсқаларымен таныс.

Түркі тілдес халықтардың эпикалық шығармаларының көпшілігі әр түрлі тілде айтылғанымен олардың оқиға желілері бір болып келеді, немесе бір-біріне етене жақын. «Алпамыс», «Көрөғлы», «Едіге» сияқты батырлық дастандарда Қорқыт ата жырындағы 12 жырдың оқиға желілері бар екендігі белгілі. ҮШ-ІХ ғасырлардағы парсы (қызыл бастылар) тілі түркі халқының дамуына үлкен тоқырау заманын алып келді. Түркі тілінде жазу ғана емес сөйлеуге тыйым салынды, бұл қоғамды әзербайжанның классик ақыны Низами «зындан» деп атаған болатын. Сол кезеңде әзери жерінен шыққан Низами Ганжауидің «Хамсасын» түркі тілінде жазуы ерлігі еді.

Әзербайжан халқы Тәуелсіздік күнін 1918 жылы 28-мамыр айында алған, біз сияқты 1991 жылы емес. 1991 жыл 30 тамызда Әзербайжан Жоғары Кеңесі 1918 жылғы Шарт негізінде 1919 жыл 18 қазан Тәуелсіздігі күні болып жарияланды. 1991 жылы латын әрпіне көшіп өткен. Бүгінде Ресей арналары мен газеттерінен пайдаланбайды, бұны Ресейдің танкілері 1990 жылы Бакуге басып кіріп адам шығынына ұшыратқаны көкірегінде қалғандығынан болса керек.

Абай үшін әзербайжан халқы тосын емес. Абай өзінің «Ескендір» дастанын жазарда оқиға желісін Низамидің «Ескендір-намасынан» алынғандығын байқау қиын емес Низамиде Ескендір алыс жерде зәмзәм суына (тіршілік суы) тап болады. Абайдың «Ескендір» дастанында осы көріністі сулы жерде ел боларын біліп өрлей жүрген Ескендір бір қорғанға кезігеді. Низамиде асыл тас, Абайда адамның қанқа бас сүйегін алдырады. Шығыс шайырларында Ескендір өте көп жырланды, Абай оның бірқатарын оқыды және өзінше жырлады. Ескендір түнімен Әбулхаят (әбу - атасы, хаят – тіршілік, тіршіліктің атасы) суын іздеп баруы. Низамиде бастаушы Қызыр (халық ұғымында Қыдыр ата) Ескендірдің бастаушысы ғажайып суды табады. Оқиға мазмұнына қарасақ Низамидің нұсқасына жақын келетіні байқалады.

Әзербайжан мен қазақ халықтарының қаламгерлер арасындағы байланыстарының ауқымы кең екендігі 1954 жылғы Абайдың қайтыс болғанына 50 жыл толуына арналған іс-шаралар, 1955 жылы Бакуде Абайдың туғанына 110 жыл, 1965 жылы 120 жыл мерей тойлары атап өтілді.

1970 жылы Новруз Гянджали Абайдың «Ескендірін», Гасым Гасымзаде «Масғұтын», Алекпер Зиятай «Өзімнің әңгімесін». Әзербайжан тіліне аударды. Сонымен қатар Абай өлеңдерін әзербайжанның бірнеше ақындары аударды.

Түрік (Түркия) халқымен мәдени байланысы даңғыл жолдың ашылуы әдебиетте де жемісін берді. Мәселен, Түркия мемлекетінің астана қаласы Анкарада Абай ескерткіші мен Мағжан Жұмабаевқа қойылған ескерткіш тәктаны айтуға болады. Шынжанда (Қытай) туылып, Түркияда қызмет етіп жүрген аудармашы филология ғылымының докторы, профессор қандасымыз Зейнеш Ысмайлов 1995 жылы Абай өлеңдері мен қара сөздерінің жинағын Әли Аббас Шынармен (түрік ғалымы) бірге түрік тіліне аударып бастырып шығарды. 1996 жылы Жамбылдың өлеңдерімен бірге Мұхтар Әуезовтің туылғанына 100 жылдығына орай «Абай жолы» роман-эпопеясын аударды. Одан алдын Мағжанның жалынды өлеңдері түрік тілінде сөйлеуі егемендігіміздің ертені, болашағы десек артық айтпағандығымыз болар. Мағжан Жұмабаевтың «Бауырларым сен о жақта, мен бұ жақта» («Алыстағы бауырыма») деген шумақтары Анадолы түріктеріне арнап жазылғандай.

Абай шығармашылығында исламға деген көзқарасы сопылық ағымдағы өлеңдері өзі айтатын Ахмед Иасауи, Сопы Аллаяар шғармашылықтарында «Алла-Тағаланың сегіз сипатының баяны» деп жырласа, Абай 38-қара сөзінде: «Оның үшін Аллатағаланың сипаттары: Хаят, Ғылым,, Құдірет, Басыр, Сәмиғ, Ирада, Кәләм, Тәкин» атын атап жеке-жеке талдау жүргізеді. Түрік елінің ақыны Жүніс Әміре (1239-1321) шейхтың өлеңдерімен Абай шумақтары үндесіп отыратындығын көруге болады.

Не тілесен, хақтан тіле, қарағым,
Туралыққа жол бастауға жарағын.
Бұлбұлдайын ғашық болғын гүлдерге
Тек Аллалап, бір Аллаға қарағын, -

дейтін шумағында исламға деген көзқарасы айқын байқалады, Абайдың:
Махаббатпен жаратқан адамзаты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті.- деген Абай, Алла жолында инабаттылықтың үлгісін көрсете, бүкіл адамзатты бауырым деп сүю жолдарына нұсқайды. Абайдан алдыңғы әлем абыздары мен хәкімдері сүюдің бірнеше нұсқаларын тілдеріне арқау еткенімен, Абайша жер бетіндегі адамдарды «бауырым деп сүй» деп, адам баласын бауырына тарта алған жоқ.

Өзбек пен қазақ халықтары іргелес жатқандықтан мәдени, әдеби ортасы бір болып тарихи танымында да бүгінгі күні өз жемісін беріп отыр деп ойлаймыз. Абайға етене жақын заманы алшақ болса да Әлішер Науаимен бір ұстанымда шығармалары мақсаттас бірдей жазды. Абай өзінің

Физули, Шамси, Сайхали,
Науаи, Сағди, Фердауси,
Қожа Хафиз бу хаммаси

Мәдәт бер, шағри фариад.

өлеңінде Науаиыны жеті жұлдыздардың бірі ретінде санамалап өтуі көп нәрсені аңғартса керек. Әлішер Науаидың ғазалдары да, дастандары да Абайдың терең тексеріп оқыған шығармалары екендігінде дау жоқ.

Абай «Әлифби» өлеңінде араб әріпінің сұлу иірімдері белгісіз бойжеткеннің бейнесін суреттейді. Абай бұл өлеңінде араб әріпіндегі алфавиттік жүйені сақтаған болса, Науаида алфавиттік ретті өлеңінің әр тармағының соңынан шығарады.

Қос шайыр да өлеңдерін аяқтай келе арабтың әріпінен басқа «забар» үсті, «зир» асты белгілерді қыздың көркін әсерелей келе Әлішер Науаи:

Таңғажайып перизатым,
Нұр жүзінде қап-қара мең.
Ақ қағазға жазған хатқа
Қол қойған ноқатпен тең,-

десе, Абайдың «Әліпби» өлеңін оқып отырып таң қалмасқа амалыңыз жоқ. Өлеңнің соңы «Мәт» - қасың, «тәштит» - кірпік, «сөкін» - көзің дей келе, сұлу қыздың көркін араб әрпіндегі астылы-үстілі «харакат» белгілерімен асыл сөздің құдіретін пайдаланып қыз бейнесін сызған.

Абай өлеңдерімен дастандарын өзбек оқырмандарына таныстыруда өзбектің біртуар ақыны Міртемір (1910-1978) ерекше еңбек етті. Алғаш 1945 жылы «Абай өлеңдері» атты жинағын жарыққа шығарды. Бұл өзбек тіліндегі жинаққа Абайдың 33 өлеңі мен «Масғұт» жырын (өзбек ақыны Ұйғынмен бірге) аударып баспадан шығарды.

Қазақ-қарақалпақ халықтары тілдері түркі тілдес халықтардың ішіндегі ең жақын тілдердің бірі. Тек тілі ғана емес руханият жазба жәдігерлері жағынан да, ауыз әдебиеті үлгілеріндегі кейіпкерлердің бір болып келуі, жырлау дәстүрлерінің ұқсастығы да сөзімізге дәлел бола алады. Екі халықта да айтыс, терме, күй жанырларының бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпай келуі етене жақын екендігін көрсетсе керек: Мысалы, Қарақалпақтың «Қырық қыз» атты эпикалық дастанындағы батыр қыз бейнесі Гүлайымның Түркістаннан шығуы, Хорезмнің батыры Арыстанға ғашық болуы, Шыршық өзенінің аталуы, жаудың бір болуы. Екінші бір дастан «Мақпал» жырында Сырдың бойында мекендеген Мақпал есімді қызға Сегіз деген жігіт ғашық болып қалады. Елді мекенде жұт болып, Сегіз Арқаға малдарын айдап кеткенде, Қарақалпақ елінің қыз тандап жүрген батыры Жабы деген жігіт Мақпалды көріп, әкесіне қалың малды төлеп алып кете барады. Соңынан қуған Сегіз Жабы екеуі алысып Сегіз Жабыны жығады. Мақпалды алған Сегіз Жабыға өзінің қарындасын беріп мәңгі дос болып кетеді. Бұл дастан екі халықта да жырланады.

Қарақалпақ әдебиетінің санлақ ақындары Бердақ (1827-1900) «Айдос би» дастанын қазақша жазса, Әжінияз Қосымбайұлы (1824-1874) бірқатар өлең-жырларын қазақша жазғандығынан Абайды түпнұсқадан оқыған деп түсіну қиын емес. Қазақ пен қарақалпақ отарлау саясатының дәмін бірдей татқаннан соң, екі елде де басқару жүйесінің өзгеруі өзге халықтың

ұлықтары мен өз елінің атқамінерлерінің жеке мүддесі үшін жасаған әрекетін әшкерелейді. Әжінияздың «Ала құс» өлеңі осы пікірімізді растайды:

Аспанда жүр ала-ала көрініп,
Жерге түссе құйрығынан сүрініп,
Елге ауыр түссе керек салмағы
Сондай беймаза біздің ала құс –

Сатира жанрында жазылған бұл өлеңі бейнелі түрде ала құс арқылы ел арасындағы алалықтың пайда болуы өз билігінің өзгеріп империялық жаңа басқарудың елге қонымсыздығын айтып отыр. Абай үстем тап өкілдерінің зорлықшыл әрекетін «Болыс болдым мінеки» «Мәз болады болысын» т.б. өлеңдерінде батыл, астарламай тура табиғи қалпымен жеткізген.

Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.
Сөйтсе-дағы елімді,

Ұстай алмадым мығымдап.— деген өлеңінде жаңадан қалыптасқан басқарудың қонымсыздығы жергілікті ұлтқа әсері айтылады. Абай өлеңінде өз пікірін болыстың монологы арқылы берсе, Әжінияз астарлай «ала құсты» бейнелі түрде беріп отыр.

Әжінияздың «Керек» мұхаммесі мен Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін салыстырсақ, екі ақынның туған халқының ғылымнан кенже қалғандығына өкінгенін, күйінгенін, надандығынан жиренгенін байқаймыз. Халықты білімге, мәдениетке жеткізбей тұрып, ел ішінен халық қамын ойлайтын жақсы азамат шығару мүмкін еместігі ақындар ойының түп қазығында жатады.

Қарақалпақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі аудармашы Абад Әлиев қарақалпақ тілінде 1990 жылы шыққан жинағына Абайдың отыз екі кара сөзін аударып ендірген. Сұлтанмұрат Бекмұратов қарақалпақ ақыны әрі аудармашы Абайдың бірнеше өлеңдерін аударып 1925 жылғы мектеп оқулығына ендірсе, 1955 жылы Нөкісте жарық көрген «Абай Құнанбаев» атты кітабына толық аудармалары қамтылған. Осы жылы ақын, аудармашы, зерттеуші ғалым Бабаш Исмайылов (1926-1985) өзі аударған Абай өлеңдерін 9-сыныпқа арналған «Қарақалпақ әдебиеті» оқулығына ендірді. Тілеуберген Жұмамұрадов (1915-1990) ақын, драматург: «Қазақ досым» атты өлеңінде Абай, Жамбыл, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сынды зиялылар туралы сөз етеді. «Абай ескерткішіне» деген жыр толғауы қазақтың біртуар ақынын ұстазым деп тәу етуі қазақ халқына, әрі Абайға деген құрмет деп түсінуіміз керек.

Қырғыз бен қазақтың төскейде малы, төсекте басы қосылған түбі бір түркі халықтар арасындағы ең жақын екендігі, ес білмеген ескі заманнан белгілі. Туысқандығы жарасқан рухани қазына көздері бүгінгі әдебиеті мен мәдениеті, өнері мен тарихы бірге дамып келе жатқаны белгілі. Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде: «Біздің қазақтар Бийскідегі, Кузнецкідегі қалмақтарды «білеуіт»

дейді. Менің ойым: осы «білеуіт», «брут» бір сөзден шыққан деймін, о да қырғыздың нәсілі болмағы таң емес. ...Олардың орны Енисей, Аңқара суының бас жағында болыпты» дейді.

Абай шығармашылығының қырғыз ақындарына еткен әсері мол екендігі қазіргі қырғыз әдебиетінің даму барысында айқындалып отырғандай. Адамзаттың Манасына айналған қырғыздың эпостық дастанын алғаш 1856 жылы қашқарлықтардың аузынан жазып алып келген Шокан болса, Мұхтар Әуезов шовинизм шырмауынан шешімін тауып шық жұқтырмай тоталитарлық жүйенің апанынан сақтап, сап таза күйінде алып шығып берді.

Абайдың замандасы қырғыздың айтыс өнерін дамытқан белгілі халық ақындары Тоғолоқ Молдо Байымбет Әбдірахманов (1860-1942) мысал жанры бойынша жаңашыл ақын әрі жыршы. «Түлкі мен тырна», «Есек пен бұлбұл» атты мысал өлеңдерінде, «Құстардың әңгімесі» (1908) атты поэмасында әлеуметтік өмір қайшылықтарын образды түрде астарлай ұғыммен суреттеуі Абай аудармаларындағы сатирамен үндес жатқандығын байқау қиын емес. Тоғолоқ Молдо Абай шығармаларын жоғары бағалады, ынтыға оқыды, кейбірін жатқа айтты. Әділетсіздікті сынайтын Абай өлеңдерін мысал ретінде үзінділер пайдаланды. Өмір мен адамгершілік жайында Абай мен Тоғолоқ Молдо көп жырлады. Тоғолоқ Молдо мен Абай шығармаларында ұқсас сәттер кезігіп отырады. Абайдың сегіз жолдан тұратын «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісінде Тоғолоқ Молдо да өлеңдер жазды.

Абай үлгісінде жазған қырғыз елінің Халық ақыны Аалы Тоқомбаев (1904-1988) Абай өлеңдері мен поэмаларын қырғыз тіліне аударып 1954 жылы «Қазақ елінің ұлы ақыны» деген атпен жинақ етіп жариялады. Абайдың «Бойы бұлған», Аалы Тоқомбаевтің «Тұтқын Марах» өлеңдерінде идеялық жақындастықтары бар екендігі байқалады. Абайдың 54 өлеңін және «Ескендір» дастанын аударып, алғаш 1954 жылы Бішкекте «Қазақ елінің ұлы ақыны» деген атпен шыққан кітабындағы «Абайдың жырлары» мақапасында: «Абай аудармаларын пайдалана отырып, қырғыз жазушылары қырғыз әдебиетінде аударманың жаңа дәстүрін жасады» - деп жазды Тоқомбаев. 1970 жылы «Менің елім» атты жинағына Абайдың бірқатар өлеңдерін қырғыз тіліне аударып бастырған. Абайдың ақындық дәстүрі қырғыз ақындарының әдеби шығармашылықтарында жалғасын тапты. Аалы Тоқомбаевтың:

Алмадай жер,
Айланан ал
Елдин канин ичесин.
Қыйналып жан,
Шорголап кан

Акбада сен тутосун. - деген жолдары Абайдың «Бай сейілді» өлеңінің үлгісімен жазылған.

Қырғыз жазба әдебиетінің негізін салушылардың бірі Жоомарт Боконбаев аз ғұмырында Абайдың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Желсіз түнде жарық ай» тағы басқа өлеңдерін қырғыз тіліне аударды. Абайдың ақындық ықпалы Т.Уметалиев, М.Элебаев, А.Османов өлеңдерінен айқын байқалады. Оларда Абай өлеңдерінің қырғыз ақындары шығармашылық бастауларына мол ықпал еткені айтылады. Б. Керімжанова, К.Рсалиев, С. Жигитов өз еңбектерінде ХХ ғасырдың 20-30 жылдарда көптеген қырғыз ақындары, Абайдан үйренгенін атап көрсетеді.

Татар халқымен қазақтардың біртұтас ел екендігі тілдік жақындығынан-ақ менмұндалап тұрады. Ғабдолла Тоқай Татар халқының ұлы ақыны қазақ жерінде өсіп, ержеткен, Орал өңірін өзінің отаны есебінде көп жырлаған ақын. Ғалымжан Ибрагимов (1887-1938), қазақ ауылында мұғалімдік қызметін атқарған, қазақ тілін толық игерген Ғалымжан Ибрагимов «Қазақ қызы» романын жазып бітіреді. 1916 жылы «Аң» журналы (1923-24 жылдар арасында «Сана») Түркістан АССР-і Орталығы Ташкент қаласында шығып тұрған. 5-санында Абай шығармашылығы туралы және қазақ халқының бай ауыз әдебиетін ұлы мұра дей келіп Абайдың есімі татарлар арасына әуелі ауызша белгілі болады да, кейін баспасөз беттері арқылы тарай бастайды. Мәселен, 1897 жылы, Абайдың көзінің тірі кезінде-ақ, Қазан қаласында «Князь бен Зағифа» атты кітап жарыққа шығады. Осы кітаптың 12-15 беттерінде Абайдың «Шоқпардай кекілі бар, камыс құлақ» және «Қансонарда бүркітші шығады аңға» деген екі өлеңі жарияланады. Сөйтіп, өлеңдері тұңғыш рет Қазан қаласында, татар баспасынан жарық көреді.

Шейхзада Бабич, Ғ.Баширов, М.Ғайнуллин, Сибғат Хаким (1911-1986) т.б. татардың ақын жазушылары мен зерттеуші ғалымдарының шығармашылығына Абайдың ықпалы болған деп айта аламыз. 1946-1947 жылдары «Абай өлеңдері мен поэмалары» деген атпен М.Мақсұттың аудармасымен Қазан қаласында басылып шықты. Соңынан 60-жылдары Л.Хамидуллин «Хикметті сөз» деп, Абайдың қара сөздерін татар тілінде сөйлетті.

Шейхзада Бабич (1895-1969) жас кезінен-ақ татар-башқұрт ауыз әдебиетін жинау және үйренумен шұғылданған. Ол өзінің күнделік дәптеріне қазақтың 79 мақал-мәтелін, көптеген қазақ өлеңдерін жазып алған. Ш.Бабич қазақ ауыз әдебиетін жинаумен бірге, қазақ халқының жазба әдебиетін де оқып, үйрене бастайды. Жас ақынға әсіресе, Абайдың өлеңдері ерекше әсер етеді. Өзінің «Халқым үшін», «Күнә мен жаза» т.б. өлеңдерін Абай өлеңдері үлгісінде жазады. Сонымен қатар, ол әліпби тәртібімен жазған «Китаб ән-нас» сияқты ұзақ өлеңдерінде ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақтың көптеген ақын-жазушылары туралы пікір айтады. Әсіресе, Мағжан Жұмабайов туралы ерекше атап өткен.

Әкрам Ғалымов (Менліғалымұлы) (1892-1913) жастай қайтыс болған. Бірақ осыған қарамастан ол артына едәуір әдеби мұра қалдырған.

Оның жоғарыда аталған екі кітабынан басқа да бірнеше шығармалары баспа бетін көрген. Мәселен, 1911-1915 жылдар аралығында Троицкіде шығып тұрған «Айқап» журналының 1912 жылғы 11 санында Әқрамның «Бишара қыз» атты көлемді әңгімесі жарияланды. Жазушы өзінің бұл әңгімесінде әйел теңдігі мәселесін сөз етіп, ескі әдет-ғұрыптың құрбаны болған қазақ қызының ауыр халін, аянышты өлімін суреттейді. Ақынның «Айт күні», «Замандастарға», «Жұртқа қайтып жағу керек», «Қыс», «Өкініш» атты өлеңдері де осы журнал беттерінен орын алған. Әқрамның «Не екен сұлу қыздың түсін алған» деп басталатын өлеңі Абайдың «Бір сұлу тұрыпты хан қолында» деп басталатын атакты өлеңімен өте үндес келеді.

Мұса Жәлел – жастайынан көп оқыған, көп ізденген ақын. Ол татар, орыс, Еуропа әдебиеттерімен бірге классикалық шығыс поэзиясын да сүйіп оқитын. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңдерін оқып, танысқан, одан өзіне үлгі-өнеге алған. Бұған оның жеке кітапханасынан орын алған Абайдың өлеңдер жинағы айғақ. Осыдан да болса керек, тіпті, Абай мен Жәлелдің кейбір өлең жолдары өте ұқсап жатады. Мәселен, Абай :

«Өлді» деуге бола ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған - десе,
«Өлді» деуге сыя ма, айтыңдаршы,
Жеңіп өлген сұрапыл бұл өлімді - деп жазады Мұса

Жәлел.

Татардың көрнекті ақыны Зәки Нұри қазақтың 20-дан астам ақындарының өлеңін аударып «Қазақстан ақындары» деген атпен Қазанда басып шығарды. Ғабдолла Тоқайдан бастап татар қаламгерлерінің еңбектері қазақ тілінде аударылып баспасөзде жарияланып жүргенінің куәсіміз. Бұл екі елдің достығына алып келетін бірден-бір жол. Мұхтар Әуезов Ғабдолла Тоқай шығармаларын зерттеу мақалаларында жоғары бағалап, Абай өлеңдеріне рухани жақын деп атап өтеді.

Ақыл сенбей сенбеңіз

Бір іске кез келсеңіз – деген Абай, өзгеге сенбей өзіңе сен бәрін де ақылға жеңдірудің адамгершілік философиясын ұсынады. Татар классигі Ғабдолла Тоқайдың «Үш ақиқат» дастанында келтірілген ой қайталаныстарды көруге болады.

Жұрт айтқан арзан сөзге сенбе,

Бөгдені арқа тұтып, соңына ерме – деген өлең жолдарында адам болудың тәсілдерін ұсынып отыр. Қос ақынның қай тақырыпқа қалам тартса да бір-бірімен үндесіп жатуы адамзаттың арман асқарынан туындап жатса керек.

Татар тілінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» және Абай өлеңдері жинағының шығып жатуы Абайға деген тіпті қазақ халқына құрмет деп ұғынуымыз керек.

1964 жылы «Татар өлеңі», және 20-жылдардағы татар поэзиясы атты ғылыми зерттеу жұмысында филология ғылымының докторы, профессор Хатип Усманов Абай мен Илияс Жансүгіров өлеңдеріне талдау жасай отырып, татар оқырмандарына таныстырады.

Сибғат Хаким (1911-1986) «Мен жастайымнан Абай мен Жамбыл жырларын жаттап өстім - деп, еске алады Татарстанның Ғабдолла Тоқай атындағы Мемлекеттік сыйлық және РСФСР Максим Горький атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері - бұл жырларды оқыған кезімде көз алдыма Абай жырындай ойлы, кең пейілді қазақ досым елестейтін. Осы бір тәтті сезім жүрегімнен жыр болып төгілді. Осыдан екі жыл бұрын жазылған «Қазақ досыма» деген жыр осылай туған еді» («Лениншіл жас», 1962, 31 октябрь).

Махмұт Хұсайын қазақ жерінде туып өскен. Ол Абай мен Махамбет жырларын қатты қастерлейтінін айтады. 1967 жылы Қазанда шыққан «Жыр маржандары» жинағында Абайға арнаған өлеңдерімен қатар Абай өлеңдерін татар тілінде аударып кітабына ендірген.

Ахмет Ысқақ 1981 жылы шыққан жинағына Абайдың 20-дан астам өлеңдерін тәржімалап бастырған. Ахмет Ысқақтың аудармасының ерекшелігі аудармадан ұйқас, бунақ, буын санына дейін сақтағандығы шеберлігі деуіміз керек.

С.Адхамова Сабырқызы (1901-1978) татар жазушысы әрі аудармашысы; Абай мен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын татар тіліне аударған және ғылыми талдаулар жасап, әдеби тіл көркемдік құрылысы жағынан зерттеу жүргізген. С.Сабырқызының қазақ тілін жақсы білгендіктен 1957-60 жылдары Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопесын түпнұсқадан аударды. Автордың бұл аудармасы алғашқылардың бірі болатын, басқа аудармалармен салыстырғанда сапалы әрі орыс тілі арқылы айналып өтпей тіке қырғыз тіліне қазақ тілінен аударылуы аудармадағы үлкен жетістік деп айта аламыз.

Түркімен тіліне Абай шығармалары 50-ші жылдардан аударыла бастады. Абайдың қайтыс болуына байланысты 1954 жылы 50 жылдығына орай түркімен ақындары М.Сейдов, К.Әзизов, С.Ураев, А.Баймұратов, А.Оразтағанов Абай шығармашылығымен түркімен оқырмандарына таныстырды. А.Баймұратов өзінің 1974 жыл жазылған «Поэзиямыздағы Абай дәстүрінің жалғасуы» деген мақаласында, Абай поэзиясынан үлгі алған түркімен ақындарының шығармашылықтарын сөз етеді.

Назар Гуллаев 1965 жылы Абайдың 120 жылдық тойы қарсаңында «Қазақ халқының биік ұлы» деген Абай туралы мақала жазды. 1970 жыл ақынның туғанына 125 жылдығына Берді Кербабаяев, Б.Сейтақов, А.Алымкулов, Назар Гуллаев, Н.Әсенмұратов т.б. ақын - ғалымдар Абай өлеңдерін зерттеу мақалалар жазды. 1977 жылы Ахмет Бекмырадов (1951-1990) «Абай дәстүрінің ықпалы» атты мақаласында түркімен әдебиетіндегі Мақтымқұлы (шамамен, 1730-1790) салған поэзия соқпағы Абайды айналып өтпегендігіне көңіл бөлген.

Түркімен әдебиетінің классигі Берді Кербабасв (1894-1974) «Біз Абайды ұлы ақын және ұлы адам болғаны үшін, ыстық жүректі, нұрлы ақылды, қайтпас қаһармандығы үшін қанымыз бір, жанымыз бір өз туысымыздай емірене сүйеміз. Оның өлеңдерінің шебер қолдан шыққан шымыр жолдары бүгін де бізбен бірге өмір сүреді» деп жоғары бағалаған.

1961 жылы «Түркімен өлеңдерінің» жинағы қазақ тіліне аударылып Алматыда бастырылды. Жинақта түркімен ақындарының Абайға және жалпы қазақ жұртына арнап жазылған өлеңдерін кездестіруге болады.

Ұйғырлардың елді мекені көршілес Қытайдағы Шынжаң өлкесі, туын тіккен отаны болып саналады. XV ғасырдан Жетісуға қоныс аударып, бүгінде Алматы аймағына орналасқан. Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген еңбегінде: «Арғы жер бұрыннан ұйғыр нәсілді халықтың орнығып, иеленген жері болып, онан әрі бара алмапты» деп «Арғы жер» деген Абай қытайды меңзеп отырған сияқты. Өйткені, «Әуелден өзін өзі билеп, азаттықпен жүрген халық, біржола біреуге бағынбақты ауыр көріпті. Түбінде олар да маңғұл нәсілді болса да, бұларға жат көрініпті» деп, ұйғыр тарихы туралы да мәліметтер айғақтайды.

Абай өлеңдерін 1930 жылдардан-ақ ұйғыр тіліне аударма жасап жүрген ақын И.Саттаров, Абайдың «Бойы бұлған» өлең үлгісін ұйғыр поэзиясына 7-8 тармақты бір шумақ өлеңді қалыптастырды. Илья Бахтия, Қ.Хасанов, Д.Ясенов Н.Бахтиязов, М.Абдурахманов, И.Жалилов, А.Деләтов, И.Ушуров, Д.Ясенов сияқты ақындар Абай лирикасы мен қара сөздерін және поэмаларын аударып ұйғыр оқырмандарына жеткізді.

1987 жылы Алматыда ұйғыр тілінде шыққан Абай жинағына ұйғыр ақыны Илахун Хошуров (1941 жылы туған) Абайдың 20 шақты өлеңін, және Илахун Жалилов (1942 жылы туған), Һезим Бәһниязов (1929-1990) т.б. ақындардың аудармалары енген.

Долкун Ясенов (1938 ылы туған) І.Жансүгіров атындағы сыйлықтың иегері Абай өлеңдері мен поэмаларын аударып 1972 жылы «Көзімнің қарачуғи» («Көзімнің қарасы») деген атпен кітабы жарық көрді.

Башқұрт әдебиетінің негізін салушы халық ақыны Сәйфи Құдаш (1894 жылы туған) Абай туралы мақалаларына қосып, зерттеу еңбектерінде Абай өлеңдерінен үзінділер келтіріп отырған. Абайды ұстаз санағандығы 1966 жылы қазақ тіліне аударылған «Жастық шақтың ізімен» естелік кітабынан көруге болады. Абайды «атақты ақын», «ұлы ақын» деп бағалаған.

Нәжіп Еділбай «Абай жолы» роман-эпопеясының төрт кітабын түп нұсқадан башқұрт тіліне аударуы және қазақ жазушыларының 50-ден астам еңбегін башқұрт оқырмандарына таныстырғандығын зиялы қауымдар біледі. Нәжіп Еділбайдың халықтар арасындағы рухани байланыстың үзілмей, қайта терендуге ерен ат салысып жүрген азаматты ел әрқашан қастерлейтіні белгілі.

Әбубәкір Диваев (1856-1932) ұлты башқұрт. Қазақ, өзбек, тәжік, парсы тілдерін білген. «Шора батыр», «Бекет батыр», «Қобланды батыр», «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Айман-Шолпан» жырларымен қатар басқа қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап баспадан шығарған және бірқатарларын орыс тіліне аударып жариялаған.

Ноғай ұлты 1300 жылдары Шыңғыс хан құрған Алтын Орда мемлекетінің қолбасшысы жошы ханның шөбересі қолбасшы Ноғай батырдың қарамағындағы қыпшақтар, түркілер және бірнеше монғол тайпаларынан құралғандар өздерін ноғайдікіміз атап, содан ноғай ұлты пайда болса керек.

Тілі түркі, діні ислам сунниттері, бүгінде қап тауы және Оңтүстік Батыс Ресей елді мекеніне сіңіп ұлт ретінде жойылу қарсаңында тұр. Ежелден қазақ пен ноғай халықтарының етене жақын екендігін ауыз әдебиетіндегі «Қарайдар мен қызыл гүл», «Бозжігіт», «Шора батыр», «Едіге батыр», «Қырымның қырық батыры» тағы да басқа үлгілерден көруге болады.

Абай 2-қара сөзінде ноғай ұлтын: «солдатқа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, казаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат әсем де соларда» деп жазады. Оның оқыған баласы Әбдірахманға ноғай ауылының қызы Мағышты (Мағрипа Сүлейменқызы) (1873-1896) айттырып, алып беруі осы құрметтің бір көрінісі іспетті.

Енесейдің бастау алар сағасында орналасқан топалар мен тува халықтарын Абай өзінің «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты танымдық еңбегінде: «Күншығыс Сібірінде қазақтың ағайындары бар. Тілінен, әдетінен, түсінен туысқандығы анық көрініп тұр», деп меңзеп отырғаны 1959 жылғы есебі бойынша 560-ақ адам бүгінде мемлекеттік тілі де, жазуы да, мектебі де жоқ, Саян тауында тайғаны мекендейтін Топа деген халық. XVII ғасырда-ақ екіге бөлініп бір жағы орыстарға, бір жағы Туваға (қазіргі Тува автономиясы) қосылып кеткен.

Шығыс пен батысты төл емген қазақтың ұлы ақыны Абай өзінен алдыңғы ойшылдардан алған білім нәрін кейінгі келе жатқан ұрпаққа сарки берді. Абайды ұстаз тұтқан түркі халықтарының бірқатар ақындары: «Солай жазсам деп арман еткен» (ұйғыр ақыны Илия Бахшия), «Ұлы ақын, біздің одан үйренуіміз керек» (Ғабдолла Тақай), «өз туысымыздай емірене сүйеміз» (Берді Кербабаев), «Абай бүкіл адамзаттын ұлы» (балқар ақыны Қайсын Кулиев), «Ол Түркиядағы түріктердің ұлы перзенті деп білеміз» (Намық Кемал Зейбек). т. б. Зиялылардың айтқанындай Абайды өздеріне ұстаз тұтты.

Біз қарастырмаған бірқатар түркі халықтарының өнері мен әдебиетінің өсу деңгейі түрлі себептермен бәсеңдегенін жалпы жұртшылық біле бермейтіні анық. Сөзімізге дәлел болу үшін мына мысалдарды келтірейік: Қазіргі кезде Мажарлардың (мадияр) Венгер,

Бұлғарлардың Болгар болып өзгеріп кеткендігі белгілі. Абай айтатын «білеуіт» буряттар және Хазарлар мен Малқарлар т.б. халықтар атауы жойылып түркілер деген қатардан шығып қалды. Ал, бірқатар түркілер тілі түркі емес халықтарға қосақтап қоюы отаршыл империяның майда ұлттардың бірігіп кетуінен сақтанғаны еді. Мәселен: Құмық түркілері Аварлардың, Қарайым түркілері Қабарда Малқардың, Ғағауыз түркілері Молдавандардың қолтығында қалса, Қарашай түркілерін, Қарашай-Черкес автономиялы облысына біріктіріп қойған. Тілдері бөлек елдерді қосып бір-біріне әкімшілдік тәуелділікке бағындырып қойуы, сонда да билікті түркі тілді емес халықтарына билетуінде сыр жатқандығын көзі ашық азаматтар біледі. Грузин жеріндегі Ақысқа түріктері мен Қырым түбегіндегі татарларды 1944 жылы кіндік кесіп туған ата жұртынан мәңгіге қолтастырған Сталиннің астыртын саясаты еді.

1907 жылы татарларға «Түркияға көшіп кетіндер» деген арандатушы реакцияшыл топқа Ғабдолла Тоқайдың «Қара жүзді сұмдар, бізді жарға итеріп шеттейді» деп басталатын «Кетпейміз» деген толғауы, халық арасында бір үрейлі күш бар екенін сезген ақын адамдардың ішкі дүниесін ашуға тырысады. Сібір татарлары және Шуаш пен Шор, Хақас пен Саха орыстандыру саясатының құрбанына айналса, Шынжандағы сары ұйғырлардың болашағы мүшкіл күйінде қалып отыр.

* * *

Мақтымқұлы мен Абайдың шығармашылық байланысы еліміздің қазіргі саяси тәуелсіздігі мен қоғамдық ой-санадағы зор өзгерістерге орай, халқымыздың мәдени мұраларына, оның ұлттық тарихындағы ірі өкілдеріне деген көзқарас та қайта жаңғырып, жаңару барысын бастан кешіруде. Соның айқын бір көрінісі – әдебиеттану ғылымының іргеленіп, толысып келе жатқан соңғы жылдары Абай мен Мақтымқұлы сияқты ұлы ақындардың дүние танымы мен шығармашылығындағы Орталық Азия мәдениетінің алатын орнын айқындау, зерттеу – қазіргі кезде толғағы жетіп, күн тәртібінде тұрған келелі мәселердің бірі болып табылады.

Түрікмен әдебиеті де басқа елдер сияқты халық ауыз әдебиетінен басталады. Орталық Азия халықтарына ортақ кең тараған эпикалық жырларынан «Китаб Дәдәм Қорқыт», «Шаһсанам-Ғариф», «Саятлы Хамра», «Көроғлы» т.б. жырларымен қоса ертегілер жырланып келді.

Алғашқы түркімен қаламгерлері Хилали Чағатай (XVI), Мырза Бархудар Түркмен (XVII) шығармаларын парсы тілінде, ақын Азади (1700-1760) шығармаларын шағатай-түркі тілінде жазды.

XVIII ғасырдан түрікмен әдебиетінде жаңа бетбұрыс орын алды. Түрікмен әдеби тілінің негізін қалаған Мақтымқұлы Фрагиден (1730-1780) бастап, Дурды шайыр, Сайди (1775-1836), Зелели (1795-1850) сияқты

ақындардың басқа халық әдебиетінде кездесе бермейтін жазба айтыс түрі сақталған. Мисқынқылыш (1847-1906), Андалиб (1712-1780), Шайдаи (1730-1800), Ғайби (1734-1810) түрікмен әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосты.

XIX ғасырда Молланепес (1810-1862) Шығыс сюжеті негізінде «Таһир мен Зухра» атты көлемді жырын дүниеге алып келді.

Түрікмен 1991 жылы 27 қазанда Егеменді ел болып жарияланды. Түрікмен мен қазақ халықтарының тілі мен діні, мәдениеті мен тарихы, әдебиеті мен өнері, дүниетанымы бір-біріне ұқсас көршілес елдер. Берді Кербабаев пен Мұхтар Әуезов, А.Кекілов пен Ғабит Мүсірепов, Б.Сейтаков пен Сәбит Мұқанов шығармашылық байланыстары кең көлемде дамып келді.

Кенес дәуірінде түрікмен әдебиетінің классигі атанған Берді Кербабас (1894-1974) Абай мұрасын жоғары бағалап: «Оның өлеңдерінің шебер қолдан шыққан шымыр жолдары бүгінде бізбен бірге күреске шығады» дегені Абай шығармашылығы тек қазақ әдебиетінде ғана емес түркі елдер әдебиетінде де өз орнын тапқандығын, Қазақ әдеби тілінің негізін қалаған, қазақтың өлең құрылысына жаңа түр енгізген ұлы ақын екендігін байқатады.

Мақтымқұлы өлеңдері әлемге танылып, көптеген тілдерге аударылған. Соның ішінде қазақтарға етене жақын 1993 жылы Мақтымқұлының 250 жылдығында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздер, қазақтар Мақтымқұлының өлеңдерін түркімендерден кем білмейміз» деген сөзі екі халықтың рухани достығын ішіне алып тұр. Мақтымқұлының «Түрікмен тағдыры», «Елменен» атты өлеңдерінде туған елі туралы ой толғайды. «Белгілі», «Ел жақсысы», «Ер жігіттер», «Мәрт болар» өлеңдері ерлікті насихаттайды. «Керекті» өлеңі ел арасындағы алауыздықты әшкерелейді. Махаббат тақырыбына арнаған бірнеше өлеңдері бар, содан «Сүйдім сені», «Нұр түспес», «Налу», «Өкінішпен өтіпсін» т.б. өлеңдерін «гошпа» (төрттаған) түрін ендіріп, аруз өлшемін қолданды. Ұлы ақын Мақтымқұлы Фраги XVIII ғасырда, Абай XIX ғасырда өмір сүргенмен екеуі де Шығыстың поэзиясынан сусындағаны көрінеді. Мысалы, арабтың мың бұралған иірім әріптерін сұлудың бет-бейнесіндегі ұқсастықтарды таба жырлау Шығыс шайырларының дәстүрлі жырлау міндетіне айналғандай. Мақтымқұлы:

Ләм-әліптей көрінесің көзге дәл.

Жүсіп сүйген Зылихадай сен сұлу,-

деген болса, Абай аса шеберлікпен араб әрібін алфавит ретімен тізіп шығатыны бар.

Алифдек ай йүзіне ғибрат еттім,

Би - Балай дәртіңе нисбәт еттім.

Ти - Тілімнен шығарып түрлі әбиат.

Си - Сәнай мәдхіңе хұрмәт еттім,— деп, әрі қарай

ретімен жалғаса береді.

Ақындардың өз қоғамында болған жағдайды айтпағы, өмір сүру дәуірлері алшақ болса да жырлау мұраты тақырыптас сарындары ел тағдырын жырлауда ортақ мақсатқа түйісіп отырады.

Адам болып адам қадірін білмесе,

Одандағы жайылып жүрген мал жақсы. -
(Сағынғали Сейітов аудармасы) деген, Мақтымқұлының айтарына үн қосып:

Ақылға сәуле қонбаса,

Хайуанша жүріп күнелтпек, - деген, өлең жолдарымен қатар 37-қара сөзінде «Адамшылықтың қарызына еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың» - деген Абай, адам баласының түпкі мақсаттын дәл нұсқап, Мақтымқұлыны толықтырып отыр. Тереңірек зерттеп қарастырсақ, Абай мен Мақтымқұлы арасындағы ой-пікір сабақтастығының желісі, көбінесе, олардың мораль философиясы, әлеуметтік-қоғам төңірегіндегі толғаныстарында жатқанын аңғарамыз. Шығармашылықтарындағы рухани тамырластықты:

Қартайдым құр өмірімді қараң ғып,

Дерт ұлғайды, іш қазандай қайнайды, - деген түрікмен шайырына, «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» және «Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек» деген Абайдың өлеңдері ой тереңінен қозғайтын ақылға толы мазмұнды тұжырымы Мақтымқұлымен үндесіп тұрғандығын байқау қиын емес.

Мақтымқұлы Фрагидің «Боларсын» деген жеті шумақ өлеңіне қазақ сазгерлері ән жазылып, оны қазақ әншілері орындап жүргендігінің куәсіміз. Дүйсенбек Қанатбаевтің аудармасымен оқып көрелік, ол, «Асқар таулар, биікпін деп бәлсінбе» - деп басталатын ұзақ жыры:

Лұқпанша дертке дауа тапсаң да,

Сүлейменше жынын жаудың қақсаң да,

Ескендірше жердің жүзін шапсаң да,

Бәрібір сен жермен жексен боларсың. – деп, терең философиялық оймен аяқталады.

Түрікмен ақын-жазушыларынан Берді Кербалаевтің «Ақ алтынды аймақтың Айсолтаны» (1952) повесі, «Алып адым» (1963) романы, Мақтымқұлының «Таңдамалы өлеңдері» (1947, 1959, 1961, 1968, 1983, 2000), «Түрікмен жырлайды» (1963), «Түрікмен әңгімелері» (1969) және «Түрікмен поэзиясының антологиясы» атты жинақтары қазақ тіліне аударылды. түрікмен ақындарының Абайға және жалпы қазақ жұртына арнап жазылған еңбектерімен құнды.

Бас сактама - тауан бар,

Асқақтама – зауал бар.

Қадірі жоқтан қашық қыл,

Ақылы барға асық қыл.- деп, адам болар жолды сілтей отырып:

Күндіз де соны ойладым,
Түнде де соны ойладым. – деп, түйеді.

Мақтымғұлының «Азадым қайда» атты терең философиялық өлеңіне Мақтымғұлының әкесі, «Шаһарымның сұлтаны – қайда менің Азадым» дегеніне қарағанда ел басқарған, ақын, ғалымдық жолында да бірнеше еңбегі бар Дәулетмәмед Азады туралы. Ақын өз әкесі Азадыны іздеу арқылы әлеуметтік-қоғамдағы келенсіздіктің бетін ашады.

Бал-шекердей тәтті еді,
зәһар болды сөздерім,
Запырандай сарғайдым,
бар-жоғымды сезбедім,
Қуат кетті бойымнан,
қарауытты көздерім,
Маңайды мұң қымтады –
қайда менің Азадым?

Абай Мақтымқұлының ой ортақтастыратын және бір тұсы – ел билеу мәселесі. Мақтымқұлы ел ұйтқысы, халықтың береке-бірлігі мен тіршілігінің тұтқасы – ел басы деп тани отырып, билеушінің қандай болуы керектігі, патша мен бағыныштылардың қарым-қатнасы, сұлтанның жеке басының қасиеттері туралы көптеген өнегелі сөз, кеңестер айтса, Абай ел басқарған әкімдердің рөліне осы тұрғыда қарай отырып, өз тұсындағы билік басындағылардың жиіркенішті мінездерін, ел бірлігін, тоздырған би, болыстарды өлтіре шенейді. Елдік қалыптың бұзылуы, жік-жік болып айтысқан партиягершіліктің етек жайуы отаршылдық тәртіп енгізген ел билеу жүйесіне бейімделіп, «Бас-басына би болған өңкей кикымдардың» (Абай) әрекеті екенін аяусыз әшкерелейді.

Адам мінезі жайлы халықтық педагогиканың ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесі екі ұстаз-ақындар да мінездің адам бойындағы шешуші мәнге ие ерекше табиғи қасиет екеніне назар аударған.

Дос келетін болса достың қасына,
Төбіренеді топырағы, тасы да.

Жұрт жиналса бір дастарқанның басына,

Бағы жанып, тасыр нұры түркіменнің – деген ақынның «Түркімен тағдыры» өлеңінде екі халықтың меймандостығы бір арнаға түйісіп тұрғандығы байқалады. Мұндай сипаттағы өлең өрнектері Абайда да молынан табылатыны белгілі.

Екі ұлы ақындардың ұдайы бағыты халқының өскелең ұрпағына тәлім- тәрбие, оқу-білім алып, ғылымды меңгеру жолында біртіндеп қалыптасатынын, сондықтан да бұл мәселеде қате жіберуге, олқылықтың өріс алуына жол беруге болмайтынын қайталай айтып, бұл тұрғыдағы өз ой-танымдарын жүйемен өрбітеді.

Мақтымқұлының Иассауи хикметтерін оқығандығы және өзін шәкірт санап суниттер жолын таңдағанын кез келген өлеңдерінен байқауға

болады. Иассауи хикметтерінің соңғы шумағында өзін Қожа Ахмет атымен қосып отырған, ал, енді Мақтымқұлыны оқып көрейіе:

Мақтымқұлы, сырын қозға адамның,
Жыр дәптері – шежіресі заманның.
Жаманды айт – құты қашсын жаманның,
Жақсыны айт – нұры тассын жақсының. – деп,

шайырдың көп өлендері осылай Мақтымқұлының қатысуымен аяқталады. Мақтымқұлы өлендерінен Иассауиді ұстаз тұтқанын аңғару қиын емес.

Бұдан басқа: нәпсіқұмарлық, ішіп-жеу және оның мөлшері, дін қағидаларын ұстану т.б. мәселелер төңерегінде де Абай мен Мақтымқұлы пікірлері бір арнадан тоғысып жатады. Бұл еңбегіміздің тиісті тұстарында бұған нақты мысалдар келтіріліп, Түркі жұртының ұлы ақындары шығармашылығындағы ой-пікір сабақтастықтары, рухани жалғастық мәселелері көрініс табады.

Мақтымқұлы мен Абайдан бұрынғы көне заман ойшылдары мен орта ғасырларда пайда болған сопылық ағымның өзіне де тән ортақ таным. Осы таным сопылық поэзия классиктерінің туындыларында да өзекті орын алатынын Иассауи хикметтерінен де көреміз:

Софы болсаң, таза бол, іші-сыртың мұнтаздай,
Жұртқа болар сөзі үлгі жүргендердің құлқы азбай...
Құдай деген құлдарға фәруана бол.

Ақиқат сонда кәміл мұсылман болмағың, - деп,
тариқаттың сопылыққа жету әрекетінің үстінде бар нәрсені құдай жолына ғана салады.

Сопылықтың мақсаты Шарифатта берілген о дүниеде тіршілік бар ұғымы исламнан алдын зорастрлық таным-сенімінде бар екендігін кейбір теолог ғалымдар жоққа шығармайды. Абайдың «Лай суға май бітпес қой өткенге» деген өлеңі, сүйген ұлы Әбдірахманның өліміне байланысты шығарған «Берген бе тәңірім саған өзге туыс» деп, тұрады да, «Түп иесін көксемей бола ма екен» деген өлең тармақтарында о дүниеден туыс тауып ерте кеткеніне қайғырады. Ұлы ақынның осы өлең жолдарынан сопылық нанымын байқау қиын емес.

Қорқыттың мәңгі тіршілікті іздегенмен жаратушы мен табиғаттың ғана мәңгілігін кеш түсініп түңіле бақилықты соңынан сезінген бабамызды, ортаға бағымбай жерұйықты іздеп, сарөзектей сардаланы кезген Асан Қайғы, пенделіктің мәңгі еместігін Қожа Ахмед Иассауи нақты іліммен дамытты. Абай:

Адамзат - бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзін қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

Мәңгі өлместей қылық қылған пендесіне ескерту жасап, тәубаға шақырған Абай, ғұмырлы болғың келсе өзінен кейінгілерге ұлағатты ізінді қалдыр дегенді меңзейді.

Атап айта кететініміз, бұл ой-пікір ортақтстығы мен көзқарас үндестігі екі ақын өмір сүрген дәуір, алшақтығын ескермегенде қоғам талаптарының өзара байланысты туындаған құбылыс екендігі шығармаларының үндестігінен байқалып тұрады. Абай мен Мақтымқұлы ойларындағы сарындастық, сабақтастық табиғатына осы тұрғыдан қарай отырып, олар ортақ ойлар толғаған мәселелерді айқын көруге болады.

Мақтымқұлы мен Абай бала тәрбиесі, адамның мінез-құлқы туралы мәселелерді бір-біріне ұластыра, тұтас алып қарастырады. Екеуі түрлі заман талабы тұрғысынан ой толғаса да, осы аталған мәселелер төңірегіндегі танымдары өзектес, сорындас екендігі айқын көрінеді.

Екі ақынның тәлім-тәрбие, адам мінез-құлқы турасындағы ойлары, өз кезегінде, мораль, этика мәселелеріне ұласады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас жайлары, адамның өзін-өзі ұстауы, сыйласу, үлкендермен сөйлесу рәсімі, ұят, ар, намыс сияқты адамгершілік мінез сапалары жөніндегі пайымдарын адамшылық мінез сапалары мен моральдық құндылықтардың, бағасы түскендігін айта отырып, оның әлеуметтік себептерін отар елге отаршыл империя енгізген тәртіптерде жатқанын да көре білді.

* * *

Алтай теріскейіндегі түркі халықтар әдебиеті ежелден қалыптасқан ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіндегі классикалық үлгілерінің бастау алар тұсы ес білмеген ескі замандардан бері байланыста жатқаны белгілі. Тарихы тағдырлас, тілі бір, салттары ұқсас әдебиеті мен мәдениеті, өнерлерінің жақындығы ежелгі түркі дастандары «Алып ер тоңа», «Оғыз қаған», «Еділ батыр», «Шу батыр», «Көк бөрі», «Ергенекон» т.б. халықтық жырлар сақтар мен ғұндар дәуірінде өмірге келіп, «Қорқыт ата», «Оғыз нама» «Білге қаған», «Тоныккөк», «Күлтегін» сияқты батырлық жырлар арқылы жалғасын тапты.

Ата-бабамыздың арғы аталары б.д.д. заманда өмір сүргендігін дәлелдейтін рухани қазына көздері, бізге жеткен жазба жәдігерлерден белгілі болып отыр. Б.д.д. IV-II ғасырларда дүниеге келген «Авеста» атты қасиетті кітап парсы мен түркілерге ортақ туындыда «тұр», Фердаусидің «Шаһнамасында» «тұран», қытай жазбаларында «тукиу», гректерде «скиф», парсыларда «сақ» деп аталып келген түркілер кімдер? Бүгінде жер бетінде 160 миллионға жуық түркі халықтары Қытай мен Еуропа, Алтай мен Қап тауы, Сібір мен Иран мемлекеттерінің арасында мекендеген ел қазіргі түркі тектестер деп аталады.

Кезінде дүниені дүр сілкіндірген, 18 мың ғалам жерді басып алған Александр Македонский (Ескендір Зұлқарнайын) «түркілермен соғысуға болмас» деген қорытындыға келген. Түркілердің қаһарынан

қаймыққан қытайлар ұзындығы 4 мың шақырым, биіктігі 10 метр, ені 6 метр қорған салып қорғанған. Қазір «Ұлы Қытай қорғаны» деген атпен тарихта қалды.

Түркі елдері әдебиеті тарихының жоғарғы оқу орындарында оқытыла бастағанына көп уақыт болмаса да, түбі бір түркі жұртының мақсат мүддесі ортақ екендігі белгілі. Бүгінде мектеп оқулықтары мен жоғарғы оқу орындарының оқу бағдарламаларына енуі егемендіктің жемісі десек болады. Бірақ та «өз деңгейінде сағат бөлініп оқытылып жүр ме» деген сын сөзді алға тартсақ, кеңес дәуірі тұсында республика болып жарияланған қырғыз, өзбек, түрік, әзербайжан, түркімен және ұйғыр, қарақалпақ, татар мен башқұрт түркілерін ғана санамалап айтып жүргеніміз рас. Сағаттың аз бөлінуінің нәтижесінде ірі-ірі классиктерімен ғана танысып, өзге қаламгерлеріне көңіл бөлмей келеміз.

Түркі халықтарының әдебиетін оқуында екі түрлі мәселеге көңіл бөлу керек сияқты бірінші - саха, хакас, тува, топа, шор, чуаш, ғағауыз, құмық, қарашай, қарайым, ақысқа түріктері сияқты халықтардың әдебиетін типтік бағдарламаларға ендіру. Екінші, кеңес дәуіріне республикалар арасында халықтардың өнері мен әдебиетінің он күндіктері жоспарлы түрде өтіп отыратын дәстүрді қайта жалғастыру.

Кеңес өкіметінің 1925 жылғы «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» деген қаулысы ұлт әдебиетінің еркін дамуына алғаш тұсау салды. 1947 жылғы «Тіл және әдебиет институттарындағы саяси кәтелер туралы» және 1949 жылғы «Космополитизм туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулылардың көздеген мақсаты ұлт әдебиеттерін шовинистік саясаттың құрбаны ету болатынды. Біз жоғарыда атап өткен халықтардың әдебиет тарихын оқытудың ұмыт қалдырылуы, яғни, оқу бағдарламаларына енбей қалуының түпкі себебі осында жатса керек.

СОКП ОК-нің соғыстан кейін қабылданған қаулыларының ішіндегі 1949 жылы космополитизм туралы арнайы саяси - идеологиялық мақсатпен қабылданған қаулысы қалың оқырман қауымға беймәлім кедергілерге толы болатынды. Кеңес халықтары атынан орыстың тарихы мен мәдениетін, ғылымын таза орысшылдық пиғыл тұрғысынан мадақтап, орнықтыруды мақсат еткен аталмыш қаулының саяси астары өте жымсысқы мұрат-мақсатты көздеген болатын. Бұл қаулының астарында түркі тілді халықтардың мұсылмандық Шығыспен мың жылдан астам қоян-қолтық араласудан туған рухани байланысты үзуді көздеді. (Мекемтас Мырзахметұлы).

Алтайдың теріскейінде сібірге ұласа жатқан Таулы Алтай, саха, топа, тува, хакас, шор, чуаш сияқты түркі елдерінің қазақтармен әдеби байланысы ертеректен-ақ басталғанын көруге болады. Қазақта жырланып жүрген «Алпамыс» жырына сарындас сюжеттік ұқсастықтар алтайлықтарда «Алып Манаш», орта ғасырдағы оғыз эпосы «Қорқыт ата» жырындағы «Бамсы Байрақ» тарауы сюжеттік және композициялық

құрылысы жағынан «Алпамыс батыр» дастанының негізі жатқандығын байқау қиын емес. «Қозы Көрпеш Баян сұлу» оқиға желісін қайталайтын, әрі ұқсас әңгімелер мен толғаулар кездеседі. Алтайлықтарда айтылатын «Мадай Қара» дастаны қазақ батырлық дастандарымен үндес жатқанын көруге болады. Мадай Қараның баласы Көгедей мергеннің тез өсуі Алпамыс батырды, жолға шыққан Көгедейге Таусоғар, Сакқұлақ, Желаяқ, Тыңшы достарының кездесуі Ер Төстікті, «Ер Тарғын» жырындағы Ақша хан мен Ханзада хандардың қайталануы түбі бір түркі тектес халық екенінен ишарат береді.

Тува, шор, хакас сияқты сібір түріктерінің жер-су аттыры мен адам есімдері, тіл, дәстүрі орыстанып империяның аранына түсудің аз-ақ алдында турғаны өкінішті. Ақын-жазушы, жалпы зиялы қауымдары тісті-тырнағымен тырысқанмен орыстану апанында ұлт қаламгерлерінің төбесі көрінбей кеңес ақыны-жазушысы болып кеткенінен хабардармыз. Жаһандану құрбанына айналған бірқатар түркі елдері батыс алпауыты өзіне сіңіре түсті. Нәтижеде, мажар түркілерінің - Венгер, бұлғар түркілерінің – Болгар, хазарлар мен малқарлар сияқты халықтар ұлт ретінде тарих қойнауында ғана қалды. Бүгінгі күні Қап тауы түркілері құмықтар авардың, қарайымдар қабардин-малқардың, ғағауыздар молдавандардың қолтығында қалса, қарашайды черкеспен қосып, тілдері басқа халықтарды бір-біріне әкімшілік тәуелді етіп қойған. Олар бір-бірімен орысша сөйлесуге мәжбүр. Міне, орыстандыру саясатының мыңнан бір тәсілі

Бірақ осы күнге дейін бағдарламаға енбей, аталмай қалып кете беруін қалай түсінуге болады. Бұдан бір ғасыр алдын жазылған Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамса», Әбілғазының «Түрік шежіресі» атты еңбектерінде айтылған бұлғарлар, малқарлар, мажарлар, хазарлар түркілердің құрамдас бір бөліктері. Батыс алпауытты елдердің құрбанына айналып, тілі де мәдениеті де, өнері де келмеске кетті.

Менделеев, Карамзин, Гумилев, Достоевский, Ленин, Николаев (ғарышкер), Суворов, Чапаев, Яковлев сынды ірі тұлғалар түркі ұлтынан ұрпақтары екендігін өскелең ұрпақтың бірі білсе, бірі білмейді. Бүкіл Еуропа мойындаған патшамыз, қолбасшы, батыр Еділ (Атилла, 400-453), ғұн тайпасының көсемі, француз тарихшысы Тьерри Амелдидің 1856 жылғы 2 томдық еңбегінде Атилланы ақыл иесі, қаһарман жауынгер, көреген қолбасшы, саясаткер, жаңалық жаршысы деп көрсеткен.

XX ғасырдың 20-шы жылдарында Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің бірінде «Алыстағы бауырларыма» деп жырлауы Шахабуддин Маржани (татар), Омир Сейфеддин (түрік), Мұстафа Шоқай сынды біртуар азаматтарға тұран мемлекетін құрып, барша түркі елдерінің басын біріктіру мақсатына үндейді.

Саха елді мекенде тұратын жергілікті ұлт өкілдері түрі жағынан қазақпен ажырағысыз. Бүгінгі тіршілігі ұқсамағанымен ескі заманнан елес беретін сібір түркі халықтарына ортақ «Олонхо» эпикалық дастаны, б.д.д.

IV-II ғасырларда пайда болған Бактрия мемлекетінде Заратуштра дүниеге алып келген түркі халықтарының төл туындысы 21 кітаптан тұрып әлемдегі ең үздік шығарма зороастризм дінінің қасиетті кітабы «Авестоға» ұқсастығы байқалады. 120 мың жолды парсы шайыры Фердаусидің «Шаһнамасынан» кейінгі әлемде екінші орында тұратын осы «Олонхо» 60 мың жол, ал «Манас» 40 мың жол. Кешегі дәуірде әлемдегі ең таңдаулы туынды деп оқытып келген. Гомердің «Илядасы» 17 мың, «Одессия» 18 мың-ақ жол екен. Бұларды айтып отыруымыздың себебі дүниедегі көлемді әдеби туындыларды танытпауға тырысып баққан империяның да жібі сөгілді. Бауыржан атамыз айтқандай «Шындық бар, бірақ ол кешігіп келеді» дегені бүгінде ақиқатқа айналды.

Қазақ пен Саха әдеби байланысының биік шоқысы Сәкен Сейфуллин мен Плотон Ойунский шығармашылықтарының бір-бірімен үндесіп жатуын таңқаларлықтай. Екеуі де түйдей құрдас, екеуі де 1938-39 жылдардың құрбаны. Екеуі де Ленинді, қызылды, партияны, советті жырлады. Сәкен «Қазақ Марсельезасын», Плотон «Саха Марсельезасын» жазды. 1918 жылы партия қатарына екеуі де қабылданады. Екеуі де Халық Камиссарлар кеңесінің төрағасы. Екеуі де ақын, әрі прозашы, әрі драматург, әрі көсем сөз шебері. Шығармаларындағы тақырыптар ұқсас, орындалу идеясы да бірін-бірі қайталап отырғандай әсер қалдырады. «Заманына иленген» екі қаламгерлер төңкеріске тек қаламмен ғана емес, қолдарына қару алып күрескер ретінде қатысулары бірдей. Екеуінің де халқына деген жоғарғы дәрежедегі сүйіспеншілігі, отансүйгіштігі әр шығармаларында «мен мұңдалап» тұрады.

Саха қоғам қайраткері М.Аммосов қазақшаны жақсы сөйлеген 1932-37 жылдар аралығында Қазақстанның үш облысын басқарады. 1932-34 жылдары БК(б)П Батыс Қазақстан, 1934-36 жылдары Қарағанды, 1936-37 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы бірінші хатшысы қызметін атқарды. Аштықтан қоныс іздеп босқынға айналған қазақтарды қайтаруға әрекет еткен және жазықсыз қудаланудан қорғаған. М. Аммосов 1937 жылдан Қырғыз обкомының 1-хатшылығына ауысты. (Қалаубек Тұрсынқұлов) Ол Сәкен Сейфуллин Тұрар Рысқұловтармен тікелей қызметтес халық тағдырын ойлау, қоғамдық жұмысты атқаруда үндес болды.

Тұрардың әкесі Рұсқұл «итжеккенге» айдалғаны тарихтан белгілі. Ол Саха елді мекенінің Бодойба деген алтын өндіретін кенішінде азапта болған. Тұрардың осы сәті Қазақ жазушысы Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романында сенімді бейнеленген. Тұрардың өзі ұлттар Комиссары РКФСР Халық комиссары кеңесі төрағасы Сталиннің орынбасары болып жүргенде Саха елінің іргесінің қалануына септігі тиген. Жазушы Қалаубек Тұрсынқұлов Саха елінің құрметті азаматты, 1981 жылы Якут АССР-інің еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, 1894 жылы Саха Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері деген атақтарға ие болған. Қалаубек Тұрсынқұлов өзінің «Поляр шеңберінің маңында» атты еңбегінде Саха елді мекенінің тұрмыс тіршілігі мен әдебиет пен өнері

жан-жақты баяндалған. 1986 жылы баспадан шыққан бұл кітабы үшін Қазақстан Жазушылар Одағының Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығы 1987 жылы берілді. Осы кітап қазақ пен саха ақын-жазушыларының байланыс көпірі деуге болады. Саха қаламгерлерінің шығармашылығымен таныстыра отырып, қазақ ақын-жазушыларының еңбектерін саха халқына жеткізетін бірден-бір кітап.

1933-1934 жылдары Саха әдебиетінің классигі Эрлик Эристин Оңтүстік Қазақстанда бір жылдай тұрып «Революция ұландары» атты романын дүниеге әкелді. Онда Шымкент, Түркістан, Ащысай т.б. жер аттарымен қатар ұлты қазақ, саха кейіпкерлерінің аталуы, екі елдің ұландарының ерліктеріндегі ұқсастықтар айтылмай қалмайды.

Саха қаламгерлері Сафрон Данилов, Семен Данилов Василий Протодьяков, Иван Федоссов, Эрлик Эристиннің жеке кітаптары мен «Жақұт әңгімелері», «Тайга сыбдыры», «Алмасты аймақ», «Толқынды Лена», «Якут ертегілері» сияқты жинақтар қазақ тіліне аударылған.

Чуваштар XVI-XVIII ғасырлар аралығында орыс отаршылдарына қарсы бірнеше көтеріліске шықты. Байдауыл Искеев, Тойдемир Ешайдин сынды ұлт батырларына арналған дастан дүниеге келді. Чуваш әдебиетінің алғашқы ақыны, ағартушы, педагог, жазушы Иван Якольч Яковлев (1848-1930) «Чуваш әліппесін» жазған. Ыбырай Алтынсариннің өміріне ұқсас екендігі, шығармаларының тақырыптас болғандығын ерекше атағымыз келеді.

Чуваш халық ауыз әдебиеті жырларындағы негізгі сюжеттік желілері қазақ, татар, башқұрт, алтай эпостарына жақын әрі ұқсас. Мысалы; Чуваш жігіті Ямансардың татар қызы Алтыншашқа ғашық болуы, Алтыншаштың әкесі Қарабайдың өзі сияқты байға қызын бермек болғанда қыз өзін-өзі өлтіруімен аяқталады. «Қозы Көрпеш - Баян сұлуда» кездесетін Қарабай бейнесі, өткеннің озбырлық күш иесінің ортақ белгісі. Осы көрініс чуваш әдебиетінің классик жазушысы Михайл Юхма өз шығармашылығына пайдаланғанын қазақ тіліне аударылған «Ақ қайың әні» (1979), «Кәрі шегіршінің құпиясы» (1993) атты еңбектерінен кездестіруге болады.

Михайл Юхманың қазақ тіліне аударылып үлгімеген «Маңдайдағы ақ дақ» повесі, Мұхтар Әуезовтың «Көксерек» әңгімесімен ұқсастығы оқу барысында бірден байқалады. Біріншіден, екі туындының да тақырыбы мен идеясы, мазмұны мен сыртқы құрылысы бірдей. Екіншіден, адам мен қасқыр арасындағы мәңгілік жауыздық. Үшіншіден, түз тағылыры адам қолында мәпеленгенімен түбінде өз орманын табуы. Төртіншіден, Көксеректі Құрмаш өлімінен соң ауыл өтінішімен ағайынды ағасы Қасен өзінің алғыр итімен алса, Михайл Юхманың «Маңдайдағы ақ дақ» повесіндегі Шурсиямганы Палюш есімді атакты мерген өз итімен алады.

Ене сай (Енесей) өзенінің бастау алар сағасында жасайтын сібір түркі елдерінен топа мен тува халықтары туралы Абай өзінің «Біер сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты танымдық еңбегінде: «Күншығыс Сібірде қазақтың ағайындары бар. Тілінен, әдетінен, түсінен

туысқандығы анық көрініп тұр», деген 1959 жылғы есеп бойынша 560 адам, мемлекеттік тілі жоқ, жазуы да мектебі де жоқ топалар еді Саян тауында Тайганы мекендейтін халық ХҮІІ ғасырда екіге бөлініп бір жағы орыстарға, бір жағы Тува автономиялы облысына қосылған.

Тува жерінде түркі тілдес елдердің әдебиеті бастау алатын Орхон және Енесай өзендерінің бойында сақталған «Орхон-Енесей» жазба жәдігерлер, YI-YII ғасырларда түркі қағандығының орталығына айналғандығы Тоныкөк пен Күлтегін және Білге қаған бабаларымыздың ерлігі жазылған дастандар бүгінгі күнге дейін сақтаулы. Минусинскі мен Томскіде жасаған геолог, археолог, этнограф ғалым Д.А.Клеменцтің (1848-1914) басшылығында Минусинск мұражайында сақтау үшін Тува даласынан екі тас мүсінді алып келе жатқанда тувалықтар қарсылық көрсетіп, тас боран етіп ескерткішті бермеген.

Хақастар туралы тағы да Абайға жүгінсек жоғарыда аталған еңбегінде «Енисейскі губерниясында Минусинскі уезінде «ясышынай татар» атында бір халық бар. Қазақты өздеріне ағайын тұтады» дегені, Минусинскі портты қаланың тұрғыны хақастар екендігі бүгінде белгілі.

Тайга қойнауында «қазақтың ағайындары» (Абай) бүгінде тоталитарлық жүйенің құрбанына айналып, ұлттық жадынан ажырап бара жатқаны өкінішті-ақ. Мол ауыз әдебиеті ұмытылып, жазба әдебиеті «аға халықтың» ықпалында жүргенін көзі ашық көкірегі ояу азаматтар біледі. Мәселен, 1965 жылы Батыс Германияның Висбаден қаласында неміс тілінде шыққан «Түркі филологиясының негіздері» деген кітапта кешегіде жабық жатқан ақын-жазушыларымызбен қоғам қайраткерлерінің іс-әрекеттері таныстырып кеңес өкіметінің әдейі жасап отырған құйтырғы саясаты екенін ашық айтқан болатын. 1974 жылы Түркияда басылған «Ұлттық поэзия антологиясы» атты жинақта түркі тілдес елдер әдебиеті өкілдерінің жарыққа шыға алмай жүрген ақтаңдақтардың шығармаларымен таныстырып, отаршыл елдердің саясатын әшкерелейді.

Бүгінгі күнде түркі тектес елдердің тілі мен әдебиеті шығу тарихымен байланыстыра зерттеу кезек күттірмейтін мәселелерге айналып отыр. Сібірде жасайтын біз жоғарыда атап өткен рухани мұралары теберіш көріп отыру себептерін бір шама айтып өттік. Саха, шуаш, хақас, тува, шор сияқты халықтардың бүгінде «аға халықпен» тонның ішкі бауындай араласуы бүкіл болмысына әсер етіп отыр. Теріскейде жүрген бауырластарымыздың әдебиетімен қазақ әдебиетінің байланысын бір-біріне әсері бар тұстарын қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Формат 1/16 60x84. Бумага офисная. Тираж 100 экз.

Южно-Казахстанский государственный университет им.М.Ауэзова,
Республика Казахстан, 160012, г. Шымкент, пр. Тауке-хана 5
ЮКГУ им. М. Ауэзова типография

